

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫ**

«БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ» КММ

**«БІЛІМДІ ҰЛТ: ТЕРЕҢ БІЛІМ, ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ
ОТАНШЫЛДЫҚ ҚАСИЕТ»**

Тамыз кеңесінің секциялық отырыстарының материалдары

II-том

Материалдар Түркістан облысының Білім беруді дамыту орталығының сараптау кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған. №4 хаттама 8.08.2022

**«БІЛІМДІ ҰЛТ: ТЕРЕҢ БІЛІМ, ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ
ОТАНШЫЛДЫҚ ҚАСИЕТ»**

Тамыз кеңесінің секциялық отырыстарының материалдары

II-том, 2022ж-386 бет

«БІЛІМДІ ҰЛТ: ТЕРЕҢ БІЛІМ, ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ ҚАСИЕТ» жинағында Тамыз конференциясы аясында секциялық отырыстардың: оқыту барысындағы жаңа әдіс-тәсілдер туралы, білім саласындағы мәселелерді шешу, тәжірибе алмасу, білім беру ұйымдарының жаңашыл жұмыс тәжірибесін тарату, инновациялық әзірлемелер мен технологияларды қолдау бойынша материалдар ұсынылды.

№	МАЗМҰНЫ	
1	ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҮЙЛЕСТІРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ	7
2	КЕШЕ, БҮГІН ЖӘНЕ КЕЛЕШЕК: КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗІНДІК ЖӘНЕ ЗАМАНУИ ДАҒДЫЛАРЫ	11
3	ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ПЕН КРЕАТИВТІК – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ	16
4	ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ІРІ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚҚА БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	19
5	ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ЖҰМЫСЫНЫҢ МОДЕЛІ	21
6	БІЛІМ - БОЛАШАҚ ЖЕТІСТІКТІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ	25
7	ЕРТЕҢГЕ ДЕГЕН СЕНІМДІ КЕПІЛ – БАЛА МЕН БІЛІМ	32
8	ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ТЫЙЫМ СӨЗДЕРДІ ҚОЛДАНУ-БАЛА БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДАРЫТУДЫҢ КЕПІЛІ	36
9	БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ - ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУЫНДАҒЫ МАНДЫ ШАРТЫ	40
10	ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТКЕ ДЕГЕН ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ	44
11	БАЛАЛАР ЖЫЛЫ» АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ КРЕАТИВТІ ОЙЛАУЫНА, ӨЗДЕРІН ДАМУЫҒА ЖӘНЕ САПАЛЫ БІЛІМ АЛУЫНА БІҚПАЛ ЕТУ ЖОЛДАРЫ	50
12	ЭФФЕКТИВНОЕ ПРИМЕНЕНИЕ СМАРТ-ТЕХНОЛОГИИ ПРИ ПОДГОТОВКЕ УЧАЩИХСЯ К ПРЕДМЕТНОЙ ОЛИМПИАДЕ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ И ЛИТЕРАТУРА	53
13	ОРГАНИЗАЦИЯ РАБОТЫ НАД НАУЧНЫМИ ПРОЕКТАМИ УЧАЩИХСЯ	58
14	РАЗВИТИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ	64
15	НЕОРДИНАРНЫЕ МЕТОДЫ И ФОРМЫ ОБУЧЕНИЯ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ И МЫСЛИТЕЛЬНЫХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ	70
16	РЕАЛИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ЦЕЛЕЙ ПО ТАКСОНОМИИ Б.БЛУМА КАК ИСТОЧНИК РАЗВИТИЯ КОММУНИКАТИВНЫХ НАВЫКОВ	73
17	РОЛЬ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ПРОЦЕССЕ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ЗНАНИЙ УЧАЩИХСЯ	78
18	ЎЗБЕК ТИЛИ ВА АДАБИЁТИ ДАРСЛАРИДА ЎҚУВЧИЛАРНИ ВАТАНПАРВАРЛИККА, МЕХНАТСЕВАРЛИККА ЧОРЛАШ УСУЛЛАРИ	84
19	МИЛЛИЙ МАЪНАВИЯТИНИ ШАКЛЛАНТИРИШДА БАДИИЙ АДАБИЁТНИНГ ЎРНИ	91
20	МИЛЛИЙ ҚАДРИЯТЛАР АСОСИДА ЎЗБЕК ТИЛИ ВА АДАБИЁТИ ДАРСЛАРИДА ЎҚУВЧИЛАР БИЛИМИНИ ОШИРИШ	94
21	ТӘЖІК ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАНДЫЛЫҒЫ	99
22	ЎҚУВЧИЛАРНИНГ ГАПИРИШ МАДАНИЯТИНИ МИЛЛИЙ ҚАДРИЯТЛАР АСОСИДА ШАКЛЛАНТИРИШНИНГ АҲАМИЯТИ	102
23	ТІЛ САБАҚТАРЫНДА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ, ҚҰРМЕТ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ НЕГІЗІНДЕ ТЫНДАЛЫМ ДАҒДЫСЫН ДАМУЫ	106
24	TODAY’S CHILDREN ARE TOMORROW’S NATION’S FUTURE	110
25	FORMATION OF THE SCIENTIFIC SEARCH OF STUDENTS THROUGH THE INTEGRATION OF THE CONTENT OF EDUCATION	112

26	FORMATION OF STUDENTS' FUNCTIONAL LITERACY THROUGH PREPARING AND CONSTRUCTING TASKS IN LESSON PLANS	118
27	A.BAITYRSYNOV'S WORKS AS A CORNERSTONE OF EDUCATION	123
28	KAZAKHSTAN'S NATIONAL PRIORITY: CHILDREN AND EDUCATION	133
29	КАК ФОРМА САМОРЕАЛИЗАЦИИ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ В СОВРЕМЕННОМ ОБРАЗОВАНИИ	139
30	ОҚУШЫ ТҰЛҒАСЫН ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУГЕ МЕКТЕПТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГЫ МЕН ПЕДАГОГ – ПСИХОЛОГЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСТАРЫ	141
31	ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ҚОРҒАЛУЫ	144
32	БАЛАНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕУЕТІН ДАМУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ	148
33	БАЛАЛАРҒА РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ	152
34	«ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНА ТЕГІН ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҰСЫНУ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ»	156
35	ӨМІРДІҢ ҚИЫН ЖАҒДАЙЫНА ТАП БОЛҒАН БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ	160
36	ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	165
37	2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ	169
38	ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫН, МОРАЛЬДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	176
39	ТҰЛҒАНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН – ӨЗІ БАСҚАРУДАҒЫ ЖАҢА МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ	179
40	ЖАСӨСПІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ	184
41	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ	188
42	АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӨДІС-ТӘСІЛДЕРІ	193
43	СЫНЫП САҒАТТАРЫН СЫНЫПТА ЕМЕС КЕҢ АУҚЫМДЫ ТҮРДЕ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕГЕ БАУЛУ	198
44	АТА – АНА МЕН СЫНЫПТЫҢ БАЙЛАНЫСЫН АРТТЫРУДА СЫНЫП ЖЕТЕКШІНІҢ РӨЛІ	200
45	«ОҚУШЫНЫҢ МӘДЕНИ НОРМАТИВІ» МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН ОЯТУ	205
46	ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТІЛ МЕН ДӘСТҮР АРҚЫЛЫ ЕЛЖАНДЫ АЗАМАТ ТӘРБИЕЛЕУ	210
47	АНА ТІЛІНІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖЕТКІНШЕКТЕР БОЙЫНА СІҢІРУ	214
48	БАЛАЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ БЕЙІМДЕУ АРҚЫЛЫ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖОЛДАРЫ	216
49	STEAM- ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ЗАМАН	221

	ТАЛАБЫНА САЙ ЖАНЖАҚТЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ	
50	ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҒЫ: БАЛАЛАР ЖӘНЕ БІЛІМ	224
51	ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАМЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ	226
52	ТӘРБИЕНІҢ ТІРЕГІ МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ	231
53	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖУМАБАЕВ КАНАТ ИБРАГИМОВИЧ	237
54	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫ, ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ	241
55	СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТҮЗЕТУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР	245
56	МЕКТЕПШІЛІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ	248
57	СЕНСОРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТІСІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРҒА ТИІМДІЛІГІ	253
58	ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	257
59	ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ	261
60	ЖАЛПЫ МЕКТЕПТЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ	266
61	ҚАУПСІЗ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЖАСӨСПІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ	271
62	ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БАЛА КҮЙЗЕЛІСІНІҢ АЛДЫН АЛУ	276
63	БАЛАЛАР ЖЫЛЫ: ОҚЫМЫСТЫ БАЛАЛАР – БЕЙБІТ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ!	282
64	КІТАП ПЕН ТІЛДЕСУ- ЗИЯТКЕРЛІКТІ ДАМУ КӨЗІ	286
65	КІТАПХАНАШЫ БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ КІТАП ОҚУҒА НАСИХАТТАУ	290
66	БҮГІН ОҚЫРМАН – ЕРТЕҢ КӨШБАСШЫ!	293
67	БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМ АЛУ ҮДЕРІСІНІҢ МАҢЫЗДЫ СЕГМЕНТІ - КІТАПХАНА	296
68	«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ БОЙЫНША БАЛАЛАРДЫ КІТАП ОҚУҒА БАУЛУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР	301
69	ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТӘРБИЕСІНДЕГІ КІТАП ПЕН КІТАПХАНАНЫҢ РОЛІ	305
70	МЕКТЕПТІ ДАМУДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ	309
71	ПРОЕКТЫ КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ ШКОЛЫ – ЗАЯВКА НА УСПЕХ	313
72	ШАЛҒАЙДАҒЫ АУЫЛДЫ ЖЕРДЕГІ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕГІ ТӘЖІРИБЕМЕН БӨЛІСУ	320
73	ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӨСІБИ ШЕБЕРЛІКТЕРІН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БАҚЫЛАУ-БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ	326
74	МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДА БАСҚАРУ: ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ	331
75	ТЕДХ ФОРМАТЫ: «МЕКТЕПТЕГІ ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУДА БАСШЫҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР»	336
76	МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҒУ ЖҮРГІЗЕ ОТЫРЫП, ЖАТТЫҒУДЫҢ ОҚУШЫ БОЙЫНДАҒЫ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ӘСЕРІН АНЫҚТАУ	345
77	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ ҮШІН РУХАНИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІ АЯСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ	350
78	ЦИФРЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР - ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ	355

79	АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІК, АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ	360
80	АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІН ОҚЫТУДА ПАТРИОТТЫҚ РУХЫ МЫҚТЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ	365
81	ОҚУШЫЛАРҒА СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	368
82	ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ҰЙЫРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ КӘСПКЕ БАҒДАРЛАУ	372
83	ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕУ	377
84	ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ; ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА ПАТРИОТТЫҚ ЖӘНЕ ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ	380
85	ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ӨЗЕКТІЛІГІ	384

ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТЫ ҮЙЛЕСТІРУДЕГІ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

*Жунисова Назым Досжановна
Білім беруді дамыту орталығы,
ТжКБ кафедра меңгерушісі*

Әдістемелік жұмыс – оқу орнындағы оқу-тәрбие жұмысын басқарудың негізгі саласы. Сондықтан да қазіргі білім жағдайында білім беру ұйымдарының әдістемелік жұмыстарын тиімді ұйымдастыру басты міндетіміз. Өйткені қазіргі заманғы педагогтардың кәсіптік құзыреттіліктеріне қойылатын басты талап – өз мамандығының әлеуметтік маңыздылығы мәнін түсіну, Қазақстан Республикасы білім саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен заңдарды білу, педагогикалық қызметін ұтымды түрде ұйымдастыра білу.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға әдістемелік жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру, әдістемелік көмек көрсету, басшылық және бақылау жатады. Оқу орнында әдістемелік қызметті ұйымдастыруда «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрығы (06.05.2021 ж жаңартылған) басшылыққа алынады.

Жастарға кәсіптік-техникалық білім беру, нарық қатынасын орнықтыру, шағын және орта бизнесті дамыту, заман талабына сай бәсекелестікке төтеп бере алатын, жан-жақты іскер жұмысшы мамандарын даярлау – бүгінгі күннің басты талабы. Осы талапты орындауда техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына үлкен міндеттер жүктелген. Білім саласына дуальды оқыту жүйесі енгізіле бастағаны белгілі. Еліміздегі кәсіпорындардың бұл бағыттағы қызығушылықтары да байқала бастады. Оны іске асыруда «Дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 50 бұйрығына (18.05.2021 жаңартылған) сүйенеміз.

Қазіргі кезде облысымызда дуальды оқыту технологиясының элементтерін енгізу бағытындағы жұмыстар жүргізіліп, насихатталуда. 2021-2022 оқу жылында дуалдық оқыту бағдарламасымен 33 колледжде 42 мамандық, 76 біліктілік бойынша 5422 студент білім алуда. Оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша 5322 студент оқиды.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының ТМД елдері мен алыс шетелдердің білім беру ұйымдарымен және кәсіпорындарымен, халықаралық ұйымдармен өзара ынтымақтастығы туралы 4-ірі кәсіпорынмен, 20-орта кәсіпорынмен, 134-кіші кәсіпорынмен, жалпы 158 шағын кәсіпорынмен келісім шарт жасалып, дуальды оқыту аясында 5362 білім алушымен үш жақты келісім шарт жасалынған.

Әлеуметтік серіктестіктермен байланыс өзінің оң нәтижесін көрсетуде. Техникалық және кәсіптік білім беруде жаңа технологиялармен қамтылған, жоғары дәрежеде жұмыс ұйымдастыруды және қарқынды дамып келе жатқан

әлеуметтік серіктестік мекемелермен бірігіп, тығыз байланыста жұмыс жасаудың маңызы зор. Техникалық және кәсіптік білім беру саласына кәсіптік білім берудің мазмұнын жаңарту енгізілуде. Бұл технологияларды меңгертуде «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ҚР БжҒМ мемлекеттік тапсырысын орындау шеңберінде Түркістан облысының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының 446 (төрт жүз қырық алты) педагогтері үшін «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогі: еңбек функцияларын жетілдіру» атты бағдарлама бойынша 5 кезеңдік (а.ж. наурыз, сәуір, мамыр және қазан, қараша айларында) біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырды.

Наурыз және сәуір айларында өткізілген курстарда 203 адам оқып шықты. Ағымдағы жылдың 16.05-03.06 күндері аралығындағы курстарда 91 тыңдаушы біліктілігін арттырды.

Аталған курстардың 4 және 5 кезеңдері а.ж. 3.10-21.10 және 24.10-11.11 күндері аралығында өткізілетін болады. Ол кезде курстарға 152 адам қатысады. Сонымен қатар, «Талап» коммерциялық емес акционерлік қоғамы ҚР БжҒМ мемлекеттік тапсырысын орындау шеңберінде халықаралық талаптар бойынша ТжКБ ұйымдарының жетекшілері үшін «Білім берудегі менеджмент» бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылды. Аталған курсқа біздің облыстан 20 педагог-жетекші біліктілігін арттыру жоспарланып, 10 педагог-жетекші Алматы қаласында 16-27 мамыр күндері аралығында біліктілік арттыру курстарынан өтті. Ал қалған 10 педагог-жетекші 31 қазан - 11 қараша күндері біліктіліктерін арттырады деп жоспарланды.

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына енгізіліп жатқан технологияларды игеруде әдістемелік қызметтің ролі қандай? Әдіскерлер барлық педагогтар мен өндірістік оқыту шеберлеріне әдістемелік сүйемелдеу жасайды. Яғни, нормативтік – құқықтық актілерді басшылыққа ала отырып жоспарлауды, қолдануды, инновациялық білім беру технологиялары негізінде әзірленетін білім беру бағдарламаларын жасау әдістемесін түсіндіреді, білімін жетілдіріп келген педагогтарға өз пәні, мамандығы бойынша курстан кейінгі сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына енгізіліп жатқан жаңалықтарды игеруде «Талар» КЕАҚ әзірлеген төмендегідей нұсқаулық әдебиеттер пайдаланылуы аса қажет: «Модульдік құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру» бағдарламасы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының инженерлік –педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының тыңдаушысына арналған нұсқаулық; «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша модульдік-құзыреттілік тәсіл негізінде оқу жұмыс бағдарламалары мен оқу жоспарлары» жөніндегі әдістемелік ұсынымдар; «Оқудың сабақ кестесін құрастыру» жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (модульдік оқу кезінде); «ТжКБ оқу орындарының перспективті – тақырыптық және сабақ жоспарларын жобалау бойынша»

әдістемелік ұсынымдар; «Техникалық және кәсіби білім беретін оқу орындарының оқыту өндірісін дамыту жоспарын жасау бойынша» әдістемелік ұсыныстар (модульдік оқу кезінде).

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына енгізіліп жатқан жаңалықтарды іске асыруда әрбір педагог: ТЖКБ жүйесін жаңғырту жағдайындағы білім беру жүйесінің қызметін реттейтін нормативтік құжаттарды қолдануды; инновациялық білім беру технологиялары негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларын құру әдіснамасы мен әдістерін; оқу жоспарының құрылымын, пәндерге (модульдерге) шолуды; жұмыстық оқу жоспарларын пайдалану мен модульдің оқу жұмыс бағдарламасын әзірлеуді, перспективалық тақырыптық жоспарды құрастыру мен сабақ жоспарын құруды; оқу жетістіктерін бағалау мен бағалау әдістерін; оқу – әдістемелік кешендер құруды; арнайы пәндерді оқытуда оқыту әдістемесін пайдалануды білуі тиіс. Техникалық және кәсіптік білім беру саласын жаңғырту мақсатындағы жаңа білім бағдарламаларын іске асыру арқылы әрбір педагог төмендегідей нәтижеге қол жеткізеді: ТЖКБ ұйымының қызметін реттейтін заң құжаттарын игереді; білім беру бағдарламаларының принципі мен механизмін толық меңгереді; бағалау түрлері мен формаларын біледі және толық түсінеді; оқу – әдістемелік кешен әзірлейді; әріптестерімен іс – тәжірибесін бөлісе алады және шеберлік сыныптарын көрсете алады; жұмыс оқу жоспарларын, білім беру бағдарламаларын әзірлеуді толық игереді; әрбір оқытушының көшбасшылық қасиеттері қалыптасады.

Педагогтардың кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігі – білім сапасын арттырудың алғы шарты. Педагогтардың мамандықтарына қатысты оқулықтармен, оқу – әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету және кәсіби тұрғысынан өз білімдерін көтеруін қамтамасыз етуде үнемі <http://kasipkor.kz/> НАО «Талап» сайтындағы материалдарды қолдануларына болады. Бұл өз кезегінде арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің қазақ тіліндегі оқулықтарға, оқу құралдарына деген сұраныстарын біршама төмендетеді.

Әдіскер әрі үйретуші, әрі үйлестіруші менеджер болуы қажет. Менеджер – бұл педагогтармен жұмыс істейтін, дұрыс қарым-қатынас орната білетін жетекші. Әдіскердің әрбір педагогпен жұмыс істеуі арқылы оқу орындарындағы әдістемелік жұмысқа қатысты проблемалар өз шешімін табады. Білім, тәрбие және тұлғаны дамыту сапасы – бұл проблема емес. Бұл барлық проблемаларды шешу нәтижесі. Сондықтан да тұлғаны дамытуға арналған бірнеше белсенді тәсілдерге тоқталып, өзіміз орындасақ.

1. «Есімдер аллитерациясы»

Мақсаты: педагогтерді бір-бірімен таныстыру, жағымды эмоция қалыптастыру

Шарты: Ортаға 10 педагог шеңбер құрып тұрады. Әр педагог шеңбер бойымен кезектесіп есімдерін айтып және де есімдерінің бірінші әрпінен басталатын жағымды қасиетін айту керек.

2. «Миға шабуыл»

Гүл бейнесіндегі түстер бойынша 4 топқа бөлініп отырады. Әр топқа ситуациялық тапсырма беріледі.

I-топ

1. Сіз сабақ өткізіп жатырсыз. Сабақ үстінде бір мұғалім рұқсатсыз кіріп, кешірім сұрамастан хабарландыру айтып, оқушыларға зілді сөйлеп кетті. Сіздің көзқарасыңыз?

II-топ

1. Сіз өз ұжымыңыздағы бір педагогтің педагогтік іс-әрекетке жатпайтын олқы қылығының куәгері болдыңыз. Не істер едіңіз? (Дұрыс кеңес бересіз бе, немқұрайлы қарайсыз ба?)

III-топ

1. Сіз 1-ші сабаққа ұйықтап қалдыңыз, әрине жұмысқа кешіктіңіз, оқушылардың алдына қалай кіресіз?

IV-топ

1. Сіздің тәжірибеңіз мол болғанымен, өз тәжірибеңізде кездеспеген қиын сауал кездесті. Кімнен, қайдан көмек аласыз?

3. «Біздің топтың суреті»

Суретті бір-бірімен ақылдаспай салады. Топтан бірінші педагог суретті бастайды, кезектесіп қалған педагогтер жалғастырады, соңғы педагог суретті аяқтау керек.

Талдау:

сіздің бастаған суретіңіз ойыңыздан шықты ма? (суретті бастаған педагогке)

2. Алға қойған мақсатқа жету үшін кедергі болды ма? (суретті бастаған педагогке)

3. Бір-біріңізді қалай түсіндіңіз? (топқа)

4. Өзіңіз бастаған суретке қанағаттанасыз ба? Жоқ болса неге? (суретті бастаған педагогке)

Әр топтың салған суреттерін талқылауға уақыт беріледі.

Әр топтың алдына тамыр, дінгек, жапырақ, жеміс суреттері салынған плакаттар беріледі. Тамыр – секциялық жұмыс бойынша ұсыныстар, дінгек – секциялық жұмыс бойынша сұрақтар, жапырақ – педагогтерге жаңа оқу жылына тілектер, жеміс – «Жаңа оқу жылынан не күтесіз?» понтомимо көрсету. (Жазған пікірлерін оқи отырып, «БІЛІМ АҒАШЫ» бейнесін шығару)

Біз сіздермен педагогтер арасындағы қарым-қатынастың, жағымды эмоция қалыптастырудың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты талқылауға тырыстық. Қай ұжымда болсын, әдіскерлерге жүктелер міндет жауапкершілігімен маңызды. Ұжым мүшелерінің тұлғалық сапасы мен ерекшелігіне, құқығына абыройы мен намысына нұқсан келтірместен, көздеген мақсатқа бағыттай білу шеберлікті қажет етеді. Ал, шеберлік тәжірибелер арқылы қалыптасады. Топпен жұмыс жүргізгенде көбінесе орындауға жеңіл, еркіндікті талап ететін ойындар, жаттығулар қарастырылады. Әрине, топпен тест, сауалнама жүргізуге болады. Мен мейлінше, көп уақыт алмайтын, жеңіл

жаттығу ойындарды, күрделі ойды қажет етпейтін тапсырмаларды қарастырдым. Бұл белсенді әдістерді, тренингтерді әр мұғалім өз сабағында мақсатына орай пайдалана алады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Безруких М. М., Ефимова С.П. «Технологии обучения» М., 2006, 63стр
2. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. М.: Педагогика. – 1989.
3. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. Ақтобе. РИПК СО, 1999.

КЕШЕ, БҮГІН ЖӘНЕ КЕЛЕШЕК: КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӨЗІНДІК ЖӘНЕ ЗАМАНУИ ДАҒДЫЛАРЫ

Баймаханова Л. А.

Ғ. Мұратбаев атындағы Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжінің директоры

Қазіргі нарықтық экономикада, жаһандық бәсекелестік ортада шығындарды азайту үшін тиімді басқару стилі қажет. Тиімді көшбасшылық стильдерден нәтижелі ұйымдастырушылық мақсатқа қол жеткізуге болады. Нарықтық қатынастар біздің еліміздің мемлекеттік және жеке кәсіпорындарының басқару стиліне өзгерістер енгізді. Кәсіпорындардың басшылары батыстық басқару дәстүрлерін қолдануға мәжбүр болды, мысалы, қызметкерлердің шешім қабылдауға қатысуы, кейбір өкілеттіктерін беру, ынталандыруға, әлеуметтік пакеттер мен бонустарды жұмылдыруға кешенді тәсіл қолдану. Ал, жеке кәсіпорындардың басшылары кәсіпорынның кірісін арттыру және өз ресурстарын тиімді пайдалану үшін басқарудың инновациялық әдістерін қолдана бастады.

Бірақ әлі күнге дейін елде авторитарлық көшбасшылық стилі үстемдік етеді, ол бүкіл әлемде өзінің тиімсіздігін дәлелдеді. Басқару стилі негізінен кез-келген кәсіпорынның, тіпті мемлекеттің түпкілікті нәтижелеріне әсер етеді. Бүгінгі таңда көшбасшылық стильдерді зерттеу өзекті болып табылады, өйткені кәсіпорын қызметінің табыстылығы мен бәсекеге қабілеттілігі оған байланысты. Бүгінгі тақырыпты ашпас бұрын, ең алдымен «көшбасшы деген кім, көшбасшы болу үшін қандай қасиеттерге ие болу керек?» деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік.

Көшбасшы (ағылшынша leader – басқарушы деген мағына береді) – басқа адамдарды бір ортаға біріктіріп, бір мақсатқа жетелей алушы, яғни көшті бастай білуші тұлға.

Көшбасшы үлкен жауапкершілігі бар, бойында сабырлылық қасиетін қалыптастыра білген, өз өзіне толықтай сенімді, бастамашыл, айналасындағыларға ықпал ете алатын, мақсатына жету жолындағы күш қайраты мол және топтың ыдырауына қарсы тұра білетін, өзгелерге жол көрсете алатын жан.

Жұмыс тәжірибесі туралы ақпаратпен алмасу.

Көшбасшылыққа қажетті мінез-құлықтар мен дағдылар жылдар бойы атқарған іс-тәжірибемізден жинақталатыны бәрімізге белгілі. Бірақ табысты көшбасшы болу үшін бұл жеткіліксіз, өйткені, Сіз өзіңізді үнемі дамытып, біліктілігіңізді арттырып, шеберлігіңізді шыңдап отыруыңыз керек. Мен өзімнің жеке тәжірибеме сүйене отырып, алдымызға, колледждің алдына биік мақсат қойдым: ол – колледж беделін көтеру: материалдық-техникалық базасы нығайған, нарық сұранысына ие, бәсекеге қабілетті мамандар даярлай отырып, Ұлттық рейтингте алғашқы ондыққа, ал Аймақтық рейтингте үздік үштіктер (Үш үздік колледждің) қатарына ену. Бүгінгі күні сол мақсатпен ұжым болып еңбек етіп, жетістіктерге жетудеміз. Демек, жетістікке жетуде басты талап – айқын мақсат қоя білу керек деп түсінемін. Сондықтан да, бүгінгі баяндамада өз тәжірибеммен бөлісе отырып, көшбасшылық қабілетке арнайы тоқтала кетуді жөн көріп отырмын.

Ұсынылған іс-тәжірибенің өзектілігі.

Дәстүрлі түрде көшбасшылық қасиеттерге ие тұлға нәтижелерге қол жеткізудің нақты жоспарын құра білетін және оны іс жүзінде іске асыра білетін стратег ретінде қарастырылды. Алайда көшбасшы рөлі мұнымен аяқтала қоймайды. Оның алдында әрқашан тұратын басты міндеттердің бірі өз идеясымен қол астындағы адамдарды еліктіре білу, бүкіл ұйым немесе компания ішінде қажетті эмоционалды күйді тудыра білу болып табылады.

Көшбасшы бола білу дегеніміз эмоциялық тұрғыда тұрақтырақ бола білу және өзге адамдардың эмоциялық күйін реттей білу болып табылады. Адамдардың көңіл күйін басқара алатын көшбасшылар тек кәсіби шеберлігімен ғана емес, сондай ақ, адамдардың қарым қатынас жасай білу өнерімен, оларды жігерлендіріп шабыттандыруымен, еліктіре білуімен және жоғары мотивацияны сақтап, іске деген құштарлықтарын арттыра алуымен ерекшеленеді. Сондықтан да болар, соңғы уақытта эмоциялық интеллект жөніндегі тұжырымдамалар көшбасшылық мәселесіне қатысты шешімдерді ұсына алатын аса тиімді құрал ретінде кеңінен айтылуда.

Ендеше эмоционалды интеллект дегеніміз не?

Эмоционалды интеллект – өзінің және өзгелердің эмоцияларын, ниеттерін, мотивтерін, тілектерін тану және оларды басқару қабілеті. Дағды практикалық мәселелерді шешуге және өмірдегі, жұмыстағы мақсаттарға жетуге көмектеседі. Интеллект (лат. Intellectus таным, ұғыну, аңдау) – жеке тұлғаның ақыл ой қабілеті. Интеллект – адамның болмысты тануының негізгі нысаны. Интеллект – ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс әрекеті. Эмоционалды

интеллект дамыған адамдар басқа адамдармен келіссөздер жүргізе алады, шешім қабылдай алады және жағымсыз жағдайларға адекватты жауап береді. Эмоциялар арқылы біз оқиғаларға, сөздерге және жағдайларға жауап береміз. Егер оларды түсінбесек, шешіміміз қате болу ғажап емес. Мысалы, сізге жұмыста ескерту жасады, сіз дауласып, жанжалдасып қалдыңыз. Нәтижесінде бұл неврозға, апатияға және басқа да депрессиялық күйлерге әкеледі. Сонымен бірге депрессия тез кетпейді: 15 – 39% адамдарда ол ұзаққа созылады. Эмоционалды интеллект дамыған адам әрекетке немесе эмоцияға емес, себепке жауап береді. Бұл оған сынды дұрыс қабылдауға, басқа адамдарды түсінуге және барабар реакциямен жауап беруге көмектеседі. Зерттеулерге сәйкес, эмоционалды интеллект дамыған адамдардың психикалық денсаулығы, жұмыс тиімділігі және көшбасшылық қабілеттері жоғары болып келеді. Сонымен қатар, көшбасшылық қабілеттердің 67% эмоционалды интеллектке байланысты. Мұны Эгон Зехндердің зерттеуі де растайды. Олар 515 жоғары лауазымды басшыны талдап, эмоционалды интеллекті дамыған басшының табысқа жету ықтималдығы жоғары екенін анықтайды. Эмоционалды интеллектіні дамыту үшін сіз мыналарға назар аударуыңыз керек:

Өзін өзі тану. Бұл адамның өз эмоциясы мен мотивациясын дұрыс түсіну, оның күшті және әлсіз жақтарын бағалау, өмірдегі мақсаттары мен құндылықтарын анықтау қабілеті.

Өзін өзі реттеу. Бұл сіздің эмоцияларыңызды басқара білу және импульстарыңызды ұстау.

Мотивация. Бұл мақсатқа жету үшін оған ұмтылу қабілеті.

Эмпатия. Бұл басқалардың эмпотияларын түсіну, шешім қабылдауда басқалардың сезімдерін ескеру және басқа адамдарға эмпатия бөлу қабілеті.

Эмоционалды интеллектіні қалай дамытуға болады?

1. Өзіңізді тану деңгейіне көңіл бөліңіз.
2. Не сезінетініңізге назар аударыңыз;
3. Әлсіз жақтарыңызбен танысыңыз.
4. Эмоцияңызды қажетті затқа бағыттаңыз.
5. Өз сезімдеріңізді тануды үйреніңіз.
6. Өзіңізді мотивациялап үйреніңіз.
7. Басқалардың эмоциясын мойындаңыз.
8. Эмоцияларыңызды дұрыс құндылықтармен толтырыңыз.

Эмоционалды интеллекті дамыған көшбасшы болу үшін алдымен сізге не маңызды екенін түсінуіңіз керек. Дұрыс бағытты өзіңіз таңдайсыз: адалдық, мейірімділік, өзіңізге және басқаларға деген құрмет. Эмоционалды энергияңызды осы құндылықтарға бағыттаңыз.

Талқыланатын салада негізгі мәселелерді анықтау.

Кез келген адамның басқарушылық қабілеті бола бермейді. Лидерлік қасиет туа бітті немесе жүре бітті қалыптасады. Көбіне жастар тарапынан жүре келе, көре келе, айналасындағы көшбасшылардан үлгі ала келе көшбасшылық

қабілеттері қалыптасып жатады. Ендеше көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруда кедергі болатын негізгі мәселелерді қарастыратын болсақ:

Көшбасшы мен көшбасшы арасындағы, яғни ресми және бейресми көшбасшылар арасындағы қарама-қайшылық. Мұндай жағдай екі негізгі адам – бастық, сондай-ақ бейресми көшбасшы кез-келген ұжымда болуы мүмкін және ұжым бастыққа қарағанда бейресми көшбасшыға көбірек қосылады. Дегенмен, мұндай жағдай ұзаққа созылмайды және әлсіз бейресми көшбасшының орнына жаңа, күшті көшбасшы келеді.

Нақты өмірде көшбасшының қасиеттері теориялық негізге сәйкес келе бермейді.

Деструктивті көшбасшылар – конструктивті көшбасшыға мүлдем қарама-қайшы. Оның мақсаты – басшының беделіне нұқсан келтіру.

Көшбасшының жеке мақсаттары топтың және тұтастай ұйымның мақсаттарымен өзара сәйкес келмеуі.

Осылайша, ұжымда көшбасшылық проблемалары өте көп, олардың болуы ұйымның алға жылжуына кері әсер етеді. Сондықтан бұл проблемалар шешуді қажет етеді.

Проблемаларды шешу жолдары

Енді осы аталған мәселелерді реттеп, шешу үшін төмендегідей бір қатар маңызды мәліметтерге назар аударсақ. Мәселен, Георгий Огарев берген тұжырымдамаларға негізделсек, көшбасшы ұстануға тиіс ережелер ретінде мыналарды қарастыруға болады:

- Тыңдауды үйреніңіз – бағыныштылардың көз алдында әділ және парасатты болыңыз.
- Ұжымға жақын болыңыз, Сіздің жұмысшыларыңыздың немен өмір сүретінін біліңіз.
- Жақтаушыларды бастаңыз, наразы адамдарды тани біліңіз.
- Бәріне үлгі болыңыз, өз имиджіңіз туралы ойланыңыз.
- Адамның қабілеттерін тани біліңіз және оларды өндірісте оңтайлы қолдана біліңіз.
- Әр қызметкерден құрметке ие болыңыз.
- Бағыныштылар арасында міндеттерді бөле біліңіз.
- Қол астындағыларға сенім білдіріңіз - ол оны ақтауға тырысады.
- Экономиканың, психологияның, әлеуметтанудың және басқа да ғылымдардың заманауи жетістіктерін игере біліңіз.

Аталған дағдыларды бойға сіңіріп, күнделікті мінез-құлықтың айырылмас бір бөлігіне айналдыра алсақ, онда біз көшбасшылық қасиеттерді де қалыптастыра алатынымызға сенімдіміз.

Практикалық тәжірибенің мәні, оның технологиясы: нақты педагогикалық іс-әрекеттер жүйесі, ұйымдастыру, мазмұны, формалары және жұмыс атқару әдістері.

Көшбасшыға арнайы білім мен дағдылардан басқа, көзқарастардың кеңдігі мен эрудиция, болашақты көре білу сияқты қасиеттер қажет. Мұндай

қасиеттерді жетілдіруге іскерлік белсенділік, жеке сүйкімділік, мақсаттылық, өзіне деген сенімділік, жинақылық, ізгілік, өзіне және адамдарға деген талапшылдық, тіл тапқыштық, эмпатия, өзін-өзі реттеу қабілеті және т. б. қасиеттер қажет. Қорыта айтқанда, адам көшбасшылық қажет және адамға қолайлы мүмкіндік болған кезде көшбасшы болады.

Ойыңызды ықшамдаңыз. Ең тиімді қарым-қатынас – ол қарапайымдылық. Адамды еліктіріп алу үшін қатты сөздер мен қиын сөйлемдердің қажеті жоқ.

Нақты адамды көре біліңіз. Бір ғана адам болсын, топ болсын, адамдармен араласу барысында өздеріңізге мына сұрақты қойыңыз: менің тыңдаушыларым кімдер? Оларды қандай мәселе аландатады? Олардың қай мәселесін көтеру керек? Менің қанша уақытым бар?

Адамдарға шындықты көрсетіңіз. Әрбір шынайы қарым-қатынас шынайы сенімділікті ұялатады. Тыңдаушыларыңыздың сеніміне кірудің екі жолы бар: бірінші – айтып тұрғаныңызға өзіңіз сену, екінші – айтқаныңызды жүзеге асыру.

Кері байланысты күтіңіз. Әрдайым олармен сөйлескенде, бірдеңе сезінуіне, есте сақтауына, істеуіне мүмкіндік беріңіз.

Әрқашан мінсіздікке ұмтылыңыз. Адам әрқашан оқып, өсіп, өркендеуі керек. Мінсіздікке жету үшін «Не себепті?» деген сұраққа жауап іздеп отыру керек. Соңында, нені және қалай істеу керектігін білетін адамның әр кез жұмысы табысты және көшбасшы болады.

Кез-келген шаруаны ойдағыдай іске асыратын болыңыз. Бастаған ісін соңына дейін апармайтын адам білікті басшы бола алмайды. Көшбасшы ретінде біз адамдарымыздан істі аяғына дейін істейтінін күтеміз.

Басқаларды жігерлендіріңіз. Көшбасшылар артынан ергендерді жігерлендіріп, оларға мотиватор болады.

Зерттеулердің нәтижесі

Көшбасшы ретінде кездесетін әрбір сынақ, өзіңізбен күресу арқылы жүреді. Егерде сіз өзіңіздің мықтылығыңызды және оған себепші болатын сенімділігіңізді қашан көрсету керектігін білетін қасиетке ие болмасаңыз, ешқашан білікті көшбасшы бола алмайсыз!

Демек, сіздің ізгі бастамашылдығыңыз өзгерлердің алға жылжуына, батыл қадамдарына себепкер болу керек. Ендеше, педагогикалық көшбасшылықты, өмірлік және өңірлік һәм саяси көшбасшылықты қалыптастыру әрбір оқу орнының алдында тұрған басты бағыт болуға тиіс!

Қорытынды: Бүгінгі өзгермелі уақытта ертеңгі күннің бүгіннен өзгеше болатынына күн санап көзіміз жетіп отыр. Бүгінгі жаңалық ертең ескіріп қалатын қарыштап дамыған мына заманда көшбасшылықтың құбылмалы құпиялары артып келеді. Демек, басқарудың үрдістері жаңа әрекеттерді, жаңа шешімдерді талап етеді:

Мұғалімнің кәсіби деңгейін көтеру, өзара сенім мен қолдау көрсете отырып, көшбасшы педагогтарды тәрбиелеу.

Ұжыммен команда ретінде жұмыс істеп, (қарсылас ретінде емес) колледжді басқаруда күнделікті оқу-тәрбие процесін бақылап, талдау жасай отырып, алынған деректер негізінде колледждің әлсіз және мықты жақтарын анықтау. Алынған нәтиже негізінде олардың қажеттіліктерін анықтай отырып, ұжымның жұмысын тиімді және жүйелі ұйымдастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. «Педагогика». – Алматы, 2004ж.
2. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения. Ақтобе. РИПК СО
3. Бердалиев К.Б., Өмірзақов С.П., Есенгазиев Б.К., Ерғалиев Қ.Р. Басқару негіздері. - Алматы, 1997
4. Герчикова И.Н. Менеджмент: учебник для студ. вузов 4-е изд., перераб. и доп.-М.: ЮНИТИ, 2009.

ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ПЕН КРЕАТИВТІК – ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

*Егембердиева Жаксыкуль Еркінбековна
№7 Колледж МКҚК, Кентау қаласы*

Адамды шынға жетелеп, бар мақсатына уақытында жеткізетін қасиеті – еңбекқорлық.

Еңбек етуге әдеттену – бұл жай ғана еңбекке үйрену емес, бұл адамгершілікті адам тәрбиесінің жоғары деңгейі, еңбек процесіне құштарлық, еңбек етуге әзірлік, жұмысты істей білу, - деді Н.К.Крупская, - демек өз күшінді және басқалардың күшін және жұмыстың барлық жағдайын есептей білу. Ең бастысы оқушыларды еңбекке даярлауды жастайынан, балалық шақтан бастау, оларды еңбек түрлеріне қатыстыра отырып, еңбектің адамды қайратты және бақытты ететіндігіне сенімін қалыптастыру. Сонымен, оқыту және тәрбие жұмысының барлық жүйе оқушыларды еңбекке психологиялық және практикалық тұрғыдан дайындау міндеттерін шешуге бағытталуы қажет. Оқушылардың ұжымдық еңбек дағдыларын қалыптастырудың маңызы өте зор. Ұжымдық еңбекте оқушылардың қабілеті, дарындылығы толық ашыла бастайды, ұжымдық өмірде терең және мінез-құлықтық әдеттері, дағдылары қалыптасады. Еңбекпен достық, жолдастық өзара көмек және жауапкершілік нығайту. Әркімнің қылықтары ұжымдық өмір нормалары тұрғысынан бағаланады. Осылардың барлығы ұжымдық сынып өмірінде, оқушылардың сенбіліктерінде байқалады. Егер ұжымдық еңбектің дағдылары оқушының бойында қалыптасса, ол мектепті бітіргеннен кейін қандай да бір жағдайда болмасын ұжымдық қатынаста нормаларын және жолдастық өзара көмекті әр уақытта қолдайды. Еңбек мәдениеті дағдыларын дарыту басты мәселелердің

бірі. Еңбек мәдениетінің көрсеткіші: жұмысты сапалы және тиімді істеу, уақытты ұтымды пайдалану, еңбек құралдарына, түрлі материалдарға құнттылықпен қарау. Еңбек мәдениетіне өзін көрсете білу, қоғамға тиімді дербестік, еңбектің демалыспен қабысуы, алдағы жұмыстың негізгі кезеңдерін белгілей білу, еңбек процесін талдау және іс-құжаттарын сауатты жасау жатады. Оқушылардың ынтасын және қабілетін дамыту еңбек тәрбиесіндегі жеке міндеттердің бірі.

Еңбек етіп немесе оқу оқып алдына мақсат қойып, болашағының қандай боларын бағамдап жүрген жастарға "жарайсыңнан" басқа айтарымыз жоқ.

Мақсаттарыңызды айқындап алғаныңыз дұрыс. Сіздің діттеген межеңіз болашақта керек пе, жоқ әлде жай қызығушылықпен сенбілікке немесе оқуға бара жатырсыз ба, бастысы дұрыс ойланып алған дұрыс. Егер өміріңізге өзгеріс алып келуін ойласаңыз, одан бас тартпауға тырысыңыз. Әрине, барлығы сіз ойлағандай болмайды. Бірақ, ақырына дейін шыдасаңыз, сан соғып қалмасыңыз анық.

Адамның ақылшысы да, орындаушысы да – ең бірінші өзі болуы керек. Жүрегін тыңдап, оның не қалайтынын жақсылап сезе білсе, мақсатқа жету жолындағы қиындықтарды оңай шешеріңіз анық.

Бірақ шешімі де жоқ емес. Алдымен себебін анықтау керек.

Бұл еріншектік емес. Еріншек адам кез келген істі орындаудан бас тартады. Ал тәртібі қиын бала істен түбегейлі бас тартпайды. Тек кейінге шегереді.

Көбіне кейінге қалдыратын оқушылар өзіне қызықсыз не пайдасыз шаруаны істегісі келмейді. Бұл ішкі мотивацияның болмауынан. Әрі істі қолға алудан қорқудан. Себебі өз ісіне "ешкімге қызық емес", "пайдасыз" деп баға беріп қойған. Күнделікті жоспардың жоқтығы да әсер етеді. Сондықтан еңбекке аз уақыт қалғанда кірісіп, нәтижесінде тапсырманы шала орындайды. Басқа да себептеріне тоқталайын.

Студентім Ерасыл бұл туралы өз ойын білдірді:

"Істі жиі кейінге шегеремін. Мысалы, колледжде мұғалімім СӨЖ жазуға тапсырма берді. Әлі уақытым бар деп кейінге қалдырдым. Тіпті жазған соң «менің мақалам қызық емес» деген оймен әлі де жарияламадым"

Еріншек адам кез келген істі орындаудан бас тартады. Ал тәртібі қиын студент істен түбегейлі бас тартпайды. Тек кейінге шегереді.

Жалқау адам жұмыстан қашып, демалуға тырысады. Ал тәртібі қиын оқушы іске кіріспей, бұл уақытты басқа іске арнайды. Неге істі кейінге қалдырады? Салдары қандай? Неге еңбекке араласқысы келмейді? Көбіне кейінге қалдыратын адамдар өзіне қызықсыз не пайдасыз шаруаны істегісі келмейді. Бұл ішкі мотивацияның болмауынан. Әрі істі қолға алудан қорқудан. Сондықтан бірден бастамай үтір-нүктесіне дейін зерттейді. Идеал түрде орындаймын деген оймен біраз уақыт жоғалтады. Жоспар құру.

Тапсырманы орындауға келіспес бұрын қолыңыздан келе ме, жоқ па, анықтап алыңыз. Егер тапсырманы орындау қиынға соқса, көмек сұрап, шешімін табыңыз. Бірақ кейінге қалдырмаңыз. Бөліп орындау. Жоғарыда айтқанымдай, тапсырма ауыр болғандықтан оны кейінге қалдырады. Сондықтан жеңіл деңгейден бастаңыз. Мысалы, кітап оқу керек болса, бастапқыда күніне 5 бет оқимын деп қана жоспарлаңыз. Енді тапсырма жеңілдеді.

Бір баланың өнерін, жақсы ісін байқаса «тұқымында бар» деген сөзді халқымыз жиі айтады. Ол жақсы не жаман қасиеттердің тұқым арқылы беріліп жататынын байқатса керек.

Жалпы таланттың екінші аты – еңбек, содан соң адал ниет. Түймедей таланттың бола тұрып оны дамытпасаң азамат болып алға шығу қиынның қиыны. Ал бір іске ындының артып, оны жан-тәніңмен сүйіп, тер төге еңбек ететін болсаң, сенен қадірлі Адам болмайды. Осы жерде Оралхан Бөкейдің «шын талант жетекшісіз-ақ мұратына жетер» деген сөзі ойға оралады. Ал одан әрі алсақ, Абайдың том-том кітапты көзмайын тауыса оқып, неше түрлі поэмаларды жатқа айтқанын білеміз. Міне, ол «әкем болыс екен» деп жатып алмады. Үнемі жетілу үстінде жүрді. Бұдан шығатын қорытынды: бір істің маманы болғыңыз келсе, салаңызға байланысты қандай да бір істі күнде істеңіз әрі әдетке айналдырыңыз. Біздің әр күніміз – баға жетпес байлыққа тең. Осы байлығымызды қоғамға пайда келтіруге жұмсау – естілердің міндеті.

Әр оқушыға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттер сіңіретін бірден-бір жан болса, ол – ұстаз. «Шәкірттің жақсы болмағы – ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай, ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындатып, қолынан келгенін үйретіп, бағыт-бағдар беріп қана қоймай, сыртқы келбетімен, киім киісімен, өзін ұстау әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі, оқушылар мұғалімнің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөледі. Мұғалім келбеті, мұғалім қалай киіну керек, Мұғалім мамандығына сай талғаммен киіну, Мұғалімнің шаш үлгісі, ұстаз киімі

Заманауи әлемдегі ұстаз, педагог. «Ұстаз болу – жүректің батырлығы, Ұстаз болу- сезімнің ақылдығы»— деп ғұлама ақын Ғабу Қайырбеков ағамыз жырлағандай, ғұмырын ұстаздық мамандыққа арнаған, көңілі мәңгі жас баладай жақсылыққа құмар ұстаз болу – көп адамға бұйыра бермеген бақыт десем, артық айтқандық емес шығар. Өйткені аузын ашса жүрегі көрінетін, жалғандықты, жасандылықты сүймейтін тазалық пен пәктіктің иесі — оқушыларды көргенде, олармен бірге қуанып, бірге күліп, жан тәнің мен түсіну.

Кез-келген адам, кез-келген оқушы өзіне тән қызығушылығы арнайы бір таланты бар деуге болады. Кейде оқу кезінде әр оқушы сабақты әр деңгейде қабылдайды. Соған байланысты білім деңгейлері де әртүрлі болып келеді. Сондықтан әр оқушының дамуына аса зор мән берген дұрыс. Оқушылар бірі оқуға қызықпаса спортқа қызығады, біреуі спортқа қызықпаса аса зор дауысы бар. Сондықтан әр баланың талабына қарай оқыту сол бағытта жұмыс жасау, тәрбие жүргізу, еңбекқорлыққа баулу қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.К.Крупская Выбор профессий. Пед. соч. в десяти томах.4-том.1959
2. А.С.Макаренко Выбор профессий. Пед. соч. в восьми томах.4-том, Педагогика 1984
3. А.Д.Сазанов.В.Д.Симаненко и др. Профессиональная ориентация учащихся «Просвещение»1988
4. Н.М.Скатын. «Просвещение»1984
5. Н.Н.Чистяков Т. А. Буянов Еңбек пәнінің мұғаліміне оқушылардың кәсіптік бағдары туралы. Алматы, «Мектеп», 1988
6. <https://www.tarbie.kz/37502>
7. <https://www.tarbie.kz/category/ustaz>

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ІРІ БИЗНЕС ӨКІЛДЕРІНЕ ҚАМҚОРЛЫҚҚА БЕРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Джасаякбаев Мейрбек Сырлыбайұлы
Түркістан жоғары көпсалалы, қолөнер
колледжі директорының оқу-өндірістік
жұмысы жөніндегі орынбасары*

Мемлекет басшысы ірі бизнес өкілдеріне отандық оқу орындарын қамқорлығына алу туралы ұсыныс жасаған болатын. Осы орайда аталған ұсыныс қолдау тауып, колледждерді өз қамқорлығына алатын ірі кәсіпорындардың тізбесі айқындалды. Бұл туралы ҚР БҒМ Техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің директоры Насымжан Оспанова атап өтті. «Президент тапсырмасына сәйкес өңірлерде колледждерді ірі бизнестің қамқорлығына беру тәжірибесі енгізілді. Облыс әкімдіктері «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп, колледждерді өз қамқорлығына алатын ірі кәсіпорындардың тізбесін айқындады. Қазіргі уақытта 282 колледжді 343 компания өз қамқорлығына алу бойынша келісімдерге қол қойды», - деді Насымжан Оспанова Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында. Оның айтуынша, кәсіпорындар колледждердің қамқоршылық кеңесінің құрамына енеді. «Сонымен қатар аталған кәсіпорындар қамқорлығына алған колледждің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, студенттердің практика мен тағылымдамадан өтуіне қолдау көрсетеді. Қазіргі таңдағы техникалық және кәсіптік білім беру аясында атқарылған жұмыстар Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауға және кадрлар даярлаудың сапасын арттыруға бағытталады», - делінген. 2022 қаңтарда Мемлекет басшысы еліміздің ірі бизнес өкілдерімен кездесуі барысында бизнесті отандық жоғары

оқу орындарын қамқорлыққа алуға шақырған еді. «Мәселен, білікті кадрлардың, әсіресе техникалық мамандықтар бойынша жоқтығына шағымданғанның орнына ірі бизнес колледждерді қамқорлыққа алып, олардың қамқоршылық кеңесіне кіріп, жастарды тәжірибеге неге алмасқа, зертханалар мен шеберханаларды жабдықтамасқа? Бұл бағытта жұмыс істеп жатқан жекелеген корпорациялардың бар екендігін білемін. Дегенмен, мұны жаппай жолға қою керек», - деген еді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Барлық жерде кәсіпорындардың колледждерді өз қамқорлығына алуын жолға қою керек, Үкімет отырысында ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов осындай тапсырма берді. ktk.kz сайтынан. Колледждер тек жастарды ғана емес, жұмыс берушілер мен инвесторларды да өзіне тартып, дәстүрлі бағдарламалармен қатар қысқа мерзімді оқыту бағдарламаларын ұсынуы тиіс», - деді Үкімет басшысы. «Сондықтан, мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру барысында әкімдіктер мен Білім министрлігі осыны ескеруі тиіс. Яғни, әр өңірдегі белгілі бір жұмысшы мамандықтарға деген қажеттілік ескерілуі керек. Ең бастысы колледждер мен университеттердің түлектері еңбек нарығында сұранысқа ие болуы керек. Қазіргі таңда дәл осы еңбек нарығындағы сұраныс пен оның перспективалық болжамы кадрлар даярлаудағы негізгі фактор болып табылады», - деп Әлихан Смайылов атап өтті.

Оқытушылардың өндірісте кәсіби біліктілігін арттыру бойынша тәжірибеден өтуі өте маңызды. Олар өндірістегі барлық технологияны талдап, зерттейді, сонан соң оқушыларға кәсіби білім береді. Қазір колледж түлектерін жұмысқа қабылдауға әзір кәсіпорындарға мамандар даярлауға айрықша маңыз беріледі. Болашақта колледж түлектерінің білімін аттес-таттайтын комиссия мүшелерінің 75 пайызы жұмыс берушілер болуы мүмкін. Яғни, олар аттестаттау кезінде-ақ өздеріне қажетті кадрларды таңдап ала алады. Біз бұл бағыттағы жұмысты алда да жандандыра түсеміз. Аймақтағы ірі кәсіпорындарды оқу орындарына бекітудің механизмдері қарастырылуы қажет.

Демеушілік көрсеткен кәсіпорындар қамқоршылық кеңестер мен өндірістік кеңестерге мүше болып, кәсіпорындар базасында оқытушылардың тағылымдамадан өтуін ұйымдастыруға, колледждерді зертханалық құрал-жабдықтармен жабдықтауға қатысады, студенттерді одан әрі жұмысқа орналастыру үшін кәсіптік және өндірістік практиканы ұйымдастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы – 2008.
2. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Нұр-Сұлтан, 2021 ж.
3. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. Астана, 2001. – 275 б.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГ ЖҰМЫСЫНЫҢ МОДЕЛІ

*Сәрсембі Гулзинат Манапқызы
Д.Құрманбек атындағы №20 колледж
Отырар ауданы*

Қазіргі кезде қоғамда орын алған кейбір келеңсіз жәйттер, шешімін табу қиындығы мол мәселелерді жоққа шығаруға болмайды. Олардың қатарыны:

- жастар арасындағы жұмыссыздық;
- жас жеткіншектердің көпшілігінің жеке тұлға ретінде даму мүмкіндігінің жоқтығы;
- жастардың қатігездікке бой алдыруы;
- өзара қарым –қатынастың жеткіліксіздігі мен өзін –өзі көрсету мүмкіндігінің жоқтығы сияқты мәселелерді атауға болады.

Осы аталған мәселелерді шешу жолдары педагогтардың оқу - тәрбие үрдісінде жеке тұлғаны тәрбиелеу және дамыту, әлеуметтендіруді ұйымдастыруда жаңа қызмет көрсету қажеттілігіне алып келеді. Мектептерде педагог – психолог, қосымша білім беру педагогы, әлеуметтік педагог қызметтері пайда болды. Бұлардың әрқайсысының білім беру үрдісінде өзіне ғана тән қызметтік мазмұны мен өзіндік орны бар.

Жобаның өзектілігі:

- әлеуметтік педагог өз жұмысының моделін және әлеуметтік педагогиканың ғылыми- әдістемелік және технологиялық деңгейін меңгеруі.
- мектептегі әлеуметтік педагогтың жұмыс бағыттарын анықтауы.
- өз жұмысының бағытын түсініп, жүйелі жоспарлауы.
- диагностика нәтижесінде алынған мәліметтерді сауатты түрде әр түрлі мамандар орындай алатындай етіп, әдістемелерді өңдеуі.
- оқушылардың тұрғылықты жері бойынша тәрбиеленуі, білім алуы, дамуы және әлеуметтік қорғалуы бойынша шаралар кешенін жоспарлап, өткізуі.

Әлеуметтік педагог. Ол кім?

Әлеуметтік педагог – балалармен, олардың ата-аналарымен, ересектермен, тұрғындарымен отбасы-тұрмыстық микроортада және көршілер ортасында, жасөспірімдермен, жастардың, топтарымен және бірлестіктерімен тәрбие жұмысымен жүргізетін, мәдени-сауық, дене шынықтыру-сауықтыру, еңбек, ойын және басқа жұмыстарды, топпен қарым-қатынас жасауды, балалармен ересектердің социумда техникалық, көркем шығармашылық және шығармашылықтың басқа да түрлерін ұйымдастыратын мамандар. Әлеуметтік педагог балаларды, жасөспірімдер мен жастарды әлеуметтендіру процесінде мүмкін болатын және мақсатты «араласуды» қамтамасыз етеді, отбасы мен басқа да тәрбиелеу институттарына көмек береді, балалар мен ересектер арасындағы байланыстырушы жік, делдал «үшінші тұлға» ролін атқарады, жеке тұлғамен және қоғаммен жұмыс жасайды. Ол жасөспірімдердің әлеуметтік

және кәсіби бағдар алу кезеңінде көмектеседі, балалардың қоғамдағы құқықтарын қорғайды.

Жалпы ережелер

Мақсаты: әр тұлғаның психология-медицина-педагогикалық жағдайының ерекшелігін, микро ортасын, өмір сүру жағдайын, өмірге қызығушылығын, жеке әлеуметтік жағдайларын зерттеу, анықтау және оқушының тәртібіндегі кездесетін қиыншылықтарын қадағалай отырып, өз уақытысында әлеуметтік көмек көрсету, мүддесін қолдау, құқығын қорғау.

Міндеттері: әлеуметтік педагог өз қызметтік мақсатын жүзеге асыру барысында мына міндеттерді атқарады:

- мектепте, отбасында, өмір сүру ортасында, жастар мен балалар қоғамдарында және ұйымдарында баланың тұлғалану үдерісінің дамуына тікелей әсер ету.

- баланың құқықтары мен қызығушылықтарын, түрлі инстанцияларда және мектепте баланың қорғанышы ретінде өзі немесе басқа да мамандарды қатыстыра отырып қорғайды.

- бала тәрбиесінде отбасына әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету. Тұлғалану үдерісіне кері әсерін тигізетін әлеуметтік қатерлі отбасыларын анықтайды.

- қорғаншы мен қамқоршыларды қажет ететін балалар мен жастарды анықтау және есепке алу жұмыстарын жүргізеді.

- мінез-құлқында ауытқу байқалатын балалар мен жастарды дер кезінде анықтау, асоциалдық мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын (қылмыстың, құқық бұзушылықтың, маскүнемдіктің, таксикоманияның, наркоманияның және т.б. алдын алу).

- салауатты өмір салтын ұйымдастыру мәселелерімен айналысады, оқушылардың ақыл-ой және физикалық дамуына байланысты түзету-оңалдыру әрекетін ұйымдастырады.

- түрлі әлеуметтік топтарда сенімді қарым-қатынасқа түсе алуына көмек көрсету, әлеуметтену үдерісіне (кәсіп таңдауда, жұмысқа тұруда, денсаулығын нығайтуда, бос уақыттарын ұйымдастыруда және т.б.) ықпал ету

- ата-аналарға, педагогтарға, басқа да ұйымдардың қызметкерлеріне әлеуметтік-педагогикалық кеңес берумен айналысады.

Әлеуметтік педагогтің қызметтік бағыттары.

Әлеуметтік педагог өз қызметін үш бағытта жүргізеді:

- балалар мен отбасының мүшелеріне жүргізілетін психодиагностикалық, психокоррекциялық қызмет әдістерін негіздеп, сараптайды және өңдейді;
- социумдағы әлеуметтік жағдайды зерттеп және оған болжам жасау арқылы отбасы мен балаларға әлеуметтік-педагогикалық нақты көмек формаларын және түрлерін ұсынады;
- баланың жан-жақты психологиялық дамуына жағдай жасау, оқу мен тәрбиеге теріс көзқарасты жою, салауатты өмір салтына оңды көзқарас қалыптастыру, бала тұлғасы дамуының бұзылуы себептерін анықтап, алдын ала сақтандыру шараларын жүргізу, үгіт-насихат жұмыстары арқылы педагогтар мен

балалардың психологиялық, құқықтық біліктілігінің жоғары болуын қамтамасыз ету.

Жауапкершілігі

Әлеуметтік педагог мектеп директорының алдында тәртіптік жауапкершілікке тартылады:

- жоғарыдағы көрсетілген міндеттерді дұрыс атқармаған жағдайда;
- мектеп жарғысын және еңбек тәртібін бұзған жағдайда;
- қолданысқа берілген мектеп мүліктерін, құралдарын, жабдықтарын және тағы басқа материалдар мен құнды заттарды сақтауда.

Әлеуметтік педагогтің құқығы

Әлеуметтік педагог төмендегі құқықтарға ие болады:

- баланың педагогикалық және медициналық құжаттарын;
- сабақтарға қатысып отыруға;
- мектеп әкімшілігінің, медициналық, педагогикалық қызметкерлерінің, балалар құқығымен денсаулығын қорғау қоғамдық ұйымдарының алдына көкейкесті мәселелерді қоюға;
- медициналық әлеуметтік мәселелер бойынша білім мекемелерінің эксперттік шешімдеріне араласуына;
- отбасы мүшелерінің мектеп пен отбасындағы кепілдігін анықтау мәселесін (даулы жағдайда) қоюға;
- қажетті кезде тиісті органдарға ата-ана құқынан айыру мәселесін ұсынуға, балалар мүддесін сотта қорғауға;
- өз еркімен мектеп тарапынан басқа да білім беру, спорт, денсаулық сақтау, мәдениет, құқық, тәртіп сақтау, әлеуметтік қорғаныш, психологиялық қызмет көрсету ұйымдарымен, балалар мен жастар қоғамдарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, жергілікті басқару органдарымен бірлестікте жұмыс атқаруға;
- өз кәсіби деңгейін жетілдіруге;
- әлеуметтік тәрбиеге қатысты жергілікті бағдарламаларды жоспарлауға, құруға және жүзеге асыруға, басшылық жасау үшін қатысуға;
- өз әрекетін жүзеге асыруда әдіс-тәсілдерді, құралдарды өз еркімен таңдауға;
- өз әрекетіне қатысты негізсіз араласулардан қорғануға;
- мектептің өзін-өзі басқару ұйымдарын сайлауға және сайлануға;
- өз міндетін атқаруда мектеп педагогтары мен оқушыларына шектен шықпайтын нұсқаулар беруге;
- кәсіпұйым мүшелерімен бірлестікте мектеп әкімшілігі қабылдаған білім беру ұйымының субъектілерінің құқықтары, денсаулықтары, әрекет жағдайлары мен оларды қорғауға қатысты локалді құқықтық актілердің дұрыс құрылуын анықтауға қатысуға құқылы.

Баланың білім алуға әлеуметтік педагогикалық құқығы

Әлеуметтік педагог келесі жағдайларда баланың білім алу құқығына араласа алады:

- спорттық ситуацияларға қатысты түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, білім алу құқығына тиісті: мысалы, баланың мемлекеттік стандартқа сәйкес құқығы

бар екенін анықтау, соның ішінде: тәрбиелеу, қызмет көрсету, яғни ол мектепте алады, интернатта, ауруханада;

Әлеуметтік педагог төмендегі ережелерді сақтау тиіс:

- ата-аналар мен балалар өзін зерттеу объектісі ретінде сезінбеуі тиіс;
- зерттеу мақсаты, жоспарлы, үздіксіз және жүйелі жүргізілуі тиіс;
- зерттеу әдістері халықтық дәстүрлі тәрбие әдістерімен байланысты болуы тиіс;
- психологиялық, педагогикалық әдістер әртүрлі, санқилы және кешенді пайдалануы тиіс.

Қорытынды.

Әлеуметтік педагог жұмысын мектеп әкімшілігі төмендегі критерийлер бойынша бағалайды:

- әлеуметтік-педагогикалық әрекетті жоспарлау мен ұйымдастырудың жүйесі.
- Қазақстан Республикасының білім беру, тәрбиелеу, қорғаныш және қамқоршы қызметтері, бала мен ана, еңбекті қорғау аумақтарында бекітілген нормативтік-құқықтық құжаттардың реттілігі.
- оқушылардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерінің есепке алуы ұйымдастыруы.
- оқушылардың отбасымен, қамқоршыларымен әлеуметтік-педагогикалық қызмет жұмыстарының жүйесі.
- әлеуметтік педагогтің қызметі білім мекемесі әкімшілігінің ағымдағы және қорытынды тексеру нәтижелері мен маманның өзін-өзі бақылау-зерттеулері барысында бағаланады. Оған қажетті құжаттардың болуы басты роль атқарады.
- әлеуметтік педагогтің қызметі 5 жылда бір рет өткізілген аттестация нәтижелері ынталандырып отырады. Егер әлеуметтік педагог өз қызметінің кәсіби шеберлігі едәуір жоғарылады деп есептейтін болса кезектен тыс аттестациялық сынақтан өтуге тілек білдіруіне болады. Эксперттік тексеру нәтижесі екі түрлі көрсеткіш арқылы анықталады: кәсіби қызметінің қалыптасу деңгейі және нәтижелік деңгейі.
- әлеуметтік педагогтің әлеуметтік педагогикалық қызметінің нәтижесі негізінен қажетті мамандығының және кәсіби дайындық деңгейінің жоғары болуымен анықталады. Тарификация кезінде әлеуметтік еңбек ақысының разрядын қою үшін білім дәрежесі мен еңбек өтілі ал аттестациялау тұсында кәсіби қызметінің қалыптасушылық және нәтижелік деңгейі есепке алынады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім беру ұйымдарында әлеуметтік қызметті ұйымдастыру (әдістемелік құрал) автор құрастырушы: Еркегалиева Ж.А.
2. Әлеуметтік педагогке көмек (әдістемелік құрал) автор құрастырушы: Дүйсенгалиева Т.М.
3. Әлеуметтік педагог жұмысының әдістемесі. Оқу құралы Мұханбетжанова Ә.М., Ерниязов О.Н.

4. Социальная педагогика: введение в специальность. А.Н. Тесленко., М.С. Керимбаева. А.2005.

БІЛІМ - БОЛАШАҚ ЖЕТІСТІКТІҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

*Түркістан облысы «Білім беруді дамыту орталығы»
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері
Аблаева Акмарал Еламанқызы
Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент кенті,
І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Оспанқұлова Жанар Әбіләкімқызы*

Білім беру – қоғамдық құндылық

Әрбір тарихи кезеңде қоғамда туындаған талаптарға сай жасөспірім ұрпаққа берілетін білімнің мәніне жаңа сипат беріліп, жаңа ұстанымдар негізінде ұйымдастырылады. Әдетте бұл жеке мемлекеттің білім жүйесіндегі реформалармен жалғасады. Жүргізілетін реформалар тереңдігі, ауқымы сол қоғамның білім мәні бойынша алған ұстанымына байланысты. Осы тұрғыдан еліміздің білім беру жүйесі ХХІ ғасырдың жаңа талаптарына сай болу мақсатында үлкен бетбұрыс алдында тұр.

Неліктен білім беру қоғамдық құндылық болып саналады? Мемлекет пен қоғам тең мағыналы ұғымдар емес, олардың өзара қатынасы өте күрделі болып келеді. Білім беруді дамытуда олардың мақсат, мүдделері сәйкес келе бермейді. Дамыған қоғам мемлекет тарапынан қабылданған қаулылардың орындалуын талап етеді, білім беру заңын талқылап өзгертулер енгізеді. Қоғам мүшелері кезекті білім беру мәселелерін шешу үшін қоғамдық ұйымдар құрады және қозғалыстар ұйымдастырады. Қоғам мүшелерінің әлеуметтік белсенділігі, олардың өз мүдделерін қорғай алулары, қоғамдық сананың дұрыс қалыптасуы білім беруді дамытудың негізгі жолдарының бірі және оның қоғамдық маңыздылығының көрсеткіші. Жоғарыда қарастырылып отырған білім берудің мемлекеттік және қоғамдық құндылықтары жалпы әлеуметтік мәселелерді қарастырады, бірақ жеке тұлғаның білім алуға деген өзіндік қатынасын, оның деңгейі мен сапасын көрсетпейді.

Б.С.Гершунскийдің пікірі бойынша білім беруді дамыту саясаты жеке адамның дербес ерекшеліктерін, оның қызығушылықтарын және қабілеттіліктерін ескере отырып тұлғалық бағытта болуы керек.

Білім берудің ең жоғарғы құндылығы және жоғарғы мақсаты - жеке тұлғаның және социумның ділін қалыптастыру. Діл ұғымы адамның мінез-құлқының дүниетанымының, дүниені қабылдауының терең негіздерін қамтиды.

Діл (менталитет) - тұлғаның, адамдар тобының немесе белгілі бір социум дүниетанымның, дүниеге деген көзқарастарының және мінез-құлықтарының терең жатқан негіздері болып табылатын мәдениеттің мазмұны.

Мәдениеттану және философиялық әдебиеттерде діл белгілі бір кезеңдегі, географиялық аймақтағы және әлеуметтік ортадағы адамдар қауымы көзқарастарының, сезімдерінің жиынтығы, тарихи және әлеуметтік үрдістерге ықпал ететін қоғамның ерекше психологиялық салты ретінде түсіндіріледі. Діл - рухани құбылыс.

Діл қай халықтың болмасын мәдениетінен, дінінен, өмірлік тұрмысынан, философиялық идеяларынан және білім беру жүйесінен туындап қалыптасады. Адамдардың қоғамдағы түрлі құбылыстарға қатынасы, нақты бір іс-әрекеттері олардың ділдеріне байланысты.

Сонымен білім берудің нәтижелілігін мынандай тізбек ретінде қарастыруға болады: сауаттылық - білімділік – кәсіби күзiреттілік - мәдениет - діл. Білім берудің нәтижелілік тізбегінде діл ең жоғарғы сатысында тұрады, және ол тізбектегі басқа бөліктердің мазмұнын анықтайды. Барлық сауатты адамдар білімді бола бермейді. Барлық білімді адамдар кәсіби күзiретті бола бермейді. Барлық кәсіби күзiретті адамдар мәдениетті бола бермейді.

Білім – қоғамдық құндылықтардың аса маңыздысы. Мұның дәлелі – көпшілік елдер Ата заңында келтірілген әрбір адамның білім алуға болған құқығы. Бұл құқық әртүрлі бастау тұжырым, бағыттардың дүниетаным шарттарына сәйкестендірілген нақты дәуір білім жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Білім, өз кезегінде, мемлекеттік, қоғамдық және жеке тұлғалық құндылықтарға ие.

Білімнің мемлекеттік тұрғыдан құндылықты болуының себебі- мемлекеттің адами-инабаттық, ақыл-парасаттық, ғылыми-техникалық, рухани-мәдени және экономикалық мүмкіндіктерінің негізі – білімде. Осыдан, білімді ел- мықты, мызғымас ел.

Тұлға қалыптастыруда ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие беру

Біз бүгінгі бейбіт тірлігіміз үшін, Қазақстан деп аталатын Республиканың жер бетінде барлығы үшін, тарихтың әр тұсында осы елді, осы жерді қорғаған қайсар жандардың аруағының алдында қашан да қарыздармыз. Біздің алдымызда «бабаларының игі дәстүрін сақтайтын», «күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары» болатын ұрпақ тәрбиелеу міндеттері жатыр. Отаншылдық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. «Баланды өз тәрбиенмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген екен дана халқымыз. Сондықтан да, сан ғасырлар бойы сұрыпталған ұлттық құндылықтарымызды оқу-тәрбие процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, ұлтшылдық пен отаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтын, бойында ұлттық санасы қалыптасқан тұлғаларды тәрбиелеп шығару – жалпы ұлттың алдында тұрған ұлы міндет

болып отыр. Қандай да бір елдің рухани мәдениеті, әдебиеті мен өнері, ғылым мен техникасы, әлеуметтік жағдайы, материалдық өндірісінің ең маңызды жетістіктері тәрбиесінен көрінуі арқылы оның ұлттық құндылықтарының мәніне ие болады және өскелең ұрпақтың азаматтығы мен отаншылдықты, рухани-адамгершілік жан-дүниесі қалыптасуына белсенді түрде ықпал етеді.

Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Осы жерде қазақ халқының ұлы ақыны, ғалым М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті». Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Ал ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы.

Ел арасында Кеңес кезеңіндегі қалыптасып қойған әдеп-ғұрпын, салтын, дәстүрін сол заманымыздың өкілдері өзінің еңбектерінде зерттеп, өнер арқылы, Ұлттық танымда ерекше қасиеттілік бар екенін жеткізді. Сондықтан қазіргі ұлттық идеология мен ұлттық танымымыз мемлекеттік дәрежемізге жетті. Ұлттық таным Егемендігіміздің нәтижесінде, саясатқа бетбұрысымыз өзгерді. Негізінде ұлттық танымды сақтайтын, ұлттық мәселені қалыптастыратын үш қасиеттілік. Олар туған жер, ана, тәрбие. Осы үшеуі сабақтас болса, ұлттық танымымыз ғасырларға созылады және сақталады.

Адамзат тарихында ұрпаққа тәрбие берудің жалпыадамзаттық идеяларын жүзеге асырып, жаңа педагогикалық жүйенің қалыптасуында өз заманында Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» атанған әлемге әйгілі ойшыл, ғұлама ғалым, халқымызға білімнің нәрін сепкен ұлттың ұлы кемеңгері Әбу Насыр әл-Фарабидің алатын орны ерекше. Әл-Фараби алғашқы педагогикалық ой-пікірлердің жетістіктерін жаңғыртып, жетілдіре білді. Халық даналығы туғызған данышпандық ой-пікірлерге, шығыс мәдениетінің озық үлгілеріне ден қоя отырып, өзінің төл педагогикалық тұжырымдамасын жасады. Оның педагогикалық тұжырымдамасы дидактика мен тәрбие теориясының мәселелерін бірге қамтитын іргелі жүйе болып табылады. Әл-Фарабидің тәлім-тәрбиелік идеялары теориялық дәрежесі жағынан кез келген педагогикалық ілімге бастапқы негіз бола алады, әсіресе оның күллі адамзат қауымдастығының жиынтығы ретінде ұлы қоғамды суреттейтін ізгілік тұғырнамасы қазіргі педагогиканың жетекші идеясы болып отыр.

Әл-Фараби жетілген тұлғаны тәрбиелеу үшін «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» деген ұстанымды басты қағида ретінде ұсынды.

Әл-Фарабидің педагогика ғылымының негізін салушы екендігін оның еңбектерінде қарастырылған педагогикалық ұғымдардың анықтамалары неғұрлым нақтылай түседі. Педагогиканың негізгі ұғымы болып табылатын

оқыту мен тәрбиеге ғұлама мынадай түсініктеме береді: «Оқыту адамдар мен халықтарда теориялық қайырымдылық дарыту болады, ал тәрбие — білім-білікке негізделген өнер арқылы оларға этикалық қайырымдылық дарыту тәсілі. Оқыту тек сөз арқылы жүзеге асырылады, ал тәрбие кезінде адамдар мен халыққа білімге негізделген қасиеттерден шығатын әрекеттерді жасауды дағдыға айналдыру үйретіледі...». Осы анықтамалардың астарлы мағынасы қазіргі педагогикадағы «оқыту» мен «тәрбие» ұғымдарына берілген анықтамалармен сабақтасып, өзара байланысып жатқандығын айқын аңғаруға болады. Әл-Фарабидің мұрасында педагогиканың негізгі ұғымы болып табылатын «білім беру» ұғымы да қарастырылған.

Қазіргі кезде педагогиканың негізгі ұғымдарына «тұлғаны қалыптастыру» ұғымы да жатқызылады. Себебі, бүгінде білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты, бірінші кезекке оқушыларда пәндік білім, білік, дағдыны емес, оның тұлғасын қалыптастыру қойылып, тұлғаға бағдарланған оқыту мен тәрбиелеуді іске асыру көзделуде.

Жеке тұлғаны қалыптастыру ұғымын ғұлама әл-Фараби былай анықтайды: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл-күші бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Егер осы екеуі бірдей болып келсе, біз өз бойымыздан және өз әрекеттерімізден абзалдық пен кемелдікті табамыз және осы екеуінің арқасында біз ізгі игілікті және қайырымды адам боламыз, біздің өмір бейнеміз қайырымды, ал мінез-құлқымыз мақтаулы болады».

Ізгілендіру әл-Фарабидің педагогикалық идеясының негізгі өзегі болған, ғұлама білім берудің ізгілендіру принципіне негізделуі қажет екендігін өз уақытында ғылыми тұжырымдалған ой-пікірлерімен айқындап кеткен. Міне, бүгінгі таңда әл-Фарабидің көрегендігі мен ғұламалығы дәлелденіп, мыңдаған жылдар өтсе де, жаңа білім беру парадигмасы ретінде ізгілендіру танылып отыр.

Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды, байлығымызды түгендеу, игеру, жас ұрпақ бойына игі қасиеттерді сіңіру, бүгінгі ұстаздардың басты борышы. Ел болашағы - білімді ұрпақта. Сондықтан білім беру саласында жасалып жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру — ұстаздар қауымына ортақ іс. Заманымызға сәйкес көп білу үшін, көп оқу керек. Ақпараттар ағыны ағылған, түрлі хабарлар тасқыны, электронды құралдарды, компьютерді жетік меңгеруді тиімді болғаны анық. Қазіргі заманның мұғалімі зияткерлік және өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыра білетін, сүйіспеншілігі мол тұлға болу керек екеніне көз жеткіздік. Сондықтан қазіргі тұста тепе-теңдікті ұстауымыз керек, өйткені ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды, байлығымызды түгендеу, оны игеру. Осы қасиеттерді жас ұрпақ бойына сіңіру, бүгінгі ұстаздардың басты борышы.

Білімнің басты құндылықтарын дәріптеудегі педагогтің рөлі

Бала тәрбиесі баршаға ортақ іс. Оған көпшілік қоғам болып жұмылу, парасаттылық пен байсалдылық керек. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден

қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағылымдарын, мәдениет тарихын, бұрын-соңғы ұлы ойшыл педагогтардың еңбектерін оқып жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып келер буынға дұрыс тәрбие-тағылым беру мүмкін емес. Себебі, өткенді жақсы білмейінше келешекке сапар шегу, Л.Толстой айтқандай, айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп шатасумен парпар. Жас ұрпақты тәрбиелеуде ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбие үлгісін ұғындырып, мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу – бұл қазіргі таңда өмір талабы және қоғам қажеттілігі.

Мұғалім жеке тұлғаны білімнің басты құндылықтары арқылы тәрбиелеуде алдымен төмендегідей мақсаттарды қою керек:

- өз халқы оның мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу.
- білімге, оқуға, еңбекке құштар парасатты адам болуға тәрбиелеу
- оқушыларды табысты іс-әрекетте бағыттау, олардың шығармашылығы мен білім құмарлығын дамыту, қолдау.

Ақын **Мағжан Жұмабаев** «*Баланы тәрбиеші дәл өзіндей қылып емес, келешек заманына лайық қылып шығаруы қажет,*» - деген ойлары арқылы тәрбиені келер күн талабымен ұштастырады. Қазақ халқының тәрбие дәстүрі қай халықтың тәрбиесінен кем түсіп көрген емес. Олай болса бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес бай салт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың озық дәстүрлерін сіңіруіміз керек.

Өз тәжірибемде қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда білімнің басты құндылықтарын дәріптеуді өз сабақтарымда мақсат қоямын. Сабақты түрлендіру арқылы мақал-мәтелдер, шешендік сөздерді қолданып бала бойында ұлтымызға ғана тән терең ойлау, шебер сөйлеу дағдыларын дамытып, тіл көркемдігін сақтауға өз үлесімді қосудамын. Халықтың тілі-халықтың жаны, тамыры, ойы, өрісі. Қазақтың ұлтшыл ақыны **М.Шаханов**:

«Қай тілмен ақса перзенттік түйсік өрісің,
Сол тілдің гүлі, сол тілдің қайраткерісің,
Бар кезде таным, таныту өрлейді.
Тек баба тіліңді дамыта бермейді,
Өзге тілдегі жеңісің» - деп жырлап кеткен.

Тіл білімінің атасы А.Байтұрсынов «Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді суреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын - сөзбен сөйлеп, суреттеп көрсетуге болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді. Ал басқа өнердің бәрінің де, қызметін шама шарқынша сөз өнері атқара алады» деген.

Ұлттық құндылықтар бұл жастардың құндылық бағыттылығына қалай да болса бір әсерін тигізеді. Қазіргі ұстазға қойылған негізгі талап бала санасында қай кезде де сапалы білім алдыңғы қатарлы әлеуметтік құндылық болып есептелетінін сезіндіру. Сапалы білім алу мен ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы ғана өзгеріп жатқан өмір жағдайларына дағдыландыру. Қазақ халқының поэтикалық өнерінің бала бойында жалпы адамзаттық

құндылықтардың қалыптасуына ықпалы мол. Балалардың әсемдікке, сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің рөлі ерекше. *«Қуатты ойдан бас құрап, еркеленіп шығар сөз»* деп ұлы ақынның өзі айтқандай, ақынның өлеңдері туған жердің сұлу табиғатын, қазақ ауылының көріністерін, ақ көңіл ауыл адамдар бейнесі сан алуан сезімдерімен ұласып отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырады.

Өз тәжірибемде қазақ әдебиеті сабағында оқушының бойына еңбекқорлық, білімге құштарлық, отансүйгіштік қасиеттерді сіңіруде қазақтың ұлы ойшылы Ыбырай Алтынсарин, Ұлы Абай, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың шығармаларын оқытуда ерекше назарға аламын. Мектеп қабырғасындағы балаға тәрбиелік мәні зор шығармаларды оқыту арқылы оқушы бойына сезімталдық пен жауапкершілікті де танытатынымыз анық.

Қазақтың ұлы ойшылы Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерінің басты тақырыбы еңбек, еңбек адамы, адамгершілік асыл қасиеттер екені баршамызға мәлім. *«Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай жомарт», «Әке мен бала», «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш», «Дүние қалай етсең табылады»* әңгімелерінде еңбектің маңызын көрсетеді, еңбекпен тәрбиелеуді үйретеді.

Ы.Алтынсариннің *«Дүние қалай етсең табылады»* әңгімесін оқытуда *«ПОПС формуласы», «Төрт сөйлем», «Екі жақты түсіндірме күнделік», «РАФТ»* әдістерін пайдаландым.

Шығармадағы образдарға талдау жасауда **«ПОПС формуласы»** әдісі арқылы шығарма кейіпкерлеріне баға беруді үйренді, яғни кейіпкер бойына тән қасиеттерді аша білді. Сонымен қоса, түбінде еңбек ету керек екендігін ұғынып, ой түйді.

«Антон – кәсібінен нәсіп тапқан адам» деген тақырыпты бере отырып, **«Төрт сөйлем»** әдісі арқылы шығарма идеясы бойынша қорытынды ойларын жазды.

«Екі жақты түсіндірме күнделік» әдісі. Бұл әдіс оқушылардың шығарманы оқи отырып, алған әсерлерін жазуға тиімді әдістердің бірі. Өздеріне әсер еткен үзіндіні ала отырып, өздерінің пікірлерін жазады, сыни ойлау дағдыларын арттырады.

«РАФТ» әдісі. Бұл әдіс оқушының шығармашылық қабілетін, сыни ойлау дағдысын дамыта түседі. Мәселен әңгіменің құндылығын ашып жазу үшін төмендегідей үлгіде осы әдісті қолдануға болады.

Р- рөл – оқушы

А - аудитория - Ы.Алтынсарин.

Ф - форма - хат

Т – тақырып – Еңбек түбі- зейнет

Білімге құштарлық – өмірге құштарлық. Білімге құштарлық, негізінен, білімге жақын, ұдайы ізденіс пен жаңашылдыққа жаны құмар адамдардың бойында болатын асыл қасиет. Педагог ретінде әр сабағымызда ізденімпаздық пен талпыныс, білімге деген құштарлық пен құмарлық секілді әрекеттерді оқушы бойына сіңіруге ұмтыламыз, тиімді әдіс-тәсілдермен берілген

сараланған тапсырмаларды орындату арқылы оқушы үніне құлақ түреміз. Оған дәлел, қазақ тілі сабағында өтілген сабақтарым.

5-сыныпта қазақ тілі пәнінен «Қазақстанның Қызыл кітабы» деп аталатын тақырып бойынша жаңа білімді игерту мақсатында «ТАФТТ моделі» әдісін қолдандым. Берілген мәтін бойынша оқушылар осы әдіс арқылы білімдерін толықтырды, талдау жасай отырып, тұжырым жасауға дағдыланды.

Тезис. «Қазақстанның Қызыл кітабы» - республика аумағында сирек кездесетін, жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер туралы, оларды қорғау туралы мәліметтері бар негізгі құжат.

Аргумент. «Қазақстанның Қызыл кітабы» - республика аумағында сирек кездесетін, жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер туралы, оларды қорғау туралы мәліметтері бар негізгі құжат.

Факт. Оның омыртқалы жануарларға арналған I бөлімі 1978 жылы, II бөлімі 1981 жылы басылып шықты. Оған омыртқалалардың 78 түрі, өсімдіктердің 308 түрі енді.

Талдау. «Қызыл кітап» - аң-құс пен өсімдіктердің белгілі бір түрінің жойылу қаупін, оларды көздің қарашығындай қорғау қажеттігін, оларды аулауға тыйым салынғанын ескертетін белгі.

Тұжырым. «Қазақстанның Қызыл кітабы» - азайып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер қорғап сақтайтын, көбейту ісінің бағдарламасы болып табылады.

Оқушы сабақта алған жаңа білімін жинақтау үшін бұл әдістің тиімділігі орасан.

Үлгерімі төмен оқушылардың білімге деген құштарлығын ояту мақсатында топтық жұмыстар мен сайыс сабақтар жүргіздім. Үлгерімі төмен оқушылардың үнін тыңдай отырып, топтық жұмыстарда бірлесіп, жарыса отырып жасалынатын тапсырмалар түрін жиілеттім. Әрине, бұл да өз нәтижесін берді. Оған дәлел, «Қақпан», «Қазына іздеу», «Маңыздылық аймағы» әдістері арқылы орындалатын тапсырмалар. Әр әдістің өзінің тиімді тұстары болды. Оқушы бойында сабаққа деген құштарлық, талпыныс, бәсекелестік, ынта-жігер, ең бастысы, белсенділік пайда болды. Білім сапасының артуына да өз үлесін тигізді.

Әр сабақтан кейін кері байланыс ала отырып, оқушы үнін тыңдадым, анализ жасадым.

1. Оқушылар қалай қабылдады?
2. Нәтиже бар ма?
3. Қандай оқушыларда нәтиже бар?
4. Қолданған әдіс-тәсілдерім сабақ мақсатын аша алды ма?
5. Білім сапасының артуына қандай септігін тигізді?
6. Келесі сабақтарда нені жетілдіруім керек? секілді сұрақтар бойынша жұмыс жасадым.

«Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» - деп ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов айтқандай, ел болып, жұрт болып ұрпақ

тәрбиесін қолға алу басты шаруа. Бұл біздің педагог ретіндегі басты міндетіміз. Тәрбие беруде ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, жастарымыз Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/52994/
2. e-history.kz
3. ҚР «Білім жөнінде» Заңнамасы // Алматы 2010/.1-156
4. ҚР 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-46.
5. Әдебиетті оқыту әдістемелері
6. Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. / Т.Н.Ермекова, Ж.К.Отарбекова, Р.Н.Мұнасаева. – Астана: Арман-ПВ баспасы, 2017. – 144 бет
7. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2017. – 144 бет.

ЕРТЕҢГЕ ДЕГЕН СЕҢІМДІ КЕПІЛ – БАЛА МЕН БІЛІМ

*Кентау қаласы Ш.Қанайұлы атындағы №2 жалпы орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Ажибекова Гүлзейнеп Шаяхметовна*

«Балалар - мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да алдағы жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін. Әңгіме жалаң ұран мен мерекелік шаралар туралы емес. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз»

Қасым-Жомарт Тоқаев.

Балалық шақ – адам дамуындағы аса маңызды кезең, себебі, дәл осы кезеңде салауатты, табысты, әрі бақытты өмір негізі қаланады. Балалардың дамуына қолдау көрсету – қоғамның стратегиялық мақсаты.

Қазақстанда 0-17 жас аралығындағы 5 623 387 бала тұрады, олар елдегі халықтың шамамен 31% құрайды екен. Міне, біздің болашағымыз! Бұл- ұлтымыздың болашағы. Ұлт болашағы- ұлт тәрбиесінде екені айдан анық.

Жаңа Қазақстан құру жолында, бірінші міндет – тәрбиелі, білімді, бәсекеге қабілетті адами капиталды дайындау деп білемін. Бұған ықпал ететін негізгі күш – мұғалімдер.

«Мұғалім – мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес», – деген Я.А.Коменский. Ұстаздың жеке басының, адами қасиетінің көрінісі бала үшін орасан рөл атқарады.

Мектеп табалдырығын аттаған жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы. Бүгінгі мұғалім мектеп оқушыларына тек білім беріп қана қоймай, оларды халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындатып, әрбір оқушы бойында ұлттық мінез-құлық, адамгершілік, сыпайылық пен кішіпейілділік қасиеттерін қалыптастыруда және баланың жан дүниесін рухани қазынамен байытып, өз халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін меңгертуде ерен еңбек жатыр.

Мұғалім бойындағы білім мен ақыл-ойының қуаты талай тентекті жуасытып, небір еркені сабасына түсіреді, тәртіпке баулып, есейтіп, ержеткізеді. Баланың тілін тауып, тілдесу, жақсы тәрбие берудің өзі бір үлкен ғанибет.

Мұғалімдер, күнделікті өмірдің жай ғана адамы емес, болашақты құрушыларды, адамзаттың сәулетті болашағын жасаушыларды тәрбиелеп отырғанмызды ойласақ, мұғалім мұратының қандай болатыны айқын.

Бала тәрбиелеу - мұғалімнің күнделікті өтіп отырған 45 минуттық сабағында көрініс табады. Мен бүгінгі күні Сіздермен өз тәжірибемдегі бір ғана сабақ барысындағы қолданылған әдіс –тәсілдерді бөліскім келіп отыр

Мұғалімнің өз сабағына талдауы

№	Ескертпелер	Мұғалім пікірі
1	Сабақты жоспарлағанда оқушылардың қандай ерекшеліктері ескерілді?	Оқушылардың жас ерекшеліктері мен ойлау, есте сақтау қабілеттері ескеріле отырып, пәнге деген қызығушылығын ояту мен сыни көзқарасын ашық айтқызу көзделді
2	Сабақтың түрі қандай? Өткен сабақпен байланысы бар ма?	Талдау сабағы, өткен сабақпен тығыз байланыста болды
3	Сабақта қандай міндеттер алға қойылды?	Оқу мақсатына жету және сабақ мақсатына жету барысында оқушылардың пікірімен дүниетанымын кеңейту өмірмен байланыстыра отырып, саяси әрі қоғамдық жаңалықтармен таныстыру
4	Аталған міндеттерді шешуде сабақтың бұл түрі неге тиімді болды?	Бітіруші сынып, 100%ҰБТ тапсырғалы отырған оқушы үшін өте қажет материалдар туралы мәліметтер романда кездеседі және осы тақырыпты талдай отырып, тарих пәнінен де біршама мәліметтер жинақтауына мүмкіндік берді
5	Сабақ кезеңдерінің арасында	Сабақтың әр кезеңі бір-бірімен жүйелі

	байланыс болды ма?	түрде байланысып отырды. Жағымды ахуалдағы бейнеролик арқылы кітап оқыған адам бай болуға мүмкіндік алатынын ескерте отырып, оқыған романның мазмұнын айтқызып 11.2.1.1 мақсатына қол жеткіздім. Бұл өткен сабақты шолуын, яғни үй тапсырмасын тексеріп алуыма мүмкіндік берді. Миға шабуыл жасай отырып, жаңа сабақтың тақырыбын ашқыздым. Жаңа тақырыпты өмірмен байланыстыра отырып, мазмұнына өздері талдау жасады.
6	Уақыт тиімді пайдаланылды ма?	Әрбір бөлімді уақытпен өлшеп, балаларды уақытқа жұмыс жасауға машықтырғанмын. Уақыт біткенде бірін – бірі тыңдауға бет бұрады.
7	Жаңа тақырыпты ашуда оқытудың әдіс – тәсілдерінде қандай үйлесім болды?	Миға шабуыл арқылы әрі сергиді және жаңа тақырыпты ашады. Шифраграмма арқылы сөздер шығарып олардан сөйлем құрастыра отырып, жаңа тақырыпты өздері табады.
8	Оқушымен жеке жұмыс болды ма?	Оқушылармен жеке де, жұптық та, топтық та жұмыстары жүргізілді. Атап айтар болсам, миға шабуыл және саралау тапсырмасының №2 тапсырмасы -жеке жұмыс, саралау тапсырмаларындағы №1 тапсырма және жаңа сабақты тиянақтау тапсырмасы яғни венн диаграммасын толтыру –топтық жұмыс, ал өткенге шолу жасауда –жұптық жұмыс орындалды
9	Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтары байқалды ма?	Оқушылар сабақ барысында белсенді қатысты, өйткені балалар әрбір тапсырманы жылдамдықпен орындауға және өз пікірлерін айтуда еш қысылған жоқ .
10	Үй тапсырмасын беру	Алдияр мен Аяғанды өз заманының батыры деуге бола ма?» келісу келіспеу пікірлерің бойынша аргументативті эссе жазуды тапсырдым. Балалар бұл бойынша да бүгінгі сабақтан алған әсерлері бойынша кейіпкерлерге өзіндік сыни көзқарастарымен баға беріп, эссе жазып келетініне сенімді болдым.

11	Қандай да бір жағдайда артық әдіс – тәсіліңіз бар ма?	Артық әдіс-тәсіл болмады
12	Мұғалім көздеген мақсатына жетті ме?	Сабақтағы оқу мақсаттары мен жоспарлаған тапсырмаларым түгелдей орындалды Мен бұл сабақтағы мақсатыма жеттім деп айта аламын.

Сонымен қатар, бала бойына білімді сіңіру үшін ойын элементтерін тиімді пайдалану ең ұтымды тәсіл екендігін ұлы педагогтар айтып кеткен. Оған өз тәжірибемде де көзім жетті. Бала ойын ойнап отырғанда өзін еркін сезінеді және пікірін де еш жасырмай қысылмай айтады. Ұлттық ойындарды бала бойына сіңіру және оны заманауи әдіс- тәсілдермен алмастырып қолдануды мақсат еттім. Сондай –ақ, ол өз нәтижесін берді де. Мәселен, төмендегі заманауи әдіс-тәсілдерді мынадай ұлттық ойындармен алмастырып, қолдандым.

заманауи әдіс-тәсілдер	ұлттық ойындар
Сұрақты ұстап ал!	«Ақсүйек» ойыны
Серпілген сауал	«Сақина салу» ойыны
Конверттегі сұрақ	«Шашбау салдым» ойыны
«Джигсо» әдісі	«Айгөлек» ойыны
Блиц кездесу	«Қыз қуу» ойыны
Лездеме	«Бәйге» ойыны
Тоғыз ромб	«Хан дойбысы» ойыны
Бірге ойлаймыз	«Теңге ілу» ойыны
Фишбоун	«Тоғыз құмалақ» ойыны
Крестиктер мен нөлдіктер	«Хан талапай» ойыны
Ыстық орындық	«Соқыр теке» ойыны

Баланы қандай тілді мектепке берсең, сол ұлттың адамын дайындайтығын ұлылар біліп айтқан. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі». Бұл жұмыстарымның нәтижесінде шәкіртерім талай жетістікке жетті. Атап айтар болсам: «Елбасының медалі» қола иегері, «Бітібаева олимпиадасының» жеңімпазы, пәндік олимпиаданың жүлдегері, «Лингвист» интеллектуалды байқаудың жеңімпазы, ақын- жазушылардың оқуларының жеңімпаздары, «Жас ақындар мүшайсының» жүлдегерлері, «тұлпар мініп, ту алған» жыр-дастандарды жатқа айту байқауының жеңімпаздары.

«Бала жүрегі – кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол кілт тұруы керек» – деп Мұхтар Шаханов ағамыз айтқандай, әр баланың жүрегіне жол табу, бала бойындағы дарынды ашу мұғалімнің ең басты міндеті деп ойлаймын. Сабақ барысында балаға өзін жақсы сезіну мен қатар еріктілік, дербестік және шеберлік пен дүниетанушылыққа мүмкіндік берсек, олар еңсермейтін қамал да болмайтынынайтқым келеді

Еліміздің туын көтеретін, өмірлік ұстанымы берік, рухани кемелденген, елінің ертеңіне сеніммен қарайтын ұрпағымыз өсе берсін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлқожаева Н.С. –Педагогика- Қазақ университеті баспасы 2015ж
2. Балкенов К. «Ұлыққа тағзым-ұрпаққа тағылым»- Астана «Кәусар» баспасы 2017ж
3. Елбосын Н.Қ. Оқытудағы жаңа әдіс- тәсілдер қоржынынан. – Қызылорда, 2017 ж
4. Жахина Б., Қурманова А (кұраст.) Қазақ тілін оқыту әдістемесі: бақылау-пысықтау материалдары-2016ж
5. Тайжанов С-Қазақтың ұлттық ойындары. Алматы , 2019ж

**ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҒЫНДА ТЫЙЫМ СӨЗДЕРДІ
ҚОЛДАНУ-БАЛА БОЙЫНА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ
ДАРЫТУДЫҢ КЕПІЛІ**

*Түркістан облысы Сауран ауданы Х.А.Яссауи ЖОМ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Жанатаева Айгүл Әлімханқызы*

Әр бір ұлттың ерте заманнан келе жатқан тарихи дамуында ерте заманнан қалыптасып, келе жатқан рухани асыл мұрасы әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бар. Әдет-ғұрып, салт-дәстүр арқылы халықтың күн көрісі, тұрмыс-салты, мінез-құлқы ерекшеліктері мен дүниетанымының сыр сипаты айқын көрінеді. Ата-бабаларымыз өздері тіршілік етіп отырған орта, табиғат, тұрмыс-тіршілік болмысын, ел-жұрт арасындағы қарым-қатынас, жақсы-жаман кезеңдерді ой елегінен өткізіп, әр кез оған деген өз көзқарасын білдіріп отырған. Халқымыздың әдет-ғұрып, салт-дәстүрі жеткіншек ұрпақты адалдыққа, адамгершілікке, жақсылыққа үндеп, олардың сана-сезімін, дүниетанымдық қабілетін дамытуды көздейді. Халқымыздың ғасырлар бойы жасасып, бізге жеткен асыл мұралардың бірі-тыйым сөздер. Олардан халқымыздың әдет-ғұрпы, наным-сенімін ғана біліп қоймай, бойымызға тәлім-тәрбие сіңіреміз. «Тәрбие тал бесіктен басталады» деп бабаларымыз айтқандай, ата –бабамыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қазақ халқында баланың Отанын, елін, жерін құрметтеуге, үлкенге –ізет, кішіге – құрмет көрсете білуіне аса мән берген. Тарих беттеріне қарасақ, елің қорғаған батырлар мен ел басқарған хандар, екі ел арасындағы дауды бір ауыз сөзбен шешіп, бітістірген шешендер тағы басқалар ата – ана мен халық педагогикасынан тәлім –тәрбие алып, халық ауыз әдебиеті деген мектептен өткен тұлғалар. Сондықтан да еліміздің әрбір салт – дәстүрі мен әдеп-ғұрпында үлкен тәрбиелік мән жатыр. Бұрынғы кезде жас балалардың өзі шаршы топтың алдында қалай сөйлеуді, өзін

қалай ұстауды білетін болған. Өйкені бала ата –анасына қарап бой түзеген. «Ата көрген – оқ жонар, Ана көрген – тон пішер» деген халық даналығы да осының дәлелі. Ата – ана баласының құлағына тәрбиелік мәні бар сөздерді кішкентай кезінен бастап сіңіріп отырған. Бала өсе келе жақсы мен жаманды айыра алатын болған. Бүгінгі күнде ғылым мен техника дамыған заманда бала тәрбиесіннің кемшін тұсы өте көп. Еліміздің салт – дәстүрі мен әдеп - ғұрпын бүгінгі күнмен байланыстыра отырып, балаға білімді тәрбиемен ұштастыра отырып беру керек. Тыйым – халықтың тәлім – тәрбие, үлгі – өнеге, ақыл – кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі. Тыйым сөздердің - бала тәрбиесінде алатын орны ерекше. Бұл балаларды жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандырып отырған. Аты айтып тұрғандай бала өзін жамандықтан тыйып, жақсылыққа ұмтылады. Қазақта «Ұлға отыз үйден тыю, қызға қырық үйден тыю» деген мақал осыған байланысты шыққан. Қазақ халқы оң жақта отырған қыз баланы қонақ санап, төрден орын беріп, құрметтеген. Сонымен қатар қыз бала тұрмыс құрғанға дейін артынан жел сөз ермеуі үшін, ауыл , ағайындарының барлығы тыйып, ұстаған. «Қызға қырық үйден тыйым» деген сөз осыдан қалса керек. Қыз баланы анасы мен жеңгелері тоқыма тоқу, киім тігу, ас дайындау сияқты толып жатқан келін міндеттерін үйретіп, отбасылық өмірге үйреткен. Осы тыйым сөзге бүгінгі күнде ата - аналар мен қыз -келіншектер аса мән беремейді немесе мүлдем ұмытқан. Ата – аналар тұрмыстың қамымен таңның атысы, күннің батысы жұмыста жүріп, бала тәрбиесіне мән бермей немесе немқұрайды қарап, бала назардан тыс қап, көше жағалап, түнгі кафелерде жүрген қыздар және оң босағада отырып тапқан баласын көшеге тастап кеткен көкек аналарға қарап, осындай ойға келесің.

Тыйымның өзі біздің ата бабамыздан келе жатқан әдістерінің бірі. Мысалы Қазақта мынандай бір тыйымдардың түрлері бар. Үш тыйым арқылы ғана қазақ ұрпағын тәрбиелеп отырған дейді. Обал болады, жаман болады, ұят болады. Қараңыздаршы үш тыйым арқылы, бүкіл ұрпақты тәрбиелеп отырған. Былай істесең ұят болады, қызға қырық жерден тыйым, ұлға отыз үйден тыйым деп айтылған екен. Қазіргі кезде біз тек қыздарға айтылған тыйымды айтып жүреміз, бірақ жігіттерге де тыйым болған. Бірақ байқап отырғандарыңыздай қыздарға тыйым көбірек жасалған. Тыйым бар болғаны дұрыс, ол не үшін қолданылады. Себебі балаларды бір жаман жолға түсіп кетпеуі үшін , сақтандыру үшін, мінезінде бір жаман қылықтарды қалыптастырып алмау үшін, тыйымдар міндетті түрде пайдаланылып отырған екен.

Тыйым балаларды қауіп қатерден, жаман жағдайлардың мүмкін болуын алдын алу мақсатында қолданылатын тәрбие әдістерінің бірі болып табылады екен. Бірақ көп ата- аналар мен мұғалімдер тыйым салу балалардың таным қажеттіліктерін, қоршаған ортаны тану процессін тежеп тастайтынын байқамауы мүмкін. Сондықтан тыйымды да мөлшермен , тыйым сөздерді орынды қолдану керек екен.

Енді бір зерттеушінің Гипенрейтер психолог ол осы балаларға тыйымды қалай қою керек , соның ерекшеліктері не деген мәселесін қарастырған кезде мынандай тыйымның түстік аймақтарын белгілеп көрсеткен екен. Ол мына біздің бағдаршам сияқты жасыл , қызыл, сарғыш деген сияқты түстерге бөліп қарастырады екен. Сонда тыйым салудағы жасыл аймақ дейді , онда балаға өзіне таңдау берілген іс әрекеттер, мысалы ойын түрін таңдау , сол сияқты демек тыйымы жоқ әрекеттер ғана. Бала біледі бұл жерде ешқандай тыйым жоқ екенін. Мысалы қандай ойынды таңдағысы келеді. Баланың еркіндігі шектелмейді. Бұл тыйым салудағы жасыл аймақ деп белгіленеді. Келесі аймақ, тыйым салудағы сары аймақ дейді екен. Ол қандай аймақ. Бұл нақты бір шарттар қойылған әрекеттер аймағы. Мысалы теледидарды тек сабақты оқып болғаннан кейін немес үй тапсырмасын орындап болғасын көру, немесе ұялы телефонды бір сағатқа ғана пайдалану деген сияқты бір шартты тыйымдар екен. Бұл сары аймақтағы талаптар. Келесі қызғылт-сары аймақ. Бұл қандай аймақ . Бұл көбінесе тыйым салынған , бірақ кейбір ерекше жағдайларға байланысты рұқсат етілген әрекеттер. Мысалы балалар көбінесе сабаққа бармай қалса, бір ерекше мереке болғанын сезеді екен, сонда бұл жерде мүлде көп тыйым салынады да , кейде сабаққа бармауға рұқсат беріледі. Мысалы әкесі ұзақ іссапардан келген кезде балаға сабаққа бармауға рұқсат берілу. Әкесінің баласына деген сағыныш сезімі , бір біріне деген көп уақыт бойы көрмегендігіне байланысты баланы сабаққа жберми ақ қоюға болады екен . Егерде бұл шынымен балаға педагогикалық тұрғыдан немесе психологиялық тұрғыдан өте жағымды әсер беретін болса. Және төртінші тыйым салу аймағы ол қызыл аймақ. Демек кез келген жағдай да тыйым салынған іс әрекеттер. Мысалы тыйым салынған жерден өту, дөрекі сөйлеу, үлкендерге қарсы сөйлеу секілді тыйым салудың қызыл аймағы болып есептеледі. Сонда да қараңызшы тыйым салуды төрт аймаққа бөліп қарастыруға болады екен.

Талаптар мен бірге тыйым ұғымын қарастырған кезде халықтық педагогикада да тыйымдар әлеуметтік өмірдегі адамдардың мінез құлықтарын анықтайтын жалпыға байланысты жиынтық ретінде пайдаланылған екен. Бүкіл сол тыйым сөздерге байланысты біздің адамгершілігіміз, әлеуметтік әділеттілік, әлеуметтік теңдік осының бәрі сол тыйым сөздерге байланысты пайдаланылады. Тәрбие тұсында тыйымадарды пайдалануда мынандай кеңестерді есте сақтаған абзал.

Осы кеңестерді ұстаздар, сіздер ата- аналарға да беріп өтсеңіздер. Мысалы балаға айтылған тыйым ұғынықты болуы қажет, немесе түсіндірілуі керек, нақты мысалдармен бекітілуі немесе көрнекті болса нәтижелі болады. Мысалы ыстық суға немесе шәйнекке ыстығын білдіру үшін, баланың қолын ақырын жақындатып ыстықтың қауіптілігін сезіндіру керек. Екіншісі тыйымдарды пайдаланғанда бұйрық райды емес,соны басқа ынталандырушы сөздермен алмастыруға тырысу. Мысалы мен сенің дұрыс істейтінің сенемін. Тыйымдағы бірізділікті сақтау. Бүгін бір әрекетке рұқсат берілген болса, оған ертең тыйым салынбауы тиіс. Онда баланың санасында қайшылық пайда болады. Кеше

істеуге рұқсат беріліп еді, неге бүгін болмайды деген сияқты. Ата аналар отбасында неге тыйым салып, неге рұқсат беретінін білуі керек екен, және өзара бір бірімен келісіп алуы керек. Ең тиімді әдістердің бірі ол баланың көңілін басқа нәрсеге ауыстыру. Мысалы бала рұқсат етілмеген қымбат затты сұрап тұрса, баланың көңілін басқа затқа ауыстыру қажет.

Ата-анамен тығыз жұмыс жасайтын болғандықтан оларға мынадай кеңес беріп кетсеңіз болады. Ата аналар балаларына үнемі мен сені жақсы көремін деп айтуы керек екен. Себебі сүйіспеншілікке бөленіп өскен бала, басқаға да сүйіспеншілік сыйлай алады. Екінші кеңес, балалармен кешкі ас ішіп отырғанда күнді қалай өткізгені, бүгін не болғанын сұрап отыру керек. Үшіншісі кейде баланы басқа адамдар көзінше мақтау маңызды, мысалы менің балам бүгін мынандай жақсылық жасапты деп. Сонда бала мені мақтап жатыр екен, бұл жақсы екен, келесі жолыда осылай жасауым керек екен деп ойлайды. Және әрқашанда балаға күлімдеп қарап сөйлеуді үйренуіміз қажет. Педагогикалық шеберлікте бет әлпетін меңгеру деген тақырыптар бар. Балаларға күлімдеп тұрып сөйлеу, жылы жүзбен қарау, бұл көркемділіктің көрсеткіші деп айтсақ болады Сондықтан ата- аналарға да осындай кеңес берсеңіздер жөн болады. Баланың қателіктерін жасырмауға үйрету, еш бір кемшіліксіз адам болмайтынын үйреті керек. Егер талаптар тым қиын болса, бала орындай алмағандықтан өтірік айтуы мүмкін екен. Сондықтан ата- ана айту керек, балам сен қандай қателік жасасаңда менен жасырма, мен сенің анаңмын мен саған қай кезде болмасын көмектесемін деп. Сонда баланың ата- анасын алдауының алдын аламыз. Балаңыз не айтқысы келсе де, әлемдегі ең маңызды нәрсе құсап тыңдаңыз, себебі бала келесі жолы ойын ашып айтпайтын болады. Және балаға күрделі істерді жүктеуді қорықпау керек екен. Қателессе қателессін, бірақ келесі жолы ол үйренеді. Біз қателік жасасақ баланың алдында кешірім сұрауға ұялмауымыз керек, себебі балаға кешірім сұрауды үйретесіз, және бала өзін өзіндік орыны бар тұлға ретінде сезінеді. Балаға өзі шешім қабылдауға мүмкіндік беруіміз керек. Сондықтан құрметті ұстаздар, ата-аналар біз осындай кеңестерді ескере отырып балаларға болашағы мықты бағдар бере аламыз, сонда біз тыйым мен талаптың арасындағы балансты сақтай алсақ онда біздің балаларымыздың болашағы бақытты болады дегенге сенемін.

БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУ - ОҚУШЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ

*Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты
«№39 Л.Жолдасов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
Айхынбаева Улдана Абдимуталовна*

Білім – бір құрал.
Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды,
не істесе де келістіріп істейді.
Ахмет Байтұрсынұлы

Тіл мәселесі қай заманда болса да өзекті. Қазақ тіл білімінің негізін салушы бірегей ғалым А.Байтұрсынұлы: «... Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», – деген еді. Демек, мектепте оқу пәндерінің қатарында қазақ тілі пәнінің көтерер жүгі ауыр, маңызы зор. Оқушының өз ойын тіл заңдылықтарының талаптарына сай лайықты жеткізуі, баяндауы, айтуы, негіздеуі – орта білім алудың басты құралы. Сол себепті қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша білім мазмұны мен оны оқыту әдістемесіне аса зор көңіл бөлінеді. Қазіргі таңда, білім саласында жиі қызу талқыға салынатын сұрақтардың бірі – «Балалар қалай оқып жүр?». Әрине, бұл – қай заманда болсын күрмеуі көп мәселе. Осы тұста А.Байтұрсынұлына жүгенсек, ол кісі: «...әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз», – деп тұжырымдаған екен. Демек, ғалым сонау ХХ ғасыр басында-ақ әлеуметтік лингвистика құбылысына ерекше көңіл бөлген. Егер мектеп сөзді тек қатесіз, көркем жазуға үйретуден аспаса, онда қазақ тіл білімі де жазудың қағазға түскен тілдің көшірмесі ғана деген пікір қалыптаспақ. Сол себепті жазуды әріппен таңбаланатын, ойды жарыққа шығарудың, коммуникация жасаудың өзіндік деңгейлері, жүйесі мен құрылымы қалыптасқан тілдік жүйе деп алу қажет.

Қазіргідей алуан түрлі, өзара байланысты және өзгермелі әлемде жастардың есеюі экономикалық, әлеуметтік, мәдени, цифрлық, демографиялық, экологиялық және кейде эпидемиологиялық факторлардың ықпалымен жүзеге асады. Жаһандық ауқымдағы тәуекелдер мен қарама-қайшылықтар жастар үшін жаңа мүмкіндіктерді ұсынады, сонымен қатар жаңа проблемаларды да туындатады. Жаһандық проблемаларды шешу үшін

халықаралық ынтымақтастық, оның ішінде қатысушылардың әрқайсысының жаһандық құзыреттілігі қажет.

Жаһандық құзыреттілік – бұл белгілі бір нақты дағдылар емес, басқа мәдени ортаға жататын адамдармен тікелей немесе виртуалды әрекеттестік барысында және жекелеген тұлғалардың қатысуымен жаһандық проблемаларды шешуде (яғни, адамның қазіргі және болашақ ұрпақтың өміріне әсер ететін, ұлттық шекаралары жоқ проблемаларды түсінуін талап ететін жағдайларда) табысты қолданылатын білімнің, дағдылар мен көзқарастардың, қарым-қатынастар мен құндылықтардың жиынтығы. Тиісті білім мен дағдыларды, қарым-қатынастар мен құндылықтарды меңгеру өмір бойы жүреді: адам толық құзыретті болып табылатын бірде-бір сала жоқ. PISA зерттеуі 15 жастағы балалардың осы процесте қандай деңгейде екендігін және олардың мектептері қажетті білім, дағдылар мен қабілеттерді дамытуда оларға қаншалықты табысты көмектесетінін бағалайды.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылды. Еліміздің болашағы біздің оқушы жастарымыздың қолында. Келешектің гүлденуі, дамыған отыз елдің қатарына қосылуы сауатты оқушыларға байланысты. Мектеп қабырғасынан біз осындай ортада өзін көрсете, ұстай алатын азаматтарды тәрбиелеуіміз қажет.

Мектеп қабырғасында біз оқушыларға қандай білім бере аламыз? Біз олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыра және дамыта аламыз бадеген сұрақтар туындайды. Осы тарапта мемлекет тарапынан мұғалімдерге көп көмек көрсетіліп жатыр.

Елбасымыздың жүргізіп жатқан саясаты арқасында Ұлыбританиямен бірігіп мұғалімдердің сауаттылығын, біліктілігін арттыру жоспары жүзеге асты. Сондай-ақ Қазақстанда тұңғыш рет функционалдық сауаттылықты дамытудың 2012-2016 жылдарға арналған жұмыс жоспары әзірленді. Осындай саясат арқасында мүмкіншіліктер болып тұрғанда оқушыларға неге тиімді де сауатты білім бермеске. Білім алу үдерісі туралы біздің жалпы түсінігімізге қарамастан, біз қалай білім алатынымызды толық түсінеміз деп айта алмаймыз. Бірақ психология саласындағы арнайы әдебиетте осы нысанды зерттеушілердің негізгі үш тобы анықталған: *әлеуметтік психологтар, мотивациялық, аффективті теоретиктер және когнитивті психологтар*. Мектептерде оқушылардың білім сапасын көтеру, олардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру және дамыту әрқашан басты мақсат болып

табылады. Мектепте білім беру сапасын дамытудың басты бағдарларының бірі – оқушылардың білімділік деңгейін бағалау технологиясын жаңашаландыру болып белгіленді. Біздің оқушыларымыздың даму, қабылдау функциялары қандай? Біз мұғалімдер күнделіктегі сабағымызды қалай жоспарлауымыз керек?

Сапалы білім беру – мұғалім бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс болып табылады, ол өзі белгілі бір деңгейде тәуелді жағдайлар жасалынған кезде жүзеге асырылады. Сапалы білім беру оқушылардың, қоршаған орта және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады. Сабақ оқушыларға қызықты болу үшін, біз мұғалімдер көрнекіліктер мен қосымша материалдар, ведиофильмдер, роликтер пайдаланамыз. Бірақ біз сабағымыз мақсатына жетті деп толық айта аламыз ба? Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар. Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі, екіншіден, білім берудің оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы. Мұғалімнің қасиеттерін бағалау барысында бағалаушы факторлар жиынтығын пайдалана отырып, қасиетті өзінше түсіндіріп беретіндігін ұғыну қажет. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру барысында мен өзімнің үш айлық білімді жетілдіру курсына алған біліміме, тәжірибеме сүйене отырып, жеті модульді толық болмаса да қолдана отырып, сабағымды қызықты өткізуге тырысамын және осындай стандартты түрде емес сабаққа оқушылардың қызығушылықтары артып, қазақ тілі сабағында олар өздерін басқа қырларынан көрсету арқылы, олардың білім сапалары артуда деп айта аламын. Егер оқушыларға жеке тапсырма беріп, әрқашан ізденісте болуын қадағаласақ, білім сапасы артатыны сөзсіз!

Осылай өз білімдерін мұғалімнің берген бағыт- бағдарын өз бетінше білім сауаттылығын арттырса оқушылар ештеңеден ұтылмайды деп ойлаймын.

Қазіргі таңда, білім сапасын арттыру үшін сабақтарда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану өте тиімді. Біріншіден, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы оянады және үйге берілген тапсырмаларды интернет желілерінен іздеу барысында түрлі білім сайттарына кіріп өз білімдерін толықтай жетілдіре алады. Соның арқасында білім сапасы артып білімін тиімді қолдана алады деп ойлаймын. Оқуды тиімді бағалау және білім беру үшін тиімді бағалауды түсіну білім беру мен оқытудағы барлық жаңа тәсілдермен тығыз байланысты. Балалар өздерінің түсініктерін құра алатын белсенді оқушылар болатын болса, онда мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де осы түсініктің мәнін білу аса маңызды, өйткені ол оқыту барысында ілгерілеу қадамдарын айқындау мен оған қолдау көрсету үшін қажет. Соңғы зерттеу жұмыстары біздің ұғымымызда формативті бағалау үдерісінің едәуір дамуы мен оны білім беру мен білім алуда қолдану мүмкіндігіне серпін берді. Балаларға өздерінің қандай мақсатқа жетуді көздейтінін, мақсатқа жету өлшемдерін түсіну не үшін керек екенін білу

маңызды. Сол арқылы олар келешек білімдеріне серпіліс алады. Олар сыныптастары арасында, құрбы-құрдастарының арасында көшбасшы болуға талпынады. Талпыныс болған жерде білім сапасы жоғары, оқушының функционалды сауаттылығы айқын болады. Функционалды сауаттылық дегеніміз не? Функционалды сауаттылық дегеніміз-адамдардың әлеуеттік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның маман-дығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Функционалды сауаттылықты дамыту білім-түсіну-қолдану-жүйелеу және жинақтау сияқты өлшемдер бойынша оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Функционалды сауаттылықты дамытуда оқушылардың жетістіктерін мониторингтеу мен кешенді бағалаудың маңызы ерекше. Ұлттық жоспарды іске асыру оқушылардың бойында функционалды сауаттылықты қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Елбасымыздың ерекше көңіл бөліп отырған білім мен еңбек қызметін меңгеру жана мотивацияны тудырады. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады.

«Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» - деп мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, биылғы 2022 жыл балалар жылы болып аталғаны белгілі. ондықтан да мемлекетімізде көптеген, болашақты қалыптастырушы балалардың денсаулығына, біліміне, дамуына негізделген іс-шаралар жүргізілуде. Сол іс-шаралар білім саласында да қарқынды ұйымдастырылуда. Мұғалімдерді курстардан өткізу және Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының ұйымдастыруымен «Қазақстанның ұлттық басымдығы: балалар және білім» тақырыбында тамыз конференциясында көптеген жаңалықтар айтылып, биылғы оқу жылында кездесетін басымдықтар жайлы тоқталды. Қазіргі заман – инновацияның қарқынды даму заманы болып табылатындықтан білім беру үдерісіндегі кейбір жеке тұлғалардың қатып қалған көзқарасты яғни, стереотиптіктен арылтып, өзгерістерістерге бейімделе отырып, үдеріске ену болып табылады.

Функционалды сауаттылық біздің әрбір сабағымыздан құралады. Мысалы: 8-сыныптың «Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы. Орфография» бөліміндегі «Көне жазба ескерткіштері - ортақ мұра» тақырыбы бойынша оқушыларға креативті пікір айтуына жетекші сұрақтар арқылы жағдай жасауға болады.

1. Неліктен ескерткіштер көне түркі ескерткіштері деп талады, қалай ойлайсыздар?

2. Көне түркі жазба ескерткіштерінің қазіргі қазақ жазба ескерткіштерінен ерекшелігі неде?

Кәмелетке толмаған бала өз пікірін еркін білдіру құқығы. Бала өзінің мақсатына қатысты әр түрлі отбасындағы сұрақтарды шешу барысында өзінің көзқарасын ашық айтуға құқысы бар. Мысалы, өзіне ұнаған мектепте оқуға, жазғы каникул кезінде қайда және қалай өткізуге, тағыда басқа. Бала өзіне ұнаған үйірмелерді сонымен қатар спорт секцияларын өзі анықтай алады. Бірақ ол көптеген басқа да мәселелерді жеке өз еркімен шеше алмайды. Баланың жасын сонымен қатар шеше алатын мәселелерінде байқау қажет. Егер Бала 10 жасқа толған болса жеке пікірлерін ең басты түрде ескеру қажет.

Баланың отбасындағы құқықтары. Балалар үшін әке-шешелерінің аялап өсіргені ауадай керек. Ал баланың әке-шешелері болмаған жағдайда жетім баланы асыраумен жақын туысқандары қарауға алу керек. Егер жақын адамдарының баланы қарауға мүмкіндіктері болмаса, бұндай кезде басқа отбасылардың ұл немесе қыз асырап алғаны орынды. Баланың өзінің тұратын жерінде асырауға алатын адамдар болмаған жағдайда, онда жетім баланы басқа біреудің бағып-қағуы баланы орналастырудың баламалы әдісі ретінде қарастарылады.

Даралық құқығы. Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес, олардың әрқайсысы өзінің даралығын сақтауға құқылы. Даралықтың белгісіне оның есімі, тегі, әкесінің аты жатады. Балаға есім ата-анасының келісімі бойынша беріледі. Әдетте, ата-аналар өз балаларына кез келген атты ойлап қоя береді. Дегенмен, ондай таңдаудың шегі бар. Баланың мүддесін ескере отырып, ата-аналар өз құқықтарын пайдаланып, баланың мүддесіне қарама-қайшы келетін, айналасына күлкі, не жағымсыз жағдай туындататын есімді таңдамау керек. Баланың әкесінің аты ұлттық

дәстүр ескеріле отырып, әкесінің есімімен жазылады. Мәселен, ата-аналарының қалауына қарай әкесінің атына «ұлы», «қызы» сөздері қосылып жазылуы мүмкін. Егер баланың әкесінің аты қос аттан тұрса (мәселен Әділмұрат) ата-аналарының қалауына қарай екі аттың бірі баланың әкесінің аты болып жазылады. Егер әкесінің аты белгісіз болса, шешесінің нұсқауымен баланың әкесі ретіндегі адамның есімі жазылады, ал тегі шешесінің тегімен көрсетіледі.

Қорғалу құқығы. Құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін баланың құқығы заңмен бекітіледі. Құқық қорғауды ата-аналар, бағып-қағу және қамқорлыққа алу органдары, сот, прокурор жүзеге асырады. Заң баланы озбырлықтың түрлерінен оның абыройын төмендетуден, ата-аналар тарапынан болатын қиянаттан қорғайды. ҚР-да балалардың мүддесі қорғала отырып, ондай ата-аналарды ата-аналық құқықтан және баланы бағып-қағуға беруден айыруға байланысты шараларды қолдану заң тұрғысынан қарастырылған. Бала мүліктік құқыққа да ие. Ол көбінесе өз ата-аналарының және отбасының өзге де мүшелерінің күтіп бағуы құқықтарына байланысты болмақ. Алименттер, зейнетақы мен жәрдемақылар ата-ананың атына келіп түседі, алайда, ол қаржы баланы күтіп-бағуға, білім беруге және тәрбиелеуге жұмсалады. Заң балаға сыйға немесе мұраға алған мүлікті меншігіне алу құқығын береді, сондай-ақ еңбекпен айналыса отырып, өзінің жеке еңбегінің кірістерін алуға, жекеленген пәтердің иесі болуға, т.б. мүмкіндік береді. Балаларға қамқорлық жасай отырып, мемлекет бала туған кезде жәрдемақы төлейді. Көп балалы отбасыларын түрлі жағынан қорғауға алынған.

Балалармен жүргізілетін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне жоспар құрып, күнделікті технологиялық картамен бірге, апталық циклограммаларды жасақтайды.

Педагог ғалымдардың тұжырымына сүйенсек ең алдымен отбасындағы үлгі-өнеге байланысты екенін білеміз. «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер»-деген қазақ халқының мақалы осы жерде орынды болар. Отбасындағы ересектердің мінез-құлқына, мәдениетіне іс-әрекетіне қарап өсіп, тәрбие көрген баланы бірден көруге болады. Балабақша ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып балалардың бақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жиі өткізілуі қажет. Ата-аналармен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік пен ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтежелі болмақ. Біздің мақсатымыз ХХІ ғасыр талабына сай жаңашыл, шығармашылық, мәдениетті, жан-жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

БАЛАНЫҢ ТӘРБИЕЛІК ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ РӨЛІ

*Арыс қаласы «Б.Кенжебаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогы
Жалилова Сабира Нүрилдақызы*

Тәрбие – бала болашағының іргетасы. Өскелең ұрпақ – ел келешегі, ұлттың жалғасы. Бала болашағының іргетасы мықты болуына, ең алдымен тағылымды тәрбие мен сапалы білім ықпал етері сөзсіз. Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялауының да мәні осында жатыр. 2022 жылды іс жүзінде балаларды қорғау жылы ретінде өткізіп, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру сынды салаларда ел болашақтарына жете мән берілуі тиіс. Мақсат балалардың физикалық, зияткерлік рухани дамуына ықпал ететін жағдайлар жасау арқылы олардың өмір сүру сапасын жақсарту, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

Биылғы жылдың «Балалар жылы» деп жариялануы тегіннен тегін емес. «Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз» деп атап өткен мемлекет басшысының бастамасы қолдауға лайық деп ойлаймын. Өйткені ел басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мен мемлекет басшысы ретінде өскелең ұрпақтың болашағына баса мән беремін. Жастарға зор үміт артамын. Жастарымыз атқарылып жатқан ауқымды жұмыстың, реформалардың игілігін міндетті түрде көреді. Олардың арасында көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр азаматтар аз емес. Біз өскелең ұрпаққа жол ашу үшін барлық жағдайды жасауымыз керек» деп балаларға ерекше көңіл бөлу керектігін жеткізді.

Ел ертеңі сапалы білім мен саналы тәрбие беру – мемлекеттің, әр адамның парызы. Мағжан Жұмабаев «Жас бала – жас шыбық. Жас күнінде қалай иіп тастасаң, солай өседі» дейді. Әркім өз баласын тәрбиелеуде елімнің ертеңін, халқымның болашағын тәрбиелеудемін деген үлкен жауапкершілікті сезінуі қажет деп ойлаймын.

Осы орайда әлеуметтік педагог ретінде балалардың әлеуметтік тәрбиесін көтеріп, бала құқығын қорғап, жеке тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау арқылы білімді ұрпақ тәрбиелеуді мақсат еттім.

Жалпы алғанда, әлеуметтік педагог – сырттан бақылаушы емес, ол балалар мен ересектердің бірлескен қызметінің ұйымдастырушысы болып табылады. Түрлі деңгейдегі отбасының балаларымен жұмыс жасауда әлеуметтік педагог мектеп әкімшілігімен, психолог, медбикемен және сынып жетекшілермен кеңесе отырып жұмыс жүргізеді. Сонымен қатар, балалармен

жұмыс жасау барысында ата-анамен тығыз қарым-қатынас жасап жұмыс атқарады.

Мектеп өмірі мен оқушы тұлғасын әлеуметтендіру проблемасында әріптестік педагогиканы талап етеді. Мектеп пен ата-аналармен ынтымақтасу дегеніміз – балаға үйде де, мектепте де бірдей талап қою деген сөз емес. Ол ата-аналарды педагогикалық технологияның дербес әдістеменің негіздерімен таныстырып, өз баласын сүюді үйрету. Ол үшін балаларды жаман, жақсы деп бөлмей, ата-анаға арыз айтпай, оқуда, тәрбиеде балаға жәрдем керек болса, бірлесіп аяғынан нық тұруға көмектесу. Яғни, әрбір оқушыны тәрбиелеуде мұғалім неше түрлі әдіс-тәсілдер арқылы олардың ата-аналарымен тығыз байланыста болуы керек. Мысалы ата-аналармен дәстүрлі тоқсандық үлгерім бойынша жиналыстар өткізу, балалардың ойын сауығына шақыру орнына ата-аналармен дөңгелек үстел, дебат, тренинг, ситуациялық-рөлдік ойындар, жағдаяттарды талдау сияқты инновациялық жұмыстар атқарып, оларды өзара сыйластыққа, бала жанын түсінуге, ақыл-ойын дамытуға бейімдеп, үйрете білген мұғалім ғана оқушыларына жақсы тәрбие бере алады. Мектеп өзінің оқушылармен қоса олардың ата-аналарын тәрбиелеу міндетін де ұмытпауы керек деп есептеймін.

Мектепте әлеуметтік педагог өзі ғана емес ата-анамен бірлескенде ғана бала тәрбиесінде ерекше рөл атқарды. Мен өзім сынып жетекші және әлеуметтік педагог ретінде ата-аналар жиналысын, тренинг, түрлі тақырыпта дөңгелек үстелдер өткізіп жүрмін. Атап айтсам бала тәрбиесіндегі одақтастықтың қаншалықты тиімді екеніне отбасы мүшелерінің көзін жеткізу арқылы бала тәрбиесін екі жақты қолға алу мақсатында «Бала тәрбиесі-ұлт болашағы» атты тақырыпта ата-аналар жиналысын өткіздім. Жиналыс барысында оқушылардың ата-аналарына арналған тілектерін эссе ретінде жазғызып, ата-аналарына жазуы арқылы өз баласының эссе жұмысын тауып алу ұсынылды. Жиналысқа қатысқан 14 ата-ананың тек 3-еуі ғана өз балаларының жұмысын таныды. Бұл үйде ата-аналардың баланың білім алуына ықпалы аз екендігі байқалды. Жиналыс барысында «Менің балам» тренинг-ойын ұйымдастырылды. Ата-аналарға балалары туралы тосыннан сұрақтар қойылады. Мысалы. «Менің ұлымның досы», «Менің қызымның сынып жетекшісінің аты», «Менің қызымның қасында кім отырады» т.б сияқты. Осы сұрақтарға ата-аналар 90% дұрыс жауап берді. Бұл жерде ата-аналардың баламен сырласып отыратындығы белгілі болды.

Осы аталған тапсырмалар барысында ата-аналар өздері балаға не бергенін, не жетпейтінін біліп, ойланады. Келесі кезекте «Баламды жақсы білемін бе?» атты сауалнамаға жауап берді. Бұл сауалнама алдын-ала балалардың өзіне жүргізіліп, жауабы алынған болатын. Бұл сауалнамадан бала мен ата-ана жауаптары салыстырылды, екі жақтың жауаптары дәл шықты. Бұл жерде ата-аналардың бала тәрбиесіні назардан тыс қалдырмағандығын анықталды. Керісінше болған жағдайда, ата-ана жіберген қатесін түсінеді, ой елегінен өткізіп, қателік жібермеуге тырысады.

Отбасы мүшелері мен балалары арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, жаңа жағынан қалыптастыру, ынтымағын нығайту мақсатымен екі жақтың да қатысуымен тренинг түрінде өткен жиналыстар өте тиімді де ұтымды нәтижелер беретініне көз жеткіздім.

Бұндай біріккен жиналыстар оқушылар мен ата-аналар, ата-аналар мен мұғалімдердің арасындағы сенімділікті туғызып, жақындатады. Тәрбиенің ұйымдастырушылары: отбасы, мектеп, қоғам. Осы үштік одақ болып бала тәрбиесіне ұлттық құндылықтар мен тәрбиені сіңіретін болсақ, ол бала алған білімін тиімді пайдаланары анық. Ұлттық, отбасылық тәрбие бұл адамның әлеуеттік жағдайын жақсарту жолы. Бойына бар жақсыны жинаған адам, әрине ол саналы, білімді, тәрбиелі.

Мектептің мақсаты – балаларға біліммен бірге тәрбие беру. Осы орайда балаларды рухани-адамгершілікке, қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында балалармен түрлі жоба жұмыстарын жүргізудемін. Нәтижесінде: Мұсағали Жасмин «Қызмет ету қуанышы» жобасы аясында аудандық кезеңнен II орын, «Менің бастауым – менің Отаным үшін!» облыстық шығармашылық жобалар байқауында «Өз жылуыңмен бөліс» номинациясы бойынша III дәрежелі дипломмен марапатталды.

Мектепшілік өтіліп жатқан іс-шараларды айтудағы ойым баланың әлеуетін дамыту арқылы тәрбиелеу болашақта қоғамның ертеңін құрудың басты жолы деп білемін.

Мен әлеуметтік педагог маманы ретінде мектепте мектеп психологымен, мектеп медбикесімен, сынып жетекшілермен біріге отырып, балалардың әлеуеттік тәрбиесін дамытуда дөңгелек үстелдер, сынып сағаттары, түрлі тақырыпта кеңестер, пікіралмасулар ұйымдастырып келемін. Мысалыға айтар болсам: «Пікірталас клубы»-бала тәрбиесіне байланысты өзекті тақырыптарды қамтиды. Қатысушылар әр түрлі тақырыпта көзқарастарын білдіріп, пікірлерін талдайды, дәлелдейді. Балалардың дүниетанымын кеңейтеді. «Тақырыптық кеңес» – түрлі тақырыптар негізінде кеңестер беріліп, тың ақпараттармен бөлісу, тәжірибе жаңалықтарымен таныстыру, ой қозғау, ой қорыту.

Соның бір көрінісі, 10-сынып оқушыларымен «Заңды білмеу жауапкершіліктен босатпайды» тақырыбында пікірсайыс өткіздім. Бұл пікірсайыстың мақсаты балалардың өз құқықтарын, міндеттерін айта отырып, өз ойларымен бөлісті. Нәтижесінде балалар қоғамда, отбасында өз міндеттері мен құқықтарын біліп, саналы, сауатты, құқық бұзушылыққа жол бермейтін, өмірдегі түрлі жағдайларда тиімді шешу жолдарын таба алады.

Сондай-ақ 8-9 сыныптар арасында «Мен және менің отбасым» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді. Мақсат балалардың отбасы туралы түсініктерін қалыптастыра отырып, «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесін» ұғымын тереңірек ұғындыру.

Жалпы осы аталған іс-шаралардың нәтижесінде балалардың өз ойын ашық айтып, саналы, тәрбиелі, білімді боларына сенімдімін. Өйткені қай жерде болмасын сауатты, көзі ашық адам тұлға болып қалыптасады. Алайда баланың

тілін тауып, тілдесу, жақсы тәрбие, білім берудің өзі бір үлкен ғанибет. Ақ парақ бетіне сызу сызғандай баланың кіршіксіз санасына алғашқы адамгершілік, мейірімділік нұрын сеуіп, білім, өнер нәрімен сусындату біздердің, яғни мұғалімдердің еншісінде. Қадыр Мырза-Әлінің «Қардай ақ бол, суық болма, судай мөлдір бол, сұйық болма, тастай берік бол, қатты болма» деген сөздерін өзіме ұран етемін. Өйткені бала жүрегіне осындай ұстанымның арқасында жол табарым сөзсіз.

Ұлы педагог Ы. Алтынсарин: «Жас уақытта көрген тәрбие, оқыған оқу тасқа жазған жазудай кетпейді» -деп баланың жас кезіндегі бойына сіңірген бар асылы өміріне азық анық. Себебі, «Тәртіптің ең тамаша мектебі – отбасы» болғандықтан, баланың әлеуеттік тәрбиесін дамытуда ата-аналармен қарым-қатынасты нығайту маңызды рөл атқарады. Осы орайда 2022-2023 оқу жылына арналған оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістемелік нұсқау хатында көрсетілгендей «Мектеп-ата-ана консилиумы» мектеп-ата-ана қарым-қатынасының жаңа форматын енгізу ұсынылуда. Осы мақсатта «Мектеп тынысы және ата-ана» консилиумын жүзеге асыруды жоспарлаудамын.

Консилиумнің негізгі мақсаты:

- бала тұлғасы дамитын бірыңғай тәрбиелеу орталығын құру;
- ата-аналарды білім мекемесіндегі мақсатты бағытталған тәрбие жұмысы үрдісіне тарту;
- әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын көрсету;
- баланың әлеуеттік тәрбиесін дамыту жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру.

Күтілетін нәтиже:

- ата-аналар балаларының мектеп тынысымен тығыз байланыста болады;
- ата-аналар балаларының жан-жақты болуына көмекті дұрыс ұйымдастыруды үйренеді;
- ата-анамен мектеп арасында тығыз қарым-қатынас орнайды;

Баланың дара қасиеттерін қалыптастыруда отбасы үлкен мүмкіндіктерге ие. Олар күнделікті отбасылық өмірде, отбасының дәстүрлері мен адамгершілік ұстанымдары, шежіресі мен тарихы, отбасы мүшелерінің ортақ қызығуы және мақсат-мүдделері арқылы іске асады. Бұл мүмкіндіктерді мектептің мүмкіндіктерімен үйлестіру – табысты тәрбиенің тағы бір негізі. [4]

Қорытындылай келе, М.Дулатов «Мектептің басты мақсаты- жалғыз білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру» деген екен. Ендеше, егемен елдің ертеңіне үлес қосатын тәуелсіз мемлекеттің саналы ұрпағы саналатын ұрпағымыздың ізгі сарайын тәрбие мен біліммен сәулелендіріп, білімнің биігін көру мен үшін үлкен бақыт. Саналы ұрпақ – еліміздің келешегі, болашағы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Әлеуметтік педагогтың жұмысының методикасы мен технологиясы» М.А.Галагузов, Х.В.Мардахев, М.Академия
2. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. Республикалық педагогикалық журнал №5
3. «Қазақстан мектебі» 2020 ж №6 нөмірі
4. М.Т.Баймұқанова, «Отбасымен әлеуметтік педагогикалық жұмыс» (Астана 2005ж)

БАЛАЛАРҒА РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ – ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

*Түркістан облысы
№67 «Көмешбұлақ» жалпы орта мектеп КММ
Әлеуметтік педагог Турсынбаева Нургуль Оразбаевна*

- 1. Кіріспе**
- 2. Негізгі бөлім**
- 3. Балаларда рухани адамгершілікке жетелеу**
- 4. Білім беру ортасын қауіпсіз ортаға айналдыру**
- 5. Баланың бойына адамгершілік құндылықты қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері**
- 6. Қорытынды бөлім**

Мақсаты: Балалардың жайлы өмірін рухани құндылыққа бағытталған әлеуетін ұйымдастыру.

Міндеттері:

- Құндылыққа бағытталған әдіс-тәсілдермен жұмыс жасау;
- Балалардың рухани және әлеуметтік жайлы өмірін ұйымдастыру.

Күтілетін нәтиже

Балалардың рухани және жайлы әлеуметтік өмірін ұйымдастыру.

Балаларға адамгершілік рухани құндылықтарды дәріптеу.

Кіріспе

Бала – біздің болашағымыз. Бала өмірі үшін әрбіріміз жауаптымыз. Қазақстан Республикасындағы «Бала құқықтары» туралы заңына сәйкес баланың құқықтары сақталып, қорғалады. Егеменді елімізде адамгершілігі бар ұрпақтың тәрбиеленуі әр бір азаматтың міндетіне айналу керек. Қазақстан Республикасының заңдары әр баланы қорғау керек. Рухани әлеуметтік жағдайларын жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды

мүдделерінің ішкі және сыртқы қауіптерден қорғалу жағдайы ретінде анықталады. Баланың ең басты құқығы оның дүниеге келіп өмір сүруінен, оқып, білім алып, денсаулығын күту мен қатар баланың әлеуметтік қамтамасыз етілуі заңды шарт. Баланың әлеуметтік қамтылуына ата-аналары толық жауапты. Баланың әлеуметтік – тұрмыстық қамтамасыз етілуін қадағалап, тексеру оқушылардың құқықбұзушылығының алдын-алу шараларын ұйымдастыру, бейберекетсіз отбасы есебінде тұрған отбасылармен және мектепте білім алатын оқушымен де тығыз жұмыстар жүргізіп отыру мектеп әкімшілігі, соның ішінде мектептің әлеуметтік педагогының ең жауапты ісі. Осы орайда Түркістан облысы Сайрам ауданы, №67«Көмешбұлақ» ЖОМ КММ-де баланың әлеуметтік – тұрмыстық жағдайын тексеру жұмысы тыңғылықты жүріп отырады.

Жыл сайын мектебімізде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында жыл көлемінде «Жүректен жүрекке» жобасы өткізіледі. Акция барысында мектеп ұжымы және демеушілер көмегімен аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына көмек көрсетіледі (оқу-құралдар, киім-кешектер, аяқ киімдер). Осы акцияның негізгі мақсаты - мектепке балаларды жинау тәжірибесі бойынша балалардың оқумен толық қамтамасыз етілуін анықтау, балалардың мектепке себепсіз келмеуінің алдын алу, аз қамтылған, көп балалы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған отбасыларға көмек көрсету болып табылады. Әрбір оқушының әлеуметтік ортаға қарым-қатынасын зерттей отырып, отбасындағы тұрмыс жағдайын, ата-аналардың әлеуметтік статусын анықтау арқылы сыныптың әлеуметтік картасы шығарылды. Жалпы мектебіміз бойынша әлеуметтік педагогтың аз қамтылған, көп балалы және ата-ана қамқорлығынсыз қалған отбасылардың оқушыларымен жүргізген жұмысы өз нәтижесін беруде.

Осы тұрғыдан алғанда, оқу іс-әрекетінде балаларды адами құндылыққа, қарым-қатынасқа үйрету мәселесіне үнемі баса назар аударылады. Балаларды қарым-қатынасқа баулитын адамгершілік ұғымдар мен қасиеттер туралы түсініктер беріліп, баланың өзіне, өзгелерге жағымды қарым-қатынас жасау дағдыларын, өмірде қолдана білу іскерліктері дамытылады. Түптеп келгенде баланың әлеуметтік жағдайын, болашағын қалыптастыру мақсатында ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, балаларға рухани-адамгершілік білім беру арқылы жан-жақты жетілген және үйлесімді дамыған адам тәрбиелеу болып табылады. Білім беру мекемесіндегі балаларымыздың қорғалуы үшін олардың рухани құндылықтармен сусындауы керек.

Мектепте рухани білім беру ортасын ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

-мектептегі оқу-тәрбие үдерісі барысында педагогтардың, психологтардың, менеджерлердің, ата-аналардың, балалардың жұмысының әдістері мен адамгершілік кешенін негіздеу;

-білім беру жағдайында әрбір баланың құндылықтармен сабақтасуы. Бастауыш сыныптан бастап мектеп оқушыларға өзін-өзі сақтау туралы білімнің

негізін қалайды, бұл ретте тәуелсіздікті дамытуды қауіпсіз мінез-құлық жауапкершілігін тәрбиелеумен ұштастыру маңызды.

Әлеуметтік педагог міндеті:

-Барлық білім алушылар үшін жайлы білім беру ортасын құру.

-Балаларды қоғам өміріне бейімдеу құндылықтармен үнемі құлақтандырып, қоршаған ортаға бейімдеу.

-Білім беру ұйымдарында және жеке тұлғаның қоғам өміріне бейімделуін қамтамасыз ететін тұрғылықты жері бойынша білім алушыларды (тәрбиеленушілерді) тәрбиелеу, білім беру, дамыту және әлеуметтік қорғау жөніндегі шаралар кешенін жүзеге асырады. Жетім балалар мен

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды, мүмкіндігі шектеулі балаларды, мүгедек балаларды, девиантты мінез-құлықпен оқитын бала кезінен мүгедектерді патронат, тұрғын үймен, жәрдемақылармен, зейнетақылармен, мүліктік және мүліктік емес құқықтармен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіреді.

Әлеуметтік ортада адамгершілік қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді.

«Мектепте дұрыс тамақтану» оқу жылына арналған іс-шарасы

Мақсаты: Балаларды тамақтану кезінде бір-бірін сыйлау, ұлттық құндылықтарымызды тамақтану кезінен бастау алуға дағдыландыру.

<i>№</i>	<i>Іс-шаралар атауы</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жауапты</i>
1	«Тамақтану» тәртібі	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшіі
2	Көмекке мұқтаж отбасы балаларының бір бірін кемсітпеуі	Әр күн сайын	Әлеуметтік педагог Сынып жетекшіі
3	Баланың әлеуметтік жағдайы баланың болашағына әсер етпеу	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог
4	Білімді ұрпақ кемел мемлекеттің тірегі	Үнемі	Әлеуметтік педагог
5	«Бүгінгі ұрпақ ел болашағы» Ата-аналармен тығыз байланыста болу.	Үнемі	Әлеуметтік педагог

«Мейірімді жүрек» акциясы аясында _____ оқу жылына арналған іс шарасы

Мақсаты: үйде оқытылатын оқушыларға әлеуметтік көмек беру арқылы балаларға қоршаған ортаның жылулығын сезіндіру.

<i>№</i>	<i>Іс-шаралар атауы</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жауапты</i>
1.	Айлықтың іс-жоспарын талқылау және бекіту кеңесін өткізу.	Қаңтар	Мектеп директоры
2.	Үйде оқитын оқушылар тізімін жасау	Қаңтар Ақпан	Әлеуметтік

			педагог Сынып жетекшілері
3.	6-18 жас аралығындағы балалардың санын анықтау	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог
4	Үйде оқитын балалардың үйлерін аралау /рейд/	Жыл көлемінде	Сынып жетекшілері
5.	Денсаулығы жоқ отбасындағы балаларға демеушілерден көмек ұйымдастыру	Айлық бойынша	Әкімшілік

Қорытынды

Бала тәрбиесінде тәрбиенің басы – еңбекке, әдептілікке, инабаттыққа, адамшылыққа, қайырымдылыққа үйрету. Ер бала болсын, қыз бала болсын – ата-анасы не істесе де оған үлгі, өнеге. Ата-анадан үйренеді, көргенін бірде болмаса, бірде қайталайды. Баланың балғын ойы мен сенімі - алдында ең беделді тұлға әке, әлеуетті, ақылды, білімдар әке. Ата - ананың ықпалы өзінен - өзі бола қалмайды, балалар олардың қылықтарын көздерімен көреді, ал бір көргенін тағы бір, сосын тағы бір рет көрген соң, ол мәңгі есте қалып, санасынан мықтап орын алады. Естігені де осы қағида бойынша бір, екі, үш рет естіген соң құлағында, ойында қалып қояды да, кезінде дереу дайын формула секілді санадан қалқып шығып, іс-әрекетке айналады. Бала жастығына қарамастан, ата-ана тарапынан қадағалағанды жек көреді, өз өміріне тек шын ықыласпен араласқанды ғана ұнатады. Бала табиғатынан ата-анасын сүйеді. Ата-ана баланы қиындықтардың құрсауында жалғыз қалдырмауға тырысқаны жөн. Бала тәрбиесінде қолданылатын басты әдістер, бұл - үлгі - өнеге, бірлікті еңбек, әңгіме - сұхбат, баланы қолдау мен қуаттау және қорғау. Бала ата-аналар арасындағы байланысқа, басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуына, отбасы ішіндегі тұрмыс-тіршілігіндегі жағдайларға, барша отбасылық іс-әрекеттерге қатысады. Сондықтан да баланы тәрбиелеу үшін арнайы шарт, жағдайлар жасаудың тіпті де қажеті жоқ, тек қана ата-ана мен отбасы мүшелері тарапынан дұрыс, инабатты, адамгершілік әдебі сақталған қарым - қатынас арқылы баланы тәрбиелеп, өз болашағында осы қасиеттерді басты ұстаным етіп алуын ұғындырған жөн. Әр педагог жаңашыл ізденістерді талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бөкешова А.Қ, Раймбаева М.М, Игілік Ж.А - «Мектептегі әлеуметтік педагогтің қызметін ұйымдастыру және іс-қағаздары жүргізу» әдістемелік нұсқаулық, Астана-2013
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығы

3. Тоишыбеков Р.Е - «Білім беру ұйымдарында әлеуметтік қызметті жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар» әдістемелік нұсқаулық
4. Пшкеева Ә. - «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану республикалық педагогикалық-әдістемелік журналы №3, 2015

**«ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ БІЛІМ АЛУШЫЛАР
МЕН ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН САНАТТАРЫНА ТЕГІН
ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҰСЫНУ»
МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

*Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы
«С.Жиренов атындағы негізгі орта мектебі» КММ
Әлеуметтік педагог және өзін-өзі тану пән мұғалімі
Сергазиева Меруерт Жұмашиқызы*



1. Кіріспе
2. Негізгі бөлім
 - 2.1. "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары
 - 2.2. Тамақтандыруды ұйымдастыру
3. Қорытынды бөлім

Мақсаты: Оқумен, тәрбиемен байланысты проблемалар бойынша отбасыға, балаға әлеуметтік-педагогикалық көмекті және қолдауды қамтамасыз ету, баланың дамуына кері әсер ететін себептерді жою.

Міндеттері:

1. Оқушылардың қызығушылықтарын және қажеттіліктерін, қиындықтарын және проблемаларын, мінез-құлығында және дамуда ауытқуды, әлеуметтік ортаға бейімделуді анықтау.
2. Әлеуметтік педагогикалық көмекті және қолдауды қажет ететін оқушыларға уақытылы көмек көрсету.

Күтілетін нәтиже

-Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға мектептегі бір мезгіл берілетін ыстық тамақпен қамтамасыз ету;

-Мектеп пен отбасы арасында тығыз байланыс жасап ұлтжанды, жаңа заманға сай тұлға қалыптастыру.

Кіріспе

Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына және осы Қағидалар «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 21) тармақшасына сәйкес әзірленген және мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;

3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;

4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі – білім алушылар мен тәрбиеленушілер) қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібін айқындайды.

Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының алқалы басқару органы болып табылады.

«Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидалары, «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін жеке тұлға білім бөлімдеріне, білім беру ұйымдарына немесе портал арқылы осы Қағидаларға

2-қосымшаға сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

"Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 2-қосымшасына сәйкес

1. Өтініш
2. Жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет
3. "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда (бұдан әрі - АХАЖ АЖ) не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған жағдайда баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі (жеке сәйкестендіру үшін қажет)
4. АХАЖ АЖ-да мәліметтер болмаған жағдайда не Қазақстан Республикасынан тыс жерде некеге тұрған немесе бұзған жағдайда некеге тұру немесе бұзу туралы куәліктің көшірмесі;
5. Мәртебесін анықтайтын құжат

Құжаттар салыстыру үшін түпнұсқада ұсынылады, содан кейін түпнұсқалар көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

1-қосымша

Нысан

_____ басшысына
(елді мекен атауы, тұрғылықты
мекенжайы, телефоны)
мекенжай бойынша тұратын

_____ (өтініш берушінің Т.А.Ә.
(бар болғанда) және жеке
сәйкестендіру нөмірі

Өтініш

Сізден (мектеп №, № және сыныбын көрсету) оқитын менің кәмелетке толмаған баламды (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда) және жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні) (оқу жылын көрсету) тегін және жеңілдікпен тамақтандырумен қамтамасыз етілетін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тізіміне қосуды сұраймын.

" ___ " _____ 20__ жыл азаматтың (азаматшаның) қолы

3-қосымша . Жалпы білім беретін мектептерде тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну туралы

Анықтама

Осы анықтама _____

(Т.А.Ә. (бар болғанда))

20__ - 20__ оқу жылында тегін тамақтандырумен қамтамасыз етілетін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тізіміне енгізілгендігі үшін берілді.

Басшының қолы, күні _____

Мөрдiң орны _____

Тамақтандыруды ұйымдастыру

Бала денсаулығын, оның дене және ақыл-ой дамуын анықтайтын бағыттардың бірі өскелең ұрпақты сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру болып табылады. Дұрыс ұйымдастырылған тамақтандыру оқушылардың денсаулығын сақтауға көмектесетіні сөзсіз. Мектепте ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізіліп, ата-аналар жиналыстарында балаларды ыстық тамақпен қамту қажеттілігі түсіндіріледі. Сондай-ақ, мектеп оқушыларымен тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ақпараттық және тәрбие жұмыстары оқушыларды ыстық тамақтануға қатыстыру бойынша сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар өткізіліп отырады.

Қорытынды

Жыл бойында балаларды жоспарлы түрде оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізіліп отыр. Тамақтану үшін сабақ арасындағы үзілістерді ұйымдастыру, биология және технология пәндері бойынша оқу бағдарламаларының жоспарына тамақтану мәдениеті туралы сауалдарды қосу және т.б. жұмыстары ұйымдастырылады.

Үйлесімді тамақтандыруды бақылау жүзеге асырылады. Мектептің медициналық қызметкері тамақтану мәдениеті мен салауатты өмір салтын насихаттау бойынша дәрістер ұйымдастырып, насихаттау жұмыстары жүргізіледі. Сонымен қатар сурет байқаулары, сыныптарда денсаулық бұрыштарын жабдықтау жүзеге асырылып келеді.

Салауатты тамақтану және жоғары дене белсенділігі, спорт пен шұғылдану, күйзеліс пен күресе білу, темекіден, ішімдіктен бас тарту жолымен салауатты өмір салтын ұстану арқылы аурулардың алдын алып, денсаулықты және тартымды келбетті сақтап, сұлу да сымбатты, тәні мен жаныжас, белсенді болып жүруіңізге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бөкешова А.Қ, Раймбаева М.М, Игілік Ж.А - «Мектептегі әлеуметтік педагогтің қызметін ұйымдастыру және іс-қағаздары жүргізу» әдістемелік нұсқаулық, Астана-2013

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы
3. Тоишыбеков Р.Е - «Білім беру ұйымдарында әлеуметтік қызметті жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар» әдістемелік нұсқаулық
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы сәуірдегі №158 бұйрығы

ӨМІРДІҢ ҚИЫН ЖАҒДАЙЫНА ТАП БОЛҒАН БАЛАЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

*Ордабасы ауданы, адами әлеуметті дамыту бөліміне қарасты,
А.Шерімқұлов атындағы жалпы орта мектебінің
әлеуметтік педагогы Бөбеева Мөлдір Анарбекқызы*

Тағылымды тәрбие – бала болашағының іргетасы. Қазақтың қара домалақ балалары әлемдік деңгейде ел мерейін асыруда. Қарапайым ауылдан шыққан талай баланың жұлдызы жанып, қабілетімен дарындылар қатарына қосылды. Иә, қай кезде де мемлекет баланың үздіксіз дамуына инвестиция құюды тоқтатпайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен «2022 жыл – Балалар жылы» деп жарияланды. Яғни, барыс жылында ел ертеңі – өскелең ұрпақты қолдауға айрықша көңіл бөлінеді.

Қызыққа емес, құқыққа мән беріледі. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов 2022 жылғы 19 қаңтардағы «Балалар жылын жариялау туралы» №780 Жарлығының 2-тармағын орындау үшін әзірленгенін айтады.

Құжаттың мақсаты: әртүрлі салада балалар үшін қауіпсіз, жайлы жағдай жасайтын шаралар қабылдау. Жоспарда балалардың сапалы білім алуға, толыққанды қосымша білім алуға және тәрбиелеуге, оның ішінде экологиялық, спорттық, шығармашылық және зияткерлік даму құқықтарын іске асыруға құқығын ілгерілетіледі. Қолайлы отбасында тәрбиеленуіне, отбасылық, адамгершілік-рухани құндылықтарды бойына сіңіруге құқығы іске асырылады, -деді БҒМ басшысы.

Онда балалардың денсаулығын нығайту, қорғау, мүгедек балалардың құқықтарын қорғау мәселелері қарастырылыпты. Сондай-ақ жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың мәселелері, балалар үшін инфрақұрылым құру және балалар индустриясын дамыту мәселелері қамтылған.

Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын негізгі мәселелері болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Бала тәрбиесі – салғырттыққа, себеп-сылтау іздеуге төзбейді. Оны жүргізу үшін педагогикалық ұжымның кәсіптік білгірлігі, ата-аналардың саналық көзқарасы

және осы принциптерге негізделген мектеп және отбасы арасындағы тығыз байланысқан одақ, нәтижелі жұмыс қажет. Соңғы кезде жасөспірімдер, жеткіншектер арасында мектеп қабырғасында жүріп-ақ кейбір келеңсіз оқиғаларға оқушыларымыздың көп ұрынуы, «қиын» бала есебін толықтыруы, сөз жоқ, мұғалімдер мен мектеп ұжымын ойландырады.

«Қиын балалар дегеніміз кімдер?» - деген сұраққа, былай жауап беруге болады. Олар мектеп тарапынан ерекше, қосымша бақылауды талап ететін, тәрбиелеуге қарсылық білдіретін балалар. Сонымен қоса, білім деңгейі төмен, тәртібі нашар, сабақтан көп қалатын, мұғалімдердің талабын орындамайтын, адамгершілік деңгейі төмен, топтастарымен үнемі тіл табыса алмайтын, ол кейде психикалық дамуы, ойлау қабілеті кейін қалған, ашуланшақ (әртүрлі жүйке ауруларына шалдыққан) балаларды қиын балалар және қиын жасөспірімдер қатарына жатқызуға болады. Қазіргі уақытта дәрігер, психологтар және инспекторлардың есебінде осындай балалардың пайызы жоғары болып отыр. Бұл қоғамның алға басуына өз кесірін тигізетін де белгілі. Осы жоғарыда айтылып өткен қиын балалармен әлеуметтік жұмыс жасау бүгінгі күннің қажетті және өзекті ісі болып табылады.

Педагог ғылымдар «қиын» балалар мәселерін жан-жақты зерттеуде. Бұл мәселемен 20-30 жылдары аса көрнекті педагогтары мен психологтары А.Макаренко, Шацкий, Выготский, Блонский шұғылданды. Зерттеу жұмыстарының дәлелденуіне қарағанда «қиын» балалардың шығуына бірнеше себептер негіз болады. Олар: отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы, ата-ананың болмауы, дұрыс талап қоймаушылық жағдайлар себеп болады. «Қиын» балалардың тәртіптерінің нашарлауының тағы бір себебі жұртшылықтың, қоғамдық ортаның тәрбие процестеріне толық көңіл бөлмеуінен. Балалардың тәртіптерінің төмендеуі мен нашарлауы 3 топқа бөлінеді.

I топ: күнделікті мектеп режимін бұзатын, оқығысы келмейтін, кішігірім ұрлық жасап, анда-санда темекі тартатын оқушылар.

II топ: кемшіліктермен қатар қоғамдық орындарда бұзақылық жасап, үлкендерді сыйламайтын оқушылар жатқызылады.

III топ: денсаулығы нашар, ақыл-ойы өз жасына сәйкес дамымаған, нерв жүйесі әр түрлі ауруларға ұшыраған жасөспірімдер.

Осылардың барлығы қазақ тілінде шыққан педагогикалық әдебиеттерде «қиын» балалар деп аталады. Ал, негізінде, I топтағы оқушыларды «тәртібі төмендеген оқушылар», ал II топтағы оқушыларды «тәртібі нашар оқушылар» деп атап, III топтағы оқушыларды «тәрбиеленуі қиын оқушылар» деп атаған орынды. Біздер осы оқушылардың бәрін де бір топқа жатқызып қателесудеміз. Себебі I және II топтағы оқушыларды ғылыми негізде ұйымдастырылған оқу-тәрбие процесінде 1-2 жылда қайтадан тәрбиелеуге болса, III топтағы оқушылардың сырқаты болғандықтан ұзақ тәрбие жұмыстарын жүргізіп, қажет болғанда емдеу әдіс ұйымдастырылады.

Сондықтанда зерттеушілер осы топтағы оқушыларды ғана «тәрбиеленуі қиын оқушылар» деп аталынуы керек деп кеңес береді.

«Бала тәрбиесінің ең үлкен мектебі – ата-ананың қарым-қатынасы» - деп В.А.Сухомлинский айтқандай, «Ата – ана өз баласының тәрбиесі үшін ел, халық алдында жауапкер». Жүргізілген зерттеулеріміздің нәтижесі бойынша «қиын» оқушылардың тууына итермелейтін тағы бір әсер отбасындағы жетіспеушілік, таршылық. Қазір материалдық байлықтың рухани байлықтан жоғары тұрған уақытында жасөпірімдер арасында «анау да керек, мынау да керек» деген көрсеқызарлықтың әсерінен, «өзгелерде бар нәрсе менде неге жоқ» деген оймен баланың көзқарасының өзгеріне әкеп соғуы мүмкін. Жасөспірім бойындағы жағымды қасиеттерді дамытуда әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық әдістерді қолданып, тәрбиені ерікті, зорлықсыз түрде іске асыру керек.

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасыларға мыналар жатады:

1. Жанжалды отбасы (көбірек тарағаны);
2. Биморальды отбасы (маскүнемдік, төбелес, былапыт сөз)
3. Педагогикалық дәрменсіз отбасы (жалпы мәдениет деңгейінің төмендігі мен психологиялық - педагогикалық мәдениеттің жоқтығы)
4. Асоциалдық отбасы жағдайы жалпы қабылданған әлеуметтік нормалар мен мінезіне ауытқулар бар (ерте бастан ішімдікке, нашақорлыққа үйрену, үйінен қашып, қаңғыбастыққа салыну және басқа да жат қылықтар).

Отбасының қиын жағдайға тап болуының себептері:

1. Ата-ананың педагогикалы білімінің төмендігі;
2. Кедейлік, қиын материалдық жағдай;
3. Тұрғын үй мәселесі (оның болмауы) ;
4. Жұмыссыздық;
5. Үйдегі ұрыс-керіс (ата-ананың ажырасуы);
6. Ата-ананың балаға қатыгездік көрсетуі, баланы қадағалаусыз қалдыру;
7. Баланың қажеттіліктеріне көңіл аудармау
8. Ата-ананың қауіпті тәуелділіктері.

Біздер әлеуметтік педагогтар қиын жағдайдағы балаларға мейлінше көмек көрсетіп, мынадай жұмыстар атқарамыз. Олар: жанұяны біріктіру, бірігіп еңбек етуге әзірлеу, жанұяның жалғыз емес екендігін сендіру, сенімділік арттыру, балаларды жағымсыз эмоциялардан, көңіл-күйден алшақтату.

Әлеуметтік педагогтың жұмысы үш негізгі функциядан тұрады :

1. Білім беру (ата-аналар үшін кеңес беру алаңын ұйымдастыру);
2. Психологиялық (психолог мамандарды тарта отырып жұмыстар ұйымдастыру);

3. Делдалдық (ақпараттандыру, мектеп пен отбасы арасында серіктестік қатынастар мен байланыстар орнату, мамандардың қызметтерін ұйымдастыру және үйлестіру).



Жұмыстың алғашқы кезеңінде

- Өмірде қиын жағдайға тап болған балаларды анықтау, толық мәлімет жинау және сараптама жасау;
- Баланың қызығушылығын анықтау;
- Отбасымен жұмыс жасаудың жаңа жолдарын қарастыру, жоспар құру.



Диагностика жасау

Баланың жеке портретін қалыптастыру, өзін-өзі бағалау деңгейін, жеке басының проблемаларын, ерекшелігін, басқа балалармен қарым-қатынасқа түсуде кездесетін қиындықтарын, өмірде қиын жағдайға тап болу себептерін анықтау.

Түзету-дамыту жұмыстары

Тәртібін бақылау алуға, қоршаған ортада өзін ұстай білуге үйрену, айналасындағыларға мейірімді, рухани көзқараспен қарауға, өзіне, өзінің

болашағына деген жақсы көзқарасын қалыптастыруға жету жолдарын таңдауға көмектесу, дамыту.

Бағалау, қорытынды шығару

Өмірде қиын жағдайға тап болған балаларға арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бағыттары

- ✓ Әлеуметтік – педагогикалық қызметтер
- ✓ Әлеуметтік – тұрмыстық қызметтер
- ✓ Әлеуметтік – медициналық қызметтер
- ✓ Әлеуметтік – психологиялық қызметтер
- ✓ Әлеуметтік – экономикалық қызметтер
- ✓ Әлеуметтік – құқықтық қызметтер

Отбасында қиын жағдайына тап болған балаларға қолдау көрсету нәтижесінде, отбасындағы әлеуметтік – педагогикалық проблемалар есепке алынады.

- Проблемалардың алдын алу, шешуде уақытылы көмек беріледі.
- Баланың, отбасының құқығы қорғалады.
- Ата-ананың құқықтық сауаттылығы және психологиялық, педагогикалық сауаттылығын арттырылады.

• Өмірде қиын жағдайға тап болған отбасының балалар саны азаяды. Отбасының мектеппен тығыз қарым-қатынасы орнатылып, мектеппен тәрбие институты ретінде қатынас жасалады.

А.С. Макаренко: «Тәрбие–баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде», -деген. Баланы жас кезінен бастап сыйлап, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп, дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ["Өмірдің қиын жағдайына тап болған балалармен жұмыс моделі" \(infourok.ru\)](http://infourok.ru)
2. [«Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасындағы балаларымеу жұмыс» - коррекционная школа, презентации \(kopilkaurokov.ru\)](http://kopilkaurokov.ru)
[Қиын балаларға педагогикалық көмек көрсету жолдары \(referat911.ru\)](http://referat911.ru)

«MEİRIM ŞUAĞY»

**ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҚОҒАМҒА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ**

*Түркістан қаласы «Қазыбек би атындағы
14 жалпы орта мектеп» КММ Әлеуметтік педагогі
Жарылқапова Жазира Сапарханқызы*

1.Кіріспе**2.Негізгі бөлім****2.1.«Адамдарға қуаныш сыйла» акциясы****2.2.«Бақытты балалық шақ мекені»****2.3«Жүрегім толы мейірім»****2.4.«Балаларға қуаныш сыйла»****3. Қорытынды бөлім**

Мақсаты: күнкөрісі төмен, көп балалы және тұрмысы төмен отбасынан шыққан балаларға, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған балалардың өзге де санаттарына әлеуметтік көмек пен қолдау көрсету.

Міндеттері:

-жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсініктерін кеңейте отырып, қоғамға қамқорлықты қажет екенін түсіндіру.

-оқушылардың бойында әлеуметтік жағдайы төмен мұқтаж жандарға жақсылық жасауға әрдайым даяр болуға дағды қалыптастыруды насихаттау.

- оқушыларды мейірімді, қамқар болуға тәрбиелеу

Күтілетін нәтиже

-Әлеуметтік жағдайы аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға демеушілер мен мұғалімдер тарапынан көмек үйлестіру;

-Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылардың сауаттылығын дамыту;

-Мектеп пен меценаттар, демеушілерді арасында тығыз байланыс жасап ұлтжанды, жаңа заманға сай тұлға қалыптастыру.

**“ Біреуге жақсылық етсең,
ол жақсылығыңды міндет етпе”**

Ы.Алтынсарин

Жақсылыққа жақсылық әр кісінің ісі,

Жаманшылыққа жақсылық ер кісінің ісі.

М.Әуезов

Кіріспе

Бала – өміріміздің мәні. Бала өмірі үшін әрбіріміз жауаптымыз. Қазақстан Республикасындағы «Бала құқықтары» туралы заңына сәйкес баланың құқықтары сақталып, қорғалады. Баланың ең басты құқығы оның дүниеге келіп өмір сүруінен, оқып, білім алып, денсаулығын күту мен қатар баланың әлеуметтік қамтамасыз етілуі заңды шарт. Баланың әлеуметтік қамтылуына ата-аналары толық жауапты. Баланың әлеуметтік – тұрмыстық қамтамасыз етілуін қадағалап, тексеру, оқушылардың құқықбұзушылығының алдын-алу шараларын ұйымдастыру, бейберекетсіз отбасы есебінде тұрған отбасылармен және мектепте білім алатын оқушымен де тығыз жұмыстар жүргізіп отыру мектеп әкімшілігі, соның ішінде мектептің әлеуметтік педагогының ең жауапты ісі. Әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын тексеру жұмысы тыңғылықты жүріп отырады. Оқу жылының басында бала құқықтарына сәйкес әрбір мектепке дейінгі және мектеп жасындағы баланың мектеп қабырғасында білім алу құқығын сақтай отырып, әрбір баланың оқу біліммен қамтылуын басты назарға алып, тексеру жұмыстары бойынша рейд жасалады. Оқу процесі барысында баланың өмірі мен жетілуіне жауапкершілікті арттыру қажеттігі бойынша ата-аналармен немесе олардың асыраушы қамқоршы қорғаншыларымен түсіндіру, кеңес беру жұмыстары жүргізіліп, бала өміріне жауапсыз қараған ата-аналармен тығыз байланыста жұмыстар жүргізіледі.

Жыл сайын мектебімізде «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында жыл көлемінде «Мейірім шуағы» жобасы өткізіледі. Акция барысында мектеп ұжымы және демеушілер көмегімен аз қамтылған, көп балалы отбасы балаларына көмек көрсетілді (оқу-құралдар, киім-кешектер, аяқ киімдер) табысталады. Осы акцияның негізгі мақсаты – мектепке балаларды жинау тәжірибесі бойынша балалардың оқумен толық қамтамасыз етілуін анықтау, балалардың мектепке себепсіз келмеуінің алдын алу, аз қамтылған, көп балалы, ата-ана қамқорлығынсыз қалған отбасыларға көмек көрсету болып табылады. Жоспарға сәйкес мектептегі әрбір отбасымен төмендегідей жұмыстар жүргізіледі. Олар: сабаққа келмеген оқушыларды күнделікті бақылау, әңгімелесу жұмыстарын жүргізу, үй аралау, ішімдік, нашакорлыққа байланысты сынып сағаттары, сауалнамалар, тесттер, психологиялық тренингтер, рейд жұмыстары. Қазіргі

уақытта мектептегі әлеуметтік жағынан аз қамтылған балаларға жәрдем беру «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңға сәйкес жүзеге асырылуда. Аталмыш заңда қарастырылғандай, жан басына шаққандағы орташа табысы мектепте белгіленген кедейлік шегінен аспайтын отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсетілуде. Әрбір оқушының әлеуметтік ортаға қарым-қатынасын зерттей отырып, отбасындағы тұрмыс жағдайын, ата-аналардың әлеуметтік статусын анықтау арқылы сыныптың әлеуметтік картасы шығарылды. Жалпы мектебіміз бойынша әлеуметтік педагогтың аз қамтылған, көп балалы және ата-ана қамқорлығынсыз қалған отбасылардың

оқушыларымен жүргізген жұмысы өз нәтижесін беруде. Сөзімді Г.Гмайнердің сөзімен қорытындылай келе «Әрбір бала жылулық пен сыйластық ұялаған және оған қамқор бола алатын отбасында өсуі керек» - демекші, толыққанды, саналы ұрпақты тәрбиелеу әрбіріміздің міндетіміз.

Негізгі бөлім

«Мектепке жол» акциясы жыл сайын өтетін қайырымдылық шаралардың біріне айналып отыр. Басты мақсаты – тұрмысы төмен, көп балалы және жетім, мүгедек, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға әлеуметтік көмек көрсету және қолдау көрсету болып табылады. «Адамдарға қуаныш сыйла» акциясы аясында әлеуметтік жағынан аз қамтылған әлеуметтік жағынан аз қамтылған 36 отбасынан шыққан балаларына материалдық көмек көрсетілді.

Тамыз айының 19-20 аралығында қала әкімшілігінің ұйымдастыруымен өтілген «Мейірім» акциясы аясында 1 «б» сынып оқушысы Алихан Айсезім, жеке кәсіпкер Базарбаев Мұсабек мырзаның демеушілігімен 9«ә» сынып оқушысы Сырлыбайұлы Жарқын мен 3 «ә» сынып оқушысы Ермаханұлы Абылайхан мектеп формасы алынып берілді. «Бақытты балалық шақ мекені» акциясы аясында қаламыздағы «Ақмарал» емханасының ұжымы 6 «ә» сынып оқушысы Қошанова Гүлнұр мен 11 «а» сынып оқушысы Махсутқызы Аминаға қыстық киім-кешекпен қамтамасыз етілді. «Жүрегім толы мейірім» акциясы барысында қаламыздағы ХҚТУ-нің бір топ студенттерімен бірлесіп «Қайырымдылық клубы» жұмыс жасады. Ерікті жастарымыз адамдарға қамқорлығын, мейірімділігін, пайдасын тигізетін жұмыстар жүргізді. Қайырымдылық жасау қазақтың қанында ежелден бар қасиет. Асыл дініміз де мұқтаж жандарға жақсылық жасауға ұмтылады. Еріктілер тобы, сауапты істер жасап үлкендердің алғысын алды. «Мейірім шуағы» жобасы аясында «Балаларға қуаныш сыйла» қайырымдылық акциясы өтілді. Бұл акцияның мақсаты - әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасы балаларына көмек қолын созу. Акция барысында, әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларына зерттеу жұмыстары жүргізіліп оқу-құралдары мен азық-түлік ретінде көмек көрсетілді. «Балаларға қуаныш сыйла» акциясы жобасында тәрбиелік мәні бар сынып сағаттар өтілді және отбасылық спорттық сайыстар ұйымдастырылып, жеңіске жеткен отбасыларына әлеуметтік көмек көрсетілді.

2022 жылды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Балалар жылы деп жариялады. Осыған орай биыл балаларды қорғауға, сапалы біліммен қамтуға, әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында «Балаларға қуаныш сыйла» қайырымдылық акциясы өткізілді. Акция барысында мектебіміздің әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар, қала көлемінде «Ұшқыр ой алаңы» дебатшылар арасынан сайыста үздік ойын көрсеткен оқушылар алғыс хаттармен марапатталды. Акцияға мөлтекауданымызға қарасты супермаркетінің басшысы демеушілік жасады. Демеуші тарапынан 14 оқушы Отырар ауданына «Арыстан баб кесенесі», «Отырар төбе», тарихи

кітапханаларға саяхаттауға жолдама және естелікке сыйлықтар берілді. «Мейірім шуағы» әлеуметтік жобасы аясында қоғамға қызмет көрсету бойынша түсіндірме жұмыстар жүргізілді.

Қорытынды

Бала тәрбиесінде тәрбиенің басы – еңбекке, әдептілікке, инабаттыққа, адамшылыққа, қайырымдылыққа үйрету. Ер бала болсын, қыз бала болсын – ата-анасы не істесе де оған үлгі, өнеге. Ата-анадан үйренеді, көргенін бірде болмаса, бірде қайталайды. Баланың балғын ойы мен сенімі - алдында ең беделді тұлға әке, әлеуетті, ақылды, білімдар әке. Ата - ананың ықпалы өзінен - өзі бола қалмайды, балалар олардың қылықтарын көздерімен көреді, ал бір көргенін тағы бір, сосын тағы бір рет көрген соң, ол мәңгі есте қалып, санасынан мықтап орын алады. Естігені де осы қағида бойынша бір, екі, үш рет естіген соң құлағында, ойында қалып қояды да, кезінде дереу дайын формула секілді санадан қалқып шығып, іс-әрекетке айналады. Бала жастығына қарамастан, ата-ана тарапынан қадағалағанды жек көреді, өз өміріне тек шын ықыласпен араласқанды ғана ұнатады. Бала табиғатынан ата-анасын сүйеді. Ата-ана баланы қиындықтардың құрсауында жалғыз қалдырмауға тырысқаны жөн. Бала тәрбиесінде қолданылатын басты әдістер, бұл - үлгі - өнеге, бірлікті еңбек, әңгіме - сұхбат, баланы қолдау мен қуаттау және қорғау. Бала ата-аналар арасындағы байланысқа, басқа адамдармен қарым-қатынас орнатуына, отбасы ішіндегі тұрмыс-тіршілігіндегі жағдайларға, барша отбасылық іс-әрекеттерге қатысады. Сондықтан да баланы тәрбиелеу үшін арнайы шарт, жағдайлар жасаудың тіпті де қажеті жоқ, тек қана ата-ана мен отбасы мүшелері тарапынан дұрыс, инабатты, адамгершілік әдебі сақталған қарым - қатынас арқылы баланы тәрбиелеп, өз болашағында осы қасиеттерді басты ұстаным етіп алуын ұғындырған жөн.

Ұсыныс:

1. Қазіргі жағдайда мектептің, отбасының, оқушылардың жағдайын жақсарту жағдайында әлеуметтік педагогтарды даярлау ауқымы кеңейту.
2. Аз қамтылған отбасы балаларының ата-аналарымен тығыз байланыста жұмыс жасап, мектепшілік жұмыстар жүргізіліп есепке алу.
- 3.

Пайдаланылған әдебиеттер

5. Бөкешова А.Қ, Раймбаева М.М, Игілік Ж.А - «Мектептегі әлеуметтік педагогтің қызметін ұйымдастыру және іс-қағаздары жүргізу» әдістемелік нұсқаулық, Астана-2013
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығы

7. Тоишыбеков Р.Е - «Білім беру ұйымдарында әлеуметтік қызметті жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар» әдістемелік нұсқаулық

8. Ибрагимова Л.Т – «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту барысында жасөспірімдердің адамгершілік-еріктік қасиеттерін қалыптастыру жолдары
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану республикалық педагогикалық-әдістемелік журналы

9. Пшкеева Ә. - «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану республикалық педагогикалық-әдістемелік журналы №3, 2015

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ

*Түркістан облысы «Білім беруді дамыту» орталығының әдіскері
Басқараева Рапия Тухтабайқызы*

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде **құндылыққа бағдарланған тәсіл** арқылы іске асырылады. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі басымдықтар білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітушілікке жол бермеу болып табылады.

2022-2023 оқу жылында тәрбие жұмысы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін.» Ал, толық адамға үш қасиет тән, Абайдың «Нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек». Бұл құлаққа жаттанды болғанымен қолдана білгенге құнды да құнарлы тағылым. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі.

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011жыл;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан ң 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы;
- 7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 8) Білімді ұлт» «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығы;
- 10) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

2022-2023 оқу жылының басталуына арналған 1 қыркүйек Білім күнін және «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізу Тұжырымдамасы.

Қыркүйектің бірінші күні білім беру ұйымдарында білім күніне арналған салтанатты жиын өтеді. Өңірлік білім басқармалары жаңа 2022-2023 оқу жылын жариялайтын іс-шараның жоғары идеялық-құндылықтық мазмұнын қамтамасыз ету мақсатында қажетті іс-қимылдарды үйлестіреді.

Білім беру ұйымдары оған бүкіл мектеп қоғамдастығының қатысуын қамтамасыз етеді.

Салтанатты жиын және алғашқы сынып сағаты бұл мектепте жаңа оқу жылының ашылуына арналған әрі білім берудің адам өміріндегі маңызы мен рөлін айқындайтын іс-шаралар болып табылады. Салтанатты жиынды өткізу түрін, қатысушылар құрамын білім беру ұйымдары дербес айқындайды.

Мемлекеттік туды алып шығу және гимнді орындау Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

Салтанатты іс-шараның мақсаты: жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында білім алушылардың бойында жағымды көңіл-күй, оң көзқарас қалыптастыру.

Міндеттері:

қатысушыларды өткен оқу жылының жетістіктерінен хабардар ету;

- білім алушылардың бойында оқуға құштарлық пен білім алуға деген ұмтылысын қалыптастыру;

- білім алушылардың бойына отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;

өзара құрмет пен түсіністіккенегізделген мектеп мәдениетін қалыптастыру.

Салтанатты жиынға келесі өкілдердің қатысуы ұсынылады:

- аудан/қала/облыс әкімдері;
- бөлімдердің/білім басқармаларының басшылары;
- қамқоршылық кеңесінің мүшесі;
- 1-сынып оқушысының ата-анасы/заңды өкілі.

Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарының/заңды өкілдерінің бірінің іс-шараларға қатысуының маңыздылығына назар аударамыз.

2022 жылғы 1 қыркүйекте республиканың барлық жалпы білім беретін мектептерінде **«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»** тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізіледі.

Сынып сағаты аясында адам өміріндегі құндылықтардың рөлін талқылауға басты назар аударылады.

Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде кәсіби қызметінде елеулі жетістіктері бар, еңбексүйгіштік, білімге деген ұмтылыс және отаншылдық құндылықтарының жарқын көрінісі болып табылатын құрметті қонақтың қатысуы ұсынылады.

Бірыңғай сынып сағатының мақсаты: білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.

Міндеттері:

- білім алушыларға құндылықтар жөнінде жалпы ақпарат беру;
- білім алушылармен бірге құндылықтардың адам өміріндегі рөлін талқылау;
- отаншылдық, құрмет және азаматтық сана құндылықтарын дарыту;
- сыныптың жағымды микроклиматын және жаңа оқу жылына жағымды көңіл-күй қалыптастыру.

Ұсынылады:

- балалардың жазғы демалыстан алған әсерлерін, сондай-ақ жаңа оқу жылынан күтулерін талқылау;
- заманауи интерактивті технологияларды, қосымша көрнекі құралдарды қолдану, мұражай, кітапхана ресурстарын пайдалану.

Бірыңғай сынып сағатын өткізу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен олардың дайындық деңгейі ескерілуі тиіс.

Білім күні білім алушылар, олардың ата-аналары мен педагогтері арасында әлеуметтік желілерде 1-2 минуттық бейнеролик орналастыру бойынша **«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық»** республикалық онлайн-акциясын өткізу ұсынылады.

Бейнероликті орналастыру күні: 2022 жылғы 1 қыркүйек. Әлеуметтік желілерде орналастыру уақыты: 17.00-21.00.Хэштег: Bilim_quni

Бейнероликке ұсынылатын тақырыптар:

- барлығы үшін «Менің мектебім-ең керемет мектеп!», «Сәлем, жаңа оқужылы», «Маған мектеп формасы ұнайды!»;
- Бірінші сынып оқушыларына арналған «Менің мектептегі алғашқы күнім»;
- 2-4 сынып оқушыларына арналған «Менің жарқын жазғы оқиғаларым»;
- 5-8 сынып оқушылары үшін – «Менің саяхатым»;
- 9-11 сынып оқушылары үшін – «Менің үлкен сыныптастарым», «Менің ойларым, армандарым, үміттерім»;
- Ата-аналар, 1 сынып оқушылары үшін – «Біздің мектептегі бірінші күніміз», «Бірінші сынып-өмірдің жаңа кезеңі»;
- Сынып жетекшілері үшін – «Жаңа оқу жылы құтты болсын, менің сүйікті сыныбым!».

Тұлғалық ерекшеліктерді қалыптастыру оқу бағдарламаларының мазмұны, оқу-тәрбие және оқудан тыс қызметті ұйымдастыру тәсілдері, тәрбие ортасының мүмкіндіктері арқылы, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың: отбасының, білім беру ұйымының, қоғамның кеңінен қатысуы арқылы іске асырылады.

Қазіргі уақытта оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізінде жатқан және күтілетін нәтижелердің көп деңгейлі жүйесінде байқалатын **құндылыққа бағдарланған тәсіл** арқылы іске асырылады. Сонымен бірге құндылыққа бағдарланған тәсілді іске асыруда педагог тәрбие мақсатын білім беру процесіне енгізуді қарастырады; рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының элементтерін білім берудің барлық деңгейлеріндегі барлық оқу пәндері бойынша сабақтардың мазмұнына міндетті тәрбиелік компонент ретінде кіріктіреді деп болжайды.

Қолайлы білім беру ортасы педагогтердің, білім алушылардың, ата-аналардың, мектеп әкімшілігі мен қызметкерлердің өзара қарым-қатынасының сапасымен айқындалады.

Мектеп қауымдастығында бір-біріне **құрметпен қарау** маңызды:

- ✓ педагогті «мұғалім» немесе аты-жөні бойынша атауы;
- ✓ педагогтің білім алушыны аты-жөнімен атауы;
- ✓ мұғалімдер бір-бірін аты-жөні бойынша атауы.

Қазақтың мақалында: «Сәлем-сөздің анасы», - делінген. «Қайырлы таң!», «Қайырлы күн!», «Қайырлы кеш!», «Сау болыңыз!», «Сау бол!» сөздерін қолдана отырып, білім алушылар мен педагогтер арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру маңызды.

Физикалық және психологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әр мектепте зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің алдын-алу және әрекет ету бойынша мынадай шаралар ұсынылады:

барлық білім алушыларға, олардың ата-аналарына және мектеп қызметкерлеріне, соның ішінде әкімшілікке, мұғалімдерге және

қызметкерлерге бағытталған жалпы мектептік тәсіл. Жүйелі алдын-алу жеке тұлғалардың немесе топтардың мінез-құлқына ғана назар аудармайды, бүкіл мектептің мәдениетін өзгертуді талап етеді.

- ✓ білім алушылар арасында оң қарым-қатынасты дамыту;
- ✓ педагог тарапынан білім алушыға қолдау білдіретін қарым қатынас;
- ✓ білім алушылардың ата-аналары үшін үлгілі ата-ана болуды насихаттау.

Сонымен бірге, білім беру ұйымдарында медиация қызметін енгізу мәселесі өзекті болып отыр, өйткені медитация сындарлы диалог және оңтайлы нәтижеге қол жеткізу тәсілі және дауларды шешудің жалғыз баламалы тәсілі болып табылады. Білім алушылар қатысатын медиация білім беру ұйымындағы тұлғааралық қақтығыстарды басқарудың тиімді әдісі бола алады. Мектеп медиациясы қызметінің жемісті жолға қойылған жұмысы мектепті қауіпсіз кеңістікке айналдырып қана қоймай, өскелең ұрпақтың әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастыру бойынша маңызды тәрбиелік және профилактикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Мектептің **жайлы кеңістігін** жобалау білім алушылардың оқу процесіне қатысуына, академиялық жетістіктеріне, сабаққа қатысуына, мінез-құлқ үлгілеріне, сондай-ақ балалардың әлеуметтік-эмоционалды әл-ауқатына айтарлықтай әсер етеді, өйткені олар өмірінің көп бөлігін мектеп қабырғасында өткізеді. Сонымен қатар, мұғалімдердің кабинеттері үшін кеңістіктер, сабақтан тыс уақытта мұғалімдердің жұмысы үшін бұрыштар ұйымдастыру арқылы мұғалімдердің әл-ауқаты үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету қажет.

Жарақтандыру кезінде кабинеттер атрибутка сәйкес келмейтін артық ресімдеумен безендірілмеуі тиіс.

Жеке кабинетке есім беру кезінде білім беру ұйымдары белгілі бір ережелерді ұстанады, соған сәйкес:

кабинетте заманауи жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оны толық жабдықтаған мектеп түлегі / меценат / қоғам қайраткері немесе кабинет ашуға ниет білдірген кез келген адам кабинетке ат қоюға құқылы;

- ✓ ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ- 76 бұйрығымен бекітілген Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде білім алушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзіліс (2-ші немесе 3-ші сабақтан кейін) 30 минутты құрайды. Бір үлкен үзілістің орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасауға жол беріледі.
- ✓ Үзілістерді таза ауаны барынша көп пайдаланып, қозғалыс ойындарымен өткізеді.
- ✓ Ауысымдар арасында ылғалды жинау және желдету үшін ұзақтығы кемінде 40 минут үзіліс көзделеді.
- ✓ Мектеп алды сыныптардағы сабақтардың барынша рұқсат етілген саны – ұзақтығы 25-30 минуттан төрт сабақтан аспайды. Сабақтар арасындағы үзілістер кемінде 10 минут болуы тиіс.

- ✓ 1-сыныпта оқушылар демалып, келесі сабаққа дайындалуы үшін мазмұнды демалыс пен физикалық минуттар үшін үзілістерді ұзарту ұсынылады.
- ✓ Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2022-2023 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («*Кітап оқу – сән*») арттыру мақсатында білім алушылар арасында «**Оқуға құштар мектеп**» жобасы жалғасады. Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды, іс-шараларға ата-аналарды қатыстыруды көздейді.

Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру

- ✓ Мектептің тәрбие жүйесінде білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесінің іске асырылуын қамтамасыз ететін сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Сабақтан тыс қызмет шеңберінде мынадай жобалар іске асырылуы мүмкін:

- ✓ Отбасы-орта мектеп»,
- ✓ «Оқуға құштар мектеп»,
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»,
- ✓ «Ерте жастан экологиялық мәдениет»,
- ✓ «Қоғамға қызмет»,
- ✓ «Психологиялық қызмет және мектептегі татуласу қызметтерін ұйымдастыру»,

Осы жобаларды іске асыру білім алушылардың тәрбиелік, өмірлік кеңістігінің әлеуетін кеңейтуге, жеке тұлғаның өзекті қажеттіліктері мен қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік береді. Жобаларды білім беру ұйымы білім алушылардың отбасыларымен, басқа да әлеуметтендіру нысандарымен – білім беру ұйымының әлеуметтік серіктестерімен тұрақты өзара іс-қимылда және тығыз ынтымақтастықта жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысы, мектеп парламенті, «Жас Ұлан», «Жас Қыран», «Жас Сарбаз» балалар қоғамдастығы оқудан тыс қызметті ұйымдастырудың табысты нысандары болып табылады. Жалпы мектептік іс-шараларды өткізу кезінде **мемлекеттік рәміздерге** құрметпен қарауды насихаттау маңызды.

Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі. Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысы кезінде балалардың мүддесі үшін ынтымақтастық қажет. Ата-аналарға арналған дәрістерді, ата-аналар кештерін, Ашық есік күндерін, тренингтерді онлайн және офлайн форматта өткізу, «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебін», «Аға мектебі» және с.с. құру ұсынылады. Бұл мектептерді құрудың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру.

Тәрбие жұмысында орта білім беру ұйымдарында мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын ұйымдастырудың жаңа форматы анықталды.

Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысының жаңа форматын іске асыру шеңберінде ата-аналар қоғамдастығымен жұмыс бағытының мынадай деңгейлері айқындалды:

- жеке (*педконсилиум, әңгімелесу, консультация, бала туралы ата-аналарды толық хабардар ету*);
- топтық (*ата-аналар комитетімен өзара әрекеттесу; топтық кеңестер; ата-аналармен практикалық сабақтар; тренингтер; әкелермен кездесулер*);
- ұжымдық (*ашық есік күндері; «дөңгелек үстелдер»; тәрбие тәжірибесімен алмасу бойынша конференциялар; ата-аналар лекторийі; ата-аналар апталығы*).

Отбасы мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты ұйымдастырудағы басты міндеттердің бірі-ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі, мектеп пен сыныптың білім беру процесіне қатысу қажеттілігі туралы дұрыс түсінігін қалыптастыру.

Мектеп пен ата-аналардың өзара іс-қимыл форматын ұйымдастыру бойынша жұмыстың жаңа мазмұны мыналарды көздейді:

- ата-аналарды баланы оқыту мен тәрбиелеу процесіне толық тарту;
- ата-аналарды тәрбиелеу әдістерімен, балалардың физиологиялық және психологиялық даму кезеңдерімен таныстыру;
- ата-аналардың балалармен бірлескен жұмысы (үйірмелер, секциялар, клубтар, тренингтер, сапарлар);
- балаларды тәрбиелеу деңгейін бірлесіп бағалау;
- ата-аналардың мектептегі өзін-өзі басқаруға қатысуы.

Ата-аналар үшін балаларға мамандық таңдауда дұрыс бағытты көрсету, еңбекке деген құрметке баулу өте маңызды. Мұғалімдер ата-аналармен баланың мамандық таңдау мәселесі бойынша түсіндіру және тәрбие жұмыстарын жүргізуі керек. «Баланы жұмысқа ал», «Он күн ата-ана жұмысында» («НЗМ» ААҚ тәжірибесі) сияқты жобалар білім алушылардың кәсіби бағдарлануына ықпал етеді, әлеуметтік белсенділігі мен азаматтық жауапкершілігін арттырады.

Қолайлы білім беру ортасын құруда сынып жетекшісі ерекше рөл атқарады. Сынып жетекшісі үнемі сынып сағаттарын және оқушылармен жеке кездесулер өткізеді. Сынып сағаттары білім мазмұнының маңызды бөлігі болуы тиіс. Сынып сағаттарының жоспарларын жасау кезінде оқушылардың жеке қажеттіліктері мен мүдделеріне назар аудару керек. Тақырыптық сынып сағаттарын өткізу формалары:

- 1) нақты тақырыптағы әңгіме,
- 2) пікірталас, диспут, дебаттар,
- 3) рөлдік ойындар,
- 4) тақырыптық дәріс,
- 5) сынып жиналысы,
- 6) байланыс сағаты,
- 7) ойын-саяхат,

- 8) тренингтер,
- 9) конференциялар,
- 10) шеберлік сыныптар,
- 11) театрлық қойылымдар

Сынып сағаттары кезінде сынып жетекшісі білім алушылармен бірге сыныптың жалпы нормалары мен ережелерін әзірлеуге бастамашылық жасай алады. Қазіргі зерттеулерге сәйкес, бұл мінез-құлықтың жалпы нормаларын бірлесіп талқылау және үйлестіру, олардың жауапты сақталуына әкеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Нұр-Сұлтан, 27 желтоқсан 2019 жыл
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
3. Білімді ұлт» «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы;
6. 4. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат.

ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫН, МОРАЛЬДЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Сайрам ауданы, №93 Абылайхан
атындағы ЖОМ. сынып жетекшісі
Маймақова Нуржамал Мукановна*

Антон Макаренко айтпақшы жақсы шәкірт тәрбиелегіміз келсе, алдымен тәрбиенің көзін өзімізден бастауымыз қажет. «Адамды тәрбиелеудемек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу» Тұлғаны қалыптастыруда үздіксіз білім беру жүйесінің, бәсекеге қабілетті зияткер тұлғаны қалыптастыруда ұстаздың орны ерекше. Біз тәрбиеші – педагог ретінде балаға қуаныш сыйлай отырып, оқыта тәрбиелеуге міндеттіміз!

Жеке тұлғаның рухани құндылықтарын қалыптастырудағы ұлттық тәрбиенің рөлі Жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдықтың бастауында қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі халқымыздың руханилық дәстүрлерін кеңінен дамытып, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар өз еліне адал, халқын қастерлейтін, білімді, саналы, рухани құндылықтарды бойына толық қалыптастырған қоғамда өз орнын таба

білетіндей бағыт берудің қажеттілігіне басты назар аударылуда. Осы орайда « адам », «жеке тұлға» деген ұғымдардың қатары «даралық» деген ұғымымен толықтырылуы қажет. Жеке адам – көптің бірі, ол әлі тұлға емес. Осы мағынада алғанда «жеке адам» және «тұлға» ұғымдары көлем жағынан да мазмұны жағынан да бір–бірінен қарама қарсы болып табылады. Жеке адамдардың ұғымында адамның жекеше ерекше түрі, сапасы бейнеленбейді, сондықтан оның мазмұны аз болады. бірақ өте көлемді өйткені әрбір адам – индивид. Әр адам өзінше жеке тұлға. Этникалар аралық қарым –қатынас -екі деңгейі бар олар жеке және топтық қарым- қатынастар. Бұндай қарым –қатынас өмірдің, саясат, еңбек, тұрмыс, отбасы, достастық, қарапайым қатынас сияқты салаларында қалыптасады. Оның сипаты (достастық, бейтарап не дау - жанжалдық) өткен тарихи жағдайларға, елдің саяси –элеуметтік жағдайына , экономикалық және мәдени тұрмыстық жағдайларына нақты бір оқиғаға не қарым –қатынасты қажет ету жағдайына байланысты қалыптасады. Этникалар аралық қарым –қатынас байланысының түрлі саласында , ұлттық стереотиптарында, адамдар мен нақты этникалық одақтастықтардың көңіл - күйлері мен өздерін ұстауларындағы этникалық байланыста байқалады. Этникалар аралық ұстанымдар мен бағыттар тұлғаның элеуметтенуінде, отбасында, оқу орнында, ұжымда, көршілік және достық қатынаста қалыптасады. Бұл мәселе көп ұлтты ел жағдайында келелі мәселе болып табылады. Этникалық коммуникация мен салыстырудан тыс өмір сүрмейді, ол тек этникалық топтармен өзара әрекеттесу барысында өз ерекшелігін айқындай алады. Этникалық мәдениетте ең маңызды орын этникалық символ тіл болып табылады. Ол адамзат қарым-қатынасының маңызды құралы болып табылады, яғни онсыз адамзат қоғамының өмір сүруі мен дамуы мүмкін емес. Этнос болмысына , оның рухани заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет ғұрып, наным сеніміне т.б қатысты бай жаңалықтар жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып – білуге қосар үлесі зор. Бұл әдістің педагогикалық нәтижелігі мұғалімнің беделіне ,оның жеке қасиеттеріне байланысты.Бұл этникалық сананы қалыптастырудың аталған әдістерін (әңгіме, түсініктеме, сендіру, насихттау) ретсіз қолданғанда ол үгіттеуге айналады. Мұндай жағдайларда олар оқушы бойында қарсы әрекет, мұғалімнің тілегіне кері әрекет ету ниетін оятады. Этникалық әңгіме, сұхбат дегеніміз адамгершілік мәселелерді мұғалімдер мен оқушылардың бірігіп жүйелі де бірізді талқылау түрі. Мұғалім оқушыларды өз ой пікірлерін, көзқарастарын, бағаларын білдіруге шақырады. Әңгіме –сұхбат теңдік пен ынтымақтастық негізінде құралады.

Моральдық қасиеттерін қалыптастыру – Мораль «латын *moralis*-әдет – ғұрып» адамдар мен элеуметтік бірлестіктер арасындағы қарым –қатынастарды реттейтін қағида. Мораль - тарихи құбылыс ,этиканың зерттеу объектісі. Мораль деп - белгілі бір қоғамдағы өмір сүріп жатқан адамдар арасында қалыптасқан адамгершілік құлық нормалары мен ұстанымдарының жиынтығын айтамыз.

Баланың моральдық бет бейнесі ең алдымен оқу, ойын, қоғамдық пайдалы жұмыс кедіндегі іртүрлі қызмет процесінде және өзін қоршаған адамдармен қарым –қатынас процесі үстінде қалыптасады. Төменгі сынып оқушылары адамгершілік білім беру кезінде белгілі бір жүйедегі мағлұматтарды игереді. Педагогтың міндеті мазмұны әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып балалармен қосыла талқылау кезінде олардың сипатын біріншіден күрделендіре түсу, сол арқылы оларды болып жатқан оқиғаларға адамгершілік тұрғыдан дұрыс баға беруге үйрету болып табылады.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған негізгі міндет ұлттық мәдениетпен әлемдік өркениетті өзара сабақтастыра отырып бүгінгі ХХІ ғасыр ағымына лайықты интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру. Болашақ ұрпақтың ұлттық мәдени құндылықтарын қалыптастыруға негізделген рухани – адамгершілік тәрбие беру стратегиялық бағыттармен ұштасып, сабақтасып жатыр. Қазақ халқының қазынасында тәрбиеге толы мол мұралар бар соның бірі, Мұхтар Әуезовтың: «Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып ұлт тәрбиелейміз», - деген баға жетпес асыл сөзі бар. Шыңдығында бала болашағынан мол үміт күтетін әрбір адамзат баласы, ұрпағының тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетіні сөзсіз. Ертеде баланы құрсақта жатқан кезден-ақ тәрбиесіне көңіл бөлген. Олай болса, балам өмірге келген соң тәрбие нәрімен баптармын дейтін болсақ, сәл тәрбиеден кешеуілдеп қалатынымыз өкінішті емес пе? Ежелден ата- бабамыз ұрпақ тәрбиесіне ерекше ден қойған. Қазірде жеткілікті тәрбие беріп жатырмыз дегенмен ол қаншалықты? Баланы жас кезінен өмірдің қыр-сырына төзімділікпен қарауды үйрету-ол үлкендердің міндетінде. Бала тәрбиесіне әрбір отбасындағы үлкендер жауапты. Олай болса баланың қоғамда дұрыс адам болып қалыптасуының алтын дінгегі біздің қолымызда екенін ұмытпаған жөн. Педагог мамандар ата – аналармен жұмыс істеу барысында танымдық ойындардың пайдасы жайлы кеңес беріп әдістемелік құралдар жиынтығын дайындап ой бөлісіп отыру. «Ойдың реттілігі әдеттену біз үшін бақытқа жеткізетін бірден -бір жол , қол жеткізу тіпті ең немқұрайды нәрселер де тәртіп болу қажет», - деп Делакура айтқандай біздің педагог мамандармыз және ата- аналарымыз жақсы тұлғаны қалыптастыруда нәтижелі, жемісті болу үшін басты қағидамыз жауапкершілік пен тәртіп сақтау, қоғам жақсы болсын десек, тәрбие тізгініне мықты болайық ағайын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Е.Балтабай. Қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беру./Ұлағат,№ 6,2002,47-б./
2. С.А.Ұзақбаева .Тамыры терең тәрбие.
3. С.Кенжеахметұлы «Қазақ халқының салт- дәстүрлері», Алматы, «Алматы кітап», 2004 ж.

ТҰЛҒАНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН – ӨЗІ БАСҚАРУДАҒЫ ЖАҢА МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мақтаарал ауданы, №25 Жаңа жол ЖОМ. Тәлімгер
Сатыбалдиева Ақмарал

Қазақстанның балалары мен жасөспірімдері – Қазақстан қоғамының стратегиялық құндылығы және болашақ адами капиталы. Жаһандық тәуекелдер мен сын-қатерлер кезеңінде өмір сүретін жаңа буын белсенділігі мен қызығушылықтарының әртүрлілігімен сипатталады. Сондықтан мемлекет пен азаматтық қоғамның шынымен біртұтас балалар-жасөспірімдер қозғалысын құрудағы күш-жігерін біріктіру – заманауи мемлекеттің стратегиясы.

Соңғы онжылдықта республиканың қоғамдық-саяси өмірінде болып жатқан өзгерістер балалар мен жасөспірімдер ортасындағы адамгершілік-рухани бағдарлар мен мұраттардың өзгеруіне алып келді. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, өскелең ұрпақ (балалар, жасөспірімдер) тәрбиелеудің қолданыстағы моделі трансформацияны және жаңа идеологиялық негізді талап етеді..

Қазіргі уақытта мемлекет пен азаматтық қоғам балалар мен жасөспірімдер. құқықтық мүмкіндіктерін іске асыру мәселелерін белсенді түрде көтеруде. Осыған байланысты қазақстандық мектептердің алдында құқықтық мемлекет жағдайында шығармашыл, бастамашыл, өзі және қоғам үшін пайдалы әрекет ете алатын еркін, жауапты тұлғаны, мәдениетті адамды тәрбиелеу міндеті тұрды.

Қазақстан Республикасының балалар-жасөспірімдер қоғамдық қозғалысы шеңберіндегі мектеп кеңестерінің, старостаттардың, жоғары сынып оқушылары кеңестерінің, мектеп әкімдіктерінің және т.б. орнына **мектеп Парламенті** (бұдан әрі – Парламент) құрылды..

Парламентте оқушылар мен педагогтер бірлесіп ынтымақтасуға үйренеді, маңызды мәселелерді шешуде толық құқылы әріптес болады.

Парламент – бұл білім алушылардың білім беру ұйымын бірлесіп басқаруға, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі мәселелерді шешуге қатысу нысаны.

Парламенттің мақсаты: балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

Парламенттің міндеттері:

- 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;

- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
 - 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
 - 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
 - 6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
 - 7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
 - 8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.
9. Білім беру ұйымдарында Парламент қызметі өңір мен білім беру ұйымының ерекшелігін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған.

Парламент құрылымы:

10. Парламент көшбасшысы сайлауда білім алушылар мен білім беру ұйымының педагогтері сайлайтын президент болып табылады.
11. Президент пен парламент мүшелері бір оқу жылы мерзіміне сайланады.
12. Парламент Президенттен, оның орынбасарларынан, парламент фракцияларының басшылары мен мүшелерінен тұрады. Қажет болған жағдайда Парламенттің шешімі бойынша оның құрамына білім алушылар арасынан Парламент мүшелері қосымша сайланады. Парламент мүшелерін сайлау сыныптар мен топтардың жиналыстарында жүзеге асырылады.

Парламент қызметі:

10. Парламент көшбасшысы сайлауда білім алушылар мен білім беру ұйымының педагогтері сайлайтын президент болып табылады.
11. Президент пен парламент мүшелері бір оқу жылы мерзіміне сайланады.
12. Парламент Президенттен, оның орынбасарларынан, парламент фракцияларының басшылары мен мүшелерінен тұрады. Қажет болған жағдайда Парламенттің шешімі бойынша оның құрамына білім алушылар арасынан Парламент мүшелері қосымша сайланады. Парламент мүшелерін сайлау сыныптар мен топтардың жиналыстарында жүзеге асырылады.

Парламент құрылымы 8 фракциядан тұрады:

1. Құқық және тәртіп фракциясы.
2. Ақпарат фракциясы.
3. Спорт және салауатты өмір салты фракциясы.
4. Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы (психология).
5. Қамқорлық фракциясы (еріктілік).
6. Мәдениет және өнер фракциясы (музыкалық, көркем шығармашылық).
7. Дебат қозғалысының фракциясы.

8. Экология және еңбек фракциясы.

Парламент құқықтары:

- 1) білім беру ұйымы білім алушыларының мүдделерін қозғайтын ережелерді, жұмыс жоспарларын әзірлеуге және жетілдіруге қатысуға;
- 2) білім алушылардың мүдделерін қозғайтын әлеуметтік-тұрмыстық және қаржылық мәселелерді шешуге, оның ішінде білім беру ұйымының қаражатын, дотацияларды және мәдени-бұқаралық және спорттық-сауықтыру іс-шараларына, демалуға және емделуге бөлінетін қаражатты бөлуге қатысуға;
- 3) білім алушылардың білім беру ұйымының оқу тәртібі мен ішкі тәртіп қағидаларын, сондай-ақ студенттік жатақханаларды бұзуына байланысты мәселелерді қарауға қатысуға;
- 4) оқу және оқудан тыс қызметтің әртүрлі салаларындағы жетістіктері үшін білім алушыларды көтермелеу жүйесін әзірлеуге және іске асыруға қатысуға;
- 5) білім беру ұйымы білім алушыларының өтініштері мен шағымдарын қарауға және талқылауға қатысуға;
- 6) белгіленген тәртіппен білім беру мекемесінің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарынан парламенттің қызметіне қажетті ақпаратты сұрату және алу;
- 7) білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін наразылықтың заңды нысандарын анықтау және пайдалану;
- 8) білім беру ұйымдарының оқудан тыс іс-шараларын жоспарлауға, дайындауға, жүргізуге және талдауға тікелей қатысуға;
- 9) білім беру ұйымдарында құрылатын клубтардың жұмысына қатысуға құқылы.

Міндеті:

- 1) білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талапшылдығын арттыруға, білім беру ұйымдарының мүлкіне ұқыпты қарауға тәрбиелеуге, оқу корпусарында және студенттік жатақханаларда оқу тәртібі мен құқықтық тәртіпті нығайтуға, білім алушылардың азаматтық сана-сезімін арттыруға, борыш пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеуге бағытталған жұмыс жүргізуге;
- 2) білім беру ұйымдарының Жарғысын және ішкі тәртіп қағидаларын орындау бойынша білім алушылармен жұмыс жүргізуге;
- 3) оқудан тыс қызметті ұйымдастыру мәселелерінде білім беру ұйымының басшылығына көмектесуге;
- 4) Парламентке түсетін білім алушылардың барлық өтініштері мен арыздарын белгіленген тәртіппен уақтылы қарауға;
- 5) Парламенттің оқу жылына арналған ережесі мен қызмет жоспарына сәйкес жұмыс жүргізуге;
- 6) білім алушылардың әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдауға;
- 7) қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға, сондай-ақ білім алушылардың оқуы мен демалуы үшін жағдайлар жасауға көмек көрсетуге;

8) білім беру ұйымы, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, өзге де ұйымдар басшылығының алдында білім алушылардың мүдделерін білдіруге және қорғауға құқылы;

9) білім беру ұйымының басшылығын өз қызметі туралы хабардар етуге міндетті.

Парламент қызметін қамтамасыз ету:

Білім беру ұйымының басшылығы Парламент қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайлар жасайды, бөлмелерді (кабинеттерді), байланыс құралдарын, ұйымдастыру техникасын және басқа да қажетті материалдарды өтеусіз пайдалануға береді.

Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жоспарлау

Мақсаты: Білім алушылардың ұсыныс пікірлері бойынша оқушыларға керекті сұраныстарын қанағаттандыратын жұмыс жоспарын түзіп жүргізу.

Барлық мектептерде сақталған бұрынғы жүйе және оқушылар ұсыныстары бойынша жанартылған жүйе бойынша құрылады.

Өзін-өзі басқару ұйымының атқаратын жұмыстары:

- Интеллектуалды сайыстар өткізу;
- Мереке күндерін өткізу;
- Мектепшілік газет-журналдар шығару;
- Іс-шараларға жауапкершілікпен қатынасу;

Өзін-өзі басқару ұйымының атқаратын жұмыстары:

- Оқушылардың білім мен тәрбиеге байланысты бейне баяндар түсіруге тарту және оны мектептің “Facebook”, “Telegram Web”, “WhatsApp” әлеуметтік желісінде жариялау;
- Мектеп әкімшілігіне білім алушылардың сыныптар бойынша ұсыныс пікірлерін дайындау;
- Білім алушылар арасында мән мағыналы “Хабарламалар”, “Үндеу парақтарын” тарату және “Еріктілер” тобы арқылы мектептегі іс-шараларға оқушыларды тарту;
- Мектепшілік пәндік олимпиадалар мен байқаулар түрлі сайыстар ұйымдастыру және жеңімпаздарды мектеп директорының марапатына ұсыну.

Негізгі міндеттері:

1. Мектепте оқушының еркін сезініп іс-шараларды өздерінің ұйымдастыруына қол жеткізу
2. Мектеп әкімшілігінің жекелеген оқушыларды немесе сыныпты қабылдау “Сұхбаттасу”, “Әңгімелесу”, “Пікірлерін тыңдау”, “Сұраққа жауап” күндерінің кестесін ұйымдастыру
3. Оқу тәрбие ісіне байланысты оқушылардың ұсынысы бойынша мектеп әкімшілігіне тікелей ұсыныстар дайындау
4. Оқу тәрбие ісіне байланысты тәрбиелік мағына беретін бейне роликтер түсіріп оны мектептің чаттарында және әлеуметтік желілерде жариялау

5. Мектепте “Еріктілер” тобын құру және осы топ арқылы жұмыстарды жүргізу
6. Оқушыларды мектеп директорының марапатына ұсыну кезінде өзін-өзі басқару ұйымының ұсыныстарын беру.

Өзін – өзі басқару ұйымының жоспарын құру бойынша білім алушылардың ұсыныс пікірлерін білу мақсатында сыныптарға таратқан “Кері байланыс” парақтары. Ұйымының жоспарын түзу кезінде жалпы мектеп оқушыларының пікірімен санасу және сыныптардың ұсыныстарын жоспарға енгізу болып табылады. Оқушылар пікірін ескеру арқылы олардың мектеп өміріне үлес қосуын жалпы сыныптардың ортақ ойда бірігуіне жол ашу, білім алушылардың ұжымдық ынтымақтастығын арттыру мақсатында.

Өзін – өзі басқару ұйымының сайлануы және оның алғашқы құжаттарының рәсімделуі бойынша мектеп құзыреті болып саналады.

1. Білім алушылар арасынан ұсынған бағдарламалары бойынша “Сайлау” тәртібі жұмыстарының жүруін ұйымдастырады;
2. Сайлау тәртібін әлеуметтік желіде онлайн немесе ашық не жабық бетпе-бет дауыс беру арқылы жүргізеді;
3. Мектеп өзін – өзі басқару ұйымын сайлау бойынша бұйрық шығарады;
4. Сайланған үміткерлердің хаттамадағы қаулысы негізінде үміткерлер тізімін бекітеді;
5. Сайланған ұйымға жауапты жетекші бекітеді.

Өзін – өзі басқару ұйымының білім алушылар арасында ұйымдастырып “Facebook” желісінен жүктелген жұмыстары:

жұмыстарды ұйымдастыру барысында “Хабарлама” парақтары немесе мектеп оқушыларының ортақ “WhatsApp” чатында алдын ала ескерту, хабарлау жұмыстары жүргізіліп әрбір сыныптардағы “Жас еріктілер” арқылы іске асады. Өзін –өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен сыныптар бойынша тәрбиеге байланысты бейне баяны «Еріктілер» тобының жұмысы бойынша “Facebook”, “WhatsApp” әлеуметтік желісінде жарияланады.

Қорыта айтқанда мектеп өміріндегі барлық қоғамдық жұмыстарға белсене араласу, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлға болып, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы, рухы мықты тәуелсіз елдің ұлтжанды патриоты болып, шығармашыл, белсенді ұрпақ тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында «Мектеп студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасы
- 2.«Отбасы құндылықтары»-ғаламтор материалдары 2012ж
- 3.«Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы. 2017ж

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

*Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы,
«Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта мектеп»
мемлекеттік коммуналдық мекемесінің
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Жанысбаева Лаззат Ондыбайқызы*

Буллинг-адам психологиясын бұзып, күйзеліске, жан дағдысына әкелетін әрекет. Бұл проблеманың алдын-алу үшін қоғамның барлық мүшесі үнсіз қалмауы қажет. Осыны ұғынып, аталған мәселенің бар екенін қоғамға сіңірген кезде ғана балалардың болашағы кемел болмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау жөніндегі заңнамалық шараларды қабылдайтын кез келді. Балалар құқығын қорғау жөніндегі басқа да шараларды күшейту керек» деген болатын.

Бүгінде балалар мен жасөспірімдер, тіпті ересек адамдар арасында буллинг яғни кемсіту, шеттету, қорлау жағдайлары аз кездеспейді. Өкінішке орай, қазіргі кезде қоғамның көзқарасы біржақты болып келеді. Ата-аналар мен ұстаздардың көпшілігі буллингі қалыпты ахуал санап, оқушының психологиялық, физикалық саулығына мән бермей жатады. Оның соңы қылмысқа, суицидке апарып соғуы мүмкін. Сондықтан қазірден бастап проблема жөнінде дұрыс ақпарат берудің маңызы зор.

Әрине, ұстаз жүгі-ауыр жүк. Ендеше әрбір оқушыға деген қамқорлықты, жауапкершілікті сезіне отырып, оқушының өз өмірінде өз жолын адаспай табуы үшін жасаған еңбегімді ұсынып отырмын.

«Жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесі және оның алдын алу»

Мақсаты:

Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллинг түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту.

Міндеттері:

- әлеуметтік әл-ауқатты жақсартуға жәрдемдесу;
- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру;
- психотравматикалық және әлеуметтік қауіпті жағдайды жою;
- нашақорлық, есірткі және алкогольді теріс пайдалану қаупін азайту;
- дербестік пен әлеуметтік құзыреттілікті дамыту және қалыптастыру;
- өзіне және басқалармен қарым-қатынасына деген көзқарасты өзгерту.

Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда қорлау, қудалау, мазалау дегенді білдіреді. Буллинг (bullying) «қорқыту»-жасөспірімдік ортаның атмосферасы оқушылардың оқу жоспарының дамуына да, жалпы оқу

үлгеріміне де, оқу мотивациясына да, т.б. әсер етеді. Балалардың қарым-қатынасқа қанағаттануы, оқшауланған», «шашылғандардың» болмауы мұғалімнің тәрбиелік күш-жігерінің табыстылығының тікелей көрсеткіші. Жасөспірімдік орта әрқашан қолайлы бола бермейді, онда жасөспірімдердің психикалық дамуына кері әсер ететін факторлар бар. Осы факторлардың бірі – буллинг қорқыту, қорлау.

Қорқыту (сыныптастардың, құрбыларының қорлауы) әлеуметтік құбылыс, онсыз бірде-бір балалар ұжымы құрылмайды. Кез келген ұжымда басшы, «орташа шаруалар» және «әлсіз буын» – келемежге айналатын адам болады. Егер қандай да бір себептермен бала жалпы ұжымнан шығып кетсе, жақын жерде оның есебінен өзін растағысы келетін адам міндетті түрде болады.

Жасөспірімдік шақта қорқыту көбінесе жасөспірімдердің пассивтілігінен болады.

Буллингтің алғы шарттары:

- қызғаныш, өз амбициясын қанағаттандыру, ойын-сауық, өзін-өзі растау үшін құрбанды қорлауға ұмтылу;
- біреуді бағындыруға, басқаруға ұмтылу;
- жәбірленушіні құрбан ету.

Жасөспірімдер ұжымындағы қорлаудың салдары ең өкінішті болуы мүмкін. Бала өзін сәтсіз деп санауға дағдыланады және әдетте өмірде табысқа жете алмайды. Ұжымда коммуникативті дағдылардың болмауы оны бей-жай және тұйық етеді. Мұндай адамдар эмоционалды тұрақсыз, кейде психикалық тұрақсыз болады.

Буллинг – бұл жасырын процесс. Оның бар екенін бәрі біледі, онымен бетпе-бет келгенде, бәрі бірдеңе жасауға тырысады. Дегенмен, қорқытатын жігіттердің күн сайын қаншалықты азап шегетінін ешкім білмейді. Психикалық және физикалық кемістігі бар оқушылар қорқытудың құрбаны болады. Өз-өзіне қол жұмсау, тіпті кісі өлтіру де сирек емес.

«Қорқыту» терминінің артында психологиялық (және төтенше жағдайларда физикалық) шабуылдармен, қорлаумен және елемеумен жүретін әлеуметтік топтың басқа мүшелерінің адамды қабылдамау, байқамау жатыр. Себебі, жасөспірімдер арасындағы қорқыту жиі кездесетін құбылыс. Оның алдын алу, жанжалды шешу және оның салдарын жою үшін баланың қоршаған ортасының жақсы үйлестірілген өзара әрекеттесуі қажет.

Өз сыныбымда буллинг орын алмаған себебі мен үнемі барлық болып жатқан оқиға мен мән жайды жетік меңгеріп бақылауда ұстап отыруды кеңес беремін.

Қорқытудың алдын алудың психологиялық-педагогикалық аспектілері:

Қорқыту жағдайын және оның салдарын анықтау үшін ақпарат жинау қажет. Жәбірленушіден, жәбірленушіге қиянат жасауға ықтимал қатысушылардан және куәлардан жауап алынады. Алынған ақпарат мұқият талданады. Талдау нәтижесінде келесі аспектілер нақтыланады:

Агрессорлардың түрлері:

Ұл бала қызға қарағанда нигилист болып табылады. Бұл әрине логикалық тұрғыдан орынды. Себебі, патологиялық эмоционалдылық - оның ерекшелігі болып табылады. Өзін ғана естиді, өз пікірімен ғана санасады. Басқалар үшін мысқыл және қорлайтын лақап аттар ойлап табады.

Компенсатор – білім мен оқу қабілетінің жетіспеушілігі күштің, өтіріктің, дөрекіліктің көрінісін толтырады. Әлсіз және қорғансыздарды қорлауды ұнатады. Өзіне келтірілген ренішті көпке дейін есіне алады, үнемі кек алуға тырысады. Мұндай бұзақылықпен күресудің жалғыз жолы – ұжымның қолдауына ие болу. Жәбірленушіні басқалар қолдайтынын түсінген бойда оның агрессиясының қарқындылығы төмендейді.

Шемер – интеллект дамыған қатыгез жеткіншек. Ол шетте қалып, сыныптастарын бір-біріне қарсы итеріп, басқаларды манипуляциялауды ұнатады. Мұндай бұзақымен кез келген уақытта шынайы қарым-қатынас кенеттен және өте ауыр соққыға айналуы мүмкін.

Сыныпта қорлаудың орын алынып жатқанын көрсететін аспектілер:

қорлаудың ақиқаттығы;

оның ұзақтығы;

сипаты (физикалық, психологиялық, аралас);

Негізгі көріністері тұлғалар

қатысушылар (бастамашылар мен орындаушылар);

олардың мотивациясы;

куәгерлер және олардың болып жатқан жағдайға қатынасы;

жәбірленушінің (жәбірленушінің) мінез-құлқы;

болып жатқан жағдайдың динамикасы.

Бірінші қадам - мәселе бар екенін мойындау және оның ауқымын түсіну. Екіншіден - мәселені анықтау (оның мәні, ауырлығы, пайда болу жиілігі, ұзақтығы, жәбірленушінің, қатысушылардың, куәлардың жағдайы). Қылмыскерлердің агрессивті ниеттері мен жәбірленушінің жағдайы бақыланады. Іс-шаралар жоспары әзірленуде.

Үшінші кезеңде әзірленген жоспар жүзеге асырылуды бақылау.

Екіншілік профилактика жасөспірімдердегі қорқытудың патологиялық салдарын уақтылы анықтауға және білікті кешенді көмек көрсетуге дейін қысқарады.

Үшіншілік профилактика қорқыту салдарының ауыр түрлері бар балалар мен жасөспірімдерді оңалтуды қамтиды. Жедел психоз және суицидтік мінез-құлық шұғыл госпитализацияның себебі болып табылады. Ауыр психикалық бұзылулардың белгілерін анықтаған кезде ата-аналарды баланы психиатрмен кеңесуге шұғыл түрде сендіру керек.

Кім бұзақыға айналады?

Бүлдіршіндер көбінесе тыйымсыз өсетін, ата-ана билігінің не екенін білмейтін балаларға айналады. Сонымен қатар, оларға үлкендердің назары мен құрметі шынымен жетіспейді. Бұл сезімдерді аңсау агрессияны тудырады, ол біраз уақытқа басылады: бала оны ата-анасына тастай алмайды. Содан кейін ол

қолайлы нысанды іздей бастайды. Қатаң ережелері бар мектепте, өзара сыйластық атмосферасында мұндай оқушы әдетте мінез-құлықты бақылайды. Бірақ өз күші мен күшін жазасыз қолдану мүмкіндігімен оның көздері жарқырайды. Бұзақылардың көпшілігі айқын нарциссистік қасиеттері бар балалар. Олар өзін-өзі бағалаудың ішкі сезімсіз өседі, сондықтан олар үнемі басқа адамдардың есебінен өздерін растауға мәжбүр.

Балаңыздағы нарциссистикалық қасиеттерді қалай тануға болады?

Өзімшілдік, кез келген жағдайда жақсылыққа жетуге деген ұмтылыс, әдетте, 5 жасында байқалады. Мысалы, бала үстелдің ең жақсы бөлігін алады және оны тыныш және сенімді түрде жасайды. Өкінішке орай, сыртқы табыспен тұтынуға бағытталған қоғамда баланың барлық нәрседе бірінші болуға ұмтылуы көптеген ата-аналар үшін мақтанышқа себеп болады. Сонымен қатар, ата-аналар көбінесе балалары сияқты нарциссист болып табылады. Олар оны қатты жазалай алады, бірақ ол келесі құрбанға зұлымдық жасайды.

Агрессорлардың шамамен 50% -ы бір уақытта – өз отбасында немесе басқа ұжымда құрбан болады.

Егер қорқыту көріністері дер кезінде тоқтатылмаса, уақыт өте келе олар қауіпті бола бастайды. Зорлық-зомбылық оқиғаларына қоғамдастықтың әрекеті мәселені шешудің маңызды аспектісі болып табылады.

Қорқыту мәселесін бірден және біржола жою мүмкін емес. Дегенмен, егер білім беру үдерісінің барлық қатысушылары онымен тығыз және байыппен айналысса, онда көптеген қақтығыстардан аулақ болу ықтималдығы жоғары.

Қорқытудың алдын алудың мәнін ашатын негізгі сөздер: алдын алу, алдын алу, ескерту, жою және бақылау. Профилактикалық жұмыс оқушының өмірі мен мінез-құлқының сапасын жақсартатын арнайы педагогикалық және тәрбиелік шараларды қолдану арқылы оның әлеуметтік, отбасылық, жеке жағдайын өзгертуді көздейді.

Бұзақылықтың алдын алу мақсаттары:

Мұғалімдерді қиын балалармен жұмыс істеуге үйрету;

Әлеуметтік әл-ауқатты жақсартуға жәрдемдесу;

Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру;

Психотравматикалық және әлеуметтік қауіпті жағдайды жою;

Нашақорлық, есірткі және алкогольді теріс пайдалану қаупін азайту;

Дербестік пен әлеуметтік құзыреттілікті дамыту және қалыптастыру;

Өзіне және басқалармен қарым-қатынасына деген көзқарасты өзгерту.

алдын алу шараларын бір жүйеге біріктіру білім беру ұйымында қауіпсіз психологиялық кеңістік құруға мүмкіндік береді. Негізінен шаралар әрбір оқушының жеке көзқарасын қалыптастыруға, сондай-ақ қорқытуға қарсы ережелер мен нормаларды енгізуге бағытталған.

Қорыта келе, буллинг мәселесі бұл қазіргі таңдағы дереу шешім қажет ететін проблема екенін айтуға болады. Әсіресе, кемсітулердің кесірінен елімізде өткен жылдары мыңға жуық жасөспірім өзіне-өзі қол жұмсап, өмірден баз кешкенін ескерсек. Әрине, қазір жасөспірімдер арасындағы буллингті жою

үшін мемлекет тарапынан көптеген жұмыстар жүргізіліп жатқаны рас. Сынып жетекші ретінде сыныптағы ұжымды ауызбіршілік пен достық атмосферасын ұйымдастыра отырып, жүйелі түрде өтілген сынып сағаттары мен қатысқан мәдени іс- шараларды ұсынбақпын. Себебі, үйірмелер мен топтық мәдени шаралар балалардың бір- бірімен жақыннан араласуына, достық сезімдерінің артуына ықпал жасайды.

Сыныпта орын алған оң атмосфераның нәтижесінен сыныптың білім сапасы да жоғарылады. Демек, бұл сыныптың тәрбие деңгейінің дұрыс қалыптасқандығын көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Абрамова А.А. Депрессиялық бұзылыстардағы агрессивтілік: Дипломдық жұмыстың аннотациясы. дис. қант. психол. Ғылымдар. М., 2010 ж.
2. Агрессия және психикалық денсаулық / Т.Б.Дмитриева, Б.В.Шостакович (ред.). Мәскеу: Заң орталығы баспасөзі, 2013 ж.
3. Балалар мен жасөспірімдердегі агрессия: Оқу құралы / Ред. Платонова Н.М. Санкт-Петербург: Сөйлеу, 2016. Альворд М., Бейкер П.
4. Дубинко Н.А. Агрессия жағдайлары мен қозғаушы факторлары мәселесі туралы // Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. 2000. № 4. С. 85–92. Дубинко Н.А. Балалық шақтағы агрессивтіліктің көрінісіне когнитивті процестердің әсері // Психология сұрақтары. 2000. № 1. С. 53–58.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

Кентау қаласы, Ататүрік атындағы №4 мектеп-лицейі, Жетпісбаев Абзал Пернеханұлы. ДТЖО

Қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлінген. Елді келешекте дамытушы да, ілгері апарушы да-балалар, яғни бүгінгі ұрпақ-ертеңгі елдің болашағы.

Жүсіпбек Аймауытов «Тәрбие» деген еңбегінде: «Рим империясын атақты, күшті қылған не?! Тәрбие! Ескендірді данышпан хәкім қылған кім?! Аристотельдің тәрбиесі! Неронды залым қылған кім?! Сенеканың қате тәрбиесі! Неміс жұртының адал, еңбекқорлығы неден?! Тәрбиенің қуаты. Адамды бұзатын да, түзейтін де тәрбие» - деп атап көрсеткен.

Ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып, өмір сынынан өткен, бүгінгі күнге жеткен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер негізінде тәлім-тәрбие үлгілері қалыптасқан. Ұрпақ жалғастығымен адамзат баласы мың жылдар жасап келеді, сәт сайын өзгеріп, өрлей дамыған саналы

тірлік жалғасуда. «Әр тәрбиенің қолданатын жолы – ұлт тәрбиесі, әрбір ұлттың бала тәрбиесінде ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан сара жол болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті» - деп, М.Жұмабаев педагогика оқулығында айтып өткендей, қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарына негізделген ұлттық құндылықтарымызды дәріптейтін тәрбие үдерісін жалғастыра отырып, бала бойында азаматтық және ұлттық құндылықтарымызды дарыту маңызды мәселе.

Біздің қазақ халқы қанға сіңген табиғатында көпшілдік, дарқандылық, кеңдік сияқты қасиеттермен ерекшеленеді, балаға, жас буынға талбесіктен бастап адамгершілік, адалдық, әділдік, намысты болу, беделділік, әдептілік ұят деген адами құндылықтарды үйретіп, тәрбиелеген.

Тұлға мәдениетінің негізі оның жалпы адамзаттық құндылықтарға қатынасынан көрінеді. «Құндылық» термині болмыстың белгілі құбылыстарының адами, әлеуметтік және мәдени мән-мағынасын білдіру үшін қолданылады.

Білім алушылардың құндылық бағдарларын қалыптастыру көптеген факторларға байланысты күрделі, ұзақ процесс. Бұл жағдайда білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің қазіргі жағдайына тән мазмұны әлеуметтік сұранысқа ие құндылықтар, мінез-құлық тәжірибесінің дәстүрлері тұрғысынан жаңартуға бағытталуы керек. Білім беру ұйымы – мәдениет әлемімен модельденетін үй. Бұл үйге білім алушылар тек оқуға ғана емес, өмір сүруге, белгілі бір мәдени кеңістікті құруға, оны игеруге келеді. Тәрбие мазмұнының негізінде жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар құруы тиіс.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес, оқушылардың денсаулығының барлық аспектілері бойынша (адамгершіліктік, физикалық, психологиялық, әлеуметтік) жүйелі төмендеуі байқалады: кәмелетке толмағандардың арасындағы қылмыстың өсуі; ішімдік ішу, темекі шегу, есірткі тарту қиянаты; өз өзіне қол жұмсау жағдайларының көбеюі; жыныстық қатынасқа ерте түсу; түрлі бағыттағы діни көзқарастың көбеюі және басқалар.

ЮНИСЕФ-тің зерттеуінің деректері бойынша, Қазақстанда оқушылардың үштен екісі оқушылардың немесе мұғалімдердің тарапынан зорлық-зомбылыққа тап болғанын немесе оған куә болған. Ішкі істер органдарының есебінде жыл сайын 7 мыңға жуық кәмелетке толмағандар және жағдайы төмен 10 мың отбасы тіркеледі. 3 мыңнан астам бала қылмыстық құқық бұзушылық жасайды. Жыл сайын балаларға қатысты 2 мыңнан аса қылмыс жасалса, 2,5 мыңға жуық кәмелетке толмаған бала құрбан болды. Балалардың өз-өзіне қол жұмсауының өсуі сақталып отыр, жылына 200-ге тарта.

Жоғарыда келтірілген деректер Қазақстан оқушыларына тәрбие беру жүйесіндегі қауіпті, алаңдатарлық статистиканың бірнеше мысалын ғана қамтиды. Тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес, жақын болашақта ұлттың денсаулығына, оның зияткерлік әлеуетіне, бәсекеге

қабілеттілігіне және жалпы елдің ұлттық қауіпсіздігіне әсер етпей қоймайды. Сондықтан, білім беру ұйымдарында ұзақ жылдар бойы қалыптасқан кемшіліктерді жеңетін жаңа тәжірибе қажеттілігі туындайды.

ҚҰНДЫЛЫҚ ДЕГЕН НЕ? – біздің ойымыз бен мінез-құлқымызды басшылыққа алатын принцип.

Құндылыққа бағытталған тәрбиенің мақсаты жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, заманауи білімдерді меңгерген, бәсекеге қабілетті, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Құндылыққа бағытталған тәрбиенің бағдарламаларын жүзеге асыруда 12 жоба құрастырылған.

1. «Мектептің өзін-өзі басқаруы»;
2. «Дебат» қозғалысы;
3. «Оқуға құштар мектеп»;
4. «Отбасы – мектеп»;
5. «Құқықтық сана – қауымға пана»;
6. «Дәстүр мен ғұрып»;
7. «Еңбек – елдің мұраты»;
8. «Үнем – қоғам қуаты»;
9. «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет»
- 10.«Қоғамға қызмет»;
- 11.«Музей сабақтары»;
- 12.«Театр сабақтары» жобасы.

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады.

Кентау қаласы, Ататүрік атындағы №4 мектеп-лицейінде құндылықтарға бағытталған тәрбие жұмысының бағдарламасына және «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес, кітап оқуға, сахна мәдениетін қалыптастыруға, ұлтын құрметтеп, мақтан тұтуға, өзін-өзі қоршаған ортада ұстай білуге, еңбектену, мен жақсылық пен жамандықты айыра білуге үйрету мақсатында және 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулықта көрстілген арнайы жобаларды жүзеге асыру «Театрдың ғажайып әлемі» тақырыбында ұйымдастырылады.

Жобаның мақсаты:

1. Ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, тұлғаны патриотизмге, Отанына адал қызмет етуге және оның мүдделерін қорғауға тәрбиелеу;
2. Оқушыларды кітап оқуға көптеп тарту;
3. Білім алушыларды еңбекқорлыққа жетелей отырып, ерте бастан экологиялық тәрбие беру;

4. Білім алушылардың да, ұжымның да табыстылығын және денсаулығы мен жан-жақты жетілуін қамтамасыз ету үшін, мектептің эмоционалды ахуалын жақсарту, білім беру ортасын дамыту;
5. Оқу-тәрбие процесінде ата-аналардың қатысу рөлін арттыру;

Жобаның орындалуы: оқыған кітаптары бойынша әр сынып сахналық қойылым жасайды.

Қойылым келесі талаптарды сақтау керек:

1. Қойылым «Оқуға құштар» жобасы аясында оқуға міндетті шығармалар желісі бойынша орындалады.
2. Сахналанатын шығарма патриотизмді насихаттайтын, Қазақстанды мақтан ететін, патриоттық рухты шақыратын немесе «Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасына сай табиғатты қорғау мен білімге адамгершілікке шақыратын мазмұнда болуы қажет.
3. Барлық сынып оқушылары қатысу – барлығы бірдей еңбектенуі міндетті. «Отбасы – мектеп» жобасын қоса отырып ата-аналар оқушыларды дайындауда бағыт-бағдар беруші немесе қосалқы ролдерге қатыстырылады.
4. Шығарманың мазмұнына ұлттық дәстүр мен ғұрып кіріктіріледі немесе шығармаға сай ұлттық мақал-мәтелдер мен даналық сөздер айтылады.
5. Қойылым соңында барлық оқушы шығарманың мәнін сипаттап, мағанасын қысқаша айтып беріп, түйін сөз дайындау қажет.

Жобадан күтілетін нәтижелер:

1. Оқушылардың дүниетанымы артады;
2. Кітап оқуға деген қызығушылық туады;
3. Оқушының отанға деген сүйіспеншілігі қалыптасады;
4. Табиғатты қорғау мен таза ұстау туралы ой түйеді;
5. Сөз сөйлеу мәдениеті дамиды;
6. Ойын жеткізуге үйренеді;
7. Ұлттық дәстүрлерді біліп, оларды құрметтейді;
8. Салауатты өмір салтын ұстанып, жаман әдеттерден аулақ болады;
9. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете біледі;
10. Ата-аналардың мектепке көзқарасы өзгеріп, бала тәрбиесіне араласуа артады.
11. Барлық мектеп оқушылары қойылымды тамашалайтындықтан бүкіл мектеп қамтылады және шығарманы оқуға деген қызығушылық көптеген оқушыларда туындайды.

Жоғарыда баяндалған жоба бойынша мектепте Ы.Алтынсариннің, Б.Сапарбаевтың, А.Құнанбайұлының, А.Байтұрсыновтың және тағы да басқа тұлғаларының шығармаларынан сахналық қойылымдар ұйымдастырылды. Шығарманы тандауда оқушылардың жас ерекшелігі, сыныптың, мектептің мүмкіндіктері ескеріліп отырады.

Мысалы, Б.Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасын сахналау арқылы Қожаның ерсі қылықтары мен адалдығына, Жантастың сатқындығына, Жанардың нәзіктігі мен жан сұлулығына баға берсе, Абайдың шығармаларынан адалдық пен адамдықты үйренді. Асан мен Үсен шығармасынан еңбекті үйренсе, Әке мен бала әңгімесінен үлкенге құрмет пен ысырапсыз өмірді білді. Батырларды сомдау арқылы – ерлікке тәрбиеленді. Осыны жасаған баланың ойында адамзаттық құндылықтар мәңгі сақталып, өскенде өміріне қажетті сабақ болары сөзсіз.

Жоба нәтижесінде:

1. Әр сыныпта оқушылардың кітапханаға баруы артты.
Бастауыш сыныптарда 10-12-ден 20-24-ке;
Орта буын оқушыларында(6-8 сыныптар) 7-8-ден 18-20-ға;
Жоғарғы буын оқушыларында(9-11 сыныптарда) 5-6-дан 14-15 оқушыға дейін.
2. Іс-шараға қатысатын оқушылардың пайызы әр сыныпта 50 пайызан 80-100 пайызға дейін.
3. Ата-аналардың мектеп өміріне араласуы 20-30 пайыздан 50-60 пайызға дейін.
4. Мектеп ортасының жайлылығы, оқушылардың бірін-бірі тыңдау және мұғалімдермен ара-қатынас деңгейі артты.

Мағжанның сөзімен айтқанда біздің мақсатымыз баланы тәрбиешінің дәл өзіндей қылып шығару емес. Келешек өз заманына лайық қылып шығару.

Ұлт болып қаламыз десек – ұлттық кодымызды, ұлттық құндылықтарымызды келер ұрпақтың санасына өшпестей етіп қалдырайық.

Пайдаланылған әдебиеттер мен әдістемелік құралдар

1. Білім алушыларды тәрбиелеуде құндылыққа бағытталған тәсілді жүзеге асыру бағдарламасы. Бағдарлама. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021. – 567 б.

2. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫН ӨТКІЗУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

*Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
Б.Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебінің
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Исаева Закура Амирхановна*

Бала тәрбиесі – негізінен күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселелердің бірі, басты тақырып. Тәрбиенің қайнар көзі отбасынан басталады. Отбасы алғашқы адам баласының алтын ұясы, алтын бесігі. Отбасындағы бас ұстаз ата-ана болып саналады. Дүние есігін ашқан әрбір перзент ата-ана үшін зор қуаныш, үлкен бақыт. Ата-ана сол үшін өмір сүреді, әлдилеп әлпештеп, мәпелеп өсіреді, ел санатына қосады. Бала тәрбиелеуде ата-ананың жауапкершілігі күшті болуы тиіс. Жас ұрпақтарға тәлім-тәрбие беруде, өнегелі өсиет сөздер айтуда, бойындағы бар жақсылық ізгі қасиеттерді үйретуде, адамгершілікке, адалдыққа, имандылыққа баулуда, білім нәрін себуде. Ата-ана бар ақылын перзентіне айтады, ұстаз шәкіртіне айтады. Қазақ халқының даналығында адам ұрпағымен мың жасайды деген нақыл бар. Бұл адамзат еншісіне тиесілі. Адамның бір қызығы бала деген деп Абай атамыз айтқандай бала адамның да, өмірдің де қызығы. Бала – өмірдің жалғасы, халықтың мұрагері. Елбасымыз Н.Назарбаев «Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпы адамзаттың қадір-қасиетін, мән-мағынасын түсінетін, жаны да, тәні де таза білімді патриот азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз» деп айтқан еді.

Бала тәрбиесі қай заманның болсын зерделі зиялылығын талассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсірген ізгі мұрат екені даусыз. Тәрбиенің тамаша мектебі – отбасы деген негізгі қағиданы әрдайым дұрыс ұстану керек. Сондықтан да оларды салауатты өмір салтына қарай тәрбиелеу, олардың бойына салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрыптарымызды, ұлттық тәрбиемізді сіңіруде ата-ананың ролі ерекше болуға тиіс. Перзентіне үнемі ақыл-кеңестерін айтып, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді, адал болуды, жаман нәрселерге жоламауды, ұстамды болуды, білім іздеуді, білгенін үйретіп тұруды үнемі назарда ұстау қажет. Өйткені жастарымыз – біздің болашағымыз, келешегіміз. Ертеңгі күні мемлекет тұтқасын ұстайтын, елімізге ие болатын, жерімізге байлығымызға қожа болатын ұрпағымыз.

Елбасымыз ұлттық тәлім-тәрбиеге жіті көңіл бөлді. Ұмыт қалған ұлттық дәстүрімізді қайта қалпына келтіру, тарих қойнауында елеусіз жатқан қазақылық тәрбиемізді жандандыру мәселесін көтерген. Сол жолдаудың арқасында елімізде көптеген қоғамдық ұйымдар пайда болды. Жұмыс бағыттары белгіленіп, халық арасында үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Б.Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектептің ата-аналар ұйымы, жастар арасында ұрлықтың, топтық төбелестің, бұзақылықтың алдын алу мақсатында

мектептерде, мешіттерде, қоғамдық орындарда, қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, ата-аналар ұйымының мүшелері тәрбиелік маңызы бар әңгімелер өткізіп тұрады. Бұл орайда біздің ата-аналар ұйымының мүшелері тыс қалған жоқ. Жиі-жиі ата-аналар жиналысын өткізіп, тәрбие мәселесіне өз үлестерін қосып, ағалық, аталық кеңестерін айтудан жалықпайды.

Керісінше ата-аналар бала тәрбиесіне онша мән бермеуде. Жалпы қазір бетқақпай көрмеген, ұрпақтың қалауын жасау жолында ата-аналар барын салуда. Ата-аналарымыз көбінесе тәрбиенің өтеуін тұрмыстық қажеттілікпен толтырып жатқан сияқты. Айтатыны баламыз қатарынан кем болмай өссін деген пейілі себеп. Баланың көңіл қалауын жықпастан, әп-сәтте ойланбастан жүзеге асырып тастайды. Ақша қажет пе – алақанында, компьютер керек пе – алдында, телефон болса қолында. Тәрбиеден гөрі ақшаға, тәлімнен гөрі – компьютерге, ұлағаттан гөрі – телефонға, ата-анадан гөрі теледидарға алданған, баланың санасы уланған жастарымыз өсіп келеді. Міне осыдан келіп жансыз дене, жан баласының етін өлтіріп барады. Рақымсыз, қайырсыз, қатігездік басым қасиеттер ұрпақ бойын күн өткен сайын шырмауда. Бұл кімнің айыбы? Әлбетте ата-ананың.

Әрине, барлық ата-аналарға топырақ шашудан аулақпыз. Мектептегі тәрбиемен мұғалімдер шұғылданса, үйдегі, мектептен тыс жерлердегі бала тәрбиесіне ата-ана жауапты болуға тиіс. Өйткені перзент ата-ана үшін өмірдің гүлі, тіршіліктің күні, ұрпақтың үні, көздің нұры, көңілдің қуанышы, ата-ананың жұбанышы, өкпе-бауыры, жүрек-қан тамыры, артта қалар ошпес-сөнбес шырағы, бұтақ-тұрағы, үрім-бұтағы, өмірінің жалғасы, пенде ғұмырының өлшемі, ұрпақ мұрагері.

Бұл күнде бала тәрбиесіне қоғам болып атсалысуды ұмытып, бар жауапкершілікті мұғалім мен тәрбиешінің мойнына артып қойдық. Ұлағатты деген ұлы тіркесті тек сөз жүзінде ғана қалдырып, іс жүзіне келгенде ұстаздың тұлғалық болмысына жете алмай келеміз. Бір әріп үйреткенге қырық жыл сәлем берген халықты бүгін осы күйге жеткізген не нәрсе?! Мәселенің бір ұшы бұрындары тығыз қарым-қатынаста болған үштік одақтың ыдырағанына кеп тіреледі. Сөздің шындығы, бұл күнде ата-аналар жұмысты басты орынға қойған. Баланың басты қажеттілігі білім емес, қаражат тәрізді. Материалдық, тұрмыстық қажеттіліктің көлеңкесінде қалып қойған рухани азық жарыққа шықса, әрбір баланың шолпан жұлдыздай жарқырайтыны анық. Біздің мақсат – бір, сол баланың жарқырауына мүмкіндік беріп, қолдау жасау.

Білім саласына енген тың жаңалықтар мен жаңа реформаларға байланысты мұғалім мен тәрбиешінің жауапкершілігі күн санап артып келеді. Тәрбиешінің де, мұғалімнің де, ата-ананың да илегені бір терінің пұшпағы болғанда ғана бала толыққанды тәрбиенің бал бұлағынан қанып ішеді һәм білім аламанында аты оза шабар тұлға болады. Ата-ана өзінің ұсыныс-пікірін, ойын бөлісу мақсатында сауалнама, анкеталық сұрақтарға, ата-аналар жиналысына ұдайы, белсенді түрде қатысса игі. Оған қоса, жыл бойы жүргізілетін жұмысқа орай тәрбиешілерге сын-ескертпе,

ұсыныс-пікірлерін де еркін білдіре алады. Өзекті мәселелерге, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыптарға да ой қосу мүмкіндігі зор.

Ата-аналар жиналысын өткізудің инновациялық түрлері

Қазіргі таңда «ата-аналар жиналысы» деген ұғым әрбір білім алушы мен ата-ана үшін жақсы таныс. Дегенмен қазір ата-аналар жиналысы десе, ата-аналар қуанып қабылдай қоймауы, түрлі сылтаулар айтып қаша бастайды. Ол ата-ананың баласына деген селқостығы ма? әлде, мектептегі жиналыстың өз деңгейінде өтпеуі ме? Деген сұрақ туындайды, осы орайда көп ізденіп, көп ойланып ата-аналар жиналысын жасаудың түрлі инновациялық әдістерін, түрлерін қарастыра бастадық. Мақсат: ата-аналардың жиналысқа қатысуын жандандыру болатын. Сіздерге ата-аналар жиналысын есте қалатындай етіп өткізу үшін бірер кеңес беріп, өзіміз көрген нәтижені ұсынамыз.

Ата-аналар жиналысы не үшін керек?

- Балалар туралы қысқа әрі нақты ақпарат алу үшін;
- Сынып ішімен таныстыру, білім алушылардың қандай кеңістікте білім алатынан көрсету;
- Ата-аналарға балалары туралы толық ақпарат беру. Оның ішінде денсаулығы жайлы, тәртібі, білім сапасы, сөйлеу мәдениеті мен өзін ұстау дағдысын айту үшін;
- Демалыс кезінде бос уақытты тиімді пайдалану үшін пайдалы кеңестер алу үшін;
- Оқушылар арасында орын алған қатыгездікке жол беретін жайттарды айта отырып талқылау, алдын алу үшін;
- Балалардың жетістігі мен шығармашылығы туралы айту үшін;
- Психологиялық тренинг ретінде өткізе отырып, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту үшін;

Жиналысқа дайындалу алгоритмі

- Жиналыстың дұрыс мақсатын қоя білу;
- Негізгі тақырыпты белгілеу, күн тәртібіндегі басты мәселені анықтау;
- Уақыттың тиімділігін пайдалану;
- Ата-аналарға шақырту жасау, сыпайы әрі мәдениетті жүргізуге дайындалу;
- Ата-аналар келген кезде күтіп алу және олардың сырт киімдерін ілуге дейін дайындап қою;
- Ақпараттық материалдарды дайындау;
- Жиналыстың өту барысына қарай арнайы мамандар шақыру;
- Ата-аналардың алдында өзіңізді жақсы жағыңыздан көрсету үшін, өзіңіздің сырт киіміңізге мән беріңіз.

Ата-аналар жиналысын өткізуге арналған шағын жоспар

Жиналыс белгіленген уақытта басталуы керек. Ата-аналарды кешікпеуге үйрету. Жиналыстың өту ұзақтығы – 1 немесе 1,5 сағат.

- Сынып жетекшісінің сөйлеу уақыты – 5 мин.
- Ата-аналарға арналған сауалнама жүргізу – 5-7 минут.

- Тақырып бойынша сөйлеу, ұстаз немесе маман – 10-20 минут.
- Негізгі тақырыпты талдау – 20 минут.
- Әрекеттер немесе тапсырмалар.
- Негізгі нүктелер.
- Ата-аналар қабылдаған шешімдер.
- Ең маңызды сәттерді жазыңыз.
- Болашақ шешімдер.

Ата-аналар жиналысын өткізуге арналған әдіс

- Үстелдерді жинап, орындықтарды шеңбер түрінде орналастыру. Бұл ата-аналардың бір-бірін көріп, танысып отыруына жақсы;
- Ата-аналардың аты жазылған парақша дайындау. Оны бір-біріне беріп танысу бұрышын жасау;
- Ата-аналарды міндетті түрде аты және тегімен атаңыз. «Жанардың анасы» деу сыйластық емес, немесе «ханым, мырза» деп атауға болады;
- Ата-аналармен топтық және жеке дара ойындар ұйымдастыру;
- Жиналыс болатын күнді есептеп барып қою. Сізге де ата-аналарға да ыңғайлы уақытты табу керек;
- Уақытпен жұмыс;
- «Механикалық» және «химиялық» процесстер (сәтсіз отбасы...);
- Командалық жұмыс (отбасы, мектеп, сынып, орта);
- Ұжымдық қозғалыстар (ата-аналар, әжелер мектебі, аналар мектебі, сынып жетекшілер, кеңестері....)
- Жиналысты керемет сөздермен және нәтижелі жағымен аяқтау міндетті.

Ата-аналар жиналысына шақырудың үздік әдістері

Бейне жазба арқылы шақыру (жалпы ата-аналар жиналысы)

- Жеке білім алушының бейне жазбасы арқылы шақыру;
- Жеке білім алушының өз қолымен шақыру хатын жасау арқылы шақыру;
- Сыныппен бірге дайындалған бейне жазба арқылы шақыру;
- Сынып жетекшісінің бейне жазбасы арқылы шақыру;
- Ата-аналар комитетінің бейне жазбасы арқылы шақыру;
- «Әкелер мектебінің» бейне жазбасы арқылы шақыру;
- Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларының бейне жазбасы арқылы шақыру;
- Үштік одақтың шақыру хаты.

Қорыта келе Халқымызда «Тәрбие басы – талбесік» деген қанатты сөз тіркесі бар. Бұл қанатты сөздің қашан, қай заманда айтылғаны кімнің айтқаны бізге беймәлім. Мұны ешкім дөп басып айта алмайды. Бірақта кім айтсада аузы дуалы, сөзі дұғалы адамның аузынан шыққан сөзі болса керек. Әйтпесе ханның айтқан сөзін құлда айта алады, бірақта аузының дуасы жоқ. Негізі тәрбие басы тал бесіктен бастау алатыны шындық. Тәрбиенің қайнар көзі отбасынан басталады. Отбасы алғашқы адам баласының тәрбие алар алтын ұясы, алтын бесігі. Бесік жырын тыңдап өседі. Отбасындағы бас ұстаз – ол ата-ана болып

табылады. Ата-ананың ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше, жауапкершілігі күшті. Өйткені дүние есігін ашқан әрбір перзент ата-ана үшін зор қуаныш, үлкен бақыт. Ата-ана перзенттерін әлдилеп, әлпештеп мәпелеп өсіреді, ел санатына қосады. Баланың бойына жақсы ізгілік қасиеттер отбасында қалыптасады. Сондықтан ата-ананың перзентіне деген үлгі-өнегесі, тәлім-тәрбиесі, ыстық-ықыласы жақсы болуға тиіс. Балаларына өнегелі өсиет айтуда, тәлім-тәрбие беруде, бойындағы бар ізгілік жақсылықтарды үйретуде, адалдыққа, адамгершілікке баулуда жүрегіне имандылық дәнін себуде ата-ана қауымының еңбегі орасан. Ата-ананың мейір-шапағатына, сүйіспеншілігіне бөленіп өскен балалар, есейген кезде де сабырлы, ұстамды қалпын сақтайды. Бұл отбасындағы жастай берілген тәрбиенің нәтижелі жемісі. Әрбір ата-ана қоғам алдында балалардың болашағына тікелей жауапты. Жалпы алғанда баланың тәрбиесіне әсер ететін отбасы мектебі. Отбасы баланың ең жақын элеуметтік ортасы. Бала тәрбиесіне немқұрайды салғырт қараса, дұрыс тәрбие бере алмаса перзенттері қателікке жол береді. Баланың үйдегі уақытын жүйелі ұйымдастыра білу қажет. Сонымен бірге отбасындағы тәрбие халықтық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды бойына сақтауына әсер тигізеді іс-әрекеттері ұлттық дәстүрмен ұштасып дамып, отырады. Отбасындағы алған тәрбие әрі қарай мектепте жалғасын табады. Балаларды өмір салтына қарай тәрбиелеу, олардың бойына ата-дәстүрімізді, салт-санамызды, ұлттық тәрбиемізді сіңіруде отбасындағы тәрбиенің алар орны айрықша. Баяндаманың түйіні ретінде Асхат Аймағанбетовтің ҚР БҒМ аппарат жиналысында айтқан сөзімен қорытындылаймын; «Барлық мектептер ата-аналар жиналысын өткізудің жаңа форматына көшу керек. Оларды жинап алып, басқа адамдардың көзінше баланың үлгерімі мен тәртібін талқылаудан арылған жөн. Оның орнына жеке, топтық немесе ұжымдық форматта ұйымдастырған тиімді. Әр бір ата-анаға педагогтен өз баласының жетістіктері мен әлсіз тұстары туралы толық ақпаратты ала алатындай жағдай жасауымыз керек. Ол үшін ата-аналармен қарым-қатынасты жаңаша жүргізу маңызды» деген болатын.

Елбасының болашаққа бағдар рухани жаңғыру атты бағдарламалық мақаласында да ұлттық тәрбиеге аса мән берген. Ұлттық құндылықтарымыз ата-дәстүрімізде, тәлім-тәрбиемізде, ата-тілімізде, тектілігімізде, бойға сіңген қанымызда жатыр. Отбасындағы тәрбие мектебі, үлкен өмір мектебіне ұласады. Сондықтан да бала тәрбиесіне салғырт болмай, баланың мектептегі өміріне бейжай қарамай, белгілі уақыт бөлсек, ата-аналармен мектеп арасында ынтымақтастық жұмыс болса, білім алушының қисық өсуіне ешбір себеп жоқ.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. – Астана, 2015.
2. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2004.

3.Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мектепалды және 1-11-сыныптарында 2021-2022 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жөніндегі материалдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б.

СЫНЫП САҒАТТАРЫН СЫНЫПТА ЕМЕС КЕҢ АУҚЫМДЫ ТҮРДЕ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕГЕ БАУЛУ

*Мақтаарал ауданы,
«Мақтаарал» мектеп-гимназиясының
сынып жетекшісі
Өскенова Ұлбосын
Өсербайқызы*

Заманауи сынып жетекші - заман талаптарына сай, балалармен жұмыста жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып, бала дамуындағы басты құндылықтарды дамыту болып табылады.

Бала тәрбиелеу-нағыз өнер. Әр баланы тануға, оны жақсы көріп, оның қызығушылықтарын оятуға, әрбір сынып жетекші тиісті деп санаймын, Сынып жетекшіні іштей жиі толғандыратын сұрақтардың бірі ол ұстаз жетекші болып өз жұмысын атқару міндет пе? әлде парыз ба? Заманауи сынып жетекші ретінде мен заман талабына сай маманбын ба ?

Менің жыл көлемінде қолданған бағыт пен тәсілдерім жайлы айтатын болсам, ол сынып сағаттарын сыныпта емес, кең ауқымды түрде, тәрбиенің 8 бағытын қолдана отырып, жете зерттеп оқушыларды тәрбиеге, адами құндылыққа баулу болып табылады.

Басты мақсаты:

- 1.Тәрбиенің 8 бағытын тереңдете жаңашыл тәсілмен тиімді пайдалану.
2. Инновациялық тұрғыдан жан-жақты дамыған жетекші бола білу.
3. Жасөспірімдердің жан-жақты дамыған, білімді, тәрбиелі, өз елінің патриоты болуға, бәсекелестікке қабілетті азамат/азаматша болып қалыптасуына үлес қосу.

Қолданылатын ұстаным: « Ізденсе, талаптанса қолдан жасалмайтын іс жоқ »
(Ж.Аймауытов)

Бұл жобада 1 бағытты - 1 айға бөліп, сол бағытты жете зерттеп оқушыларға жоғары дәрежеде тәрбие сағаттарын өткізу болып табылады. Әр айда 4 апта бар, әр тәрбие сағатты сыныпта емес, сыныптан тыс жерлерде қызықты, пайдалы, тәрбиелік маңызы зор етіп өткізуге қолдан келгеннің бәрін жасау. Практика жүзінде бастапқыда 5-ші және 6-ші сынып оқушылары арасында осы жобаны қолға ала бастадық, себебі бастауыштан орта сыныпқа ауысқан сәтте, орта сыныпқа қадам басқан оқушылар өздерін ересек тұлға санап түрлі іс-әрекетке бара бастайды. Мысалы мінез-құлықтың күрт өзгеруі,

агрессивтік қарым-қатынас, оқу үлгерімдерінің төмендеуі және т.б өзгерістер. Практика жүзінде оң нәтиже көрсеткен соң алғашқы 4 ай - 5-ші және 6-ші сыныптармен шектелсе, қаңтар айынан бастап 4 - 7 және 8-ші сыныптарында сынып сағаттары сыныпта емес , сыныптан тыс жерлерде өткізіле бастады. Соның арқасында оқушылармен тығыз қарым-қатынас орнатылып, оларға тек жетекші ғана емес сонымен қатар досы , сенімді жан, үлгі тұтар бейнесі болуға сенім береді .

Яғни 1-ші бағыт: Азаматтық патриоттық құқықтық тәрбиесі – қыркүйек айы

1-ші апта – Мұражай ға бару , 2-ші апта – Ескерткіш, 3-ші апта-Ардагерлер одағының мекемесіне бару, 4-ші апта-Табиғатты аялайық акциясы өткізіледі.

2-ші бағыт-Рухани –адамгершілік тәрбиесі – қазан айы

1-ші апта - Жергілікті көне / тарихи жерлерде өткізу болса, 2-ші апта – театр, 3-ші апта - іс-шараларға қатысу,4-ші апта – қайырымдылық акциясын өткізу.

3-ші бағыт Ұлттық тәрбие - қараша айы

1-ші аптасында - Мәдениет үйі, 2-ші апта –кітапханада, 3-ші апта - қарттар мен сұхбат жүргізу, 4-ші апта – үйірмелермен танысу .Дәл осылай қалған 5 бағытты кең ауқымды түрде өткізу болып табылады. Оның ішінде :

4 –ші бағыт -Отбасы тәрбиесі –желтоқсан айы

5-ші бағыт – Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие –қаңтар айында

6-шы бағыт-Полимәдениеттік және эстетикалық мәдениетті қалыптастыру – ақпан айы, 7-ші бағыт-Интеллектуальді және ақпараттық мәдениетті қалыптастыру - наурыз айында 8-ші бағыт -дене тәрбиесі және денсаулық қорғаушы орта қалыптастыру – сәуір айы болып бөлінеді, осылайша бағыттарды әр айға бөліп оқушылармен кең ауқымды жұмыстар жасала бастайды. Ал соңғы ай мамыр айы - қорытынды ай болады. Осылайша жаңа көзқарастармен көптеген оқушыларға өте керекті дүниелерді бере алдық.

Атап өткенде, нақты ақпараттарға сүйене отырып:

5 сынып – 139 оқушы, 6 сынып -142 оқушылары арасында сауалнама алынғанда 100 пайыз оң нәтиже алынды. Ал қаңтардан бастап 4-ші сыныптар -149 оқушы, 7 сыныптар-145 оқушы болса 8 сыныптар -146 оқушы , яғни барлығын қосқанда 721 оқушы болды Алдағы уақытта 2022-2023 оқу жылында бұл әдіс – тәсілді одан сәрі көркейтіп, қолданып, керемет нәтижелер шығатынына сенімдімін.

Тәрбиесі қиын, оқуға құштарлығы жоқ, үнемі депрессивтік жағдайда жүретін оқушыларды жақсы жағына қарай тәрбиелеу үшін ең алдымен оның досы бола білу керек.Осылайша мектепішілік тізімге енетін оқушылардың саны азайып, оқушылар саналы түрде дамып, сынып жетекші және ұстаздар мен оқушылар арасындағы қарым қатынас ретке ,одан сәрі жақсара бастады .

XXI ғасырда дамыған заманда оқушылар тек ұялы телефон, теледидар мен ғаламторға тәуелді бола бастағанда, соның салдарынан психологисы өзгеріп жалқаулық оянған сәтте, оларды қызықтырып,қызығушылықтарын оятып бір шешіммен, көптеген мәселелердің шешімі табылды.

Жастардың қалай оқып, қалай тәрбиеленуі бәрінен бұрын ескеріп бәрінен жоғары қойылатын жұмыс деп саналатын біздің қазіргі заманда «Адамдық диханшысы» яғни оқытушы болғанымызды мақтан тұтуымыз керек. Биыл «Балалар жылы» осыған орай оқушыларға осындай бір тәсілмен сынып сағаттарын қызықты әрі пайдалы етіп өткізуге кеңес беремін.

Замануи сынып жетекші дегеніміз бұл :

Тән көмілер - көмілмес еткен ісім
Ойлайтындар мен емес , бір бүгінгісін
Жұрт ұқпаса – ұқпасын , жабықпаймын
Ел бүгіншіл – менікі ертеңі үшін !

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов атамыз айтқандай : «Оқытушы – елінің ертеңін ойлайтын ержүрек адам» - бұл дегеніміз мойынымызда үлкен борыш тұр, ал заман талабына сай тұлға тәрбиелейтін, жаңа форматта ойлай алатын, замануи оқытушы, жетекші болу баршамызға тиісті міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
2. Балалар мен жасөспірімдердегі агрессия: Оқу құралы / Ред. Платонова Н.М. Санкт-Петербург: Сөйлеу, 2016. Альворд М., Бейкер П.

АТА – АНА МЕН СЫНЫПТЫҢ БАЙЛАНЫСЫН АРТТЫРУДА СЫНЫП ЖЕТЕКШІНІҢ РӨЛІ

*Түркістан облысы Бәйдібек ауданы
«М.Әуезов атындағы ІТ-мектеп-лицейі» КММ
Бастаушы сынып мұғалімі
Абдиразакова Матлюба Зайнылабидиновна*

Сынып жетекшісінің міндеттерінің көлемі ата-анамен байланыста өте ауқымды. Сынып жетекшісі болу – бұл ата-анамен педагогикалық қарым – қатынасты, ынтымақтастықты жүзеге асыру арқылы баланың толыққанды тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау әрі дамыту.

Отбасы тәрбиесі – бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата – аналардың борышы. Оған дәлел: балалар мекемелері жөнінде халықтың қажеттілігін толық қанағаттандыру, балалардың еңбек, спорт лагерлерінің, жас натуралистер станцияларының, ғылыми- техникалық және көркемдік шығармашылық үйірмелерінің жүйесін кеңейту; ананы, балалық шақты қорғауға ерекше көңіл бөлу; тәрбиенің замануаи әдістерін сынып жетекші ата-анамен байланысын қалыптастыру.

Бүгінгі күнгі тәрбие соңғы онжылдыққа дейінгі жетекші рөл атқарып келген бұрынғы дәстүрлі әдістер, құралдар мен жұмыс формаларына негізделі алмайды. Ата-анамен байланыста көптеген объективті және субъективті себептерге байланысты өзгерістерді заман ағымы талап етуде. Соның бірі ретінде мен алдыма **"Мектеппен ата-ана арасындағы қарым- қатынасын тиімді ұйымдастыру арқылы бала тәрбиесіне ықпал ету"** бойынша мақсат етіп қойдым.

Сондықтан сынып жетекшісі бәрінен бұрын зердесі жетілген педагог болуы қажет. Осы әдістемелік ұсыным сынып жетекшілеріне өз қызметтерін шығармашылықпен ұйымдастыруға, өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауға, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың жаңаша әдістері мен формаларын іздестіруге ықпал етеді деген сенімдеміз. Осы орайда алдыма мақсатқа байланысты мынандай міндеттер қойдым.

1. Ата-ананы сынып жетекшісі бала тәрбиесіне байланысты жұмыста "Серіктес" ету.

2. Ата-ана бойындағы өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда

Менің осы шығармашылық жұмысым арқылы тәрбие жұмысының заманауи белсенді әдістері мен түрлі формалары арқылы ол тәрбие жүйесіне ата-аналарды тарту арқылы белсенді ойлау орталығына айналады. Ата-ана баламен жұмыста өзінің өмірлік үрдісін, әрекетін саналы ұғуына шешуші педагогикалық көмек көрсете отырып, ата-ананы тәрбие үрдісінің белсенді және саналы субъектіне айналдырады. Бала тәрбиесін жүзеге асыруда сынып жетекшісі ата-аналар, пән мұғалімдері, психолог, тәлімгерлер, үйірме жетекшілердің "Серіктес" ортасын құру заманауи талап. Бұл жұмыстың нәтижесі де жақсы көрсеткіш көрсетуде.

Негізгі бөлім

Өзімнің мақсатыма жету үшін ата-аналар жиналысында балалардың оқу тәрбие ісін қадағалау алға қарай жетектеу бойынша өткізілген сұхбат отырысыннан кейінгі ата-аналарға берілген сұрақтарға кері байланысы алу жұмысын мына төмендегідей жүзеге асырдым.

Сауалнамалар

1	"Сізге үнемі мектеппен байланысқан ұнайды ма?"	ИЯ	ЖОҚ
2	"Байланыстың қандай түрі сізге тиімді?"	Жазбаша жауап.	
3	"Егер байланыстың бір жүйесіне келісетін болсақ сіз баладан кейбір көтерілген мәселені құпия ұстағанымыз"	ИЯ	ЖОҚ

	<i>дұрыс деп санайсыз ба?</i>		
--	-------------------------------	--	--

Кері байланысқа қатысқан ата-ана: 20

1. "Сізге үнемі мектеппен байланысқан ұнайды ма?" ИЯ деп "20", ЖОҚ "-";
2. "Байланыстың қандай түрі сізге тиімді?". Тоқсанына "1" рет бетпе-бет деп 15, үнемі байланыста болу деп WhatsApp "17", Telegram деп "3" ата – ана белгі берді;
3. "Егер байланыстың бір жүйесіне келісетін болсақ сіз баладан кейбір көтерілген мәселені құпия ұстағанымыз дұрыс деп санайсыз ба?" ИЯ деп "20" белгі берген, ЖОҚ «-»

Ата-ананың оқушымен жұмыста өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі жүзеге асыруына, оның оқу тәрбиелеу табысты әлеуметтенуіне жағдай жасау. Баланың қабілеті мен оптималды даму мүмкіндіктерінің дер кезінде анықталуына, олардың қорғалуы мен қауіпсіздігіне, эмоционалдық жайлылықтарына психологиялық-педагогикалық жағдай туғызу жұмыс жасағысы келетін ата-аналардың таңдауы бойынша "Байланыстың қандай түрі сізге тиімді?". Тоқсанына "1" рет бетпе-бет деп 11, үнемі байланыста болу деп WhatsApp "17", Telegram деп "3" ата – ана жазбаша көрсетті. Бұл жерде ата-аналардың балаларының оқу тәрбие жұмысы бойынша он жеті ата-ана WhatsApp әлеуметтік желісінде деп таңдап отыр. Соған сәйкес осы алынған сауаланама бойынша аптасына бір рет WhatsApp әлеуметтік желісі болып белгіленді.

Әлеуметтік желіде ата-аналардың баламен қарым қатынастағы ортада қолдана алатын өмір тәжірибесінің: қазіргі және алдағы байланыста өзін-өзі дамытудағы, өзін-өзі анықтаудағы және өзін-өзі жүзеге асырудағы тәлімнің, біліктілігі мен дағдыларының қайнары ретіндегі сан алуан шығармашылық, тұлғалық және қоғамдық маңызды қызметтерін ұйымдастыру. Өзара байланыста тәрбиеленушілердің әлеуметтік құнды қарым-қатынасын ұйымдастыру.

Сынып жетекшісінің WhatsApp желісіндегі негізгі қызметіне жататындар: сынып ұжымы қызметін ұйымдастыру; сынып ұжымының оқу жұмысын ұйымдастыру; сыныптың оқудан тыс өмірін ұйымдастыру; оқушы тұлғасын зерттеу, оқушыларды әлеуметтік қорғау. Бала тәрбиесін жүзеге асыруда сынып жетекшісі ата-аналар, пән мұғалімдері, психолог, тәлімгерлер, үйірме жетекшілердің "Серіктес" ортасын құру заманауи қарым қатынастың осы түрімен күнделікті жұмыстар жүргізілді.

Ата-аналармен дәстүрлі жиналыстардан тыс мектеппен байланысын ұйымдастыру тақырыптары (сыныптың ата-аналарының "Бала біздің болашақ" атты чаты). Арнайы "Бала біздің болашақ" деген желімізде мына төмендегідей мәселелер көтеріліп тұрды. Әрбір сұхбаттан кейін ата-аналардан "Сіздің ұсынысыңыз", "Қалай жасасақ болады?" т.б деп сынып жетекшінің сұрап отыруы маңызды немесе сынып жетекші менің мынандай ойым бар соны жасасақ болады ма? - деп сұрап отыру керек. Ата-ана бойында бала тәрбиесіне

деген бөлек көзқараспен қарауды сын тұрғысан қарауды психолог болуды меңгертуге бағыттау.

Төменде осы әлеуметтік желіде көтерілетін мәселелерге және бұлар күнделікті іске байланысты немесе туындаған жұмысқа орай ауысып отырады.

Бірінші, “Менің баламмен сұхбаттан кейінгі ойым” (ата-ана пікірі);

Екінші, “Мектеп және сынып туралы менің ойым, ұсынысым” (ата-ана пікірі);

Үшінші, Балалардың мерекелік жиынын және каникул кезіндегі уақытын қалай өткізсек болады? (жетекші сұрағы);

Төртінші, Құрметті ата – ана балаңызбен “Менің мақсатым”, “Менің алдағы жоспарым” тақырыптарында әңгіме құрыңыз. Берілген сұрақтар бойынша мектеп психологын қатыстыра отырып ата-аналар чатында сұхбат өткіземіз. (жетекші қозғауы).

Ата-аналармен алынған "Кері байланыс" арқылы жұмыс барысында чатта жұмыс жасау ережесі ортақ келісім бойынша мына төмендегідей алынды:

1. Ата-аналардың ортақ чатында қозғалған не көтерілген мәселе бойынша балалар білмеуі тиіс, бұл қағиданы сақтау біздің міндетіміз;

2. Ортақ мақсатымыз тек баланың оқуы, тәрбиесі бойынша тиімді әдістерді бала тәрбиесінде пайдалану;

3. Өзара “Сұхбат”, “Пікірлесу”, “Жоспарлау” жұмыстарын өткізу кезінде жауапкершілік таныту.

Себебі, баланың оқу тәрбие ісіне кері әсері тиіп кетпейтін жақтарын көптеп қарастырдық және бұл жұмыстардың нәтижесі де мектеп бойынша жоғары бағаланды.

Ата-аналармен ортақ чатта жүргізілетін жұмыс түрі

1. Сұрақ жауап уақыты ;

2. Балалардың діни теріс бағыттағы әлеуметтік желідегі іс-әрекеті;

3. Сабакқа керекті сайттар;

4. Kundelik.kz бойынша ата-ана жұмысы және бақылауы;

5. Буллинг кибербуллинг сақ болу;

6. Бала тәрбиесіне ата-ананың психологпен кеңесі;

7. Сыныптың ата-аналар чатында мектеп әкімшілігі қонақта (директор, ДОІЖО, ДТІЖО, ДБІЖО, психолог, сойиолог, ұйымдастырушы педагог, тәлімгер);

8) Ата-ана қалауы бойынша ұсыныстар.

Осы жоғарыдағы тақырыптар бойынша аптасына бір рет туындаған оқу тәрбие мәселелер бойынша жұмыстар жүргізіліп отырады. "Оқушы-мұғалім", "Оқушы-ата-ана", "Мұғалім – ата-ана" өзара тиімді қарым-қатынасын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу. Сынып жетекшісінің негізгі қызметі-оқушы тәрбиесі мен оларды бір ұжымға біріктіру, өзін-өзі жетілдіруге, тәрбиелеуге және іске асыруға ата-анамен бірігіп жағдай жасау. Оқушылардың жан-жақты дамуы, патриоттық сезімдерін қалыптастыру тәрбиесі туралы, еңбексүйгіштігін, ұжымшылдығын, оқу үлгерімінің жақсаруы мен тәртіптің нығаюын және еңбекке дайындығы бағытындағы жұмыстарды ұйымдастырады.

Балалардың күн ырғағы И. П. Павловтың іліміне негізделеді. Мысалы: бала белгілі бір уақытта ұйықтауға үйренсе, оның ми қабатында тежелу процесі басым болады да тез ұйықтауға кіріседі. Сондықтан ата-аналар балалардың белгілі бір уақытта сабаққа дайындалуға, тұруға үйретулері, яғни ырғақ элементтері берік орындалуы тиіс [2,195-б.].

Бастауыш мектеп – бұл оқушы тұлғасының, санасының дамуы қуатты жүретін, ерекше құнды, қайталанбас кезең. Сондықтан бастауыш мектеп – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы, қиын да жауапты жұмыс. Бастауыш мектеп – бұл балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, сөйлеу, қоршаған орта туралы дұрыс көзқарас қалыптастыру, ойын дұрыс айтуға, дәлелді сөйлеуге үйретеді. Еліміздің егемендік алуымен байланысты әлеуметтік – экономикалық және рухани салаларда көптеген өзгерістер болып жатқандығы баршаға аян.

Солардың бірі – білім беру жүйесіндегі жаңа технологиялармен оқыту және ата-аналарды осы іске тиімді тарту. Менің ата-аналармен біріге отырып ортақ “Бала біздің болашақ” атты WhatsApp чатындағы жұмысым оқушыларды шығармашылық бағытта жан – жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Талап тұрғысынан алғанда оқу – тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс – тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Қазіргі таңда оқытудың елуден астам технологиясы бар екенін ғалымдарымыз айтып, осылардың кейбіреуі біздің білім беру жүйемізге еніп, тәжірибемізден орын алуда. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат - өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс- әрекетке қабілетті, еркін және жан – жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді. Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту ата-ана+мұғалім үшін бірнеше шарт орындалуы тиіс.

Олар:

- 1.Шығармашылық қабілетін дамытуды ерте бастан қолға алу;
- 2.Жүйелі түрде шығармашылық әрекет жағдайында болу;
- 3.Шығармашылық іс - әрекетке жағдай тудыру.

Отбасында балалардың тәрбие процесіне табысты ықпал жасауда басқа да жағдайларды сипаттайтын белгілерді атауға болады. Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаевтың пікірлерінше: Отбасының өзіне тән ерекше функциялары бар. Олар: халық санының өсуі; адамзат ұрпағын әрі қарай жалғастыру, қажеттілік – шаруашылық функциясы, отбасының тәрбиелік функциясы отбасы мүшелерінің өзара және туған- туысқандарымен қарым- қатынас жасау функциясы.

Қорыта айтқанда, күнделікті ата-анамен “Бала біздің болашақ” атты WhatsApp әлеуметтік желісінде негізгі өзекті тақырыптарды көтеру және ата-ананы тыңдау арқылы білім сапасының көтерілуіне тікелей әсер етті. Мұны жоғарыдағы **Kundelik.kz** желісінен алынған фото дәлелдемелер анықтай алады. Яғни балалардың тууы, тәрбиелеушілік, адамгершілік-психологиялық ахуалды

қамтамасыз ету; отбасындағы қарым-қатынасты ұйымдастыру; бос уақытты тиімді ұйымдастыру сынып жеткшінің ата-анамен тиімді байланыс жүйесін құруының нәтижеге жету жолы болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "Балалардың күн ырғағы" И. П. Павлов Москва 1995ж
2. Педагогика Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаевтың Алматы 2014
3. Kundelik.kz ЖОМ арналған әлеуметтік желі порталы

«ОҚУШЫНЫҢ МӘДЕНИ НОРМАТИВІ» МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ПАТРИОТТЫҚ СЕЗІМІН ОЯТУ

*Түркістан облысы Бәйдібек ауданының
адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты
«С.Ерубаев атындағы жалпы орта мектебінің
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Досалиева Гулишат Сериковна*

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұсы - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, үздік педагогикалық идеялар немесе жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Тәрбие жұмысы - шығармашылық жұмыс. Оның жетістіктері көп жағдайда мұғалімнің педагогикалық шеберлігіне, өзінің шәкіртерінің жеке ерекшеліктерін білуіне, ұжымның тәрбие және педагогикалық мақсаттарына байланысты. Педагогикалық тәжірибе сараптамалары мектептерде басшылар мен мұғалімдердің тәрбие жұмысын жоспарлауда көптеген қиыншылықтарға тап болатындығын көрсетеді. Басқару қызметіне бағдарламалық - мақсаттық

жоспарлау енгізу-білім беруді жетілдіруді ұйымдастыруда маңызды құралдарын бірі. Жасалған әдістемелік ұсыныстар жұмысты бір алгоритммен жүргізуді мақсат етіп қоймайды, өйткені бұл сапалы жұмысқа кедергі келтіріп, педагогтердің таңдауын шектеуі мүмкін. Ең бастысы, барлығына бірдей келе бермейді: өйткені әр мектептің әр түрлі дәстүрлері, түрлі педагогикалық, әдістемелік тәсілдері және материалдық, кадрлық мүмкіндіктер бар...

Осы орайда мектебімізде 2021 жылдық қазан айынан бастап мектеп оқушыларының адамгершілік және рухани тұрғыда дамуына бағытталған «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында **«Оқушының мәдени нормативі»** мәдени-ағартушылық жобасы және **«Ұлағатты ұрпақ»** мәдени-білім беру платформасы жобасы іске қосылды. Балалар үшін ерекше құнды қазынаны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі дайындаған. Жобаның мақсаты – бәсекеге қабілетті қазақстандық оқушылардың мәдени-адамгершілік қасиеттерін дамыту. Балалар мен жастарды көркем мәдениет пен өнерді зерттеуге қызықтыру, талабын ояту. Оқушыларды ұлттық мәдени құндылықтарды игеруге ынталандыру және өскелең ұрпақты мәдени жетілдіру.

Ұзақтығы 10-15 минуттан тұратын әр бағдарлама 1-11 сыныптарының оқушылары үшін ыңғайлы қысқаша онлайн-форматта болады. Арнайы бейнедәрістері әзірленген. Балалар үйден шықпай-ақ Қазақстанның киелі жерлеріне виртуалды түрде саяхаттай алады, опера, балет, драма өнерінің озық үлгілерін көріп, қазақстандық және шетел кинофильмдері мен мультфильмдерін тамашалап, әсем музыкалық шығармаларды тыңдай алады.

Музыкалық өнер, театр өнері, киноматография, бейнелеу өнері және Киелі Қазақстан атты 5 бағыт бойынша қазақ және орыс тілдерінде оқушыларға барлық білім беру бейнедәрістері арнайы сайтында қолжетімді болады. Әр бейнедәрістің соңында оқушылар үш сұраққа жауап бере отырып, өздерін тексере алады. Балалардың ерікті түрде қатысуы осы жобаның қағидатты шарты болып табылады. Оқу жылының соңында тест сұрақтарына дұрыс жауап беріп жоғары ұпай жинаған ең белсенді қатысушыларды сыйлықтар мен жағымды тосынсыйлар күтеді.

Жыл басынан бастап ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бағынысты ұйымдары қызметкерлерінің, шығармашылық жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылық құрамының қатысуымен сабақтардың видеотүсірілімі жүргізіліп келеді.

Жобаға Қазақстанның Халық артисі Гаухар Мырзабекова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Болат Әбділманов, Толқын Зәбиров, Әділ Ахметов, Қазақстан киносыншылары ассоциациясының президенті Гүлнара Әбікеева, профессор, Қазақстанның суретшілер одағының мүшесі Ольга Батурина және мәдениет пен өнердің басқа да өкілдері қатысқан.

Президент 2022 жылды – балалар жылы, деп жариялады. Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде балалардың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз, - деп баса айтқан болатын. Мәнді мәдениет пен

өнегелі өнерді бойына сіңірген жас ұрпақты тәрбиелеуде бұл жобаның берері мол.

Жоба жаңа білімге құштар жас ұрпаққа бағдар береді, еліміздің қажырлы азаматтарын тәрбиелеуге көмегін тигізеді және жігерлі жас жүректерді жаулап алады деген сенім бар.

«Ұлағатты ұрпақ» - бұл мектеп оқушыларының еліміздің мәдени кеңістігінде белсенді түрде тереңінен мәдени білім алуының жаңа форматы.

Бастапқыда жобаны әзірлеу идеясы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваторияның профессорлық-оқытушылық құрамы, оның ішінде - Юсупова А.А.Есдәулетова, К.А.Шабденова, Д.Р.Т. Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық өнер академиясынан - Гизатова Г.Б.Батурина О.В.Омаров Т.И.Наурызбекова, Г.К. Еркебай, А.С.Мамбеков, Е.Б.Қазақ Ұлттық өнер университетінен –Хусайынова, Г. Алматы қаласы Оқушылары сарайының оқытушысы - Станевич Н.Н. жалпы білім беру мектептерінің оқу жоспарына сәйкес еліміздегі алғашқы "Оқушының мәдени нормативін" әзірлеуден басталған. Кейіннен эпидемиологиялық ахуалға байланысты "Ұлағатты ұрпақ" онлайн-форматына икемдеп қайта жасалған.

Жобаны іске асыру жөніндегі барлық ұсыныстар "Рухани жаңғыру" мемлекеттік бағдарламасына, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың "Ұлы даланың жеті қыры" мақаласына, "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және өзге де нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген.

Бұл бастамашылық еліміздің шығармашылық интеллигенциясы арасында кеңінен қолдау тапқанын ескере кеткен жөн. Алғашқы бейнедәрістер Қазақстанның Халық артисі Гаухар Мырзабекованың, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Болат Әбділмановтың, Толқын Зәбированың, Қазақстан киносыншылары ассоциациясының президенті Гүлнәр Әбікееваның қатысуымен жасалған.

Сондай-ақ, жобаға еліміздегі театрлар, өнер академиялары, музей, ғылыми-зерттеу орталықтары мен барлық мемлекеттік музей-қорықтар белсене атсалысқан.

Осы орайда қазан айынан бастап мектебімізде «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында **«Оқушының мәдени нормативі»** мәдени-ағартушылық жобасы және **«Ұлағатты ұрпақ»** мәдени-білім беру платформасы аясында жұмыс жоспары жасалынып, бекітіліп, мектепте іске асырыла бастады.

Жоба аясында «Екі жирен» Халық әні. Жүсіпбек Елебековтың орындауында, «Ақ сиса» Жаяу Мұса Байжанұлы. Манарбек Ержановтың орындауында, «Инжу-Маржан» Әсет Найманбайұлы. Дәнеш Рақышевтің орындауында, «Көзімнің қарасы» Абай Құнанбайұлы. Мәдениет Ешекеевтің орындауында, «Балқадиша» Ақан сері Қорамсаұлы. Әміре Қашаубаевтың орындауында, «Ғажайып әлем» атты концерт, «Балалар біздің болашағымыз»

атты іс-шара ұйымдастыру, «Мен оқыған бір кітап» /Эссе байқауы/, Жеңіс күніне Т.Ахтановтың «Күтпеген кездесу» драмасын көрсету, Дәулеткерей. «Қосалқа» күйі, А.Кулыгина. «Кошкин дом». Балалар операсы, «Медиамәдениет» «Қаражорға» күйі, «Али баба және 40 қарақшы» хикаялары және тағы басқа ақын жазушылардың шығармалары қарастырылған.

«Әсемдікке жол» бағыты бойынша спектакльдерді, концерттерді, көрмелерді, кинокөрсетілімдерді, экскурсияларды, фестивальдерді көру;

«Қонақжайдағы кездесулер» бағыты бойынша мәдениет және өнер туралы танысу және білім алу: ақындық кештер, концерттер, спектакльдер, айтыстар, конкурстар, викторина, олимпиада, көркем көрмелер, пікірсайыс, презентациялар, флеш-моб, көрнекті мәдениет және өнер қайраткерлерімен кездесулер ұйымдастыру;

«Медиа мәдениет» бағыты бойынша оқушыларды әлемдік мәдениет жауһарларымен: мюзиклдермен, кинокөрсетілімдермен, опера және балет қойылымдарымен, концерттермен, көрнекті орындаушылармен, мұражайлармен, сурет галереяларымен таныстыру.

Әрбір бағыт бойынша оқуға, қазақ және әлемдік мәдениет туындыларының тізбесі ұсынылады. Ұсынылатын іс-шаралар мен туындылардың 70% - ын қазақстандық компонент ұсынады. Әлемдік классиканың музыкалық туындылары көрнекті қазақстандық орындаушылардың орындауында ұсынылған.

Оқушыларға madeni-m.kz сайтында қазақ және орыс тілдерінде музыкалық өнер, театр өнері, кинематография, бейнелеу өнері және Киелі Қазақстан атты 5 бағыт бойынша барлық білім беру бейне-сабақтары еркін қолжетімді жасалған. Бейне-сабақтар оқушылар назарына ұсынылды.

Шығармалар тізімін жасау кезіндегі критерийлер:

- жоғары эстетикалық, мәдени-рухани, патриоттық және көркем-өлкетану құндылығын көрсете отырып, таңдалған туындылардың мәдени және тарихи маңыздылығы;
- жалпы білім беру жүйесінің барлық пәндік салаларының жаңартылған мазмұнын есепке алу.

Жобаны іске асыру кезіндегі тәсілдер:

- ✚ Этномәдени тәсіл
- ✚ Көркем-өлкетану
- ✚ Көркем-өлкетану
- ✚ Көркем-танымдық
- ✚ Көркем-танымдық

Әр сыныптарға жоспар негізінде көптеген тақырыптар беріліп, сол тақырыптар бойынша жұмыстар атқырылып, оқушылар қазақтың дәстүрлі 1000 әні және күйі, «Бейнелеу өнері» бойынша Әбілхан Қастеев «Турксиб», Қанафия Тельжанов «Кок-пар», Абакир Исмаилов «На просторах Джувалы», Айша Ғалымбаева «Дастархан», Тоқболат Тоғысбаев. «Кухня», Ерболат

Төлепбай. «Кокпар», Досбол Қасымов «Мәңгілік. Балуан Шолақ -Ғалия» және басқа тақырыптарда суреттер салынды.

«Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында **«Оқушының мәдени нормативі»** мәдени-ағартушылық жобасы және **«Ұлағатты ұрпақ»** мәдени-білім беру платформасы мектеп оқушыларын еліміздің мәдени кеңістігіне белсенді түрде енгізу арқылы мәдени ағартудың жаңа форматы, "Мәңгілік Ел" құндылықтарының бүкіл жүйесі негізге алынған өзіндік ұлттық мәдениетке бастапқы ену негізінде әлемдік мәдениеттің жауһарларымен таныстыру. Оқушылардың адамгершілік және рухани дамуына, қазақстандық және әлемдік мәдениет пен өнер туралы шығармашылық құзыреттіліктері мен білімді игеруге, эстетикалық сезімді, Қазақстанның мәдени мұрасын құрметтеуге, қоғамда белгілі бір стандарттар мен нормаларды сақтауға бағытталған мәдени-білім беру алаңы болмақ.

Жалпы алғанда «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы аясында **«Оқушының мәдени нормативі»** мәдени-ағартушылық жобасы және **«Ұлағатты ұрпақ»** мәдени-білім беру платформасы балалардың бос уақытында іспен шұғылдануын қамтамасыз етеді, олардың таланттарын ерте сатысында анықтап, балалардың одан әрі дамуына ықпал етеді.

Бүгінгі таңда өмірге келіп жатқан жас ұрпақ — ертеңгі Қазақ елінің мәңгілік перзенті. Олардың санасына «Мәңгілік ел» идеясын сіңіріп, мән-маңызын ұғындыру басты ұстанымымыз. Ол үшін балабақшадан басталатын тәлім-тәрбиенің негізін осынау басты ұлттық мұраттың бағытына қарай батыл бетбұрыс жасатуымыз керек. Сонда ғана өсіп келе жатқан жас ұрпақ тәуелсіздік таңымен арайлап атқан азаттықтың қадір-қасиетін жете сезініп, өзін Мәңгілік елдің, Мәңгілік патриоты ретінде таныта алады. Қазақстан халқының мәңгілік мұратына айналған бұл ұлттық жоба бір сәтке де санамыздан өшпеуі керек. Әсіресе ұрпаққа ұлағатты тәрбие беретін педагогтардың басты ұстанымы бола бермек. Егер бүгінгі бүлдіршінді халқымыздың жарқын болашағы мен еліміздің кемел келешегі үшін еселі еңбек ететін, адалдықтың ала жібін аттамайтын атпал азамат ретінде қалыптастырсақ, онда мақсатымыздың толық жүзеге асқаны.

Сөз түйіні, жас ұрпаққа тәрбие мен білім беруде оның жүрегіне жол таба білу, бұл әрбір білім беру мекемесінің мақсаты болса, ал тәрбиеленушінің басты бақыты деп білемін. Сондықтан да рухани-адамгершілік білім беру ұрпақ тәрбиесінде маңызды роль атқарады.

Ойымды ұлы ойшыл Ж.Баласағұнның «Адамдардың жақсы қылықтары мен қасиеттерін жетілдіре білсе, қоғамды да жақсартуға болады» деген дана сөзімен қорытындылағым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. "Балалардың күн ырғағы" И. П. Павлов Москва 1995ж
2. Педагогика Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаевтың Алматы 2014

3. Kundelik.kz ЖОМ арналған әлеуметтік желі порталы

ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТІЛ МЕН ДӘСТҮР АРҚЫЛЫ ЕЛЖАНДЫ АЗАМАТ ТӘРБИЕЛЕУ

*Түркістан облысы, Төлеби ауданы
«Балдыберек» жалпы орта білім беретін
мектебінің тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары А.К.Жанысбаева*

Ата-бабаларымыз тәрбие мәселесіне өте үлкен жауапкершілікпен қарағаны бәрімізге белгілі. Ұлттық педагогика - тұнып тұрған рухани қазына. Адамға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімі ең алғаш ұшқан ұядан басталады. Ата-анасын, бауырларын қадірлеген адам - Отанын да қадірлейді.

Отбасы – мейірім мен жарасымның, қуаныштың мекені. Отбасы- бала санасына ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын қайнар бұлақ. Отбасы - алғашқы тіл үйрену мен тәрбие мекені. Елжандылықтың бастауы - тіліміз. Тіл-бөбектің үні, тіл –ананың әлдіі, тіл- бесік жыры. Тәлім-тәрбие тілден басталады. Әр үйде бала өз санасына салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, даналық сөздерді, тыйым сөздерді сіңіріп барып, толысады. Ауыз әдебиетімен сусындаған балдырған құндылықтарды сезім арқылы қабылдап, сана арқылы түсіне бастайды.

Осылай таза көңілмен мектеп табалдырығын аттаған балаға тәрбие беруде қандай ұстанымдарға басымдық берген дұрыс? Қазақ тарихын тұңғыш зерттеуші ғалым Ш.Уәлиханов: «Менің елжандылық сезімім ірбіт сандығындай , мен ең алдымен өз отбасымды, туған-туыстарымды қадірлеймін, одан соң ауыл - аймақ, ел-жұртым, руластарымды, содан кейін халқымды қадірлеймін» деген екен. Керемет жеткізілген осы пікір мектептегі тәрбие жұмысының өзегі сияқты. Білім алушыларды елжандылыққа тәрбиелеу мәселесі ешқашан қоғам назарынан тыс қалмаған.

Мектеп қай кезде де оқушыларға елін, халқын, туған жерін сүю мен қорғау сезімдерін дарытып келеді. Мектепшілік тәрбие жоспарын жасау барысында жас ерекшеліктеріне қарай сатылай ұйымдастырылатын жұмыстарға бала мен ата-аналарды бірлесе қатыстыру, сөзбен емес іспен көрсету жұмыстарын ұйымдастыру жақсы нәтиже береді. Яғни, барлық жұмыс дұрыс тандалған тақырып, қойылған міндет, баратын мақсат пен күтілетін нәтижеге байланысты. Осыған орай, мен елжандылық тәрбиесін азаматтық тәрбиеге, отбасы тәрбиесіне, еңбек тәрбиесіне, сабақ мақсаттарына да ұштастыру қажеттігін ойластырып, жоспардың барлық кезеңіне ендіруді өз сынып жетекшілеріме ұсындым.

Білім - білік және тәлім-тәрбие арқылы елжандылық сезіміне бөленуге болады. Бұл ретте, ауыз әдебиетінің ықпалы зор. Ауыз әдебиетінің басты

ерекшелігі - шынайы патриотизмге жетелеуінде. Кейіпкерлері халқының бақыты мен мүддесі, болашағы үшін күреске әрқашан дайын. Бұл- бастауыш білім сатысындағы балалар үшін өте әсерлі көрініс. «Мектептегі театр» жобасы бойынша сахна орнату, қуыршақтарды киіндіру, кейіпкерді сомдау, декорация жасау оларды ынталандырады. Шығарма желісіндегі сахналық қойымдар арқылы жеткіншектер құндылықтарды бойына дарытады.

Елжандылық сезімді көркем шығармаларды пайдалану арқылы қалыптастыру қашан да құнды деп тапқан 7,8-сынып жетекшілері «Ұлтжандылық тәрбиесі ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат» дей тұра, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін дарытуда даңқты қолбасшы, Қазақстанның Халық Қаһарманы Б.Момышұлының өсиеттері мен ерлікке толы шығармаларының орны ерекше деп тапты. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жазушының «Ұшқан ұя», «Біз ұрыстарда ер жеттік», «Қанмен жазылған кітап» атты еңбектерін таңдап алып, оқуға ұсындық. Осы шығарманы өз сыныптарына оқытып, танымдық кештер мен сайыстар ұйымдастырып, викториналық ойын, бес минуттық блиц-сұрақ, ашық тәрбие сағаттарын өткізіп қана қоймай, ата-аналармен өткізілетін жиындарда да автордың еңбегін қолдану әр ата-анаға үлкен ой салды.

Мектеп кітапханашысымен бірлесе отырып өткізілген «Ойға қалдырған бір сәт» тақырыбындағы пікірлесу сағаттарында оқырмандар шығармадан өздеріне ерекше ой салған эпизодтарды оқып, танысты. Балаға үйрететін нәрсені үйретуші өз бойынан өткергенде ғана жемісті болатынын ескере отырып, «Ұшқан ұя» туындысы 1 ай уақыт ішінде өзге сынып жетекшілерге танысу үшін берілді. Оқылған шығарманы қорытындылау мақсатында «Таным көкжиегі» атты викториналық сұрақтар бойынша жарыс өткізілді. Ұстаз, ата-ана, оқушы да қорытынды кеште марапатталып, бір шығарма арқылы өмір бойы азық болар құндылықтарға ие болды.

Жасырын емес, оқушылар уақытының көп бөлігін әлеуметтік желілерде, ғаламторда өткізеді. Осы уақытты да ғаламтордағы вирус іспеттес біз де қалай санаға әсер ете аламыз деген ой туды. Жасөспірімдердің ұлттық рухын көтеру мақсатында ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының тіл мәселесі туралы айтылған ойларына бойлату тиімді. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы-тіл.Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырысады» деген ғалымның пікірін ескере отырып, ана тілінде таза сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру мақсатында жоғары сыныптар арасында «Ең сауатты чат» байқауы өтті. Байқау ережесі бойынша сынып чаттарында жазылған сөздердің орфографиялық, пунктуациялық сауаттылығы, пікірді әдеби тілмен бере білуі бағаланып, мектеп бойынша барлық критерийге қол жеткізген 9 «А» - сынып оқушылары жеңімпаз атанды. Бұл байқауды жаңа оқу жылында барлық сыныптарға ендіруді көздеп отырмыз. Сол арқылы оқушының қалтасынан түспейтін гаджетіне еніп, оның әлеуметтік өмірін, акаунтын бақылауға алуға мүмкіндік аламыз деп жоспарлануда.

Мектептегі тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың белсенді болуы да балалардың отансүйгіштік сезімінің қалыптасуына ықпал етеді. Өз тәжірибемізде Төлеби ауданы бойынша әріптесіміз Айгүл Рысбекқызы Нурмаханбетованың бастамасымен «Халқымның қасиетті тұғыры - әдет-ғұрып» тақырыбында челлендж ұйымдастырды. Мақсаты: халқымыздың тәрбиелік мәні зор дәстүрлерін көпшілік арасында насихаттау, дұрыс бағыт беру. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар ретінде өзім де «Бәсіре», «Көгентүп» дәстүрлерін дәріптейтін бейнебаян әзірлеп, әлеуметтік желіге жүктедім. Себебі, «бәсіре» мен «көгентүп» дәстүрлерін шатастыратын жағдайлар көп кездесетінін байқап жүрміз. Дәстүріміз бен ғұрпымызды шатастыратын жағдайға жеттік. Мұндай қателікте болмашы көрінгенмен, болашақта ұлт ретінде сапасыздануымызға алып келу қаупі бар. Осыған орай, ауданымызда шығармашылық топ мүшелерімен таңдалған «Әдеп-ғұрып -тәрбие бастауы» мен «Төлебидің сакралды картасы» жобалары қолға алынып, барлық мектептерді қамтуда. Жыл аяғына аяқталатын бұл жобалар өз нәтижесін береді деп күтілуде. Екі жобаны да сынып жетекшілерге таныстырып, таңдау мүмкіндігін беріп, мектебімізде бастауыш және орта буын бірінші жобамен жұмыс жасап, жоғары сыныптар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ауылымыз бен жақын аймақтардың сакралды картасын жасауға атсалысуда. Соның бірі , мектебіміздегі мұражай жұмысын жасақтау болып отыр.

Жасөспірімдерді мұражайларға материалдар жинату ісіне тарту ұлтын танып, сүйеге үйретеді. Балдыберек мектебінде 2020 жылы өлкетану мұражайы ашылды. Мұражайға Балдыберек және Төңкеріс ауылының тұрғындарының тұрмыста қолданған заттары жинақталды. Тек оқушылар ғана емес, ауыл тұрғындары да белсенді атсалысты. Төңкеріс ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ақсақал А. Абдраев 30-ға жуық экспонаттарды өткізді. Білім алушылар көненің көзіндей болған заттарға апта сайын кезекшілік бойынша күтім жасап отырады, келушілерге таныстырылым жасайды. Сондай-ақ, М.Әуезов атындағы университеттің «Тарих және этнология» бөлімінің жетекшісі Ш.Торғауытовамен байланыс орнатып, жәдігерлерді тануға, ауылдағы әлі көп таныла қоймаған ағаштан, темірден бұйым жасайтын қолөнер шеберлерінің еңбегін зерттеу жұмыстарына бағыт беріліп отыр. Өйткені отаншылдық сезім өскен ортаны танудан басталады.

Ұлтты, оның болмысы мен бітімін танытуда мектептегі «Аналар», «Әкелер» мектебінің рөлі зор. «Аналар» мектебінде жасөспірім қыз балалар сырмақ, қоржын, алаша сияқты тұрмыста қолданатын ұлттық заттарды өз қолдарымен жасай отырып, аналардың өнегелі әңгімелеріне қанық болады. Аналардың қатысуымен «Бабалар дәстүрін жалғаймыз» ұлттық-тұрмыстық байқауы, «Қыз еркем, қылығымен көркем», «Қыздың сұлулығы - тәрбиесінде» атты сырласу сағаттары өткізіліп келеді. Сондай-ақ , киелі орындарға жасалған саяхаттарда да аналар қыздарға серік болып отырады. Үзіліссіз жүргізілген жұмыстар арқасында мектепте бұрымды қыздар көбейіп, ертежүктілікке жол берілген емес. Төлеби ауданында өткен «Ұлттық

құндылықтарды жаңартудағы инновациялық тәрбие жобалары» тақырыбындағы облыстық тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлардың семинарына Балдыберектің «Аналар» мектебі де қатысып, қыз тәрбиесінің үлгі-өнегесі болар игі істерін көрсетті.

«Әкелер» мектебі мүшелерінің ұйымдастыруымен «Әкемен алған өсиет» акциясы, «Тек қана әкелер» жиыны, «Түнгі ауыл көшелері» рейдтері, «Шынықсаң шымыр боласың» спорт сайыстары, «Аударыспақ» ат үстіндегі ұлттық ойындардан жарыс өткізіліп келеді. Әке мен бала қарым-қатынасының тығыз болуы, баланың толық отбасында тәрбиеленуі тәрбиеге оң ықпалын тигізді. Нәтижесінде, кәмелетке жасы толмағандар жөніндегі бөлімде есепте тұратын, құқықбұзушылыққа бейім балалар болған жоқ. Жастар өмірге құштар, суициалды жағдайлар орын алған емес.

Жастарға патриоттық тәрбие беру барысында облыс, республика деңгейінде өтетін іс-шаралардан тыс қалмау керек. Балдыберек мектебі өткен оқу жылының I тоқсанында республикалық «Ұлы дала өркениеттері» атты байқауға қатысты. «Тіл мәртебесі - ел мәртебесі» атты эссе жазып өз ойларын білдіру, «Ұлттың тілі, дәстүрі, мәдениеті - сол ұлттың жаны, жан дүниесі» тақырыбында ардагерлермен кездесу кешін өткізу, «Мәдениет – ұлттың қайта өркендеу коды» аудандық мәслихат депутаттарымен дөңгелек үстел, «Ұлттық қолөнер – тәрбие көзі» бұйымдар бойынша көрме, «Дәстүр мен ғұрып» дәстүрді дәріптейтін театрландырылған қойылымдар әзірлеу, «Жәдігерлер сыр шертеді» бейнетаныстырылымын жасау оқушылардың қызыға қатысқан іс-шаралары болды. «Талант- табиғаттан, талап - өзіңнен» атты өнер иелерімен кездесу барысында сценарий дайындау сынып жетекшілер мен оқушыларды ізденіске ұмтылдырды, белсенділігін арттырды.

Тәуелсіз елдің жас буынына патриоттық сананы қалыптастыру бірлескен жұмысты қажет етеді. Отбасы, мектеп, қоғам болып оқушыларды өзін-өзі тәрбиелеуге бейімдей алсақ, мақсатымыздың орындалғаны. Мектептің тәрбие жүйесіне көп қолданыла бермейтін, бірақ оқушыларды елжандылыққа баулитын жұмыс бағыттарын енгізіп, тәжірибеден өткізуден қорықпағанымыз дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Е.Балтабай. Қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беру./Ұлағат, № 6, 2002, 47-б./
2. С.А.Ұзақбаева .Тамыры терең тәрбие.
3. К.Қожахметова., Ш.Таубаева., Ш.Жанұзақова. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах.
4. С.Кенжеахметұлы «Қазақ халқының салт- дәстүрлері», Алматы, «Алматы кітап», 2004 ж.

АНА ТІЛІНІҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖЕТКІНШЕКТЕР БОЙЫНА СІЦІРУ

*Төлеби ауданы Шомшақты жалпы
орта білім беретін мектеп
Мамутова Бақтыгүл Бердалықызы*

Қазақ халқы баланы дүниеге келмей жатып, ана құрсағында тәрбиелеу керектігіне сенген, сондықтан келін аларды қыз таңдарда оның шыққан тегіне өскен жеріне ата тарихына мән берген. Бала дүниеге келісімен азан шақырып ат қою, тұсау кесіп, тұлым қою, баланың болашағына-алаңдаушылығын білдірудің белгісі. Ат қоюда, тұсау кесуде ақыл есі толық сөзге шебер, өзі шешен ел алдында абыройы бар адамға таңдау түскен, бұлда болса баланың болашақтағы жолының ақ, дара болуын көздеуден туған дәстүр. Бүгінгі таңда ата-әженің зейнеткерлік жасының ұлғайуына байланысты баланы балабақшаға береміз. Қуырмашты жаттап, санамақты үйретіп, туған туысты ажырата білетін жасқа келгенше балабақшада тәрбиеленеді. Бес алты жасқа келгенде ұл баланы атқа отырғызып ұл той жасап, қыздарға шаш қойып сырға тағып олардың мектепке дайын екендігін ұғындырады. Дәл осы дәстүрлер арқылы баланы ауыл-аймақ, туған-туыс, дос-жарандар арқылы мейірім мен махаббатқа бөлейді. Бұл баланы мейірімде өсіп, толыққанды азамат болып қалыптасуына әсер ететін фактор.

Алайда, барлық отабасы бірдей емес ол әлеуметтік менталитеттік қала ауылдық және адами факторларға тәуілді. Сонымен қатар, бүгінгі таңда ақпараттың көп болуы, ғаламтордың дамуы кері әсерін тигізуде. Сондықтан мектеп оқушыларының тәрбие деңгейі де оқуға қызуғыушылығы, достарымен қарым -қатынасы әр-түрлі шәкілді көрсетуде. Балалар арасында мектеп пен ата - ана арасында кері байланыс орнату да алшақтауда. Осындай нәрселерді болдырмау мен азайту мақсатында біздің мектептің сынып жетекшілері және шығармашылық тобы жан жақты іздену арқылы тәрбиені ең тиімді жолы ана тілінде жазылған көркем шығармалар мен ауыз әдебиеті халық педагогикасында деп тапты. Атап айтсақ, тыйым сөздер, табу, мақал- мәтел, жаңылтпаш, шешендік сөздер, аңыз- әңгімелер тәрбие сағаттарында кеңінен пайдалану топтық, жұптық жұмыс жасау. Сөзжұмбақ, ребустарды құрастырып, дәлізге іліп апта сайын қорытындылау, жауабын бірге іздеу, оқушылардың коммуникативтік тілдік құзыреттілігін дамытуға, достасуына, білгенімен бөлісуге және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға тәрбиелейді.

Кейбір тапсырмалар отбасына байланысты ата анамен талқылауға үйге беріледі. Жабық тест, ашық хат, эссе, құнды сурет, құнды жәдігер бұл тапсырмалар ата-ана мен баланың бірігіп жауап іздеу арқылы отбасы құндылықтарын балаға үйретіп қана қоймай, ата - ана қашықтықтан мектеппен бірігіп жұмыс жасайды. Дәл осылай ата- ананы мектеп қабырғасына шақырмай-

ақ, бірігіп жұмыс жасап жатырмыз. Дәл қазір білім беру ұйымдарында «Аталар мектебі», «Аналар мектебі» жұмыс жасап жатқаны белгілі.

Біздің мектепте барлық сыныптар жас ерекшелігіне қарай төрт шаңыраққа біріктірілген. Әр шаңырақтың жұмыс жоспары, біздің тілде айтқанда «Кейсі» бар. Осыған орай біздің шаңырағымыз бастауыш сыныптардан құралып «Алтын ұрпақ» де аталады. Біз жеткіншек тобымен жұмыс жасай отырып, «Жеткіншек» тобына келген балаларымыз еңбекке бейім екенін түсінетін шағы. Яғни, еңбек - тек жұмсау емес, ол білім алу, тапсырманы дер кезінде орындау, өз ісіне жауапкершілікпен қарау. Бұл тұста біз балаға бағыт бере отырып, өздігінен дамуға, өзін-өзі реттеуге мүмкіндік жасаймыз. Жеткіншектермен жұмыс жасауда ұлттық дүниетанымдағы жыл қайыру, жұлдыз жорамыл, төрт түліктің қасиеті, қасиетті сандар, емшілік ырымдар, тыйым сөздер. Сонымен қатар, бала “Жеті атасын” біліп, туыстық атаулар мен олардың отбасына қатысы, жақындығы, туысқандық қарым-қатынас мәдениеті мен тыйым сөздерді тәрбие сағаттарында кеңінен пайдаланамыз.

Нәтижесінде, әр оқушы дәлізде, ойын алаңында, мектепте, құрбыларына, өзіне құрметпен қарайды. Дисфемизм сөздер қолданбайды. Мектептен тыс бөгде адамдармен қол ұстасып кетпейді, себебі, ол ұлттық дүниетаным кейісіндегі туыстық қатынастарды тәрбие сағаттарында, отбасында сауалнама арқылы танып-білген. Бұл баланы зорлық-зомбылықтан, жыныстық қолсұғушылықтан қорғауға мүмкіндік береді.

Қазақ халқы өз баласын үш қана сөзбен тәрбиелеп келген «Ұят болады», «Обал болады», «Сауап болады» тоқсан ауыз сөздің түйіні мақал мәтелмен, ым-ишарамен текті ұрпақ өсіріп, ел қорғайтын ержүрек ұл, бұрымды қыз өсірген. Осының бәрі біздің ұлт болып, салт-дәстүрімізді жоғалтпай осы күнге жетуімізге ықпал етті. Ендеше, баяндамамның ең басында айтып өткен тектіліктің қалыптасуы халықтық педагогиканың негізінде жатыр. Болашақ ұрпаққа біз осының бәрін аманат ете аламыз. Осы аманаттың ішінде бүкіл ұлттық дүниетаным, жер мен көк, әр құсы, талы бар, ең бастысы адами қарым-қатынас пен ана тіліміз – басты байлығымыз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Е.Балтабай. Қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беру. Ұлағат, № 6, 2002, 47-б.
2. С.А.Ұзақбаева. Тамыры терең тәрбие.
3. К.Қожахметова., Ш.Таубаева., Ш.Жанұзақова. Методология общей и этнической педагогики в логико-структурных схемах.
4. С.Кенжеахметұлы «Қазақ халқының салт- дәстүрлері», Алматы, «Алматы кітап», 2004 ж.

БАЛАЛАРДЫ ЕҢБЕККЕ БЕЙІМДЕУ АРҚЫЛЫ КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРУ ЖОЛДАРЫ

*Түркістан облысы, Жетісай қаласы.
Абай атындағы №4 жалпы орта мектебі
мектеп-гимназиясы Меңлібаева
Жақсыгүл Есіркепқызы*

Кәсіптік бағдар беру-бүгінгі таңда ең көп талқыланатын тақырып десе де болады. Мұстафа Шоқай ағамыз айтқандай, «Балам дейтін жұртым болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шығады?»

Тәрбие саласы- білім беруде оқушы бұрынғыдай оқу бағдарламасын игеруші, мұғалім балаға жеке пән бойынша білім беріп қана қоймайды, жеке мамандықты меңгеретін жеке тұлғаны да қалыптастырушы.

Баланы кемел болашаққа жеткізуге ұлттық тәрбиенің алар орны ерекше. Бүгінгі таңда мен сынып жетекшілік ететін 5 сынып оқушыларын тәрбие саласының ұлттық құндылықтарын бойларына сіңіру барысында үйірме жұмыстарына қатыстырып, жан - жақты дамуына, танымдық қабілетінің артуына ықпал ете отырып, оларды шығармашылыққа бейімдеймін.

Оқушыларды тәрбиенің барлық салаларымен қамти отырып, ұлттық құндылықтарымыз жайында түсіндірме жұмыстарын үнемі жүргізіп отырамын. Ондағы байқағаным, кез келген 5 сынып оқушысы бастауышта алған білім негізінде бір салаға ынта - ықыласы болады. Сол сала оған ұнайды. Сынып жетекші оқушының сол қызығушылығын анықтап, сол сала бойынша оқушыны бейімдеуі керек. Мұнда оқушылардың кәсіби айқындалуына мұғалімнің рөлі жоғары. Кәсіптік мәнін ашып, өмірге, қоғамға қажеттілігін үнемі сабақта айтып, дәлелмен нақтылап түсіндірсе, әрине сол кәсіпке бейім оқушылардың бейімділігін дамытуға болады.

Өз бетінше жұмыспен айналысуына бағыт бағдар беремін. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі жүріп жатқан кезеңде оқушылардың жан жақты кәсіби шеберлігін неге арттырмасқа?

Тақырыбыма келер болсам, Кәсіптік бейімделу (профдаптация) жұмыс орнында, тәжірибелік еңбек әрекетінде іске асады. **Кәсіптік бейімделу дегеніміз —мамандыққа жаңа жағдайда бейімделу. Кәсіптік іріктеу — (профотбор) мамандықты меңгеруге жарамдылығын арнаулы әдістеме арқылы анықтауға бағытталған зерттеу процесі.** Қоғамда кәсіптік іріктеу белгілі бір мамандықтың түріне зорлықпен жүргізілетін «бейімдеушілік» түрінде болса, кәсіптік іріктеудің (профотбор) негізіне оның гуманистік, тәрбиелік мәні, жастардың жаңа жағдайда жұмысқа «үйренуі» жатады. «Цифрландыру арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттырамыз» деп Елбасымыз Қасымжомарт Кемелұлы Тоқаев мырза айтқандай,

Жаңа технологиялар бойынша сапалы білім беру баланың жан жақты ізденіп, бос уақытын тиімді пайдалануға септігін тигізеді. Атап айтатын болсақ,

цифрлық сауаттылық арқылы тәрбие сабақтары кең ауқымда ұйымдастырылса, оқушының танымдық қабілетін арттырады және оқушылардың көркем шығармаға құштарлығы оянады.

Электронды оқулықтың тиімділігі-оқушы өзіне қажетті дүниелермен аудио және визуалды өнер түрлерімен танысады. Аудиобаспада суреттер мен анимациялық көріністерді танып, игереді. Пилотфорт арқылы ватсап, телеграмм, ютуб желілерінен қажет мағлұматтарын ала алса, «Okushi kz» чат-бот қосымшасында бала жан-жақты білімін шыңдап, нағыз мамандық иесі болуға бет бұрады деп ойлаймын. Кәсіптік бағдар беру дегеніміз — педагогтардың, психологтардың, дәрігерлердің және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде, мақсатты істелетін жұмыс.

Педагогикалық идеяларда сынып жетекші ретінде оқушының бос уақытын тиімді пайдалану барысында жаңа технология ілімдерін оқушы санасына құйып, ескертулер жасап отыру-сынып жетекші мен пән мұғалімдері және ата аналардың көмегі қажет екенін аитып өткім келеді.

Осындай қарқынды еңбектенудің арқасында оқушылар біліммен қатар еңбектеніп, қазақ мәдениетінің, өнерінің дамуына үлкен үлесін қосады деп ойлаймын. Келешекте дамыған елдер қатарына талпыну кезеңі барысында оқушылардың ой-өрісін, танымын ұлғайтып, жан – жақты іскер азамат етіп шығаруда кәсіптік бағыт- бағдар беретін технология пәнінің алар орны ерекше деуге болады. Өйткені, болашақ ұрпағымыздың кеңінен қанат жайып, халықаралық сайыстарда түрлі өнерлерімен, іскерлігімен қазақ еліне және басқа да мемлекеттерге өздерін қазақ азаматы екенін көрсетіп, үлкен көшбасшылыққа бастау алса еліміз үшін үлкен мәртебе емес пе? Қолөнер-ата бабамыздан қалған кәсіп болғандықтан ұрпақ үшін бүгін де ертең де керек дүние деп білемін.

Білім саласындағы кез келген пән - қандай ортада болмасын өзінің айтар ойы, өмірге деген көзқарасы, нақты жеке тұлғаны қалыптастыруға өзіндік үлес қосары анық. Технология пәнінің басты мақсаты - оқушылардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ете отырып, қазіргі заманның технологиялық мәдениетіне, яғни бұйымдарды көркем жобалауға, өндеп, өндіруге бейімдеу болып табылады. Сондай - ақ оқушылардың техника мен технология әлемін зерттеп, зерделеуін, кәсіптік іс - әрекет элементтерінен практикалық тәжірибе алуын қарастырады. Технология атты жаңа интегративті білім саласын меңгеру- оқушылардың жалпы білім мен дағдыны меңгеруіне мүмкіндік береді: интеллектуалдық, тұлғалық, этикалық дамуын, өзіндік, кәсіптік айқындалуын, қазіргі әлеуметтік - экономикалық жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етеді. Сәнді қолданбалы қолөнері адамдардың көркемдік талғамының қалыптасуына ерекше әсер етеді, жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беруге қызмет етіп, оларды

халқымыздың материалдық рухани мұраларын терең түсініп, оны бағалай білуге тәрбиелейді.

Орта мектептегі оқытудың негізгі міндеттері - білім беріп қана қою емес, білім мазмұны арқылы баланың тәрбиесіне, өмірге, еңбекке, адамдарға, айналадағы ортаға, дұрыс қарым - қатынасын қалыптастыру. Оқыту мен тәрбие бір - бірімен байланысты процесс, бір нәрсенің екі жағы сияқты. Тәрбиелік сабақтың мазмұнын анықтай отырып, сабақ барысында оқу және тәрбие міндеттерін шешеді.

Н. Левитов: « Көркемдік – қолданбалы жұмыстар барысында оқушылардың еңбек білімі мен шеберлігін қалыптастыру үрдісінің педагогикалық мақсаты болу үшін оқып, үйрету барысында олардың ақыл – ой қабілеттері мен іс – әрекеттер ерекшеліктерін ескеру керек» деген.

Технология сабағында ұлттық тәрбие берудің міндеті жан - жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, жаңа технология бойынша әдістемелік жүйенің басты бөлігі сәнді қолданбалы қолөнерді технология сабағында қолдана білу болып табылады.

Қазіргі кезде мектептер он екі жылдық білімге көшу дайындығына байланысты, оқушылардың кәсіби мамандық алуына жете көңіл бөлінуде. Жаһандану заманында өмір талабы, уақыт ағысы жастарды кәсіби мамандық алуына итермелейді. Ал оқушылардың еңбекке бейімделіп, қызығушылығы артып, келешекте мамандық таңдауына бағдар беруге сынып жетекшінің де атқарар ролі зор деп білемін. Оқушыларды еңбекке бейімдеуде қабілетіне қарай топтарға бөліп оқытуға кеңес беремін.

Менің жетекшілік ететін 5 сынып оқушыларымды тәрбиенің барлық салаларымен қамти отырып, ұлттық құндылықтарымыз жайында түсіндірме жұмыстарын үнемі жүргізіп отырамын. Ондағы байқағаным, кез келген 5 сынып оқушысы бастауышта алған білім негізінде бір салаға ынта - ықыласы болады. Сол сала оған ұнайды. Сынып жетекші оқушының сол қызығушылығын анықтап, сол сала бойынша оқушыны бейімдеуі керек. Мұнда оқушылардың кәсіби айқындалуына мұғалімнің ролі жоғары. Кәсіптік мәнін ашып, өмірге, қоғамға қажеттілігін үнемі сабақта айтып, дәлелмен нақтылап түсіндірсе, әрине сол кәсіпке бейім оқушылардың бейімділігін дамытуға болады.

Кәсіптік білім алу үшін технология пәні – кәсіптік білім беру жүйесі. Білімнің негізгі және айқындаушы мәні сол тұлғаны дамыту болып табылады. Оны жүзеге асырудың негізгі жолдары: оқушылардың жеке қабілетін және белгілі бір кәсіпке бейімділігін айқындай отырып білім беру, сол негізде оқу бағдарламасын жетілдіру. Бағдарлы оқыту – оқушылардың орнықты мүддесі мен қабілет бейімділігі негізінде бағытталған білім жүйесі екені белгілі. Сондықтан жалпы білім берудің жоғарғы сатысында іс – әрекет тәсілдеріне оқу – кәсіби мамандыққа бағытталған білім беру үлкен мәнге ие. Әр баланың ерекшелігін ескеріп, тақырыпты өмірмен байланыстырып, әр оқушыға жеке тақырып пен бағыт – бағдар беріп отыру. Сонда ғана оқушының

пәнге деген қызығушылығы артады. Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру технология пәні мұғалімдеріне өз қызметіне өте үлкен жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Кәсіптік бағдар беру барысында мұғалім әр оқушының алдында оның кемшілігіне шын мәнінде жауапты екенін сезіну қажет. Өз іс тәжірибемде оқушыларға кәсіптік бағдар беру, белгілі бір мамандыққа бейімдеу және өзіндік кәсіптікті айқындау деп білемін. Сапалы білім берумен қатар, бала тәрбиесінің оң нәтиже көрсетуіне сынып жетекші мен ата ананың ықпалы аса қажет.

Қазіргі таңда жеке тұлғаны қалыптастыру тәрбие саласында жауапкершілікпен қарауды талап етеді. Осы үлкен міндетті атқару үшін технология пәнінің мұғалімінің өзі білімді, мәдениетті, жаңашыл болуы қажет деп ойлаймын. Сол себептен әр сабағын жаңашылдандырып өткізуді мақсат етіп, күрделі дайындықпен сабақты өткізуге қалыптасқан жөн. Сабақтың сапасы – ол оқушының білімділігі, біліктілігі, мәдениеттілігі.

Бұл салада бірінші сәттілік:

- мұғалім проблемасын анықтап, алдына мақсат қояды;

Екіншісі - тақырыптық күнтізбелік бағдарламаны жан - жақты зерттеп, мектеп білім сапасын ескере отырып, дұрыс құруы, мұғалімнің мақсатына жету жолының ашықтығы.

Тәрбие берудің маңыздылығы-оқушылардың қызығушылығы мен бейімділігін дамыта отырып, кәсіби айқындалуын жетілдіріп, болашақ кәсібін қателеспей табуына көмек болады. Кәсіптік мектептерде, оқу – өндірістік комбинаттарында кәсіптік мамандық алуына жол ашады. Бұл жұмыстар жеткіншектердің кәсіптік бағдарды сезінуіне, еңбекті бағалауына, сүйіп атқаратын жұмысқа дағдылануға, жауапкершілікті сезінуге, мінез – құлық және қарым – қатынас мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді. Жастарымыздың жарқын болашағы, олардың барлық қыйындыққа дайын тұруы қоғамдық өмірімізге үлкен әсері мен табиғатты қабылдауы және адамдар арасындағы қарым - қатынастағы қызметі арқылы көрінеді. Талантты және дарынды оқушылардың бойында даму және шығармашылық қабілеттер өнердің түрлі саласында өз ерекшелігіне қарай көрінеді. Қазіргі заманғы мектептің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – оқушыларда білім мен шеберліктің қалыптасуы болып табылады. «Жас өспірімнің дербестігі педагогикалық мақсатқа бағытталса, жақсы нәтижелерге жеткізеді, жауапкершілік сезімін арттырады, шығармашылық бастаманы дамытады, оны белсенді етеді», - деп жазды Қазіргі кезде заман талабына сай, мектептің, ұстаздардың алдына қойған мақсаты – мектеп қабырғасында тәрбиеленіп келе жатқан жас ұрпақты ұлтымыздың көнеден келе жатқан салт - дәстүрімен таныстыру, еңбекке деген шеберлігімен икемділігін, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру. Бұл тек ұстаздардың ғана емес, сонымен қатар қазақтың көне салт - дәстүрін, әдет – ғұрпын, тұрмыс – тіршіліктерін, қолөнерін жадымызда ұстау, келешек ұрпаққа үйрету, жөн сілтеу, ата – бабаларымыздың дәстүрін ұмыт қалдырмау –

баршамыздың парызымыз және тәрбиелік мәні өте зор болмақ. Сондықтан оқу - тәрбие жұмысының барысында, технология сабағында оқушыларға кәсіби технология пәнінің үйірме жұмыстарында халқымыздың ұлттық қолөнерін, халқымыздың салт - дәстүрімен, әдет – ғұрпымен таныстыра отырып, оқушының іскерлігін, дағдысын, еңбекке деген ынтасын қалыптастыруды негізгі мақсат етіп қою - біздің міндетіміз. Ұлттық мәдениетке негізделген қазақ мектебінің қайта түлеуі қазіргі таңдағы көкейкесті мәселе болып отыр. Өйткені оқушылардың көркемдік білім алуын арттыру және рухани деңгейін дамыту, шығармашылыққа тәрбиелеу – қазіргі білім беруде көзделіп отырған мәселе. Осы тұрғыдан келгенде оқушылардың жұмыс істеу әдет – дағдыларын көркем шығармашылық іскерлікпен жалғастырып дамыту мәселесі қарастырылады.

Кәсіптік ақпарат өте қиын, жан-жақты жұмыс. Ол әрбір экономикалық, ауданның мамандарға қажеттілігі мен оның даму келешегі ескеріле отырып жүргізіледі. Кәсіптік ақпараттың мазмұны, ұйымдастыру мен әдістері әр жас кезеңінде әр түрлі болады. Сондықтан да кәсіби бағдар беруде мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып жүргізу керек. Мектеп директоры мектептегі кәсіптік бағдар беру жұмысына көп көңіл бөледі, оны бақылайды, басқарады, таныстырады. Тәрбие жұмысының мұндай түрлері ата-аналар мен сынып жетекшінің қарым- қатынаста болуын қажет етеді . Балалардың кәсіби ынтасын дамыту үшін сынып жетекші ата-аналармен, мұғалімдермен, кәсіпкерлермен әр түрлі мамандықтар жөнінде кештер, дөңгелек үстел, ұйымдастырып, олармен әңгіме өткізеді, болашақ маман йелерін дайындайды.

Баяндама соңында айтарым: кәсіптік бағдар беруде үздіксіз еңбектеніп, оқушылардың білімге деген құштарлығын қалыптастыру және жасөспірімдерді жеке тұлға етіп дайындау. Келешекте мектептерде 12 жылдық оқу бағдарламасында кәсіби бағдар беру жүзеге асырылса, кәсіби ізденудің оқушыларға беретін тәрбиелік мәні орасан зор болмақ. Назар қойып, тыңдағандарыңыз үшін рахмет!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Р. Үкіметінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі №218 қаулысы.
2. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар, №4. 2010.

STEAM- ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ЖАНЖАҚТЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ

*Түркістан қаласы, Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназиясы
Муталова Ханзада Маликайдаровна*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында цифрландыру барлық реформаның басты элементі екеніне маңыз берді. Бұл – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттыңбәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы, табысты болудың басты кілті.

Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEAM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді. Әлемде бүгінгі нарық заңы бойынша жақсы маманға жақсы төлем жасайтын жұмыс берушілер санының жоғары екендігін ескерсек, нақты ғылымдарға деген оқушылар мен студенттердің қызығушылығын арттыра білу қажеттілігі ұстаздардан үлкен жауапкершілікті, жоғары біліктілікті талап етуде. Технологиялық прогресті алға мақсат еткен мемлекеттерде ғылыми-инженерлік мамандарға сұраныс күн санап артуда.

Экономикадағы бұл үрдіс көптеген алдыңғы қатарлы мемлекеттердің STEAM-білім беру жүйесіне баса көңіл бөлуге мәжбүрлеп отыр. Күні бүгін болашағы ерен, экономикасы күннен күнге дамып, спорт, өнер, ғылым саласында әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің қатарынан үзеңгі қағыстырып, алға ұмтылған мемлекетіміздегі жастарды жан-жақты білімді, шығармашыл, іздене білетін, нанотехнологияларды да, өнер әлемін де меңгерген тұлға ретінде дайындау ісінде STEAM-оқытудың өзектілігі маңызды. Оқушылар оқиғалардың өзара байланысын көруге үйренеді, логика принциптерін жақсы түсінеді және өз модельдерін жасау барысында жаңа және ерекше нәрсені табады. Кешенді тәсіл олардың ғылыми тұрғыда тәрбиелеп, білім құмарлығын дамытуға ықпал етеді.

STEM-білім беру дегеніміз не?

Бір сөзбен жеткізе алсақ, дәстүрлі оқытылатын ғылымдарға заман ағымымен келген және келе беретін жаңалықтарды кіріктіріп оқыту. Сынып оқушылары бос уақытын тиімді пайдаланып, бейнелеу өнерлері арқылы рухани дамып, бойларына жақсы қасиеттерді сіндіріп қана қоймай ғылыми тұрғыда білім алып және қандай мамандыққа икемі барын біліп, алған білімдерін өмірінде пайдалана алуға ықпал етеді.

S – science-ғылым

T – technology-технология

E – engineering-инженерия

A – art- сурет

M – mathematics-математика

«Нені үйрету және нені үйрену керек?»

Мақсаты мен міндеттері :

1. Сыни ойлау дағдыларын дамыту және проблеммаларды шешу
2. Балаларды технологиялық инновацияларға дайындау
3. Нақты өмірде ғылыми теникалық білімді пайдалану
4. Техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту
5. Өзіне жауапкершілік алу және сенімін арттыру

Оқушыны бәсекеге қабілетті, жан-жақты ұрпақ етіп тәрбиелеу кезіндегі тиімділі.

STEAM-білім беру тұжырымдамасы аясында қосымша білім берудің маңыздылығын бірнеше жағынан байқауға болады

STEAM-білім беруде өнердің түрлі бағыттарын қарауға болады: кескіндеме, мүсін өнері, графика, музыка, әдебиет және поэзия, сол сияқты синтетикалық түрлері театр, хореография, балет, кино, дизайн. STEAM-білім беру жүйесіне көркем шығармашылықты кіріктіру үшін қолданылатын негізгі оқыту әдісі – жобалау. Мысалы, жобалау және математикалық қабілеттері аса айқындалмаған балалар жобалауды эстетикалық жағынан жүзеге асыратын топқа көмектесе алады. Сынып оқушылары бірін-бірі тыңдап, сыйлауға үйретеді. Әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың іс-әрекеті арқылы техникалық шығармашылыққа деген ынтасы арттырады. Тәрбиелеудің жаңа инновациялық технологияларын меңгеру мақсатында оқушылардың білімі жетіліп, бойларындағы қабілеттерін арттырып және оны болашағында пайдалануға тәрбиелеуіміз керек. Жаңа мультимедиялық әдістемелік құралдар жасаған оқытушылар жұмыстарын қолдап отыру қажет. Internet және басқа да ақпарат жолдарын пайдалана отырып, STEAM-оқытуды жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында online конференциялар, үйірме сабақтарында кеңінен білім беру мен өзге де білімін жетілдіру іс-шараларын ұйымдастыру арқылы STEAM технологияларының тиімділігін көре аламыз .

НӘТИЖЕСІНДЕ:

- Қажетті ақпаратты меңгеруді тездетеді;
- Оқу үрдісі жаңа, динамикалы, ақпаратты түрге ауысады;
- Көрнекі құралдардың кең спектрі қолданылады;
- Пәнге қызығушылық артады; .
- Өз қабілеттерін тани біледі;
- Уақыттарын тиімді өткізеді;
- Топ болып жұмыс жасап, бір-біріне сенім арта алады;
- Жауапкершілікті сезінеді.
- Оқушылардың жасаған жұмыстарынан көрініс:

Қорытындылай келе, STEM - тәсіл біздің балаларымызға әлемді жүйелі түрде оқуға, айналасындағы оқиғалардың логикасын білуге, олардың қарым-қатынасын

ашуға және түсінуге, жаңа, ерекше және өте қызықты жаңалықтарды табуға мүмкіндік береді деп айтқым келеді. Қазіргі заманауи мұғалім балаларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Демек, STEAM-білім беру балаларға мәселені шешу, өзара қарым-қатынас жасау, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сын тұрғысында ойлау сияқты ХХІ ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі. Бұл дағдылар барлық оқу кезеңінде кез келген пәннен үлгеру үшін қажет болады. Болжамдар бойынша STEAM сегментіндегі жұмыс орындары жұмыспен қамтудың басқа секторларымен салыстырғанда, алдағы он жылдықта екі есе қарқынмен өсуі мүмкін. Бұл дағдыларды бүгіннен бастап үйрету балалардың болашақ кәсіби қызметке дайын болуына көмектеседі. Мектеп бағдарламасына «Ғылымға кіріспе», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» сынды ақпаратты сараптай білуге үйрететін заманауи пәндер кіргізілуде. Сонымен қатар, есте ұстар басты мәселе: тіл біле отырып, сапалы, бәсекеге қабілетті маман бола отырып, өз Отанының патриоты болу – әр азаматқа басты міндет екендігін есте ұстау абзал. Жаһандану заманында әр жас адам: «Мен мемлекетім үшін не істеймін, не істедім, қандай пайда әкелдім?» принципін қашан да жадында ұстануы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хламова Н. А. Новикова Н. А. Растим будущих инженеров в детском саду. Молодой ученый. 2018ж.
2. Шипинский В.Г. Методы инженерного творчества. 2016 ж.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
4. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы 2016ж
5. Н.Ә.Назарбаев “Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты” атты Жолдауы, 2012
6. ҚР Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2011
7. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2020

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ БАСЫМДЫҒЫ: БАЛАЛАР ЖӘНЕ БІЛІМ

Түркістан облысы, Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп ДТІЖО Шорабекова Айгуль Садуахасқызы

Мақсаты: ұлттық құндылықтардың адам өміріндегі маңызын айта отырып, ертеңгі ұрпақтың рухани бай мәдениетті, ойлау қабілеті зерек, алғыр, білімді болуына тәрбиелеу.

Міндеті: отаншылдық пен салт-дәстүрімізді құрметтеуге, қазақ халқының құнды ойларын, даналық пәлсапасын өмірлік тәжірибеде қолдана алатын жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Кіріспе

Ұлттық құндылықтар дегеніміз-тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға :ұлттық салт-дәстүр, дархан даламыздың ұлттық қасиеттері, төл қасиеттеріміздің таңғажайып тылсым күштері, ұлттық рух пен намыс. Еліміз Тәуелсіздік алған жылдардағы ел экономикасының көтерудегі жоспарлы саясаттар баяу жүрген кезеңдер болды. Қандай заман болсада ұлттың тәлім-тәрбиесі, рухани-байлығы, ата-баба салт дәстүрі, ұрпақ санасында қалу керек. Қазақ халқында ұлттық педагогиканың негізін қалаған. Қазақ халқының оқу-ағарту ісінде ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуді алғаш ұсынған-алаш арысы Мағжан Жұмабаев болды. Ол кезде қазақша педагогикалық терминдер жоқтың қасы еді. М.Жұмабаев жүздеген педагогикалық терминдерді ойлап тауып тілімізге енгізген. «Егерде адам баласына төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны

-Берік шымыр денелі болса (салауатты болса)

-Түзу ойлайтын, дұрыс шешім шығара алса (ақыл-ой санасы жетік болса)

-Ойын дәл жеткізетін сұлу сөзді болса (шешендік)

-Жаманнан жақсыны ажырата алатындай болса (жаны жақсыны тілеп тұрса)

Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын»-деу арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап берді.

Негізгі бөлім. «Атқарылған іс-әрекеттер барысындағы ұлттық құндылықтардың дәріптелуі.»

Ата-аналар жиналысында, оқушыларға өткен сыныптан тыс іс-шараларда рухани жаңғыру, жаңартылған білім бағдарламасы аясында ұлттық құндылықтар туралы түсінік күн тәртібінен қалған емес, бір-бірімен сабақтастықта жүреді. Алайда қоғамның даму бағытымен, ғаламтор желісінің шарықтау шегінде өмір сүріп жатқан уақытта тәрбие саласының күрделеніп кеткені рас. Мектебімізде атқарылған іс-шараларға ата-аналар қатыстырылып, жалпы мектептің ата-аналар чатына бейнероликтер мен фотолар жіберіліп кері байланыс алынып отырады. Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен әрбір мектепте тәрбие кабиенті бірлесіп жұмыс жасайды.

Тәрбие орынбасарлар, психологтар, әлеуметтік педагогтар, тәлімгерлер, сынып жетекшілер әрбір ата-анамен оқушының мәліметін толық жинақтап талдау жасайды. Сынып жетекшілер әр оқушының мінез-құлқы, қабілеті отбасы жағдайы мен әуес ісі жайлы мінездеме жазып жинақтайды. Әр тоқсанда дирекция жанындағы отырыста әр сынып жетекші жеке-жеке оқушыларының жағдайына есебін береді. Жеке бақылауды қажет ететін оқушылары болса анықталып, тиісті қызметкерлер жұмыс жасаймыз.

Осындай жұмыс барысында туындайтын біршама қиындықтар халықтың әлеуметтік жағдайына байланысты жас отбасылардың қалаға уақытша жұмыс жасап, балдарын ата-апасына қалдырған отбасы балдары. Олардың жағдайын жүйелі бақылауға қауқары жете бермейтін ата-аналарды бала тыңдай бермейді. Қазіргі жас отбасылардың балдарына ұлттық құндылықтарды енгізіп тәрбие беруде қабілетсіз, өздеріне міндетті санамайтындығы, жай отбасындағы тәрбиені беруде де алшақтық бар. Себебі бала, ата-ана виртуалды өмір сүруде үйде сөйлеу қарым-қатынасынан көрі телефон арқылы байланысуға үйренген. Осы мәселе бойынша ата-аналар жиналысында жан-жақты дайындалып ата-ананың қазіргі өмірі мен бұрынғы өмірімізді салыстырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеумен аяқтап, қорытындылаймыз.

Алайда ата-аналардың барлығына бірдей топырақ шашуға болмайды, түсінетін ата-аналар бар. Түрлі форматта өткізілетін ата-аналар жиналысында оқушылардың қолөнер көрмесі, сазды бағдарлама мен қойылымдар қойылып, оқушылардың болашақ мамандығы туралы айтылады. Сонда баласының өнерін көрген ата-ана алғысын айтып, мектеппен байланыста болуға ұмтылады. Ауыл мектебі болғандықтан аса шектен шыққан бұзық балдарды кездестірмейміз, бірақ түнгі рейд мезгілінде балалардың ата-анасыз көшеде жүргендігі анда-санда кездеседі. Себебін сұрасаңыз: ол балдар мектептің жақсы оқитын, керативті, белсенді балдары болып шығады. Мектепте түсте дайындықтан шығып, достарының үйіне көмекке асарға барған немесе үйінде көмірі таусылған туысқанының үйіне қаппен көмір алып барған болады т.б.

Ата-аналар жиналысында түнгі мезгілде (сағ 11:00) балдардың көшеде ата-анасыз жүруі бойынша мектептің КТІЖБ қызметкерлері түсінік жұмысын жүргізгенін білетін ата-ана «Балам бұзықтық жасаған жоқ»-деп түсінік беруден бас тартқысы келеді. Әрине түсінік алынып заңдастырылады.

Жалпы айтқанда 1-4 сынып оқушыларының ата-аналарының үйінде бақылауы өз деңгейінде, себебі кішкентай бала айтқанын істетеді, ал 5-7 сынып ата-аналарының негізгі дені виртуалды әлемде, ұлттық құндылықтарды балаға меңгертетін жаста уақыт басқаға жұмсалып жатады, бала біртіндеп ата-анадан алшақтайды, керегін ғаламтордан алады. Ал баласы 10-11 сыныпқа келгенде оларға айтқанын істете алмайтын жағдайға жетеді. Барлық кінәні мектепке жапқысы келіп, тек ситуациядан шығып кетуді ойлап тұрады. Бұл жерде бала тәртіптен тіпті ажырап қалды демейміз, бірақ ұлттық құндылықтар негіздемесіне ата-аналардың жауапкершілігін арттыру керек деп

ойлаймын. Мектептен тыс уақыттағы келеңсіз жағдайға ата-ана тікелей жауапты екенін, әкімшілік-құқықбұзушылық тарапынан ерекше бақылауға алып, ата-ананы жауапқа тарту керек. Орыстың белгілі зерттеуші ғалымы А.Н.Леонтьев «Суда қалай жүзу керектігін білетін, бірақ өзі жүзе алмайтын адам құтқарушы бола алмайды» дейді, сондықтан жұмысымызды білеміз ғой деп қарау тәрбие саласында өте қиын, сондықтан құтқарушы болайық дегім келеді.

Қорытынды.

Ұсыныс пікір :

1. Ұл мен қыз тәрбиесінің сабақтан тыс мезгіліндегі қауіпсіздік шараларына ата-ананы жауапты ету керек.
2. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде арнайы сабақтар енгізілсе, сынып сағатынан бөлек тұрақты сағат болу керек.
3. Ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігін арттыру үшін, әкімшілік-құқықбұзушылық нормаларын бұзған оқушының ата-анасының мәселесін арнайы жиында қарау керек.
4. Әлеуметтік желілерде көмек қолын созып, көмек қажет ететін отбасыларға үй салып беріп жатқан жақсы бастамаларды көруге болады. Ондай отбасылар көбіне көпбалалы немесе, жалғызбасты аналарға көрсетіліп жатады. Осындай жиында тек отбасы қуанышы құтты болсын, игі бастамашыларға рахмет деген сөзден басқа әңгіме айтылмаса. Себебі жасөспірім балдардың жасық болып қалуы немесе тұнжырап өсуі болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Отбасы құндылықтары»-ғаламтор материалдары 2012ж
2. «Гибратты әңгімелер»-Қазіргі жастар менталитеті. 2014ж
3. «Болашаққа бағдар рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы. 2017ж

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ АРҚЫЛЫ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАМЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖОЛДАРЫ.

*Түркістан облысы, Ордабасы ауданының
адами әлеуетті дамыту бөлімінің
Ғ Мұратбаев атындағы ЖОМ.
сынып жетекшісі
Тасболат Алтынай Өмірзаққызы*

Қазіргі жаңару мен жаһандану, өсу мен өрбу, даму мен ілгерілеу заманында, ақпараттар мен техниканың ғарыштап дамыған заманында көркем әдебиетті оқыту түгіл, түсіндірудің өзі бос әурешілік пе деп түсініп қаласың. Өйткені, ел экономикасы ғарыштап дамыған компьютерлік заманда саналы

ұрпақ интернет арқылы төрткүл дүниені аралап, не керегін алып, жан-жақты ақпараттанып жатқанда сенің «кітап оқы» дегеніңе уақытын зая кетірмесі белгілі. Жоқ. Бұлай деп қол қусыру ертеңгі өсер ұрпақтың тамырына балта сілтеп, өсіру емес, өшіруге, түбірінен қыркуға әкелері хақ. Сондықтан, біз, мұғалімдер қауымы, ата-аналармен, көпшілікпен біріге отырып, мұндай апатқа дабыл қаға кірісуіміз керек-ақ. Болашағымыздың көзі-қарақты, көкірегі ояу, рухани санасына сәуле отын жағуға жол таба білуіміз қажет. Баланың рухани байлығын мол етіп тәрбиелеудің сан түрлі жолдары бар. Солардың бірі және бірегейі - баланы кітап оқуға әуестендіру.

Бүгінгі таңда адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті, апта, күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Сондықтан да ең өзекті тақырыптың бірі - цифрлық сауаттылық және сол цифрлық сауаттылық арқылы оқу –тәрбие процесін жеделдету , жеңілдету, балаларға, ұстаздарға, ата-аналарға жүктемені азайту.

Осы орайда мемлекет басшысының өзі: елдің байлығы жер асты қазба байлықтарының көлеміне қарай емес, заманауи технологияны қаншалықты игергеніне, онымен жұмыс істеуіне байланысты деп атап көрсеткен.

Яғни, «Цифрландыру арқылы бәсекеге қабілеттілікті арттырамыз» деп болашаққа міндет жүктегені баршамызға аян.Бүгінде жалпы орта білім мазмұнын жаңарту, ұлттық мектептердің үлгісін жасау бағытында оқытудың жаңа технологияларын, инновациялық көзқарастарды енгізу сияқты оң өзгерістер еліміздің мектептерінің қызметін жақсартуда да үлкен өзектілікке ие болып отыр.

Осыған орай, бүгінгі ұстаздардың алдында оқушыға білім, білік, дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерлерін, яғни жан-жақты, азат, шығармашыл, өз бетімен жұмыс жасай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны дамыту міндеттері де тұр.

Талай ғасырдың сын елегінен өткен, әлемді меңгерудің мейлінше бай тәжірибе-тағылымы небір тарихи дәуірлердің рухын жинақтаған, арман-ойларын уақыт сүзгісінен өткізген таным теориясының қазіргі педагогикадағы маңызы зор. Оқыту үрдісі екі жақты үрдіс болғандықтан, оқушының өзіндік жұмысы, дербес шығармашылық іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен қатар, олардың ізденімпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасайтын әрекетке қызығушылығын қажет етеді.

- Бұл баяндаманың өзектілігі: Оқушылардың көркем шығарма оқуға құштарлығы артып, кейіпкер іс-әрекетіне ене отырып, ұлттық құндылықтарды бойына дарытады.
- Баяндаманың негізгі мәселелері: Оқушылардың қазіргі қоғаммен байланысы күшейеді, үйреншікті ақпаратқа жаңаша көзқараспен қарап, әртүрлі шешімдер қабылдай алады.
- Проблемаларды шешу жолдары: Цифрлық технология арқылы тіл байлығы молайып, шығармашылық қабілеті дамиды.

- Жұмысымның зерттеу нәтижесі: Болашақ оқырмандарды қызықтыру және таңқалдыру арқылы рухани адамгершілік құндылықтарды бойына дарытады.

Сондықтан, менде ең алдымен, «Цифрлық технология арқылы оқушыларды көркем шығарманы оқуға қалай баулимыз?» деген сұрақ туындады. Бұған сыныбыммен тәрбие сағаттарында, түрлі өткізілген іс-шараларда тәжірибе жасаудың нәтижесінде « Цифрлық ресурспен байланыстырып оқытсақ, біздің жұмысымыз өз нәтижесін береді» деген ұйғарымға келдім.

Цифрлық технологияны пайдаланудағы алғышарттар:

- Білім беру сапасын арттыру ;
- Әрбір қатысушыға икемді және жеке тәрбие беру;
- Көркем шығармаларды жүйелі түрде талдау дағдыларын меңгерту;
- Болашақ оқырманды қызықтыру және таңқалдыру;
- Көркем шығарма оқу барысында кейіпкерлер образына ендіру арқылы танымдық ынтасын қалыптастыру;
- Рухани адамгершілік құндылықтарды бойына дарыту .
- Түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық анықтамалар арқылы білімін жан- жақты жетілдіреді, дамытады;
- Тақырыптан қалып кеткен немесе дұрыс түсінбеген тақырыпты қосымша қайталауға мүмкіндік беріледі;
- Пәнге қызығушылығы, үздіксіз ізденісі артады;
- Ойлау, есте сақтау, пікірсайыстық қабілеті дамиды;
- Түрлі бейнелік, сілтемелік, нұсқаулық тапсырмаларды орындайды;
- Түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындап өзінің алған білімін тексереді.

Сонымен қатар цифрлық технологиялар арқылы оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруді және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал ретінде пайдалану арқылы танымдық қызығушылықты арттырудың мүмкіндігі жоғары деп санаймыз. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды тиімді қолдану маңызды болып саналады.

Осы негізде оқушылар тек біліммен қаруланып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше оқуға ынталануына қажеттіліктерін тудырады. Осы мәселелердің жүзеге асу жолдарына себепкер ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әрқайсының өзіндік оқушыға беретін ықпалы жоғары болады. Бүгінгі таңдағы цифрлық қоғамда оқушылардың ойлау қабілетін қалыптастыратын және компьютерлік оқыту ісін дамытатын жалпы заңдылықтардан тарайтын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың тиімділігі жоғары деп есептеймін.

Буктрейлер - кітап туралы баяндайтын қысқа бейне. Оның міндеті - болашақ оқырманды қызықтыру, таңғалдыру. Сондықтан мен оқушыларға

барлық шығарманы оқытар алдында буктрейлер арқылы көркем шығарманы жарнамалап, оларды қызықтырып аламын.

Аудио жазбадан ақпараттарды, суреттерді, бейнені, анимацияны көрсетемін. Мұның артықшылығы уақыт өте келе жазба ішіндегі дүниелерге өзгерістер енгізе беруге мүмкіндік болатынын түсіндіремін.

Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, бейнекөріністер көрсетуге, дыбыс және музыка тыңдатуға болады. Бұл, әрине, мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда әсерлі, әрі тиімді. Электрондық оқулық оқушыға оқу материалын меңгеруге, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді. Электронды орталарды интерактивті тақтаны пайдалану арқылы оқушылардың білімін тексеру үшін әр тарауды аяқтағанда, жаңа сабақты бекіткенде тестілеу әдісін қолдануға болады. Әрбір оқушы қалаған тақырыптары бойынша тапсырмалар орындап, тестке жауап беруге дағдыланады. Сабақта электрондық оқулықтарды қолдану барысында оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылығының артқандығы байқалады. Электронды оқулықпен оқыту, мұғалімнің оқушымен жеке жұмыс жүргізгендей болады. Электрондық оқулықтан материалды бірнеше мәрте қайталап тыңдатамын. Нәтижесінде оқушылардың тапсырмалардың дұрыс жауабын бірден білуге мүмкіндігі болады.

Ватцап желісі арқылы тапсырмалар беріледі. **Тик–ток желісі** арқылы да мағыналы, мәнді шығармаларды көрсетемін. **Фейсбук, инстаграмм желілеріне** оқушылардың жұмыстарындағы жетістіктерін жариялаймыз. Оқушылардың жарияланған жетістіктерін көру арқылы қалған оқушылардың да қызығушылықтары артып, солардай болуға талпынады.

Білім ленд, кітап kz ресурстарындағы шығармалардың да аудио нұсқасын тыңдатамын.

Мен бұл қорытындыға бірден келген жоқпын. Бірнеше уақыт зерттеп, тәжірибемде қолданып көрген болатынмын.

Мысалдар келтіре кетейін :

Буктрейлер арқылы М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасын жарнамалаймын.

Абайдың екінші қара сөзін аудио жазбадан тыңдатамын. Арнайы мамандар дыбыстаған шығармалар құлаққа тез кіріп, шығарманың идеясын тез түсінеді. Бала дауыс ырғағы бірде көтеріліп, бірде төмен түскен, мысқыл, кекесін түрінде өз нақышына келтіріле оқылған шығарманы оқуға міндетті түрде қызығады және соған еліктеуге тырысады .

Тик-токтан Мәшһүр Жүсіп оқуларына баратын оқушыға ақынның шығармашылық жолдары туралы деректер тыңдатамын.

Өздеріңізге белгілі, оқушылардың кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру мақсатында «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына 30 кітап», оқуға міндетті 100 кітап міндеттелгенін білеміз. Осы орайда QR код пайдалану арқылы

М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», М.Әуезовтің «Абай жолы», Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан», Б.Момышұлының «Ұшқан ұя», Қ.Әбдіқадыровтің «Қажымұқан» шығармаларын оқытамын. Нәтижесінде біршама жетістіктерге қол жеткіздім:

Нәтижесі:

- Цифрлық технология арқылы тіл байлығы молайып, шығармашылық қабілеті дамиды.
- Берілген ақпаратты қолдану арқылы шығармада көрсетілмеген жақтарды анықтайды.
- Сөйлеу тілдері, сөйлеу мәнері мен мәдениеті дамиды.
- Оқу жылдамдығы артады
- Ой-өрісі дамып, еліне, жеріне, тіліне деген сүйіспеншіліктері, махаббаттары артады.
- Өмірмен байланысын күшейтеді, үйреншікті ақпаратқа жаңаша көзқараспен қарап, әртүрлі шешімдер қабылдай алады.
- Көркем мәтінге түрліше талдау жасай білуге, сөзді ажарлап сөйлеуге үйренеді.
- Материалды бірнеше мәрте қайталап және кез-келген орында тыңдауға мүмкіндігі болады.
- Оқушылардың көркем шығарма оқуға құштарлығы артып, кейіпкер іс-әрекетіне ене отырып, ұлттық құндылықтарды бойына дарытады.

Қорытынды

Білім беру ұйымдарын жаппай цифрландырудың маңызы болашақ ұрпақтың кез келген салада ақпараттық сауаттылығын арттырып, [шеберліктерін шыңдап](#), жан-жақты іскерлігін дамытып, бәсекеге қабілетті етіп, білім кеңістігінде өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл – білім сапасын арттыру, оқыту үдерісін қолжетімді ету, [мұғалімдердің](#), оқушылардың, ата-аналардың байланыстарын жеңілдету тұрғысынан да өзекті.

Заманауи қоғамның тіршілігінде желінің маңызы күннен күнге артып отыр. Қазіргі заманғы ұйымдар желілердің білім және инновациялар алмасу үдерісінде маңызды екендігін атап көрсетуде. Сондықтан мектептер арасындағы ынтымақтастық, мектептерде оқитын оқушылардың ғана емес, барлық балалардың мүддесі үшін мектептердің «Білім беру желілеріне» бірігуі уақыт өткен сайын маңыз алууда.

Цифрлық білім беру - бүгінгі күннің тамаша жетістігі, осы техниканың озық үлгісін мектеп қабырғасынан терең меңгерту болашақ кәсіп мамандарын тәрбиелеуде, бәсекеге қабілетті ел азаматтарын қалыптастыруда орны айырбасталмас нәрсе деп ойлаймын. Қазіргі уақытта әрбір адамның заманауи ақпараттық-технологияларды пайдалануға мүмкіндігі зор. [Мамандардың айтуынша](#), оның ең сапалысы — цифрлы технология. Қай салада болмасын, бұл технология жұмысты жеңілдетуге бірден-бір ықпал етіп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мәнерлеп оқу. Х. Қожахметова. 1999. Алматы
2. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар, №4. 2010.
3. Тәрбие құралы, №4. 2005
4. М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының буктрейлері.
5. Абайдың екінші қара сөзінің аудио жазбасы.
6. Мәшһүр Жүсіптің шығармашылық жолдары туралы тик-ток желісінен ақпарат.

ТӘРБИЕНІҢ ТІРЕГІ МАҒЖАН ПЕДАГОГИКАСЫ

*Түркістан облысы Бәйдібек ауданы
«Күлтөбе» негізгі орта мектебінің аға
тәлімгері
Мейірханұлы Азат*

Бала тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын, ойшылдары мен зиялыларын толассыз толғанысқа, үздіксіз ізденіске түсіргені күмән туғызбайды. Шығыстың ғұлама ғалымы Әл - Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін, - десе, тәрбие дегенге М. Жұмабаев: «Тәрбие - адам баласын кәміл жасқа толып, өзіне - өзі қожа болғанша тиісті азық беріп өсіру»- деген екен. Сонда бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы қалыптасатын күрделі іс. Бала қамын ойлаған бабаларымыздың айтқандарынан түйгеніміз - қай қоғамның болсын көтерген мәселесі – бала жанына ізгілік дәнін егу. Себебі бала - өмірдің жалғасы, мәні мен сәні. Сондықтан да халық баланы көңілдің гүлі, көздің нұры деп ұққан.

Білім мен біліктілікті, саналылық пен сапалылықты, тәлім мен тәрбиені өз ойындағы дәрежеге жеткізу және шырқау шыңына шығару дегеніміз тәрбиенің қайнар көзіне де байланысты. Осы орайда қазақ болып мәңгілік қаламыз деген атты ұстап тұру үшін ұлттық тәрбиенің еңбегі орасан зор. Ұлттық тәрбиемен бірге жан мен тәннің тәрбиесін, сұлулық тәрбиесін, ақыл мен дененің тәрбиесін басты мақсат етіп, құндылықтарымызды жоғалтпау үшін 1922 жылы М.Жұмабаевтың Педагогика атты кітабы жарық көрді. Кітап ішінде тәрбиені төрт бөлікке бөліп әр бөліміне жеке тоқталып тәрбие жайлы бағыт бағдарлар анық айтылған.

«Балапан қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата да қыран болу керек»- деп отбасы баланы тәрбиелеу жолына да ерекше тоқталған. Себебі отбасы бала үшін - алтын бесік. Бала тәрбиесі мен барлық адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы негізінен отбасында жүзеге асады. Олай болса балаға өз шаңырағында, өз табалдырығында дұрыс тәрбие берілуі - тәрбиенің ең басты

шарты. Ата мен әженің, әке мен шешенің балаға беретін үлгісінің құдіреттілігін мойындап, өз ұлтының ертеңін елжірей ойлап, ұлттық тәрбие тағлымын байыптай да батыл айтқан батыр бабамыз Бауыржан Момышұлының «... Кейде менің өнеге алған, тәлім үйренген, дәріс оқыған ұстаздарымды еске түсіріп, ойға бататыным бар. Сондай шырын шақтарда ең алдымен ата - аналарымның бейнесі елестейді. Өйткені өзімнің әжемдей, әке - шешем мен ауылдың ақсақалдарындай өсиет айдынына жүздіре алған ешкім жоқ.» деп балалық шағын тебірене еске алуы тегін емес. Мағжан Жұмабаев «Әрбір елдің келешегі – мектебіне байланысты...»деуі, Ұлы жазушы, әрі ғұлама М. Әуезовтың «Ел болам десең, бесігіңді түзе»деген нақылы еліміздің ертеңі - жас ұрпағыңды жақсылап өсір деген сөз. Жас ұрпақ тәрбиесі - ұлт болашағы, ел ертеңі. «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болады» деп А. Байтұрсынов айтқандай мемлекетіміз де ұрпақ тәрбиесіне барынша назар аударып келеді. Себебі бала - еліміздің ертеңі, тірегі мен тілегі. Еліміздің - ажары мен базары.

Негізгі бөлім

Тәрбиенің тірегі Мағжан педагогикасы!!!

М.Жұмабаев жайлы ой қозғар болсақ. Мағжан Жұмабаев 1893 жылы 25 маусымда Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. Мешіт медреседе білім алған. Мәскеуде Жоғары әдебиет – көркемөнер институтын 1923-1927 жылдар аралығында бітіріп шығады.

«Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері саналып келе жатқан тақ-тақ жол болғандықтан әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс...» - деп ақын, педагог Мағжан Жұмабаев қалың жұртты қазақы тәрбиені жоғалтып алмауға міндеттейді. Оның тәрбиеге көңіл бөлуі қазақ халқын надандықтан ада ету үшін болатын. Сол үшін де алғашқы педагогика саласындағы қазақтың оқулығы осы Мағжанның «Педагогика» кітабы болды. Оқу құралының бірінші бөлімінде педагогиканың жалпы мәселесіне арналған. Оның пікірінше, тәрбие саласы төртке бөлінеді. Олар: дене, жан, ақыл тәрбиесі, сұлулық пен әдеп-құлық тәрбиесі. Автор осы тәрбиенің төрт түрін тәптіштеп түсіндіре келіп, былай дейді: «Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Бала берік денелі болса, түзік ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, сұлу сөз, сиқырлы әуен, әдемі түрден ләззат алып, жан толқындырарлық болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам баласының дұрыс тәрбие алып, шын адам болғандығы... Балам адам болсын деген ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын... Баланы келешек заманына лайық қылып шығару», - деу арқылы М.Жұмабаев тәрбие мақсатын айқындап береді. Мағжан сонымен бірге ұлт тәрбиесіне сын көзімен қарап, тозығынан озығын айыра білуге шақырады. «Киіз үйдің зиянды жағы болғаны сияқты, - деп жазды ол, - пайдалы жағы да бар. Әңгіме сол киіз үйдің ішінде баланы ұстай білуде. Шын таза ауа сол киіз үйде болмағанда қайда болады? Ал балаға таза ауа аса қажет...

Малмен бірге жүріп, бірге өскен қазақ баласын аса нәзік қылып, үлбіретіп тәрбие қылмағаны дұрыс болмас... Қазақ баласының тәрбиесі қазақ тұрмысына қабысуы мақұл» дегенді айтады. Яғни, баланы жастайынан шыңдау, өмірге үйрету қажет дегенді айтады. Иа дене тәрбиесіне аса мән беріп ерекше ыждаһаттылықпен жазылған пікір десекте болады. Мектеп балаларына дене тәрбиесі жайлы айтар болсақ оларға ең бірінші ойын алаңдары елестейтіні хақ. Әрине бес саусақ бірдей емес дене тәрбиесі дегеніміз не екенін тәптіштеп түсіндіргеніміз бен мектеп жасындағы балаға дене тәрбиесін беруіміз кештеу болады. Бала туылғаннан бастап дене тәрбиесі берілуі қажет. Ал адам баласы туғанда інгәлаған айғайы мол бір кесек ет. Ақылы, есі жоқ. Денесі тым әлсіз. Өсуі, ұлғаюы тым сараң, тым шабан. Мінеки адам баласы осылай өте әлсіз боп туып, аса сараң өсетіндігінен, оның денесіне, жанына азық беріп, өсуіне көмек көрсетпей, яғни оны тәрбие қылмай болмайды. Жаңа туған бала бір кесек ет қана деуге болады. Оның жан тұрмысы әлі білінбейді. Сондықтан ата-ана жас баланы тәрбие қылғанда күшінің көбін баланың дене тәрбиесіне жұмсауға міндетті. Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Жан дұрыс тәрбие қылынса болады, дененің қанша керегі бар деп ойлау дұрыс емес. Дене - жанның қабы. Қап берік болса, ішіндегі зат та берік болмақ. Дене - жанның құралы. Құрал мықты болса иесі де мықты. «Сау жан сау денеде ғана болады» деген адамзат дүниесінің ескі мәтелі - шын дұрыс мәтел.

Сұлулық сезімдерін тәрбие қылу.

Әр адамның сұлулық сезімдері әр түрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудікі музыкадан, біреудікі сұлу суреттен, біреудікі поэзиядан. Искусствоның әйтеуір ірі бір түрінен ләззат алмайтын, біреуіне құмар болмайтын адам болмайды. Тәрбиешінің міндеті – балада искусствоның қандай-қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, сол туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету. Өркендету жолдарынан төмендегі жолдарды көрсетуге болады.

Балаға жаратылыс сұлулығынан ләззат алғызу. Жаратылыста неше түрлі сұлулықтың бәрі бар. Бала бұлақтың былдырын, судың сылдырын, жапырақтың сыбдырын, орманның күңіренгенін, теңіздің гүрілдегенін естісін; жымындаған жұлдыздар себілген көк шатыр көкті, түрлі түсті кемпірқосағын, буыны жоқ бұрандаған қайыңды көрсін. Жаратылыс сұлу. Бала сол сұлу жаратылыстың құшағында болсын. Балада сұлулық сезімдері еріксіз оянады. Тәрбиеші жаратылыстағы түрлі сұлулықтарға баланың іскерлігін аудару керек.

Баланың маңайындағы адамдардың жүріс-тұрыстары да әдепті, сұлу болуға тиісті. Сұлу дене, сұлу қозғалысты көріп өскен баланың денесі де, қозғалысы да сұлу болады. Жер жүзінде біздің қазақтың денесінен, қазақтың жүріс-тұрысынан жексұрын дене, жексұрын жүріс-тұрыс кемде-кем-ақ шығар. Аяғы қисық, жауырыны қушық. Ақыл қарында тұратындай-ақ, қарны буаз биенің қарнындай салбырап жатса, би болады-мыс! Семіз болып пысылдап отырса, айбынды «адам» болады-мыс! Кейбір мырзалар сал боламын деп жүргенде қиқандай ма керек, бұрандай ма керек, қарап тұрсаң жүрегің айнып,

күсқың келеді. Осыларды көріп өскен қазақ баласының денесінде не сұлулық болады? Қазақ! Жұртқа күлкі болмайын десең, бұл мінездеріңді таста, балаңды сұлу, сымбатты қылып өсір. Адам сұлулықты сүйсе, тазалықты сүйеді. Тазалықты сүйсе, оған ауру үйір болмайды.

Баланы сұлу искусствомен терең таныстыру керек. Бала неше түрлі сұлу үндерді естісін. Неше түрлі сұлу түрлерді, түстерді көрсін. Сұлу сөздер, сұлу өлеңдер жаттасын. Түрлі музыка құралдарының әуендерін тыңдасын, сурет салып үйренсін, ән салып, музыка құралдарын ойнап үйренсін. Міне, осыларды естісе, баланың сұлулық сезімдері өркендейді. Білу керек, топас адам – тірі өлік.

Ақыл тәрбиесі

Балаға тәрбие бергенде әрбір тәрбиешінің алдымен қолданатын жолы — өз тәжірибесі. Яғни бала күнде өзі қандай тәрбие алған, баланы бұрын өзі қалай тәрбие қылған. Міне, осы жолмен жүреді. Әрине, бұл жолды тіпті қисық жол деуге болмайды. Қисық болу былай тұрсын, тәрбие туралы әрбір тәрбиешінің өз тәрбиесі - аса қымбат нәрсе. Адамның өз тәжірибесі - жүріп кеткен жолы. Ол жолдың жақсы-жаман жағы көз алдында сайрап тұр. Істегеннен көрген анық. Көргеннен бастан кешкен анық. Осы орайда ақыл тәрбиесінің өзі көптеген бөліктерге бөлінеді. Ақыл тәрбиесі баланың ойлау, есту, көру, әсерлену, қиялдау, ойлану т.б бөлімдерден тұрады.

Әсерлену

Әсерлену ұғымы. Нерв системасы алып келген әсерді жанның ұғуы, аңдауы әсерлену деп аталады. Жан алдымен білімді осы әсерлену арқылы алады.

Әсерлену көрінісі қалай болады? Әсерлену көрінісінің болуы былайша: сыртқы дүниедегі бір зат біздің денемізге, яғни нервінің ұшына (периферия нервілеріне) әсер қылады. Мысалы, дауыс құлақ нервісіне әсер қылады. Осы әсерді нерв орда нервіге, яғни миға алып барады. Ми осы келген әсермен әсерленеді, яғни мида бір аңдау пайда болады. Міне, осы нерв системасы алып келген әсерді жанның аңдауы – әсерлену деп аталады.

Көру сезімін жақсы тәрбие қылу үшін көзді зияннан сақтау ғана жетпейді. Бәлкі, көру сезімінің күшті болуына күш жұмсау керек. Біз жоғарыдағы сөзден білдік: бала түрді, түсті қашықтықты кеш айыратын көрінеді. Міне, тәрбиеші балада осы әсерленулердің дұрыс оянуына көмек көрсетуі керек. Яғни ойнау үшін түрлі түсті доп, түрлі түсті қағаз ағаш беруі мақұл. Бұлармен бала түстерді айырып үйренеді. Ал енді заттардың түрлерін беріп үйрету үшін балаға түрлі зорлықта түрлі қағаз ағаш беріп, қағаздан түрлі зорлықта, түрлі түрде кескізіп үйрету керек. Көру сезімінің күшеюі, ұлғаюы үшін ең пайдалы нәрсе – балаға сурет салғызу. Сурет салу баланың көру сезімін ұлғайту үстіне әдемілік сезімін де ұлғайтады.

Құлық сезімдерін өркендету жолдары

Құлық сезімдерін өркендету үшін төмендегі жолдарды көрсетуге болады.

Баланың маңайындағы адамдардың құлықты болуы. Бала ізгі құлық пен жауыз құлықты айыра алмайды. Оларды бала маңайындағы ересек адамдардың сөздері әр істері бойынша ғана айырады. Солар бойынша ғана ізгі мен жауыз құлық туралы ұғым жасайды. Мысалы, бала атасының ұрлық қылғанын білсе, ұрлық қылу ізгі құлықтан саналады екен деп ұғады. Сондықтан баланың ізгі құлықты болуы үшін оның маңайындағы адамдар, ата-ана, туған-туысқандары өздері ізгі құлықты болуға тиісті. Ұяда не көрсе, ұшқанда соны қылады.

Үйде және мектепте дұрыс тәртіп болу. Үй және мектептегі тәртіп баланы ізгі құлықтарға әдеттендірсін. Әдеттендіру мынадан табылады. Үй және мектептегі тәртіп құбылмалы болмасын, яғни ата-ананың, мұғалімнің күйіне қарап тәртіп өзгеріп отырмасын. Тәртіп өзгермейтін ізгі құлық заңдарына негізделген болсын. Болмаса, бүгін жараған іс ертең жарамайтын болып отырса, балада тәрбиешіге сенім қалмайды. Бұл – бір. Екінші, баланың жаратылысы, табиғаты тілейтін нәрседен баланы тыю дұрыс емес. Жүгіруден, ойыннан тыю сықылды. Баланың жаратылысы тілейтін нәрседен тыйсаң, бала бұл жасама тәртіпті оп-оңай бұрып кетеді. Яғни бала өтірік айтуға, алдауға үйренеді. Баланың өтірік айтуы, алдауы оны жасама тәртіп ішіне қамаудан. Маңайындағы тәртіп, тұрмыстың құрылысы баланың жаратылысына қайшы болса, бала ондай тәртіпті аттап өтеді. Үшінші, тәрбиеші мен баланың арасы өте жақын болуға тиісті. Екеуі біріне-бірі шет, жат деп қарамасын. Екеуінің арасында сенбеушілік болмасын. Бала тәрбиешіні мұңын тарқата алғандай, қуанышына ортақтаса алғандай, сырын шеше алғандай досым деп білсін. Бала тәрбиешіні осылай деп білсе, ол уақытта одан ешбір ойын, ешбір ісін жасырмайтын болады. Жасырмайтын болса, өтірік айту, алдау сықылды ұнамсыз құлықтарға орын да қалмайды.

Ұлттық педагогикада «Тәрбие отбасынан басталады»деп тегін айтылмаған. Баланың тәлім – тәрбиесіне ерекше мән берген халқымыз «баланы жастан»деп мәтелдеген. Өмірдің базарын бала деп білген халқымыз «Жаста берген тәрбие жас қайыңды игендей.»- демей ме? Иә, қазақ халқында сонау ежелгі заманнан бері өзіндік тәрбие мектебі, қалыптасқан дәстүрі болған. Ал сол дәстүр отбасында басталып, мектепте берілетін тәрбиемен қалай қабысады. Алтын бесік - отбасы болса, алтын ұя – мектеп. Екеуі де қасиетті, әрі қастерлі. Өйткені отбасы Адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп жатса, мектеп ақылы мен білімі толысқан, жан - жақты жетілген, өз бетімен өмір сүруге бейім, толыққанды адам етіп тәрбиелеп шығарады. Бұл екі ортаның да мақсат - мүддесі ортақ, міндеті - біреу. Демек қасиетті жерде жұмыс істеудің өзі бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Педагогикалық іс – өте нәзік, қасиетті іс. Ол тәрбиешіден өте сезімталдықты, балаға деген шексіз сүйіспеншілікті талап етеді. Тұңғыш ағартушы педагог Ы. Алтынсарин «Күнәнің ең үлкені - бала жанының нәзік пернелерін дұрыс сезе алмайтындарда»деп бала тәрбиесіндегі басты тұлға ұстаздарды өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауға шақырған. Балаға тән азығы – тамақ қандай қажет болса, жан азығы - жылулық,

сүйіспеншілік сондай қажет. Әр кәсіптің өз жемісі бар. Біздің жемісіміз – алдымыздағы шәкірттер. Олар – біздің бүкіл ұстаздық өміріміздің гүлі, мәні мен сәні десек артық айтпағандық болар. Қазақта «Ана мейірі мен ұстаз мейірі егіз» деген тамаша мәтел бар. Халық айтса қалт айтпайды. Мейірімін ана мейірімен теңестірген ұстаздың бойында қандай қасиеттер болу керек. Біздің жастар елімізді, жерімізді, тілімізді бүкіл әлемге паш етсін десек, жаңа заманға лайық етіп тәрбиелейік. Шәкірттеріміз көзге ғана емес, көңілге де қуаныш сыйлап, өміріміздің гүліне, мәні мен сәніне айналсын. Біз тәрбиелеген ұрпақ тәрбиелі де тәртіпті, ақылды да өнегелі, рухани адамгершілігі мол Қазақстанның беделді азаматы болады деп сенемін.

Ұзын сөздің қысқасы, бала кәдуілгі адам болғанымен, баланың жаратылысында көп басқалық бар. Мұхамбет пайғамбар: «Сөзді әрбір адамның ақылына қарай сөйле», – депті. Сол айтқандай, балаға тәрбиені өзінің шамасына, жаратылысына қарай беру керек. Жас бала – жас бір шыбық, жас күнде қай түрде иіп тастасаң, есейгенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзеймін десең, сындырып аласың. «Баланы – бастан» деген сөздің мәнісі осы. Тәрбие деген – баланы бетке қақпай, бетімен жіберу емес. Яки отырса басқа, тұрса аяққа ұрып, көрбала қылып өсіру де емес. Баланы тәрбие қылу – тұрмыс майданында ақылмен, әдіспен күресе білетін адам шығару деген сөз. Қалса – өзін, асса – барлық адам баласын адал жолмен өрге сүйрейтін ер шығару деген сөз. Тұрмыста түйінді мәселелерді тез шеше білетін, тұрмыстың тұңғыық теңізін қалың қайратпен кеше білетін, адалдық жолға құрбан бола білетін, қысқасы, адамзат дүниесінің керек бір мүшесі болатын төрт жағы түгел кісі қылып шығару. Баланы мұндай адам қылу үшін тәрбиеші бар күшін, бар білімін жұмсап, жалықпай, шаршамай үйрете білу керек. Данышпан Абайдың төмендегі сөзімен біз кітабымызды тамамдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. М.Жұмабаевтың Педагогика кітабы. 1992 жыл. Алматы.
2. Б.Момышұлының Ұшқан ұя кітабы. 2002 жыл. Жазушы.

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЖУМАБАЕВ КАНАТ ИБРАГИМОВИЧ

*Түркістан қаласы, Қазыбек би
атындағы №14 жалпы орта мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» деп насихаттайды. Мағыналы сөздерден кітап оқудың кез келген тұлғаны дамытудың қайнар көзі екенін түсінесің. Халықтың осындай жан азығынан, рухани байлықтан қол үзіп бара жатқандықтан, мемлекет тарапынан дабыл қағылып жатыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: “Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн”, – деп әр тұлға оқуға тиіс деп санайтын отыз таңдаулы кітаптың тізімін ұсынған болатын. Қазір осы бағытта маңызды бағдарламалар жасалуда. Адамзат ақыл-ойының жиынтығы- кітапта болса, білім – соны сақтайтын қазыналы сандық. Сол сандықтағы байлықты қалай алуға болады? Кітап әлеміне баланы қалай енгізуге болады? Әрине, бұған «Оқуға құштар мектеп» жобасы көмекке келеді. Қоғамның тұрақты дамуы оның мәдениетіне байланысты десек, рухани тыныстың өзекті мәселелерінің бірі – жас шәкірттерді кітап оқуға тарту. Кітап – дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі. Бүгінгі заман көшіне ілесудің бірден-бір талабы, қоғамның өркениетті деңгейіне көтерілуі мектептегі «Оқуға құштар мектеп» жобасының ұйымдастырылуына да байланысты. ҚР-ның Президенті Қ.К.Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялағаны белгілі. Балалар жылында мектебімізде көптеген игі іс шаралар атқарылуда. Соның бір парасы шәкірттерімізді кітап оқуға тарту, оларды рухани тазалыққа тәрбиелеу. Осы тұста 2021-2022 оқу жылы барысында мектебіміздегі «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша біршама жұмыстарды қолға алып, ұйымдастырдым. Алған қойған басты мақсатым: жас ұрпақтың оқу мәдениетін дамыту және қолдау, кітап оқу мәдениетін жетілдіру, кітап оқуға сүйіспеншілігін арттыру, елжандылыққа баулу. Кітап оқуды насихаттау және оқуға шақыру, жас ұрпақтың бойына ұлтжандылық қасиеттерін сіңіру және патриоттық тәрбие беру маңызды дүниелердің бірі. Оқушылардың оқу дағдысын, оқу сауаттылығын қалыптастыру, тақырып бойынша эссе жазуға дағдыландыру, жас ұрпаққа әлем және қазақ халықтарының озық көркем шығармаларын насихаттау, сыныптарымен таңдап алған кітаптарын түгел оқуға шақыру. Оқыған кітабы бойынша кейіпкерлердің суретін салу, шағын әңгіме жазу, кітапты жарнамалау жұмыстарын үйлестірілді. Кітапхана фойесіндегі кітап

сөресінде көркем әдебиеттер жинақталды. Әр оқушы өзіне ұнаған кітабын сөреден алып оқиды. Жерлес ақын-жазушылардың шығармаларын насихаттау мақсатында әдеби кітаптарды мектеп фойесіндегі кітап сөресіне орналастырдық. Оқушылар оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен көпшілік алдында бөлісіп, қызықтырып, басқа да шәкірттерді кітап оқуға шабыттандырды. Шәкірттеріміз жыл бойында кезең-кезеңімен Ы.Алтынсариннің «Қыпшақ Сейіткүл», Б.Соқпақбаев «Балалық шаққа саяхат», Б.Момышұлының «Қан мен жазылған кітап», Ш.Айтматовтың «Шыңғысқанның ақ бұлты», Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», Қ.Әбдіқадіровтің «Қажымұқан», М.Жұмабаевтың «Батыр Баян», М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал», Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», М.Мағауиннің «Шахан шері», А.Кемелбаеваның «Шашты» т.б.шығармаларды оқыды. Шәкірттер жоғарыда көрсетілген шығармаларды оқып ғана қоймай, буктрейлер дайындап, https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=1993478744158848&id=100004902249204/ шығарма кейіпкерлері бойынша эссе жазып, кітап авторына хат жазып, шығарма бойынша тест сұрақтарын құрастырып, сахналық қойылым да ұйымдастырылды. «Кітап оқы – жетістікке жет» тақырыбында 5-10 сынып оқушыларымен күзгі, қысқы, көктемгі демалыс кезінде қашықтықтан кітап оқу да тиімді ұйымдастырылды.

Ұстаздарымыз да, шәкірттеріміз де кітап оқып ғана қоймай «Оқы және өзгеге сыйла» тақырыбында /BOOKCROSSING/ мектепке кітап сыйлау акциясы да өткізілді. Ұстаздар мен шәкірттердің сыйға тартқан кітаптары мектеп фойесіндегі арнайы сөреге орналастырылды. Сонымен бірге «Бір отбасы-бір кітап» тақырыбында оқушылардың ата-аналарымен мектепке кітап сыйлау акциясы да өз жемісін берді. Шәкірттеріме «Ұйықтар алдындағы оқу» әдісін ұсынып көрдім. Бұл жақсы нәтиже береді. Өйткені соңғы оқиғалар эмоционалды есте сақталып қалады, яғни адам ұйықтағанда, 8 сағат бойы сол әсерде болады.

Мектеп ұстаздары мен шәкірттерінің кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы тақырыбында электронды қолжетімді ресурс (Google Drive) жасадым. Онда оқушылар да, ұстаздар да кіріп оқитын президент ұсынған 30 кітап та, әлем халықтары ақын-жазушыларының кітаптары да орналастырылған.

<https://drive.google.com/drive/folders/1snvqG50goy25PrMwTB8zy-ci-ltwaOl5?usp=sharing/>

«Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында 8-10 сынып оқушыларымен оқыған шығармаларындағы өзі ұнатқан кейіпкеріне презентация жасалды. Оқушылар өздерінің сүйікті кейіпкерлерін көркем сөздермен сипаттап, өздерін сол кейіпкер секілді сезініп, кейіпкерлер бойындағы қасиеттерді өз бойынан іздеді. Оқушылар үшін тәрбиелік мәні бар іс шара болды. 5-10 сынып оқушыларымен «Менің сүйікті жазушым» тақырыбында сүйікті ақын-жазушылары туралы эссе жазды. Оқыған шығармаларының авторларын жан-

жақты танып, жазған шығармаларына өз алғыстарын эссе арқылы жеткізді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында атқарған іс шараларымды мектептің фейсбук, инстаграм вк, ютуп әлеуметтік желілеріне жарияладым. «Оқуға құштар мектеп» жобасының тағы да бір тиімділігі мектебімізде оқушылар мен ұстаздардың қызығушылығын арттыру, оқырмандарды машықтандыру, тәрбиелеу, кітаптарға қызықтыра білуге үйрету, ұлттық тәрбиеге баулу мақсатында «5 минут кітап оқу» атты іс шара өткізілді. Үзіліс уақытын тиімді пайдалану мақсатында әртүрлі ертегі мен аңыз әңгімелер, өлеңдер оқып, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру. Оқушылар «әлемbook» баспасынан жарық көрген ертегілерді қызыға оқыды. Сонымен қатар, «Аруна» баспасынан шыққан ертегілерді сүйіп оқып, бір-бірімен алған әсерлерімен бөлісті.

Нәтижесінде: Жыл бойында белсенділік танытып, көптеген әдеби-тарихи кітаптарды оқып, байқауларда жеңімпаз атанған шәкірттерімізді демеушілердің, мектеп басшысының, ұжымның қолдауымен киелі «Арыстанбаб» кесенесіне, «Отырар» кітапханасына, Отырар төбеге саяхатқа апардық. Оқушыларымыздың қуанышында шек жоқ. Жыл бойында өздеріне сарқылмайтын рухани күш, қазына кітапты оқып, зерделеріне тоқып, соның арқасында саяхатқа шығуларына қатты қуанды.

Оқырман белсенділігін қалыптастыру үдерісі мектепте заманауи тиімді технологиялар мен оқыту әдістері қолданылған жағдайда тиімді болады. Мектеп оқушысының кітап оқу іс – әрекетін дамыту Қазақстандағы білімді жаңғыртуда басым бағыттардың бірі болып табылады. Ұлттың рухани және интеллектуалды ілгерілеуінің құралы ретіндегі оқылым іс-әрекетіне балаларды және жастарды тарту мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасының үлесі маңызды болмақ.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының тиімділігі:

- Әдеби-тарихи кітаптарды оқыды;
- Өзіндік көзқарастары қалыптасты;
- Шығармаға, кейіпкерге мінездеме бере алады;
- Тіл байлығы артты;
- Көркем әдеби шығарманың мәтінін меңгеру және одан қажетті ақпаратты алу мүмкіндігі дамыды;
- Өз бетінше кітап оқуға дағдыланды;

Кітап оқу - білім мен рухани құндылықтарды беру мен меңгерудің бір түрі ретінде, тұлғаны тәрбиелеу және білім беру адамның қоғамда табысты болуына және бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер ететіні айқын.

Алдағы мақсатым: оқушыларды жас кезінен отбасымен кітап оқуға дағдыландыру. Отбасы оқуларын қолдау және жаңғырту бағытындағы өскелең ұрпақты оқу мәдениетіне тәрбиелеу. оқушылар мен ата-аналарды бірлесе кітап оқуға тарту. Сонымен қатар әлем әдебиетінің жауһарларымен танысу

мақсатында орыс, ағылшын т.б елдердің кітаптарымен таныстыру, оқыту жоспарлануда.

«Білімді елдің болашағы зор» - деп, ұлы ғұламаларымыз айтқандай, білімді, саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін ең алдымен жас жеткіншектерді кітап оқуға бейімдеуіміз керек.

«Кітап оқуға бала кезден баулу керек. Адамның әдебиетке деген махаббаты сол балалық шақтан пайда болады», - деп, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Асхат Қанатұлы Аймағамбетов айтқандай, оқу ой-өрістің кеңеюіне, жан-жақты дамуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқындағы жағымды тұстарын бойға сіңіруге көмектеседі, жалпы, адамды тәрбиелейді және рухани байытады.

Ұлы заңғар жазушымыз М.Әуезов «Әрбір адамның ең жақын досы кітап болуы тиіс», - деп айтқандай, «Оқуға құштар мектеп» жобасы да өз жалғасын сәтті тапса, еліміздегі ақын-жазушылардың кітаптары көптеп басылып шығып, ел руханияты мен мәдениеті өркендеп, ел арасына кең тарап, өскелең ұрпақтың тұлғалық қасиеттері, білімі мен көзқарастарының дамуына зор үлесін қосады. Алдағы уақытта «Оқуға құштар мектеп» жобасы кітапқұмар, рухы биік ұлт деген мәртебелі атымызды жаңғыртуға себепкер болатын бірден-бір керемет бастама.

Пайдаланылған әдебиеттер:

9. 1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек.
2. «Мектеп оқушысының кітап оқу іс - әрекеті» әдістемелік ұсынымдамалары – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2018. – 161 б.
3. <https://strategy2050.kz/news/balalardy-kitap-o-u-a-yzy-tyru-o-u-a-shtar-mektep-zhobasyny-erekshelikteri>.
4. <https://bilimdinews.kz/?p=141525>
5. kazgazeta.kz.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ: ЗАМАНАУИ ЖАҒДАЙЫ, ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

*«Түркістан облысы білім беруді дамыту орталығы»
Инклюзивті білім беру бағдарламасы
бойынша әдіскері: Мусабаяева Мадина Тельжановна*

Қазіргі таңда түрлі биологиялық, экологиялық мәселелердің туындауына байланысты қоғамда адамзат баласын ертеңгі күніне алаңдататын дүниежүзілік, жаһандық мәселелердің белең алып отырғандығы белгілі. Аталған проблемалардың күрделенуі адамзат баласының денсаулығына, өмір сүру салтына әсер етпей қоймады. Соның бір айғағы ретінде қазіргі кезеңде дамуында кемістігі бар, мүмкіндігі шектеулі балалардың дүниеге келуінің көбейіп, ерекше білімді қажет етіп отырғандығын мысалға келтіре аламыз. Яғни, инклюзивті оқыту өмір қажеттілігінен туындап отырған инклюзивті білім берудің қағидаттарына негізделген күрделі әрі жауапты іс болып саналады.

Бүгінгі күні балалардың толыққанды білім алуы үшін барлық жағдайлар жасалған. Дегенмен, жоғарыда атап өткеніміздей, оқушылардың физиологиялық, психологиялық тұрғыдан даму деңгейлері, отбасылық жағдайлары, әлеуметтік тұрғыдан қамтамасыз етілуі т.б. әр түрлі дәрежеде. Балалардың арасында түрлі дәрежедегі артта қалушылықтың белгілерін күнделікті өмірде көріп жүрміз. Бұл инклюзивті білім беру жүйесінің енуіне мұрындық болып отыр. Сонау XII ғасырдың өзінде Жүсіп Баласағұн «Әр бала жұлдыз, оның жарқырауына көмек ет», - деген екен. Дефектолог маман ретінде дамуында артта қалушылығы бар балалардың әрқайсысының өзіне тән ерекше қасиеті бар екендігін баса айта аламыз. Мәселен, көру қабілеті бұзылған балалар, естуінде кемістігі бар балалар, ақыл-ой кемістігі бар балалармен де арнайы жұмыс жүргізіп, олардың әрі қарайғы көруін, естуін т.б. сақтап қалу немесе мүмкіндігінше көруін, естуін т.б. жақсарту, сол мақсатта жүйелі жұмыс жүргізу арқылы белгілі дәрежедегі нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беріп отыр.

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында арнайы бекітілген. Инклюзивті білім беру барлық балалардың мектепке дейінгі оқу орындарында, мектеп өміріне белсене қатысуларына жол ашады.

Осы орайда, біздің маман ретіндегі басты міндетіміз мектептегі мүмкіндігі шектеулі оқушыларға тән басты қасиеттерге мән беріп, олардың дамуындағы

ерекшеліктерге диагностикалық сипаттағы жұмыстар жүргізіп, мониторинг жасау, бұндай балалармен жүргізілетін жұмыс түрлерін, қолданылатын әдіс-тәсілдерін анықтап, жүйелі жұмыс жүргізу көзделеді. Осыған орай, дефектологияның сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика, логопедия тәрізді салалары бойынша тиісті жұмыстар атқарылуда.

Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны үш түрлі бағдарлама бойынша реттеледі:

- Жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары;
- Мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкесарнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары;
- Мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып, әзірлейтін оқытудың жеке бағдарламасы.

Бұл бағдарламаларда балалардың түрлі мұқтаждықтары ескеріліп, олардың қажетті білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу-таным іс-әрекетіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, білім берудің арнайы жаңа бағытын ұсынуға талпынады. Егер инклюзивті оқытудың білім беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда жоғарыда атап көрсеткендей, ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгере бастайтындығы анық. Инклюзивті оқытуда да түрлі әдістерді тиімді қолданып, балалардың дамудың жоғарғы сатысына қол жеткізуіне ықпал ете аламыз.

Дамуында кемістігі бар балалардың ата-аналары міндетті түрде арнайы мамандардың (тифлопедагог, психолог, офтальмолог) кеңесіне жүгініп отыруы қажет. Өйткені балалардың дамуындағы ықпал ететін бірден-бір тұлға – ол ата-ана. Бұндай балалардың ата-аналары баланың кішкентай күнінен бастап, оның қоршаған ортаны толыққанды қабылдап, жеке тұлға ретінде дамуына қолайлы жағдайлар туғызуы және түрлі мүмкіншіліктер жасауы керек. Баланың отбасындағы қарым-қатынастан кейінгі ықпал ететін ортасы – ол арнайы оқыту-тәрбиелеу орындары. Арнайы әдістемемен оқыту оқу-таным іс-әрекетінің дұрыс ұйымдастырылуы істің нәтижелі болмағына тікелей әсер етеді. Арнайы педагогиканың мақсаты - балалардың кемістігін емдеу, егер мүмкіндік болса, оны қалпына келтіру. Балалардың белгілі дәрежеде ережелерге бағына отырып, көрудің, естудің қалған мүмкіндіктерін пайдалануына, танымдық және тұлғалық тұрғыдан дамуына, өзін-өзі күту дағдыларын қалыптастыру бағытында жүргізілетін коррекциялық жұмыстардың маңызы зор.

Инклюзивті білім берудің қызметі төмендегі бағыттар бойынша іске асып отыр:

- Оқыту-тәрбиелеу;
- Коррекциялық-дамытушылық;
- Санитарлық-гигиеналық;
- Емдеу-қалпына келтіру;
- Әлеуметтік бейімделу және кәсіби бағыттандырылу функциялары.

Бұлардың ішінде кәсіби бағыттандырылу ісі бастауыш сынып жасындағы балаға ертерек. Дегенмен де оларды түрлі мамандық атауларымен, олардың әрқайсысының қызметімен таныстыру ісі жүргізіледі. Ал қалғандары мүмкіндігі шектеулі балалар үшін міндетті түрде қатаң жүргізіледі.

Ұстаз тарапынан жүргізілетін жұмыс та осы аталғандармен тығыз байланысты. Оқу материалының бала денсаулығына кері әсерінің болмауы, яғни оқу жүктемесінің, оқу материалының белгілі мөлшерден аспауы, баланың денсаулығындағы ақаулықты есепке ала отырып, баланы дамыту жұмыстарын ұйымдастыру, балаларға салыстырмалы түрде қарау, оларды топқа бөлу және арнайы құралдарды, түрлі сипаттағы көрнекіліктерді пайдалану т.б. бағыт беріледі. Сабақта қолданылатын көрнекі құралдар түрлі-түсті, қанық боялған, көркем әзірленген болуы керек. Балаларға күнделікті пайдаланып жүрген, өздеріне таныс заттармен тапсырмалар орындату қажет. Сабақта пайдаланатын заттарды оқушылар көріп қана қоймай, өздерінің қолдарына ұстап көруі қажет. Әрбір тапсырманы орындауға деген үлкен қызығушылық оята алу қажет.

Дамуында кемістігі бар балаларды оқытудағы негізгі ерекшеліктер төмендегідей:

- Әр тақырыптың көлемі жағынан қысқартылып берілуі;
- Бағдарламада тақырыптардың ерекше орналасу реті болады (дайындық жаттығуларының болуы);
- Оқу материалының бағдарламада концентрлік негізде орналасып, бөлшектеніп берілуі;
- Көркемдік құралдардың және дидактикалық жабдықтардың пайдаланылуы;
- Оқудың түзету сипаты т.б.

Балаларды тәрбиелеу мазмұнына танымдық-ақпараттық, еңбек, эстетикалық, құқықтық т.б. тәрбиелік міндеттер қоса қамтылады. Ал ерекше балалармен жұмыс жасауда, балалардың болашаққа оптимизммен, жарқын көзқараспен қарауын, өз-өзіне деген сенімділігінің болуын, қиыншылықтарды жеңе білуге бейімділігін қалыптастыру және дамыту, өзін-өзі дамытуға көңіл бөлуге, өзінің іс-әрекетіне сыни көзбен қарай білуге тәрбиелеу ұстаз тарапынан атқарылатын аса маңызды қадамдар болып саналады. Бұл іс мұғалімнен өз саласы бойынша білімділікті, шеберлікті қажет етеді.

Дамуында кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің өзіндік ерекшеліктері бар дедік. Соның ішінде көру қабілеті бұзылған балалармен жұмыс та ұстаздан белгілі дәрежеде кәсібилікті қажет етеді.

«Көру кемістігі бар балалар үшін әрдайым естудің маңызы зор. Есту анализаторларының қызметі көру анализаторларының орнын басады. Көру қабілеті бұзылған адамдар дауыс ырғағы интонациясына, қатты немесе жәй сөйлеуіне қарап, бөгде адамдарды тани алады, оның көңіл-күйін, мінезін, қоршаған ортаға көзқарасын, адамның психикалық хал-ақуалын анық біледі». Тифлопсихология тарихында Д.Дидро, Клейн, Н.Дюфо «Көру мүмкіндігі шектеулі адамның есту қабілетінің артуы, жоғалған көру қабілетінің өтемі

болып табылады», - дегені белгілі. Көру қабілеті бұзылған балалардың музыкаға әуестенуі жиі байқалады. Сабақтың мақсаты мен міндеттерін шешуде түрлі театралдық іс-әрекеттер, ертегі хикаялар, арнайы этюдтар, би жаттығулар, музыкалық ойындар ойнау, ой қозғау, нота сауатын үйрету, музыканың ырғағына сай үйлесімді қимылдар жасау, балалардың музыка жанрын ажырата білуге, шығармашылық тәртібінің жаңа үлгілерін меңгеруге және оларды табиғи өмірлік жағдайларын өзгертуіне себеп болады. Арнайы мектептегі түзету римика сабағы арқылы оқушыларды тәрбиелеуде мұғалімнің алдына музыкалық түрлі іс-әрекеттердің көмегімен оқушының сезімін ояту, музыканың жұмбақ сырын сезім арқылы саналы түсінуге дағдыландыру, музыкалық тапсырмаларды орындау қабілетін қалыптастыру міндеттері тұрады. Аталған міндеттерді шешуде әрбір баланың психологиясын, психикалық процестерін (қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау, сезу, түйсік, сөйлеу, қабілет) жасқа сай дамуы мен қалыптасу ерекшеліктерін анық білу қажет.

Инклюзивті білім беру ісінде атқарылатын жұмыстар бұл істің алдағы уақытта қарқынды дамуына қажетті алғышарттар деп төмендегілерді атай аламыз:

- Баланың толыққанды білім алуына жағдай жасаудағы басты тұлға ата-аналардың ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алуға құқығын қорғауға қатысуы, оқыту үрдісін, түзету көмегін іске асыруға қатысуы;
- Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын мамандардың біліктілігін арттыру және өзара тәжірибе алмасуларын қамтамасыз ету;
- Жалпы білім беретін мектептердің ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қабылдауға дайын болуы;
- Жалпы білім беру мекемелерінің арнайы түзету мекемелерімен тығыз байланыста қызмет етуі;
- Инклюзивті білім берудің жолдарын үнемі жетілдіру үстінде болу;
- Мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту ісін ерте қолға алу, диагностикалық, ағартушылық, кеңес беру және түзетушілік жұмыстарын жүргізу.
- Даму мониторингін қадағалау т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының білім туралы Заңы, 2008 ж Мектептегі психология, №3 2010
2. Әлеуметтік педогогика, №3, 2011
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы.
4. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. «Бала құқықтары туралы» Конвенция БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен 20.11.1989 ж. қабылданған. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылдың 8 маусымындағы №77 қаулысымен ратификацияланған.

5.Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.

6.«ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы «Инклюзивтік білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру.

СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТҮЗЕТУДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

*Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы
Абай атындағы жалпы орта мектеп КММ
дефектолог: Салхан Ақжүніс*

Тілдегі елеулі сөйлеу бұзылыстарына әкеліп соғады.

Сөйлеу тілінің бұзылуын анықтау бірнеше этаптан тұрады:

1. Диагностикалық іс – әрекет.
2. Логопедиялық тексерудің әдістері.
3. Анамнез жинау.
4. Артикуляциялық аппаратты тексеру.
5. Дыбыс айтуды тексеру. Сөздің буындық құрылысын тексеру. Фонематикалық қабылдауын тексеру.Сөздік қорын тексеру.Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылысын тексеру.Байланыстырып сөйлеуін тексеру. Оқу – жазуын тексеру.
6. Дыбыс айтуды тексеру.
7. Сөйлеу тілінің жатықтығы және шапшаңдығын тексеру.

Сөйлеу тілінің бұзылуын анықтау теориялық және тәжірибелік тұрғыдан маңызы зор мәселе болып табылады.

Сөйлеу бұзылыстарының әр түрлі түрлері бар, олар сөйлеу дыбыстарын құрудағы немесе қалыптастырудағы бұзылыстар.Бұл бұзылыстар балалардың сөйлеуін қиындатады, өйткені, олардың айтылуы мен сөздік қорының қалыптасуына әсер етуі мүмкін. Осылайша, олар басқалар оларды түсінетін етіп сөйлей алмайды.

Сөйлеу бұзылыстарының түрлері:

1. Дислалия
2. Тұтықпа
3. Дислексия, дисграфия
4. Алалия
5. Афазия
6. ЖСТД I – II-III деңгейі
7. Дизартрия

Сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетуде артикуляциялық жаттығулардың маңызы зор.

Артикуляциялық жаттығу – бұлшықет пен сөйлеу аппаратын нығайтуға, сөйлеуге қатысатын ағзалардың күш, қимыл – қозғалыс және іс – әрекеттің дифференциясын нығайтуға арналған жаттығулар жиыны. Артикуляциялық жаттығуларды уақтылы жасау кейбір балаларда мамандардың көмегінсіз дыбысты дұрыс айтуға көмектеседі. Жаттығуларды жасау дыбыстарды дұрыс айтуға, әдемі және айқын сөйлеуге көмектеседі.

Логопедиялық массаж – қан түтікшелеріне, тіндердің перифериялық тілдік аппаратына, нервке, бұлшықеттердің жағдайына белсенді механикалық ықпал жасайтын тәсіл.

Логопедиялық массаж сөйлеу мәнерін, функциясын түзетуге бағытталған психологиялық – педагогикалық жұмыстың бір бөлігі.

Логопедиялық массаж негізінен бас, мойын және иық бұлшықеттеріне жасалады. Массаж кезінде көп көңіл, әсіресе, бет, ерін және тіл бұлшықеттеріне бөлінеді, өйткені, олар перифериялық сөйлеу құралымен тығыз байланысты.

Қазіргі заманғы логопедиялық тәжірибеде массаждың бірнеше түрлері қолданылады.

- Дифференциалдық, қатайтатын немесе босаңсыту массажы, классикалық массаж қимылдарына негізделген;
- Нүктелік массаж;
- Арнайы құралдармен жасалатын массаж: Логопедиялық зонд, вибромассажер;

Ринолалия, дизартрия түрлерімен жүргізілетін жұмыстардың реттілігі:

1. Массаж түрлері (отаға дейінгі, отадан кейінгі, артикуляциялық бұлшықет массаждары)
2. Артикуляциялық жаттығулар
3. Тыныс алу жаттығулары
4. Дыбыс қою кезеңі
5. Танымдық қабілеттерін арттыру жұмыстары
6. Тілдің грамматикалық құрылымын арттыру жұмыстары
7. Қолдың ұсақ моторикасын арттыру жұмыстары

Тұтықпамен жүргізілетін жұмыстардың реттілігі:

1. Сөйлеу ережесі
2. Психотерапевттік сипаттағы әңгімелер
3. Тыныс алу жаттығулары
4. Вокалотерапия
5. Мимикалық және артикуляциялық бұлшықеттерге арналған релаксациялық жаттығулар
6. Диафрагмалды тыныс алуды қалыптастыру
7. Ритмикалық қимыл қозғалысты дамыту жұмыстары

Сөйлеу тілінің ЖСТД I – II - III деңгейі, алалия, дислалия түрлерімен жүргізілетін жұмыстардың реттілігі.

1. Артикуляциялық жаттығулар
2. Дыбыс қою кезеңі
3. Танымдық қабілеттерін арттыру жұмыстары
4. Тілдің грамматикалық құрылымын арттыру жұмыстары
5. Қолдың ұсақ моторикасын арттыру жұмыстары.

Фонетико – фонематикалық есту қабілеті бұзылған және сөйлеу бұзылысының дислексия , дисграфия түрлерімен жүргізілетін жұмыстардың реттілігі:

1. Артикуляциялық жаттығулар
2. Оқу ,жазу қабілеттерін арттыру жұмыстары
3. Сөздің дыбыстық буындық құрылымын сақтап қайталау қабілетін дамыту және ажырату жұмыстары
4. Септік жалғаулары мен жұрнақтарды , сөздің жекеше және көпше түрлерін, етістіктің түрлерін қолдануда жіберілетін қателермен жұмыс
5. Қолдың ұсақ моторикасын арттыру жұмыстары.

Баланың ұсақ моторикасын дамыту әрқашан дефектолог , логопед мамандардың түзету –дамыту жұмысының ажырамас бір бөлігі.Қолдың ұсақ моторикасының дамуы жалпы баланың дамуы үшін үлкен маңызға ие және баланың белсенді әрекеттерін , жазуын ,сөйлеуін дамытуға тікелей байланысты. Егер бала жаттығуларды қысқа тақпақтармен қатар орындаса, оның сөзі неғұрлым анық , ырғақты болады. Бала қолдарының белгілі қалпын және қозғалысының ретін есінде сақтауға үйренгендіктен оның есте сақтау қабілеті дамиды. Барлық жаттығуларды меңгеру нәтижесінде қолдың білектері мен саусақтары күш жинайды, қозғалғыштыққа және иілгіштікке ие болады , ал бұл жазу дағдысын меңгеруін жеңілдетеді.

Қорыта келгенде, әр бір өткізілген сабақтың мақсаты балалардың тілдің грамматикалық құрылымын дамытуда, бавйланыстырып сөйлеу тілін дамыту, сұраққа толық жауап беруге , сұрақты тыңдай білуге дағдыландыру. Сөздегі, сөйлемдегі, дыбыстарды анық , таза айтуға үйрету, сөздік қорын байыту , тілдің дыбыстық мәдениетін жетілдіру.

Қорыта айтқанда, белгілі орыс педагогы К.Ушинский мұғалімдерді күннің сәулесіне теңеп: « Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла, ол бойындағы бар асылын береді»- деген. Осы теңеулерге лайықты болу үшін әрбір дефектолог ,логопед мүмкіндігі шектеулі балалардың бойына бар жақсы қасиетіміз бен білім біліктілігімізді кұйып, үйретуден жалықпай, Тәуелсіз Қазақстанымыздың өсіп өркендеуіне өз үлесімізді қоса берейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ибатова Г.Б.

«Дыбыс айтуды түзетудегі дайындық кезеңіндегі логопедиялық жұмыс»

Оқу құралы

2. Қ.Қ. Өмірбекова , Г.С. Оразаева ,Г.Н. Төлебиева, Г.Б. Ибатова
«Логопедия» Оқулық

МЕКТЕПШІЛІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

*Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы,
“Бірлік” жом КММ
дефектолог Есенбаева Альбина Әсілханқызы*

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету (көмек) – әр баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқыту мен дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық шарттар құру барысындағы педагогтар мен мамандардың ұйымдастырылған қызмет жүйесі.

Мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі (психолог, логопед, арнайы педагог, әлеуметтік педагог, тәрбиеші, педагог-ассистент):

- оқыту қиындықтары бар оқушыларды анықтайды, қиындықтардың сипатын және олардың пайда болу себептерін бағалау мақсатында психологиялық-педагогикалық тексеру жүргізеді;
- тексеру нәтижелерін тиісті формаларда құжаттайды;
- зерттеу нәтижелері бойынша оқушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтайды;
- оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламаларын жасайды;
- оқушылармен жеке және топтық сабақтар жүргізеді;
- мұғалімдерге, ата-аналарға, мектеп әкімшілігіне кеңес береді;
- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағдарламаларын іске асыру нәтижелерінің мониторингін жүзеге асырады;
- әлеуметтік серіктестермен өзара қарым-қатынас жасайды.

ППҚК мамандары мектептің педагогикалық кеңесінің құрамына енгізіледі. Олардың педагогикалық кеңестің жұмысына қатысуы оқушылардың үлгермеушілігінің және мінез-құлқының бұзылу себептерін анықтауға және оларды жеңу тәсілдерін талқылауға мүмкіндік береді.

Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру;

Инклюзивті практиканы дамыту процесінде білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау білім беру процесінің міндетті компоненті болып табылады.

Еліміздегі мектептердің маңызды міндеті – ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере келе білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру.

Педагогтердің назарына: Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылғы қаңтар айында бекітілген бұйрықтары:

1 . «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №4 бұйрығы

2 . «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығы.

Сонымен қатар Қазақстан республикасының «Білім туралы» заңының 45-бабының 3 –тармағының 4-1 тармақшасының толықтырылғанын атап өту қажет. Оған сәйкес «Білім беру» ұйымының басшысы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бұзғаны немесе білім алу үшін арнаулы жағдайлар жасамағаны үшін жауаптылықта болады.

Инклюзивті білім беру жағдайында қазіргі педагог қызметінің негізгі ерекшелігі- кәсіби қызметінің көп бағыттылығы және әртүрлілігі. Сабақта мұғалім шешетін міндеттердің ішінде ең бастысы – білімді меңгеруіне қолайлы жағдай жасау негізінде білім алушыны кез келген оқу әрекетіне қосу.

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы №6 бұйрығында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың келесі топтары анықталған:

- 1) Мінез –құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала ата-ана және отбасы ішілік қарым-қатынастар) бар балалар.
- 2) Әлеуметтік –психологиялық, экономикалық, лингвистикалық мәдени сипаттағы кедергілері (әлеуметтік қауіпті отбасы балаларының педагогикалық немқұрайлылығы; жергілікті қоғамға бейімделуде қиындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, қандастар және т.б.отбасылар)
- 3) Даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек –қимыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалдық- еріктік бұзылыстар) бар балалар.

Ерекше білім алу қажеттілігін бағалау және мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету бағыттарын анықтау бойынша жұмыс кезеңдері

1 - кезең: оқушыны оқыту мен оқытудағы қиындықтардың сипаты туралы ақпарат жинау.

ПМПК жолдамасы бойынша психикалық және дене дамуы бұзылған бала сыныпта оқыған жағдайда мұғалім мен мамандар сыныптағы сабақтарда мұндай оқушының оқуы мен мінез-құлқындағы қиындықтарын зерделей отырып, бірден бақылауға кіріседі. Әр маман бір апта ішінде баланы қадағалайды (алдын ала қадағалап, қандай маман және қандай баланы алу керектігін жүзеге асырады). Бақылау нәтижелерін белгілеу үшін мұғалімдер мен мамандар үшін бірыңғай бақылау хаттамасы қолданылады (1-қосымша. 2 А формасы).

Бақылау бір апта ішінде жүзеге асырылады. Күнделікті бақылау нәтижелері тіркеледі (баға қиындықтар баллында), со-дан кейін қорытылады (1-қосымша. 2 б формасы). Сабақта бірінші бақылау әдісін қолдану маңызды болып табылады, өйткені мамандар баланың сынып-та табысты оқуға мүмкіндік бермейтін ерекшеліктерін (өз ерекшеліктері: күшті және әлсіз жақтар барлық адамдарда болады) анықтауы керек.

Бала туралы қосымша, бірақ маңызды ақпарат алу үшін мұғалім ата-аналарға сауалнаманы және коммуникативтік төлқұжатты толтыруды ұсынады (1-қосымша. 1а, 1в-формасы). Осы кезеңде мамандар бала туралы ақпаратты ата - анасымен әңгімелесу және сауалнама жүргізу әдістерін пай-далана отырып жинайды (1-қосымша, 1б-форма).

Сабақтардағы баланы бақылау, ата-аналармен сауалнама жүргізу және әңгімелесу нәтижесі - алынған деректерді талдау және қорыту, олардың негізінде оқытудың басты (бастапқы) қиындықтары туралы болжамдар (гипотезалар) қалыптастыру және тереңдетілген тексерудің тиісті бағыттары мен әдістерін таңдау болуы тиіс.

2-кезең. Оқушыны тереңдетіп және бағытты зерттеу (тексеру). Әрбір маман қажетті әдістерді, әдістемелерді, тесттер мен тәсілдерді пайдалана отырып психологиялық, логопедтік, арнайы педагогикалық тексеру жүргізеді, оның нәтижелерін тексеру хаттамаларына енгізеді (Логопед сөйлеу картасын толтырады). Психолог психологиялық тексеру хаттамасы. Арнайы педагог - оқу қызметі компоненттерінің жағдайын бақылау хаттамасын толтырады.

Тексерудің барлық түрлеріне қойылатын басты талабы - сыныптағы баланы оқыту қиындықтарының сипаты мен себептерін анықтауға бағытталуы болып табылады. Осының негізінде бірінші кезеңде қалыптасқан оқу қиындықтарының сипаты мен себептері туралы болжамға сүйене отырып, маман тексеру пәні ретінде баланың даму аймақтарын, оның ішінде баланың оқу үлгеріміне әсер ететін психикалық функцияларын немесе сөйлеу тілінің даму жақтарын ғана таңдайды. Мысалы, егер психолог пен логопед сабақ кезіндегі бақылау және ата-аналармен әңгіме, сауалнама жүргізу барысында балада есту-сөйлеу ақпаратын өңдеу қиындықтарын және көру арқылы есте сақтау мен жазу мәселелерінің жоқтығын анықтаса, онда олардың тереңдетілген тексеру фокусына баланың есту-сөйлеу на-зары мен жадының (психолог), фонематикалық есту қабілеті мен сөйлеу тілін түсінуінің (логопед) ерекшеліктері кіреді.

Осылайша, кез келген маманның тексеру мақсатының соңы – бұл баланың барлық психикалық функцияларының, білімдерінің, іскерліктері мен дағдыларының, мінез-құлықтары мен эмоционалдық ерекшеліктерінің формальды сипаттамасы ғана емес, олардың жағымсыз сипаты мен дәрежесін анықтау, сондай-ақ оқудағы табыстылыққа оң әсер етуін айқындау.

Мұғалім білім мен іскерлікті нақты меңгеру деңгейін, сондай-ақ оқу бағдарламасын меңгерудегі проблемалар дәрежесі мен сипатын анықтау

мақсатында барлық пәндер бойынша оқу жетістіктерін критериалды бағалауды жүргізеді. Осы жұмыстың нәтижелері бойынша оқушының қиындықтары анықталған оқу пәндері бойынша жетістіктер карталары тол-тырылады. Мұғалім сондай-ақ оқу жұмысында оқушының қалауын белгілеуі тиіс (қандай ақпаратпен жұмыс істеуді қалайды, қандай оқыту әдістері мен жұмыс түрлері білім мен дағдыларды барынша толық меңгеруге ықпал етеді, ал күтілетін нәтижеге қол жеткізуге не ықпал етпейді және т.б.).

Әрбір тексеру барысында маман мен мұғалім баланың әлсіз және мықты даму жақтарын ғана емес, сонымен қатар баланың оқуда табысты болу үшін бала бойындағы бар ресурстарын анықтайды.

Тексеру нәтижесінде әр маман мен мұғалім балаға мінездеме жасайды, барлығына бірдей форма толтырады (1-қосымша, 3-форма). Мамандар мен мұғалім балаға бір параметр бойынша мінездеме береді, бірақ өзінің кәсіби көзқарасы тұрғысынан. Оқу пәндері бойынша бағдарламаны меңгеру дәрежесінің сипаттамасын тек мұғалім мен арнайы педагог береді.

3-кезең. Бірлесіп (мамандар, мұғалім және ата-аналар) оқушының ерекше білім беру қажеттілігін және психологиялық-педагогикалық қолдау мазмұнын анықтау, оқыту қиындықтарын талқылау.

Қолдау көрсету қызметінің бірлескен отырысында мұғалім және әрбір маман балаға өзінің ұстанымы бойынша мінездеме береді: оқытудың қиындықтарын сипаттайды, олардың пайда болу себептері мен механизмдері туралы өз пікірін білдіреді, баланың мүмкіндіктері мен күшті жақтарын ашады (ата-аналар жеке отырысқа шақырылады).

Бұл кезеңде оқыту қиындықтарының сипаты мен себептері тура-лы болжам оқу қиындықтарының түрін (себептерін) анықтау түріндегі соңғы қорытындысы болады (Қосымша-В). Қосымшада оқытудың негізгі қиындықтарының қысқаша сипаттамасы беріледі:

- жұмысқа қабілеттілігінің төмендігі;
- іс-әрекетін еркін реттеу, жоспарлау және бақылау жеткіліксіздігі;
- есту-сөйлеу ақпаратының өңделуі;
- көру және көру-кеңістіктік ақпараттың өңделуі.

Оқыту қиындықтарының сипатын (түрін) анықтағаннан кейін баланың жалпы мінездесі ұжымда талқыланып жасалады, онда бастапқы және екіншілік қиындықтардың жалпы көрінісі, олардың себептері мен туындау механизмі баяндалады. Табысты оқытудың ресурстары ретінде баланың күшті жақтары, ерекшеліктері мен мүдделері сипатталады (қосымша-, А 4-форма).

Бірлескен талқылау барысында ерекше білім беру қажеттілігі, мұғалімге, мамандарға, ата-аналарға, оқушыға қолдау көрсетудің негізгі бағыттары анықталады, мұғалім мен ата-аналарға ұсыныстар жасалады.

4-кезең. Анықталған білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтитын психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасы құрастырылады: қысқартылған немесе жеке оқубағдарламалары, арнайы оқыту әдістері, психологпен, логопедпен, арнайы

педагогпен жеке-дамыту бағдарламалары, мұғалімге, ата-аналарға берілетін ұсыныстар (қосымша-, А 4-форма).

В-қосымшасында үлгі ретінде ЕБҚ бар 1 сынып оқушысына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасы толтырылып ұсынылған. Г-қосымшасында математика пәнінен қысқартылған және жеке оқу бағдарламаларының үлгісі мен арнайы педагогпен жеке сабақтар бағдарламасының үлгісі көрсетілген.

5-кезең. Мониторингпен қолдауды іске асыру.

Мамандар мен мұғалім тарапынан оқушының ерекше білім беру қажеттілігін бағалау және қанағаттандыру алгоритмі 12 қадаммен жүзеге асырылады, олардың сипаттамасы 4-кестеде келтірілген. Оқушы туралы алынған ақпаратты тіркеу формалары және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жеке бағдарламасының формасы А-қосымшада берілген.

Әрбір бала үшін бағдарламаның әзірленуі оның жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, жеке әдістерді, тәсілдерді таңдауды және пайдалануды көздейді. Әрбір маман жеке зерттеу негізінде қандай бағыттар бойынша жұмыс істейтін, қандай әдістер мен тәсілдерді пайдалануға болатынын өзі шешеді. Маман психологиялық-педагогикалық жұмыстың адекватты әдістерін таңдау, баламен өз жұмысының тиімділігін қамтамасыз ету үшін заманауи және инновациялық психологиялық-педагогикалық техно-логияларын (арнайы және баламалы әдістерді) білуі және жақсы меңгеруі тиіс. Олардың кейбіреулері әдістемелік нұсқаулықтың әдеби көздері тізімінде ұсынылған, онда әр түрлі мамандарға арналған оқу-әдістемелік әдебиет көрсетілген

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Елисеева И.Г., Ерсарина А.К.

«Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету» Әдістемелік нұсқаулық

2.Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі Түзеу педагогиканың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға жалпы білім беру мектебінде психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Әдістемелік нұсқаулық Алматы 2019.

СЕНСОРЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТИСІ БҰЗЫЛҒАН БАЛАЛАРҒА ТИІМДІЛІГІ

*Түркістан қаласы, А.Байтурсынов атындағы
№ 1 мектеп-лицей. Инклюзияны
қолдау кабинеті
педагог-дефектолог Маханова Гаухар Имашовна*

Сенсорлы интеграция – бұл адамның жүйке - жүйесі сезімінің рецепторларынан ақпарат алатын қызмет. Сенсорлық интеграция теориясы мен тәжірибесі 90-шы жылдардан бастау алады. XX ғасырда алғаш рет Калифорниялық кәсіптік терапевт Д. Ириц әзірледі, ол түрлі неврологиялық бұзылулары бар балалар мен ересектермен жұмыс істеді. Бұл әдіс қоршаған ортадан ойын арқылы баланың немесе ересек адамның вестибулярлық салаларына әсер ететін арнайы жабдықты пайдаланып сезімталдықты реттеу болып табылады. Балаларға арналған сенсорлық интеграция миға қоршаған ортаға және адамның сенсорлық жүйелеріне әсер ететін сыртқы сигналдарға қажетті білім беруіне көмектеседі. Сенсорлық терапияда қолданылатын ойындар баланың жаңа сенсорлық сезімдерін дамытып, теңдестіру жүріп, және орталық жүйке жүйесінің сенсорлық ынталылығын тиімді етіп дамытуға болады.

Сенсорлы интеграция – бұл адамның жүйке-жүйесі сезімінің рецепторларынан ақпарат алатын қызмет. Жүйке-жүйесі сезімінің түрлері 14:

1. Тактильді сезіну (баланың терімен жанасуы)
2. Тепе-теңдікті сақтауы
3. Буын қимыл-қозғалыстарымен жұмыс
4. Есту (физикалық-фонематикалық)
5. Көру координациясы
6. Сезу процесі (гипосезіну, гиперсезіну)
7. Дәм сезу процесінде ерекшеліктермен жұмыс
8. Иіс сезу процесі
9. Қимыл-қозғалысты басқару
10. Соматагнозис
11. Зейін тұрақтандыру
12. Қолымен-көзімен әрекет ету
13. Өз-өзіне қызмет ету
14. Сөйлеу тілі

Сенсорлы интеграцияның мақсаты – орталық жүйке жүйесі бойынша сенсорлық ынталандыруды күшейту, теңгерімдеу және дамыту. Сенсорлық интеграция – Даун синдромы, ЗПР, ЗППР, церебралды паралич, аутизммен ауыратын балаларды түзетудің ең тиімді әдісі. Бала біртіндеп сенсорлық

жауаптарды түсініп, орталық жүйке жүйесіне түскен ақпаратты тұжырымдап, күнделікті өмірде қолдануға бейімделеді. Біздің сөйлемейтін балалардың арасында мынандай ерекшеліктер кездеседі.

-Балам шашын алғызбайды, балам тырнағын алғызбайды, киім ауыстырғанды ұнатпайды, үстіне кішкене су тамып кетсе ауыстыр деп жылайды дейтін ата-аналар кездеседі.

Неліктен? -Өйткені бұл балаларда жалпы сенсорлы түрде қабылдауында қалыпты балаларға қарағанда ерекшеліктер бар. Сондықтанда сенсорлы интеграция көмегіне жүгінеміз. Сенсорлық интеграция – бұл барлық сезімнің рецепторларынан жүйке жүйесі туралы ақпарат алатын процесс. Сенсорлық бұзылулар шамадан тыс эмоционалдық реакциялар бар бұзушы мінез-құлыққа ұқсауы мүмкін.

Сенсорлық интеграцияның жүйесі:

- Баланың дамуына және үйренуіне жеткілікті сенсорлық белсенділік қажет.
- Баланың қиындықтарды жеңу арқылы қиын дағдыларды игеру, сабаққа деген қызығушылығын даму арқылы табысқа жетудің жоғары мүмкіндігін болады.
- Терапевт баланың дамуына сүйенеді.
- Сенсорлық жүйеде сыныпты мұқият таңдау.

Әдісінің артықшылықтары:

6. Терапиядағы тәсілдің тұтастығы (барлық сенсорлық жүйелер қатысады);
7. ата-аналар мен бала арасындағы тиімді байланыс орнату;
8. бала нысандармен әрекеттер манипуляцияға тәуелсіз болады;
9. ауыр когнитивті нейрофизиологиялық бұзылулары бар балаларға жүргізіледі;
10. церебральды сал ауруы бар балаларды бұл әдіспен кешенді емдеу мүмкін болмайды, сенсорлық жүйелердің жетілуіне көмектеседі.

Әдісінің кемшіліктері:

Бастапқы кезеңдегі сенсорлық интеграция маманы баланы басқарады, барлық өзгерістерді ескертеді, бірақ болашақта бұл ата-аналардың қолдауына ие болатын ұзақ процесс, сондықтан олар техниканың негіздерін үйреніп, баламен жұмыс істеуді жалғастыруда.

Әдісінің минусы:

1. Ақыл-есі кем мүгедек балаларға ұсынылмайды
2. Әрдайым бала бұл процесте қалаған дағдыларды меңгермейді
3. Бала объектілерімен өзара әрекеттесу туралы білетін болса, оның денесі бір-бірімен бұл туралы өз бетінше байланыстырып, қорытынды жасауға тырысады, бұл әрдайым жұмыс істемейді.

Сенсорлық интеграция – неміс психоэнергетикалық терапевт У. Кислингтің кітабында-« баланың проблемасын тануға, себептерін түсінуге және уақытында сенсорлық бұзылуларды түзеуге көмектеседі»-деген. Сенсорлық интеграция – бұл бірнеше мәселені бірден шешетін көп функциялы әдіс, сондықтан оны келесі бағыттар бойынша сәтті қолдануға болады:

- дефектология;
- нейрофизиология;
- сөйлеу терапиясы;
- психотерапия;
- неврология;
- реабилитология;
- педагогикалық қызмет.

Сенсорлық интеграция – Дауын синдромы, ЗППР, церебралбды ауытқу, аутизммен ауратын балаларды түзетудің ең тиімді әдісі. Балалар біртіндеп сенсорлық жүйеге түсініп, орталық жүйке жүйесіне түскен ақпаратты тұжырымдап, күнделікті өмірде қолдануға беймделеді.

Сенсорлық интеграцияғарналған жабдықтар:

Сенсорлық интеграциялық жаттығулар балаға қауіпсіз, тартымды және жарқын болуы керек, және арнайы техника бойынша жүргізіледі. Сенсорлық терапия және интеграция мынадай жабдықты пайдалануды қамтиды:

- миокардтты ынталандыруына арналған тренажер (теңгерімдеу) – үйлесімділікке, моторикаға мұқтаждықтары бар балаларға арналған;
- Тактикалық жолдар – әртүрлі жол беттерінде теңгерім сезімі дамыту;
- Әртүрлі түстердегі сенсорлы жеңіл ойыншықтар – олар қараңғыда жарқырап, баланың есту, визуалды және тактильді жүйелерін ынталандыруға көмектеседі.
- Vizybordy – Montessori жүйесі, олар әртүрлі түймелер, құлыптар, киім-кешек торлары бар тақтайшалар, балаларға арналған тартымды көліктер, ұсақ моторлық дағдылар мен сыпайылықты дамытады.
- Өлшенген көрпелер мен жастықтар демалу үшін-гиперактивті балаларға тыныштық пен ұйықтауға көмектеседі, балаға құшақталған әсерді сездіреді.

Логопедтегі сенсорлық интеграция әдісі

Балалардағы сенсорлық интеграцияны дамыту, сөйлеу кемшіліктерін логопед пен дефектолог сенсорлық интеграция әдісін қолдана отырып жұмыс жасайды. Осы мақсатта планшет, түрлі карточкалар мен фотосуреттерді қолдануға болады. Осы арқылы баланы фотосуреттер мен тапсырмалар беру арқылы жұптық суретті табуға, қатты дауыстап атауға немесе С, В және Р үні шықпайтын жануарларды табуды сұрайды. Сезімтал материалды қолдану балаға жағымды әсер етеді және қайталама сенсорлық бұзылуларды тудырады

Сенсорлы интеграция моральды дамытуға арналған жаттығу:

4. «Маймылға көмектес!» Көзілдіріктерде азық-түлік тағамдары: нан, көкөністер, жемістер және басқа да көзілдіріктер (сабын, парфюмерия, тіс пастасы, балшық). Балалардың көзін жауып қояды және маймылға тек «мұрын» арқылы көмектеседі, ол қандай шыныаяқтағы азық-түлікті, жеуге жарамайтын заттар бар екендігін анықтауға және не екендігін анықтауға көмектеседі

Көру координациясын дамытуға арналған жаттығу:

1. Объектіні салу (көшіру)
2. Бояу араластыру
3. Саусақтарымен сурет салу

Сенсорлық интеграция және сөйлеу жаттығулары:

- * Жәндіктердің дыбыстарын (аралар, москит)
- * тілін аудару (Қатты, тыныш)
- * ерін қозғалыстарын шыңдау; А-А-А-А дыбысын дауысын ашық ауызбен ұзын және М-М-М-М дыбысын қатты жабық күйде ән айту

Сенсорлық интеграция – естуді дамытуға арналған жаттығулар:

- * Ритмді перкуссиялау (ересек соққылар, бала қайталайды) ағаш қасықтарды, маркерлерді, пластикалық бөтелкелерді пайдалануға болады;
- * Әуенді ән айту. Қарапайым және таныс балалардан бастап ересек әннің кішкене үзіндісін айтады, бала қайталайды.

Тактильді дамыту бойынша жаттығулар:

- * Дәнді дақылдар мен ірі өнімдер (макарон)
- * Құмды терапия
- * Ермексазбен жұмыс
- * орто кілемшелер, арнайы массаж маты

Қорыта келе, сенсорлық интеграция интелектісі бұзылған балаларға пайдасы өте көп екені барлығымызға мәлім. Баланың ойлауы мен қатар дене мүшесінің қалыпты түрде дамуы бір уақытта жүзеге асады.

Сонымен қатар баланың тактильді сезінуі, сенсорлық қабілеті дамиды. Бір сөзбен айтқанда баланың барлық сезім мүшелері әрекетке түсіп, дами түседі. Яғни бұл технологияның пайдасы бала үшін өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстанда мектепке дейінгі білім берудің ғасырлық тарихи шежіресі» Игенбаева Б.Қ (доцент) Ерманова М.Н. Астана 2017-424б
2. «Арнайы білім берудің жолдары және қызыметтері» Есенғалиева М.Н Қостанай 2006-2007

ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

*Түркістан облысы, Отырар ауданы
Жамбыл атындағы жалпы орта мектебі,
логопед-мұғалім Тастемір Марал Сабитқызы*

Кіріспе

Логопедиялық жұмыстың мақсаты мен мазмұны баланың сөйлеу тілінің бұзылуының себептерін анықтап, сонымен қатар сақталған функцияларын орнына келтіру, дамыту мүмкіншіліктеріне негізделеді.

Сөйлеу патологиясын зерттеу және түзету жұмыстары ХІХ ғасырдың орта шенінен бастап жүргізіле бастады. Мұның өзі сол кездерде сөйлеу қызметін қамтамасыз ететін негізгі анатомиялық, физиологиялық механизмдер жүйесінің зерттелуімен және айқындалуымен түсіндіріледі. Логопедияның ғылым ретінде қалыптасуы Ф.А. Рау, М.Е. Хватцев, О.П. Правдина, Р.Е. Левинаяның есімдерімен тығыз байланысты.

Сөйлеудің дұрыс қалыптасуы үшін мидың бүкіл құрылымдарының сақталып, мүлтіксіз қызмет атқаруы қажет. Сөйлеудегі ең маңызды элементтер - есту, көру, моторика жүйесі. Ауызекі сөйлеу перифериялық сөйлеу аппаратының негізгі үш бөлімінің - дем алу, дауыс және артикуляция, бұлшық еттерінің үйлесімді жұмыс атқаруы нәтижесінде іске асырылады.

Сөйлеу қызметінде негізгі рөлді мидың доминантты жарты шарында (оңақайларда сол жақ, солақайларда оң жақ жарты шар) орналасқан сөйлеу - есту және сөйлеу - қимыл зоналары атқарады. Сөйлеу баланың психофизикалық жалпы дамуы процесінде қалыптасады.

Сөйлеудің бұзылуының себептерін бірнеше топқа бөледі:

- Биологиялық себептерге көбінесе баланың жатырда жатқан кезіндегі, толғақ кезіндегі (гипоксия, жарақаттар) және туылғаннан кейінгі алғашқы айлардағы (ми инфекциялары, жарақаттар, т.б.) патогендік факторлар жатады.

- Әлеуметтік - психологиялық қауіпті факторлар бірінші кезекте психикалық депривациямен байланысты. Депривация дегеніміз - ұзақ уақыт аралығында және жеткілікті түрде субъектінің негізгі «өмірлік және психикалық қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына кедергі келтіретін өмірлік ахуалдар нәтижесінде пайда болатын психикалық көңіл күй.

- Сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуына дұрыс қалыптаспаған таңдай құрылысы да зиян тигізеді. Көбіне жас аналар нәрестеге емізік беруге құмар. Дұрысы, емізікке үйретпеген жөн. Себебі, еміздікті жиі емгеннен сәбидің таңдайы тереңдеп кетуі әбден мүмкін. Таңдай тереңдесе, артикуляциялық қозғалысы нашарлайды. Соның салдарынан әріптер дұрыс дыбысталмайды.

1. Сөйлеу тілінде кемістігі бар балалармен жүргізілетін түзету жұмыстары

Логопедия - бұл сөйлеудің бұзылуы және оны арнаулы оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде анықтау, түзету және алдын алу әдістері туралы ғылым.

Логопедия неврология, невропсихология, нейролингвистика, психология, педагогика және т.б. ғылымдар негізінде жұмыс атқарады. Бұл ғылыми пәндер логопедияға сөйлеудің бұзылуының механизмдері мен құрылымдарын ғылыми түрде негіздеуге, сөйлеуді дамыту, түзету мен қайта қалпына келтірудің ғылыми әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Логопедиялық жұмыстың мақсаты мен мазмұны баланың сөйлеу тілінің бұзылуының себептерін анықтап, сонымен қатар сақталған функцияларын орнына келтіру, дамыту мүмкіншіліктеріне негізделеді.

Сөйлеу патологиясын зерттеу және түзету жұмыстары ХІХ ғасырдың орта шенінен бастап жүргізіле бастады. Мұның өзі сол кездерде сөйлеу қызметін қамтамасыз ететін негізгі анатомиялық, физиологиялық механизмдер жүйесінің зерттелуімен және айқындалуымен түсіндіріледі. Логопедияның ғылым ретінде қалыптасуы Ф.А. Рау, М.Е. Хватцев, О.П. Правдина, Р.Е. Левинаяның есімдерімен тығыз байланысты.

Сөйлеудің дұрыс қалыптасуы үшін мидың бүкіл құрылымдарының сақталып, мүлтіксіз қызмет атқаруы қажет. Сөйлеудегі ең маңызды элементтер - есту, көру, моторика жүйесі. Ауызекі сөйлеу перифериялық сөйлеу аппаратының негізгі үш бөлімінің - дем алу, дауыс және артикуляция, бұлшық еттерінің үйлесімді жұмыс атқаруы нәтижесінде іске асырылады.

Сөйлеу қызметінде негізгі рөлді мидың доминантты жарты шарында (оңақайларда сол жақ, солақайларда оң жақ жарты шар) орналасқан сөйлеу - есту және сөйлеу - қимыл зоналары атқарады. Сөйлеу баланың психофизикалық жалпы дамуы процесінде қалыптасады.

Сөйлеудің бұзылуының себептерін бірнеше топқа бөледі:

- Биологиялық себептерге көбінесе баланың жатырда жатқан кезіндегі, толғақ кезіндегі (гипоксия, жарақаттар) және туылғаннан кейінгі алғашқы айлардағы (ми инфекциялары, жарақаттар, т.б.) патогендік факторлар жатады.

- Әлеуметтік - психологиялық қауіпті факторлар бірінші кезекте психикалық депривациямен байланысты. Депривация дегеніміз - ұзақ уақыт аралығында және жеткілікті түрде субъектінің негізгі «өмірлік және психикалық қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына кедергі келтіретін өмірлік ахуалдар нәтижесінде пайда болатын психикалық көңіл күй.

- Сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуына дұрыс қалыптаспаған таңдай құрылысы да зиян тигізеді. Көбіне жас аналар нәрестеге емізік беруге құмар. Дұрысы, емізікке үйретпеген жөн. Себебі, емізікті жиі емгеннен сәбидің таңдайы тереңдеп кетуі әбден мүмкін. Таңдай тереңдесе, артикуляциялық қозғалысы нашарлайды. Соның салдарынан әріптер дұрыс дыбысталмайды.

- Ата-аналардың көпшілігі баласының тілі дұрыс шығып, шықпағанына, даму ерекшеліктеріне жете мән бермейді. Баланың былдырлап сөйлегеніне мәз болып, соны қызық көретіндер де жетерлік. Олар мұны еркелік деп түсінеді. Кейбір ата-аналар 3-4 жастағы баланың тілі түсініксіз болса, «мүлде сөйлей алмайтын жағдайда емес қой, мектепке барғанша, әйтеуір сөйлер» деп бейжай қарайды. Мұндай түсінік мүлде дұрыс емес. 1 жасар бала кем дегенде 10 сөз

айтуға тиіс. 2 жаста сөздік қоры 300-ге жуықтайды. Ал 3 жасар сәби күрделі сөйлем құрауға қабілетті болады. Сондықтан кез келген ата-ана бала 1 жасқа толысымен, онымен көбірек сөйлесуі керек. Онда да баланың былдырына еріп, соның «тілімен» емес, түсінікті тілде сөйлеуге үйретуі тиіс.

- Сақаулық еліктеуден де болуы мүмкін. Балаға сөйлеу тілі әлі дұрыс қалыптаспаған сәбидің қасында үнемі бірге ойнау зиян. Сонымен қатар баланың тілі мүкіс немесе өте жылдам сөйлейтін адамдардың қасында болуы да дұрыс емес.

- Баламен бір тілде ғана, ана тілінде сөйлесу керек. Бірде қазақша, бірде орысша сөйлеген сәби еркін сөйлеу қабілетінен айырылады. Әрі тілі мүкістенеді. Соның кесірінен, дыбысталуы ұқсас әріптерді ажырата алмайды. Мұндайда сәбиге жаңылтпаштар айтқызған дұрыс.

2. Психикалық, физикалық жарақаттану. Отбасындағы қолайсыз жағдайлар да баланың сөйлеуіне кері әсері.

Сөйлеудің бұзылу түрлері:

Дислалия - дыбысты дауыстап айтудың бұзылуы. Дислалиялық дыбыстық бұзылулар артикулярлық аппарат құрылымының ақауларымен, сондай - ақ сөздік тәрбиенің ерекшеліктерімен түсіндіріледі.

Ринолалия - артикулярлық аппарат құрылысының туа біткен анатомиялық дефектілерімен байланысты пайда болатын дыбыс шығарудың және дауыс тембрінің кемістіктері.

Дауыстың бұзылуы - Бұл дефект дауыс аппаратындағы патологиялық өзгерістер нәтижесінде пайда болады. Дауыс бұзылуының екі түрі бар:

- Дисфония яғни дауыстың ішінара бұзылуы (дауыстың жоғарылық деңгейі, күші, тембрі бұзылады);

- Афония – дауыстың мүлдем жойылып кетуі.

Дизартрия- сөйлеу аппаратының иннервациялық жетіспеушіліктерінен болатын дыбыс шығарудың және сөйлеудің мелодиялық және интонациялық тұрғыдан бұзылуы.

Қазіргі заманғы логопедия бойынша әдістемелерді мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыстарда ойынды қолдану ұсынылған. Авторлар ойынды сөйлеу тілін дамыту және түзету мақсатында қолдануды ұсынған.

Мектепке дейінгі тәрбие бойынша әдебиеттерде ойынның түрлерін бөлген:

- Дидактикалық;
- Қимылды;
- Шығармашылық құрастыру;
- Драматизм-ойындары;
- Рөлдік-мағыналық.

Дидактикалық ойындар. Бұл ойынды белгілі ережесі мен мазмұны бойынша үлкендер ұйымдастырады. Дидактикалық ойындардың міндеті - балалардың бағытталған және ортақ іс- әрекетін ұйымдастыру. Бұл ойын барысында бала еш мәжбүрсіз, байқамай қажетті білімдерді алады. Балалар ойын тапсырмаларына

қызыға көңіл бөледі. Табу, айту, атау, ойын тапсырмасын сапалы шешуге көңіл бөледі: сұлбаны әдемі құрастыру, суретті дұрыс таңдау.

5 жастаға бала дидактикалық ойын барысында заттардың саны мен сапасын оның атауларды, оларды сыртқы бейнесі бойынша салыстырып, есте сақтауды үйренеді. 6 жастағы бала ойын тапсырмасын сапалы шешуге қызығушылығы арта түседі. Ал 7 жасқа таман бұрынғысынша ойын әрекеті қызықтырады, бірақ көбіне ойынның нәтижесі қызықтау болады. Бұл кезде өзіндік ұйымдастыратын, бағалау, өзін-өзі бақылау сияқты қасиеттерін дамытуға ықпал ететін ойындар қолданылады. Бұл жастағы балалар үшін аспапты таны, дыбыстарды қайтала, өзің сүйетін әуенді орында деген сияқты музыкалық дидактикалық ойындар қолданылады.

Логопедиялық сабаттардағы дидактикалық ойын барысында балаларды асықпай сөйлеуге тәрбиелейді; дыбыс айтуы шындалады, сөздік қоры молаяды. Есту зейіні мен фонематикалық естуін дамыту үшін музыкалық дидактикалық ойындардың да маңызы зор.

3. Логопед-мұғалімнің тәжірибелік әрекетінде заманауи логопедиялық технологияларды қолдану.

Педагогикалық санада адамның дамуы мен әлеуметтенуінің оның білім алу процесі ретінде тұрақты түсінік қалыптасқан. Сондықтан, әртүрлі жағдайда, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру қажет болған жағдайда және әртүрлі жас кезеңдерінде педагогикалық әрекеттерді оңтайландыру жолдарын іздеу тоқталмайды.

Түзету – педагогикалық процестегі арнайы білім беру принциптеріне сәйкес әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ерекше білім алу қажеттіліктері адамға білім беру процесінде арнайы педагогика әртүрлі оқыту, тәрбиелеу, түзету тәсілдерін пайдаланады. Қазіргі заманғы логопедиялық тәжірибе өз арсеналында уақытылы диагностикалау мен тіл кемшіліктерін түзетуге бағытталған, дәстүрлі білім беретін түзету – дамыту технологиялары бар. Педагогика, психология және медицинаның түйісу шегінде орналасқан логопедия өз тәжірибесінде логопед – мұғалімнің жұмысын оңтайландыратын, ең тиімді, логопедия үшін дәстүрлі емес және сабақтас ғылымдар тәсілдерін өз қажеттіліктеріне бейімдеп қолданады. Бұл әдістерді логопедияда дербес қарастыруға болмайды, олар көпшілік мақұлдаған технологиялардың бөлігі болып табылады, және педагог пен баланың қарым – қатынасының жаңа тәсілін, жаңа ынталандыру әдістерін енгізеді, жайлы эмоционалдық ортаны тудырады, жұмысқа сақталған психикалық функциялады қосуға және ауытқыған психикалық функцияларды белсендендіруге септігін тигізеді.

Қорытынды

Ата-аналардың көпшілігі баласының тілі дұрыс шығып, шықпағанына, даму ерекшеліктеріне жете мән бермейді. Баланың былдырлап сөйлегеніне мән болып, соны қызық көретіндер де жетерлік. Олар мұны еркелік деп түсінеді. Кейбір ата-аналар 3-4 жастағы баланың тілі түсініксіз болса, «мүлде сөйлей алмайтын жағдайда емес қой, мектепке барғанша, әйтеуір сөйлер» деп бейжай

қарайды. Мұндай түсінік мүлде дұрыс емес. 1 жасар бала кем дегенде 10 сөз айтуға тиіс. 2 жаста сөздік қоры 300-ге жуықтайды. Ал 3 жасар сәби күрделі сөйлем құрауға қабілетті болады. Сондықтан кез келген ата-ана бала 1 жасқа толысымен, онымен көбірек сөйлесуі керек. Онда да баланың былдырына еріп, соның «тілімен» емес, түсінікті тілде сөйлеуге үйретуі тиіс.

Сақаулық еліктеуден де болуы мүмкін. Балаға сөйлеу тілі әлі дұрыс қалыптаспаған сәбидің қасында үнемі бірге ойнау зиян. Сонымен қатар баланың тілі мүкіс немесе өте жылдам сөйлейтін адамдардың қасында болуы да дұрыс емес. Баламен бір тілде ғана, ана тілінде сөйлесу керек. Бірде қазақша, бірде орысша сөйлеген сәби еркін сөйлеу қабілетінен айырылады. Әрі тілі мүкістенеді.

Түзетуші педагог жұмысында жеке ыңғай табу ең басты болып қалады. Жұмыстың формасы мен тәсілдерін таңдау кезінде осыны есте сақтау қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Өмірбекова Қ., Серкебаев Қ. Логопедия. – Алматы, 1996. – Б. 36.
2. Багель О. А. Индивидуальный подход при коррекции речевых нарушений у младших школьников // Школьный логопед. – 2007. – №1(16). – Б. 43-48.
3. Өмірбекова Қ. Қ. Дыбыс айту кемшіліктері және түзету жолдары. – Алматы, 2005. – Б. 4-10, 41-45.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Түркістан облысы, Түлкібас ауданы,
Ю.Гагарин атындағы ЖОМ
дефектолог- логопед: К.У.Есенгельдиева*

Ерекше сұранысты қажет ететін балаларға білім беру кез келген ел үшін негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

Бұл – әркім өз іс-әрекетінің қажеттігі мен қатыстылығын сезіне білетін шын мәніндегі инклюзивті қоғам құруға қажетті шарт. Біз әрбір балаға оның сұранысы мен басқа да жағдайларына тәуелсіз, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға, қоғамға пайда әкелуге және оның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беруге міндеттіміз.

Дэвид Бланкет

Инклюзивті білім беру- мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті білім берудің мақсаты:

Даму мүмкіндігі шектеулі балалар мен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беруде Қазақстан Республикасының төмендегідей заңдарына сүйенеді: 1) ҚР «Білім туралы заңы»; 2) «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік, медициналық-педагогикалық коррекциялық қолдау»

Еліміздің Ата заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы тиістігі жазылса да, өкінішке қарай, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе күйінен түспей тұр. Олардың қатары жыл сайын өсіп жатқандықтан, балаларға білім беру жүйесін жетілдіру қажет.

«Инклюзивті білім» ұғымы, біздің өмірімізге 1996 жылдан бастап енді, қазір көп елдерде заң жүзінде бекітілген. Бұл Батыс Европада да, Америкада да, Латын Америкасына да қатысты. Шет мемлекеттерде де табыспен жүзеге асуда. Сонымен, инклюзия бұл-қазіргі кездегі қажеттілік. Әр баланың жеке тұлғасы қымбат бола тұра, біздер сенімдіміз, ерекше қажеттілігі бар балаларға әлеуметтік ортаға кіру үшін отбасынан басқа орта керек, басқа балалармен араласу керек, ата-анадан басқа мұғалім қажет.

Инклюзивті білім берудің негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жою, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру мақсаты жатыр.

Мектептерде инклюзивті білім беру жағдайында қойылатын талаптар:

- МШБ оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
- мектептің физикалық тұрғыдан қол жетімділігін қамтамасыз ету (лифттер, пандустар, арнаулы жиһаз);
- кадрлармен қамтамасыз ету:
- жалпы білім беру үдерісіне ендірілген балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау жасау;
- арнаулы техникалық жарақтармен қамтамасыз ету (есту, көру, сөйлеу мүшелерінің ақаулықтары бар балалар үшін);
- педагогтарға, мүмкіндігі шектеулі және сау балаларға, оқушылар ата-аналарына, сондай-ақ мектептің техникалық персоналына кеңестер беру.

Инклюзивті білім беру –балаларды жалпы білім беру процесіне толықтай қосу үшін балаларды бір-бірінен ажыратып, кедергілерге ұшырамауға бағытталған және олардың жасына, жынысына, этикасына, дініне қарамастан әлеуметтік бейімдеуге бағытталған мемлекеттік саясат.

Сонымен қатар дамудағы қалыс қалу немесе экономикалық мәртебесіне, отбасына белсенді қатысуы, коррекциялық-педагогикалық және балалардың жеке мұқтаждарын әлеуметтік адресті қолдаудағы бейімдеудің баланы емес, ортаны жеке ерекшеліктерімен білімдік қажеттіліктерін білім беру жағдайларын тиімді жолмен құру.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру жағдайын сараптауда, отандық тәжірибеде ерекше мұқтаж балаларды жалпы білім беру процесіне қосуда әр түрлі елдердегі шетел ғалымдары инклюзивті процестерін халықаралық құқықтық акт туралы жұмыстарда игеру қажет. Осы әр түрлі жер бетіндегі елдердің мәдени-тарихи және әлеуметтік-экономикалық деңгейлерінің дамуына байланысты инклюзивті білім беру принциптері анықталады:

- Жалпы білім берудің жоғарғы сапалары;
- Балалардың отбасындағы жағдайы;
- Оқытумен тәрбиелеу кезіндегі ата-анасының қатысуы;
- Мұғалімдердің әр түрлі өзгерістерге дайын болуы, балалардың құқықтарымен қабілеттерін есепке алып отыру;
- Жалпы білім беру мекемелерінде тиімді білім жағдайларын туғызу
- Нәтижелі әлеуметтендірумен оқытудың жүзеге асырылуы инклюзивті білімді қолдану кезінде ғана табысқа жетілуі;
- Демократиялық қоғамға орналастыру және жеке тұлғалық құқықтарын сақтауға кепілдеу;
- Мүмкіндігі шектеулі балаларды тиімді білімділікпен, коррекциялаумен, әлеуметтік жағдайларына араластыру

Ата –аналар, мұғалімдер, тәрбиешілер мен мамандар іс-әрекетінде бірлестік, жүйелілік болса ғана инклюзивтік тәрбие жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше білім беру назарсыз қалмауы үшін әр педагог әдіс-тәсілдерін нақты ойластыру қажет. Тек қана балаға бейімделген тәрбие оның ішкі потенциалын ашуға мүмкіндік туғызады, әр адамға қарап, сабырлылыққа тәрбиелейді, отбасыларымен қарым-қатынастықты нығайтып, оқу барысына кірістіреді. Инклюзивті тәрбиенің ұтымдылығы қанша және кім пайдасын көреді?

«Табиғаттың мүмкіндігі шектеулі деп есептемейік! Адамның өнері арқылы бұл мүмкіндіктің шектеусіз сипатқа ие болуы да ықтимал», Ж. Ламетри айтқандай, қазіргі таңда барлық әлемде жеке қажеттілікті түзету, педагогикалық қолдау мен бейімдеу баланы емес, балалардың білімдік сұраныстары мен жеке ерекшеліктеріне ортаның, отбасының белсенді қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын барлығы үшін бір мектеп немесе инклюзивті білім беру туралы айтуда.

Инклюзивті білім беру – мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытып үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Нағыз инклюзив білім берудің екі жүйесін жалпы және арнаулы жүйелерді бір біріне қарама-қарсы қоймай қайта жақындатады. Олардың арасындағы шекараны ашады. Инклюзивті білім берудің Қазақстанда өріс алуы қажеттілік әрі перспективалық іс екенін мойындаймыз. Осы кезде ғылыми ортада педагогикалық қауымдастықтар арасында инклюзивтік білім беру (баршаға қол жетімді және бәріне бірдей білім беру жүйесіне қосу) идеясы кең етек алып келеді.

Жалпы білім беретін мектепте сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың бірлесіп (интеграциялы) түрде оқуын ұйымдастыру консилиум арқылы әзірленеді. Консилиумға мектептің пән мұғалімдері, педагог-дефектологтар, психологтар қатысады. Жеке бағдарлама есту, сөйлеу, көру қозғалу мүшелері мен интеллектідне ақаулықтары бар оқушылардың танымдық мүмкіндігіне бейімдетіледі.

Инклюзивті білім беру жағдайындағы жалпы білім беретін мектептерде білім беру процесін ұйымдастыру типтік және қолданыстағы оқу жоспарларына сәйкес жүргізілуі, жылдық күнтізбелік оқу жоспары және сабақ кестесі арқылы регламенттелуі тиіс. Бұл ұсыныстар мүмкіндігі шектеулі бар балалар оқитын бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдеріне оқу бағдарламаларын әрбір жеке жағдайға байланысты оқушылардың білім жөніндегі талап-тілегіне бейімдеуді жүктейді. Білім беру бағдарламалары мектептің педагогикалық және әдістемелік кеңестерде бекітілуі керек.

Инклюзивті білім беру жағдайында сынып жетекшілерінің рөлі де артып күрделене түседі. Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арнаулы қолдау көрсетілуі: шәкірттердің оқу процесі аясында жұмысты ұйымдастыруына көмектесу; оңды қарым-қатынастар негізінде балалар ұжымын қалыптастырып, дамыту; ата-аналармен тығыз ынтымақтастық орнату мәселелерінің реттелуін нақ солар қамтамасыз етуі тиіс.

Мүмкіндігі шектеулі оқушылардың оқып-үйренуіндегі қиындықтарын дер кезінде анықтап, оларға коррекциялық-педагогикалық қолдау көрсету үшін, сондай-ақ жалпы білім беретін мектептегі білім игеруге байланысты қол жеткізілген деңгей туралы оқушылар мен ата-аналарды хабардар етіп отыру үшін тұрақты түрде психологиялық, педагогикалық мониторинг өткізіліп тұруы тиіс. Бұл интеграциялық оқыту сыныбы мұғалімнің арнаулы (коррекциялық) сынып мұғалімімен, пән мұғалімдерімен, психологпен, арнаулы және әлеуметтік педагогтармен тығыз ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс жүргізу нәтижесінде іске асады. Инклюзивті білім беруді дамытуды мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім алу жүйесін жетілдірудің басты бағыттарының бірі ретінде қарастырған жөн. Бала және оның ата-анасының тұрғылықты жеріне сәйкес жалпы типтегі мекемелерге мұндай балаларға білім беруді ұйымдастыру, оларды ұзақ мерзімге мектеп-интернатқа жіберуден сақтап, отбасында тәрбиеленіп тұруы үшін жағдай жасайды, қалыпты деңгейдегі дамыған құрдастарымен күнделікті қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етеді, әлеуметтік бейімделуі және қоғамға кіріктіруге қатысты мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік береді. Денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі балалардың барлық осы ерекшеліктері бірлескен оқу мен тәрбиелеу төңірегінде шиеленіседі және педагогтың ерекше назары мен жағдайын талап етеді.

Жобаны тиімді түрде жүзеге асыруда кездесетін кедергілер, қиындықтар болуы мүмкін. Жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық –

түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады.

Педагогтар мен дефектологтардың пікірінше, біздің елімізде мұндай балалармен жұмыс жүргізетін жаңа, нәтижелі бағдарламалар мен әдістемелер жоқтың қасы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың педагогикалық проблемаларын зерттеп, оларды шешуде әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, отандық төл мамандарды тарту, бірлесе жұмыс жасау – бүгінгі күн тәртібіндегі ең өзекті мәселе. Оқу орындарында педагогикалық-психологиялық кеңес беретін орталықтар ашып, дефектолог, сурдопедагог, тифлопедагог және т.б. мамандарды тартып, бірлесе жұмыс жасау қажет. Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін жоғарылату мақсатында қайта даярлық курстарынан өткізген жөн. Инклюзивті білім саласына қатысты мәліметтерде жоғары оқу орындарында инклюзивті білім мазмұны үш түрлі бағдарлама бойынша жалпы жоғары оқу орындарына арналған типік оқу бағдарламалары, мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары, мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық-физикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы бойынша реттелетіндігі сөз болады. Демек, оқу бағдарламаларын да қайта қарау қажеттілігі туындайды. Инклюзивті білім беруге дайындық жасау барысында туындайтын екінші бір мәселе оқу орнының талапқа сай жабдықталуы. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы дамуы және бұзылысын түзету мақсатында жаңа компьютерлік технологияны, бала бойындағы кемістіктерді түзетуге бағытталған құрылғыларды қолдану қажеттілігін де ретін тауып шешкен жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.«Инклюзивное образование: построение и организация инклюзивного образовательного пространства»
I часть Е.В. Шестакова, Т.В. Сорокина. Ақтөбе 2011
2. Жалмухамедова А.К., Халыкова Б.С. Раннее развитие детей с ограниченными возможностями. Алматы 2012
- 3.Коррекционная педагогика: методика обучения и воспитания детей с нарушением развития № 1, 2013
4. ҚР-ның білім туралы Заңы, 2008 ж Мектептегі психология, №3 2010
5. Әлеуметтік педагогика, №3, 2011.

ЖАЛПЫ МЕКТЕПТЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

*Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылы,
№63 жалпы орта мектебі, дефектолог
Қасымқан Айдана Қайратқызы*

Бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болу керек.

Неміс педогог-дефектолог П.Шуман.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Инклюзивті (франц. *inclusif* – өзіне енгізетін, лат. *include* – ішіне аламын, енгіземін) немесе енгізілген білім беру – жалпы білім беру мектептерінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту үрдісін сипаттау үшін пайдаланылатын термин. Инклюзивті білім берудің негізіне балалардың кез келген кемсітушілігін болдырмайтын, барлық адамдарға тең қарым-қатынасты қамтамасыз ететін, бірақ ерекше білім алу қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдай жасайтын идеология жатады.

Инклюзивті білім беру-мүгедек пен дамуында сәл бұзушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту. Инклюзивті оқыту біріктірілген (оқушы дені сау балалар сыныбында/тобында оқиды және дефектолог-мұғалімнің жүйелі көмегін алады), жартылай (жеке балалар күннің бір бөлігін арнайы топтарда, ал екінші қарапайым топтарда өткізеді), уақытша (арнайы топтардағы балалар және қарапайым топтардың оқушылары бірлескен серуендерді, мерекелерді, сайыстарды, жеке істерді өткізу үшін біріктіріледі), толық (дамуда ауытқулары бар 1-2 бала сыныптың, мектептің қарапайым топтарына енгізіледі, мамандардың бақылауы бойынша түзету көмегін ата-аналар көрсетеді) болады.

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету,

сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Бұл бағдарламаны Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы мақұлдап, БҰҰ-ның Конвенциясына 2006 жылдың 13 желтоқсанында енгізілді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады, өйткені олар бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, үйренеді.

Инклюзивтік білім беру - барлық балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата - аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу - педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген (ПДТ) балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі жеті-сегіз жастан анық байқалады. Ата-аналары көмекші не арнайы мектептер мен мектеп-интернаттарға, психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттері мен коррекциялық-түзету сыныптарына балаларын бергісі келмеген жағдайда жалпы білім алатын мектептерде ПМПК-ның ұсынысы бойынша жеңілдетілген бағдарламамен оқытуына толық құқылары бар. Жалпы білім беретін мектептер мен бала бақшалар ПМПК-ның қорытындысы

бойынша көрсетілген, яғни, баланың деңгейіне қарай жеңілдетілген бағдарламамен кемтар балаларды тәрбиелеуге және инклюзивті оқытуға дайын болғандары жөн. Инклюзивті оқытуға жалпы мектептерде арнайы психологы, әлеуметтік мұғалімі, олигофрено мұғалімі, логопед мамандары жұмыс жасайды. Егер бала көмекші бағдарламаны толық игерген болса, оған арнайы куәлік беріледі, ал игермесе, анықтама ғана алады.

Егер ата-анасы баласын арнайы мектеп- интернатқа жібергісі келмесе, жергілікті жалпы мектепте мүмкіндігі шектеулі баланың мүмкіндігіне қарай, жеңілдетілген бағдарлама бойынша, инклюзивті оқытуға міндетті. Инклюзивті оқыту – барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді; адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Даму мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруді ұйымдастыру мақсатында, типтік арнайы білім бағдарламасы жасалды. Онда балалардың мұқтаждықтары ескеріліп, білім алуларын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдістері қарастырылған. Инклюзивті оқыту балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті оқытуды ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіншілік алады. Өйткені, олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, танып-білуге, қабылдауға үйренеді.

Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Инклюзивті оқыту- негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктермен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.

7. Әрбір оқушы үшін жетістікке жету-өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.

8. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Инклюзивті бағыт кемтар балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Инклюзивті білім берудің мазмұны: Инклюзивті білім беретін мектептерде білім мазмұны 3 түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал:

* жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары:

* мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленген оқытудың жеке бағдарламасы. Қазіргі уақытта мен инклюзивті оқушылармен жұмыс жасаймын. Сол сыныппен жұмыс жасау барысында инклюзивті білім беру керек екендігін түсіндім. Әр оқушының білім алуға өз ерекшеліктері бар.

Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі екенін естен шығармау керек. Жалпы білім беретін мектептердегі мүмкіндігі шектеулі балалар оқу материалын меңгеруде, жеке тәсілдің жоқтығы, арнайы коррекциялық – түзету, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі салдарынан әлеуметтік дағдыларды игеруде елеулі қиындықтарға тап болады. Инклюзивті оқыту- барлық мектеп және мектепке өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен сабақ беруге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайын да өзгереді. Инклюзивті білім беруді ашқан мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат. Қорыта айтқанда, қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады. «Бәріне бірдей мүмкіндік», «Сапалы білім - барлығы үшін» деген ұстанымды қолдаймын.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері.
2. Білім туралы: Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Литера, 2000.
3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. — Астана, 2010.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТА БІЛІМ: ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ/ Талдамалық жинақ. Астана, 2015.
5. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы ұлттық баяндама, 2014. – Астана: ҰБСБО, 2013.
6. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.
7. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетудегі қолдау туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 11 маусымдағы № 343 Заңы.
8. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.
9. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы.
10. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы. «Бала құқықтары туралы» Конвенция БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен 20.11.1989 ж. қабылданған. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылдың 8 маусымындағы №77 қаулысымен ратификацияланған.
11. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 13 б.
12. «ӨРЛЕУ» БАҰО» АҚ филиалы «Инклюзивтік білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру.
13. Алипкалиева. Г.Б. Инклюзивтік білім беру жағдайында мектеп жасына дейінгі мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру.
14. Қазақстандағы инклюзивті білім//Интернет-ресурс. Доступ: egov.kz мемлекеттік порталы.
15. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық — педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы // «Открытая школа» журналы. № 7(128) 09. 2013ж.

ҚАУІПСІЗ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

*Ибадуллаева Каракас Зейдиновна
Психологиялық қызмет бойынша әдіскер,
Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі*

Қазіргі кезде білім беру саласындағы жаңартуларға байланысты еңбек етіп жүрген ұстаздар білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында түрлі белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануда. Өйткені, ұстаздың мақсаты–әрбір болашақ маман иесіне сапалы білім берумен дамуына мүмкіншілік жасау, білім алуға деген қызығушылығын арттыру. Қазіргі жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылық жағдаяттары көптеп кездеседі. Осы жағдаяттардан шығудың және мектепте қауіпсіз білім беру ортасын құру мақсатында мектеп педагог-психологтары алдын-алу бойынша іс-шаралар жоспарын түзіп, психодиагностикалық әдістемелер, сауалнамалар жүргізіп анықталған оқушылармен, жеке және топтық психологиялық түзету-дамыту жұмыстарын күшейту қажет. Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қалыптастыру, зорлық-зомбылықты болдырмау және алдын-алу шараларын қолдана отырып, психологиялық қолдау көрсетудің тиімді жолдарын қарастыру педагог-психологтардың кәсіби шеберлігіне байланысты.

«Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» күрделі және көп қырлы тақырып екені белгілі.

Елімізде білім берудің мазмұнын жаңғырту жағдайында орта білім беретін ұйымдардың қызметін реттеуде және балалардың қауіпсіздігін күшейту мақсатында бейне бақылау жүйесі жабдықталып, мектеп психологтарының жұмысын күшейту мәселесі және басқа да шаралар іске асырылуда. Өскелең ұрпақтың денсаулығы-қоғам мен мемлекеттің өмір сүру сапасының маңызды көрсеткіші. Зерттеулерге байланысты балаларға қатыгез қарау, олардың негізгі өмірлік қажеттіліктерінің қанағаттандырмау, депрессия, шылым шегу, ішімдік, жасөспірімдер арасында кемісітушілік, зорлық-зомбылық елеулі проблемаларымен жиі байланыстырады. Білім беру ұйымдарындағы зорлық - зомбылық кең таралған және ауыр салдары бар жаһандық проблема. Алайда зорлық-зомбылық оқушылардың сабаққа қатысуына, қабілетіне оқуға деген ынтасы мен қызығушылығына, қорытындысында академиялық үлгеріміне теріс әсерін тигізетіні анықталған. Балалар зорлық-зомбылыққа байланысты мектепті тастау немесе мектепті ауыстыру жайттары көрініс беріп жатады, соның негізінде толық білім алу құқығынан, сол арқылы іске асыру мүмкіндігінен айрылады. Әрине, осындай көптеген проблемалардың салдарынан бірінші кезекте жасөспірімдердің

денсаулығына зиян келеді, өйткені дәл жасөспірімдік шақта бәрін сынап, татып көруге құштарлықтары айтарлықтай көп болады.

«Мектепте қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету және жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу» тақырыбында КЕЙС әдісін ұсығалы отырмыз. Оның негізгі мақсаты—оқушылар бір командада жұмыс істеуге үйреніп, ашық пікірлер алмасу арқылы, әрбір қатысушының өз қабілетін, ортақ мәселелер шешуге қолдануына жағдай жасау.

Кейс—(кейс ағылшынша жағдайлық талдау әдісі) нақты экономикалық, әлеуметтік және іскерлік жағдайларды сипаттауды қолданатын оқыту әдісі. Оқушылар жағдаяттарды зерттеп, жағдаяттарды сипаттап, өз шешімдерін ұсынып ішінен ең жақсысын таңдау. Кейстер нақты құжаттарға негізделеді немесе шынайы жағдаяттарға жақын болады. Кейс- білім алушылардың оқуға қызығушылықтарын арттырады және тұлғаның келешек маман ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Бұл оқушыларға да өткен тақырып бойынша нақтылы мәселені шешуге қажетті шығармашылық қабілетін дамытуды қажет етеді және оның ой-өрісінің бейнелі көрінісі болып табады. Мектеп психологы да кейске байланысты өзінің өмірдегі жағдаяттарды талдау мен бағалауға байланысты қабілетін де көрсетеді және дамытады. Сондықтан екі жақты ойлау мен шығармашылық қабілеттері еркін ашылады.

Кейс әдісі алғаш рет Гарвард университетінде 1870 жылы дәріс беру барысында студенттер арасында мәселені кеңінен талқылау мақсатында қолданыла бастады. Алғашқы оқулықты 1921 жылы Гарвардтық бизнес мектебінің деканы Волос Донамның белсенді араласуымен Коупленд жарыққа шығарды. Білім алушылар ұсынылған жағдайды талдап, мәселенің маңызын түсіндіріп, шешу жолдарын көрсетеді және олардың ішінен ең тиімдісін таңдап алулары тиіс. Осы талдау барысында білім алушылар, өздерінің алған білімдерін ұтымды пайдалана алады. Ал педагог-психологтың міндеті, осы кейсті қолдану барысында, оқушылардың белсенділігін бақылап, барлығының қатысуын қадағалауы керек. Кейс әдісіне қатысушыларды үш топқа бөле отырып, әр топқа мәселелі сұрақтар ұсынылады. Мысалы:

I-топқа Жасөспірімдер арасында кездесетін психикалық зорлық-зомбылықтың қауіпі қандай?

II-топқа 5 сыныптар арасында кемсітушіліктің басталуы неліктен?

III-топқа Мектептегі 7-8 сынып оқушылары неге темекіге бейім болып келеді?

Барлық топтарға берілген сұрақтарға жауап беру мақсатында топтар арасында қызу талқыға түсіп, өз пікір, талдауларын ортаға салады.

Барлық балаларға өмір сүрудің қолайлы жағдайларын қамтамасыз ету, оларды дамыту, тәрбиелеу және білім беру, сондай-ақ зорлық-зомбылықпен қатыгездік қатынастан қорғау – кез келген мемлекеттің әлеуметтік саясатының басты міндеттерінің бірі. Балалар уақытының басым бөлігін мектепте өткізетін болғандықтан негізгі мәселелер туындайды. Ата-аналар мен балалар мектеп балалардың оқуы мен дамуына қолдау көрсетіп, ықпалын тигізетін қауіпсіз әрі

қолайлы орта болады деп күтеді. Өкінішке қарай, көптеген бала мектепте кемсітушілікке, зорлық-зомбылыққа ұшырайды, бұл олардың мектепке баруына, оқуға деген қабілетіне, үлгеріміне, сондай-ақ психоәлеуметтік саулығына кері әсерін тигізеді. Мектептегі зорлық - зомбылық балалардың оқуын ерте тастап кетудің ықпалына түсіп, соның салдарынан мектепте зорлық-зомбылыққа тап болған балалар өз құқықтарынан, оның ішінде білім алу құқығынан да айырылуы мүмкін. Мектептегі зорлық - зомбылық мектеп аумағында, мектепке, мектептегі шараға бара жатқан, не мектептен, мектепте өткен шарадан қайтып келе жатқан жолда немесе сол шара өтіп жатқан кезде орын алатын жасөспірімдердің зорлық-зомбылығы. Мектеп жасындағы балалар мектептегі зорлық-зомбылықтың құрбаны, кінәлісі не куәгері болуы мүмкін. Балаларға қатысты ешқандай зорлық – зомбылық ақталмайды және кез– келген зорлық – зомбылыққа жол берілмейді. Дегенмен балалар отбасында, жергілікті қоғамда және оқу орындарында басқа білім алушылардың тарапынан, сондай-ақ мұғалімдердің тарапынан зорлық – зомбылыққа ұшырайды. Мектептегі зорлық–зомбылық әртүрлі сипатқа ие және әртүрлі тәсілдермен көрінуі мүмкін. Мектептегі зорлық-зомбылық түрлері көп. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық түрлері және олардың салдарына қысқаша тоқталсақ.

Физикалық зорлық-зомбылық – балаға қатысты өзге баланың не ересектің тарапынан физикалық зардапқа не жарақатқа әкелетін, баланың денсаулығына, оның өмірінің ұзақтығына, дамуына, өзін-өзі бағалау сезіміне нұқсан келтіруі мүмкін физикалық күш көрсету арқылы жасалатын әрекеттер. Физикалық зорлық-зомбылық ретінде бағаланатын іс-әрекеттің түрлері көп: соққы, ұру, итеру, тебу, тұншықтыру, шаштан тарту, сілкілеу, қандай да бір затпен не қарумен шабуыл жасау. Физикалық зорлық-зомбылық көбінесе балаға залал не жарақат әкеледі, тіпті баланың мүгедек болуына не қайтыс болуына да соқтыруы мүмкін. Физикалық зорлық-зомбылық құрбаны болған жасөспірім ол тек дене жарақаты ғана емес, оның бүкіл жан дүниесі, ақыл ойыда жарақаттанып есінде сақталып қалады. Егер зардап шеккен бала ата-анасының көмегін алмаған болса, бұл оның көмек сұрап, болашақта адамдармен байланысу мүмкіндігін жоғалтады. Баланың мүдделері мен қажеттіліктерін ескермеу баланың негізгі азық-түлік, киім, тұрғын үй, денсаулықты сақтау, қадағалаудағы негізгі қажеттіліктерін ескермеу жетекшілік етеді.

Психологиялық зорлық-зомбылық – балаға назар аудармау, кері итеру, бақылау және оқшаулауға, баланы қорқытуға, үрей сезімін тудыруға, баланың мінезіне ықпал етуге, оның өзін - өзі құрметтеу, өз бағасын білу сезімін жоюға, әлеуметтік және эмоционалдық дамуы мен жақсы өмір сүруіне кедергі келтіруге бағытталған қасақана жасалатын вербалды және іс-әрекеттік қимылдар схемасын қамтиды. Психологиялық кемсітушілік әрекетке баланың өзін керексіз, кемістігі бар, сүйкімсіз және қалаусыз болып табылатынына сендіру үшін жасалатын мазақтау, балағаттау, кемсіту, ұялту және дөрекі сөздер айту сияқты вербалды әрекеттер кіреді. Ол сондай-ақ баланы қорқыту

және оны бақылау үшін қорқыныш сезімін тудыру мақсатында физикалық залал келтіре отырып балаға қауіп төндіру сияқты іс-әрекеттік қимылдарды да қамтиды.

Жыныстық сипаттағы сөздерді айту не қысым көрсету – қандай да бір баланың не ересектің балаға қатысты жыныстық алдап-арбауы, нәпсіқұмарлық сипатта ауызша не физикалық қысым көрсетуі, жыныстық құмарлықты ояту үшін балаға қатыгездікпен қарау. Басқа баланың жыныстық мүшелеріне қол тигізу/ұстау, баланы жыныстық белсенділікке қатысуға шақыру (нәтижесіне қарамай), жыныстық мүшелерді жалаңаштап көрсету, балаға порнография көрсету және баламен жыныстық қатынасқа түсуді қамтиды. Мұндай зорлық терең психологиялық жарақат әкеледі өзін-өзі бағалау деңгейінің төмендеуіне және өзін-өзі өлтіруге әрекет жасауға әкелуі мүмкін.

Бопсалау – балаға зорлық не тән жарақатын салу қауіпін қосқанда, қысым жасау не мәжбүрлеу арқылы заңсыз ақша мен мүлік талап ету және алу түрінде көрінетін қылмыс.

Кибербуллинг – баланың қыр соңына түсу, қорқыту, ұялту мақсатында Интернетті не басқа технологияларды пайдалану. Дәрекі, қатыгез сипаттағы мәтіндік хабарламалар жіберу; жәбірленушіні онлайн режимінде мазақ ету не жеке басына тән ақпаратты, фотоны не бейне жазбаны орналастыру; басқа баланың қыр соңына түсу не мазақ ету мақсатында жалған тіркеу жазбасын, веб-парақшаны не онлайн режимінде бейне жасау сияқты әрекет түрлерін қамтиды. Құрбылар тарапынан қорқытып-үркіту – нақты не болжамды күштер теңсіздігін білдіретін мектеп жасындағы балалар арасындағы агрессивті әрекеттер. Мінез-құлықтың мұндай моделі қайталанып отырады немесе белгілі бір кезең сайын қайталануы ықтимал. Баланы кемсіту қорқыту, өсек тарату, балаға физикалық не сөзбен тиісу не әдейілеп топтан шығарып тастауды қамтиды.

Кемсітушілік–баланың жынысына, ұлтына, ұлыстық мәртебесіне, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, дініне не мүгедектігіне негізделген әділетсіз не бөліп-жару қарым-қатынасы.

Тән жазасы – физикалық күш қолданылатын, балаға қандай да бір жеңіл ауырту сезімін не қолайсыздықты сездіруге бағытталған кез келген жазаны білдіреді. Көбінесе, бұл соғып жіберу, шапалақпен тартып қалу, баланы қолмен не затпен ұруды білдіреді. Сондай-ақ тебу, сілкілеу, баланы итеру, тырнау, шымшу, шашынан тарту не құлағынан жұлқылау, балаларды қолайсыз позада ұстау, күйдіру, буға шалдыру, мәжбүрлеп жұтқызу (мысалы, баланың аузын сабынмен жуу не ащы дәмдеуіштерді жұтуға мәжбүрлеу) де қамтылады. Мектепте зорлық-зомбылық жасалуының тәуекел факторларына отбасылық мәселелерді, ата-анасына деген бауыр басудың жоқтығын, ашу-ыза мен физикалық агрессияға жақындық, зорлық-зомбылыққа жақын қатынастар, тәуекелді мінез-құлық, антисоциалды құрбыларымен байланысты не құқық бұзушы құрбыларымен байланысты, төмен академиялық үлгерімді, сабақтан қалу дейгейінің жоғарылығын және мектептен ерте кетіп қалуды қамтитынын

көрсетті. Балалардың көбінесе зорлық-зомбылықтың бірнеше түріне ұшырайтыны жасырын емес екені белгілі. Жылдан-жылға жасөспірімдер арасында зорлық көбейіп отыр. Зорлық–зомбылық мұғалімдердің оқушылармен қарым-қатынасында, сондай-ақ оқушылардың мұғалім немесе құрдастармен қарым-қатынасында туындауы мүмкін. Зорлық–зомбылықты (жәбірленушілердің) бастайтын оқушылар ересектердің тарапынан бақылау мен қадағалау болмаған жағдайда әрекет етеді. Сондықтан, ересектер жиі жәбірленушілердің әрекеттерін емес, зардап шегушінің қорғаныс әрекетін (тәртіп бұзу сияқты көрінеді) байқайды. Жәбірленушілер оларға бағытталған агрессия туралы мұғалімдеріне немесе ата-аналарына хабардар етпеді ұйғарады, олардан қорыққандықтан немесе сөз тасушы, шағымқор ретінде көрінуін қаламайды. Физикалық зорлық – зомбылық яғни төбелестерде кіші және орта жастағы 11- 15 жас жасөспірімдердің арасында кең таралған. Ересек жасөспірімдерде ауызша қорлау сияқты зорлық – зомбылықтың түрлеріне қатысады. Көпшілігі отбасындағы нашар немесе жайсыз отбасында тәрбиеленіп отырған балалар және отбасындағы адамдардың жылы қарым-қатынасының жетіспеушілігі мен жаны ашымас қарым-қатынастың болуы. Құрбы достар тарапынан зорлық-зомбылық пен кемсітуге ұшырау құрбандары болуы мүмкін. Көп мәселе отбасында кездесуі ата-ананың махаббатының жетіспеушілігі, қатыгез көзқарас танытуы, ата-аналарының ажырасуымен отбасы мүшесінің қайтыс болуы не ата-анасының бірінен айырылуы баланың бақытсыз болып, ашу- ыза мен агрессияға бой алуы себептерінің болуы. Егерде жасөспірім кішкентай кезінде отбасында әкесінен немесе анасынан жәбір көріп, травма алса, онда ол баланың бойында агрессия өршіп, көтеріліп жасөспірімдік шақта бұрық етіп сыртқа шығарады. Оны сыныптағы балаларға, қатар құрбыларына жасауға әрекет етеді. Кез келген бала зорлыққа бара бермейді сондықтан зорлыққа баратын баланың өзінде қалып қойған жағдаяттың өршуінен туындап көрініс береді. Жасөспірімдер арасында кездесетін зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында психо-профилактикалық шараларды ата-аналармен, мектеп оқушыларымен, педагогтермен түрлі бағыттарда ұйымдастыру. Оқу жылы кезінде зорлық – зомбылықты алдын алу үшін апталықтарда ғана емес, осы тақырып аясында жыл бойына жоспарлап өткізу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Психолог в начальной школе: Учебно-практическое пособие / Г.С.Абрамова, Т.П.Гаврилова, А.Г.Лидерс и др.; под ред. Т.Ю.Андрущенко. – Волгоград: Перемена, 1995.
2. ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты - Атырау 2020
3. XXI ғасыр педагогы Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналы 2022ж

4. Практическая психология образования / Под ред. И.В. Дубровиной. — СПб., 2004.

5. Қазақстан мектептеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықты бағалау/ Юнисеф халықаралық кеңесшісі Доктор Робин Н. Хаарр - 2013ж

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БАЛА КҮЙЗЕЛІСІНІҢ АЛДЫН АЛУ

*Бейсенова Гульмира Тастемировна
Түркістан облысы, Сарыағаш ауданының
адами әлеуетті дамыту бөлімінің психолог-әдіскері,
тәжірибелі психолог, отбасылық кеңесші*

Отбасылық қарым-қатынастар бала өмірінде өз ізін қалдырмай қоймайды. Себебі, балалық шақта орын алған мінез-құлық моделі бала өміріндегі көптеген аспектілерінде көрініс беріп отырады. Ата-аналар балаларына өте үлкен әсер береді, сондықтан, біз, ата-аналар, отбасында үйлесімді қарым-қатынас қалыптастыруымыз қажет.

Менің тәжірибемде аутодеструктивті жағдайлар 99-пайызда отбасы жағдайында орын алған. Осы жағдайларды негізге ала отырып, 2017 жылдан бастап бүгінгі таңға дейін 60-тан астам елді мекенде «Отбасы-мектеп» бағдарламасы бойынша ата-аналар арасында сауалнамалар жүргізіліп, кездесулер өткізілді, ұсыныстар мен кеңестер берілді.

Кәмелетке толмаған балаларды суицидке итермелейтін факторлар өте көп. Атап айтқанда, отбасындағы психологиялық және физикалық зорлық-зомбылық, қысым, қоршаған ортадағы және мектептегі буллинг, қыздарымыздың ерте жүкті болуы, т.б.

Бүгінгі таңдағы өкінішті жағдайлардың бірі – балалар ата-ана үшін ауыр салмақ ретінде көрінеді (әсіресе, ауылдық елді мекендерде), яғни, баланың тұлға ретінде қалыптасуы қажетсіз, шеттетілген атмосферада өтеді. Ал, кейбір отбасында баланың бойында ата-анасына міндетті бағыну қасиеттері дамиды, яғни, ата-анасының барлық тапсырмаларын орындауға міндетті, ал өз қалаулары назардын тыс қалып қояды. Кей ерлі-зайыптылар бір-бірінен өз қалағанын алу немесе бағындыру үшін баласын қару ретінде пайдаланады.

Ата-аналармен кездесулер барысында барлық елді мекенде баласына деген шектен тыс қамқорлық, еркелету немесе, керісінше, диктаторлық қарым-қатынаста болатын ата-аналар анықталды. Ал, көпшілік ата-аналар баласына немқұрайлылық танытып, бала тәрбиесін назардан тыс қалдырған. Нәтижеде, балалардың бойында деструктивті мінез-құлықтың қалыптасуы, немқұрайлылықтың арқасында ерте жүктілікке баруы, зорлық-зомбылыққа душар болуы баланың ішкі жан-дүниесінде кері әсер етіп, өзіне-өзі қол салуына алып келуде.

Балалар - бұл отбасылық құндылық болып саналады. Біздің мақсатымыз – баланы қоршаған ортада үйлесімді қарым-қатынас орнатып, оның бойындағы күйзелісінің алдын алу. Осы бағытта ауданда ата-аналар арасында үздіксіз жұмыстар атқарылуда.

Күйзелістің пайда болуы себебі өзара түсініспеушілікке, келіспеушілікке немесе белгілі бір адамның маңызды, құнды ұстанымына әсер етуші жағымсыз әрекет, күйзеліс тудыратын жағдайға байланысты. Бұл жақын адамның қазасы, түсініспеген махаббат, жауапсыз махаббат және әлімжеттік, т.б. болуы мүмкін.

Басқаларға қарағанда өзін төмен сезіну, айтылған кез келген сөзді жазғыру сияқты қабылдаудан пайда болған күйзелістен туындайтыны жиі кездеседі. Қиын өмірлік жағдайлардың жиі болуына, созылмалы, бұрыннан келе жатқан күйзелістік жағдайларға немесе аяқ астынан пайда болған шиеленіске жауап ретінде әлеуметтік-психологиялық жағынан бірден бейімделе алмау әсер етеді. Аутодеструктивті мінез-құлық қаупі туатын жеткіншектерде жалғыздықты сезіну, ешкімнен көмек күтпеушілік, қайғырушылық, менмендік көріністердің тереңдеуі, басқаның қуанышы мен қайғысына ортақтасуға құлқы болмаушылық жиі кездеседі. Рухани құндылықтың кесілуі басқаларға қарағанда өмір тәжірибесі аз жеткіншекті тығырыққа әкеп тірейді. Сондықтан кез келген түсініспеушілік баланы осындай әрекетке итермелеуі мүмкін.

Тәрбиедегі ақаулық, дене жазасының басымдылығы балада эмоциялық тұрақсыздықтың дамуына, эмоциялық қимыл-қазғалыс деңгейінің жоғарылауына әкелетіні белгілі. Қорыта келе, бала бойында кездесіп жатқан барлық келеңсіз жағдайлар оның қоршаған ортасынан, яғни отбасынан және мектеп өмірінде орын алып отыр. Аталмыш бағдарламада мектепте тәрбие саласы, әлеуметтік-психологиялық қызметтің бірлескен іс-әрекеттері мен отбасының қамтылуы негізінде күйзелістік жағдайларды болдырмаудың жолдары ұсынылады.

ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

Мектеп басшысы

(бақылау мен басшылық)

Психологиялық-педагогикалық

диагностика

(оқушылар арасындағы өзіне-өзі қол жұмсауға бейім, зорлық-зомбылыққа ұшыраған,

Әдістемелік жұмыс

(директордың оқу істері жөніндегі орынбасары)

Психологиялық қызмет

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет

Тәрбие бағыты

(директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасары)

Пән мұғалімдері

Сынып жетекшілері

Ата-аналар

Балаға және оның қоршаған ортасына қолдау көрсету үшін, ең алдымен, оның ауытқу себептерін анықтау маңызды. Отбасындағы психологиялық ахуалды анықтау әдістемелері жүргізіледі. Бұл үшін ауданда арнайы мобильді топтар құрылды. Оның құрамына педагог-психологтар, ДТЖО, әлеуметтік педагогтар мен қосымша білім беру педагогтар қамтылды.

Заманауи білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру технологиясының маңызды қағидаларының бірі - ата-аналармен бірлесе отырып, балаларды тәрбиелеу және дамыту, балаларды мұғалімдермен және ата-аналармен рухани жақындастыру, ата-аналарды білім беру процесіне тарту болып табылады. Бастапқы диагностика оқу жылының басында жүзеге асырылады және балалардың отбасылық тәрбиесінің жалпы ерекшеліктерін, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудегі мүдделері мен қажеттіліктерін зерттеуге, отбасылық тәрбиенің қиындықтарын анықтауға және ұсыныстар мен кеңестер беруге бағытталған.

10. Әдістемелік жұмыс.

Директордың оқу істері жөніндегі орынбасары мен пән мұғалімдері төмендегі міндеттерді атқарады:

- Өз сабағында әрбір оқушының іс-әрекетіне бақылау жасайды. Егер балада әдеттегіден тыс өзгерістер болған жағдайда дер кезінде мектеп әкімшілігіне хабарлайды;
- Үлгерімі төмен оқушылардың ата-анасымен тығыз байланыста болады (баланың үлгерімін жоғарылатуда ата-анамен біргелікте жеке жұмыстар жүргізеді);
- Ерекше қабілеттері бар балалардың (байқауларға, білім сайыстарында белсенділік танытқан, дарындылыққа қабілетті) ата-анасымен байланыс түзеді. Олардың жетістіктерін қолдайды;
- Үлгерімі төмен және ерекше қабілетті балалардың түрлі үйірмелерге, қосымша сабақтарға қатысуына ықпал жасайды.

Педагог-психологтар:

- Оқушылар арасында диагностика жүргізеді (өзіне-өзі қол жұмсауға бейім, зорлық-зомбылыққа ұшыраған, жыныстық тиіспеушілік фактілеріне ұрынған және құқықбұзушылыққа бейім балаларды анықтайды);
- Оқушылардың өмірге деген құштарлығын арттыру, көңіл-күйін көтері, бойындағы ашушаңдықты мазасыздықты болдырмау мақсатында топтық және жеке тренингтер жүргізеді.
- Жеке және топтық кеңестер ұйымдастырады;
- Диагностика нәтижесінде анықталған балалардың ата-аналарымен кеңестер мен профилактикалық жұмыстар жүргізеді;
- Балалардың сынып жетекшілерімен, тәрбие бағытымен, әдістемелік жұмыс және әлеуметтік педагогпен ынтымақтастықта жұмыс жасайды;
- Педагогикалық ұжымда психологиялық қолдау шараларын ұйымдастырады.

Әлеуметтік педагогтар:

- Отбасында қобалжуы анықталған балалардың ата-аналарымен жұмыс жүргізеді;
- Қауіпті топтағы балалардың отбасына тұрмыстық акті түзеді;
- Акті негізінде оқушыларға жан-жақты әлеуметтік көмек ұйымдастырады;
- Түрлі әлеуметтік қоғамдық ұйымдармен келісішартқа отырып, балалардың қамтылуына бақылау жасайды (оқушылар үйі, саз және спорт мектептері, т.б.);
- Мектепте әдістемелік жұмыс және тәрбие бағытымен, педагог-психологпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізеді;
- 5-11 сыныптар мен ата-аналар арасында түрлі әлеуметтік бейнекөрсетілімдер ұйымдастырады.

Тәрбие бағыты.

Директордың тәрбие істері жөніндегі орынбасарлары мен сынып жетекшілері:

- Диагностика нәтижесінде анықталған балалармен (өзіне-өзі қол жұмсауға бейім, зорлық-зомбылыққа ұшыраған, жыныстық тиіспеушілік фактілеріне ұрынған және құқықбұзушылыққа бейім) тыңғылықты жұмыс жүргізу үшін сынып жетекшілеріне басшылық жасайды;
- Зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалардың ата-аналарымен, пән мұғалімдерімен тәрбиелік шаралар ұйымдастырады;
- ПБ-мен тығыз байланыста болады және рейдтер ұйымдастырады;
- Педагогикалық ұжымның, ата-ананың арасында тығыз қарым-қатынас орнатады;
- Оқушылардың көңіл-күйін көтеру, өмірге деген құлшынысын арттыру мақсатында мерекелік шаралар ұйымдастырады;
- Құқық бұзушы балалардың мектепте түрлі үйірмелерге тартылуын қамтамасыз етеді.

«ОТБАСЫ-МЕКТЕП» бағдарламасы

бойынша ата-аналармен жүргізілетін кездесулердің жүргізілу тәртібі

Басты қызметтері:

- тәрбиелік;
- сауықтыру;
- рухани-адамгершілік;
- танымдық-білімдік;
- тұрмыстық;
- мәдени-ағартушылық;
- тұлғаның өзіндік тәжірибесін ынталандырушы;
- қорғау.

Басты міндеттері:

- баланы үйлесімді дамыту;
- бала денсаулығына қамқорлық жасау;
- оқуына көмек көрсету;

- еңбек тәрбиесін жүзеге асыру және мамандық таңдауға көмектесу;
 - тұлғаның әлеуметтенуіне көмектесу;
 - ізгі, эмоционалды-адамгершіліктік қатынас тәжірибесін қалыптастыру;
 - жалпы мәдени және интеллектуалдық дамуына қамқорлық жасау;
 - қызығушылығы, қабілеті, бейімділігі мен шығармашылығын дамыту;
- өзін-өзі тәрбиелеу мен өзін-өзі дамытуға дайындау.

«Отбасы-мектеп» бағдарламасы бойынша ата-аналармен жүргізілетін жұмыстар

р/с	Жұмыс мазмұны	Мақсаты	Уақыты	Күтілетін нәтиже
1	Кіріспе.	Ата-аналарды болып жатқан жағдайлармен, статистикамен таныстыру	5 мин	Ата-аналар зейінін аударады, мәселеге енеді
2	Сұрақ-жауап	Бала тәрбиесіне байланысты ой-толғату	10-15 мин	Ата-ана бала тәрбиесін назардан тыс қалдырғандығын мойындайды
3	Диагностика нәтижелерімен таныстыру	Себеп-салдарларын түсіндіру.	5 мин	Отбасы жағдайында ата-ананың көз алдында бойып жатқан жағдайды, бала бойындағы көріністерді түсінеді
4	Бейнероликтер көрсету	Бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелерге талдау жүргізу	10-15 мин	Ата-ана баласымен орын алатын өкінішті жағдайлардың болу мүмкіндігін сезінеді
5	Психологиялық-педагогикалық ағарту, кеңестер мен ұсыныстар беру	Бал тәрбиесіндегі проблемаларды шешу және отбасылық құндылықтарды қалыптастыру	30 мин	Отбасы жағдайында қарым-қатынасты түсінеді, баласына түсіністікпен қарайды, оны қолдайды және қуаттайды.
6	Кері байланыс	Отбасы жағдайында бала тәрбиесінің оң нәтижелерін талқылау	5-10 мин	Отбасындағы қарым-қатынастың оң әдістерін қолдануға әрекет

				жасайды, ниет білдіреді.
--	--	--	--	--------------------------

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ересектердің балалармен қарым-қатынасының мынадай принциптерін көрсете аламыз: баланы қаз қалпында қабылдау; эмпатия - ересек адам бала позициясын қабылдайды, туындаған мәселеге бала көзімен қарайды; конгруэнттілік - болған оқиғаға ересек адамның адекватты қатынасы.

Қорыта келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады.

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы шешуші роль атқарады. Оқушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу - бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Атырау облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты - Атырау 2020
2. XXI ғасыр педагогы Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналы 2022ж
4. Практическая психология образования / Под ред. И.В. Дубровиной. — СПб., 2004.
3. Қазақстан мектептеріндегі балаларға қатысты зорлық-зомбылықты бағалау/ Юнисеф халықаралық кеңесшісі Доктор Робин Н.Хаарр -2013ж

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ: ОҚЫМЫСТЫ БАЛАЛАР – БЕЙБІТ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ!

*Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Білім беруді дамыту орталығы» КММ
әдіскері Темирбаева Акмарал Мейірбековна*

Мақсаты: Өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын, белсенділігін арттыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, ой-өрісін кеңейту, білімді білікті тұлға қалыптастыру.

Міндеттері:

Білім алушылардың оқырмандық белсенділігін арттыру;
Мәнін түсініп оқуды және мәтінмен жұмыс істеуді дамыту;
Жарқын елдің болашағы - оқымысты ұрпақ екендігін таныту;
Кітапханаларды пайдалануын жандандыру.

Мал дәулеттің байлығы,
Бір жұтасаң жоқ болар.
Оқымыстының байлығы,
Күннен күнге көп болар.

Ы.Алтынсарин

Оқу – біздің балаларымыздың білімін, тәрбиесін және мәдениетін арттырудың маңызды факторы. Біріміз кітапты ой-өрісімізді кеңейту үшін оқысақ, біріміз жұмыс барысында ақпарат іздеп оқып жатамыз. Кітап оқып демалатын адамдар да аз емес. Қандай себеп болмасын, оқу сауаттылығы дағдыларын дамыту маңызды. Кітап оқу, жалпы айтқанда, адамды тәрбиелейді, рухани байытады. Негізі кітап оқуды бала кезден баулу керек. Өйткені адам баласының әдебиетке деген махаббаты балалық шақтан пайда болып қалыптасады.

Бір құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық...

осы бір төрт жолдан тұратын бір шумақ өлеңді қазақ даласында білмейтін адам кемде-кем шығар. Өйткені бұл өлең 100 жылдан астам Қазақстан оқулығына еніп, бүкіл мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндердің алғашқы әліппесі болып келеді. Өлеңнің әр шумағында оқудың әр жақты пайдасын айтып жастарды осылай тоқтаусыз оқуға шақырады.

Биылғы жаңа 2022-2023 оқу жылында көптеген өзгерістер болып жатыр, қазақ мектептерінде орыс тілі екінші сыныптан бастап, ал шет тілі үшінші сыныптан бастап оқытылады, біздің Түркістан облысында өзін өзі тану пәні орнына профорентатор (кәсіптік бағдар беруші) штаты ашылып, өзін өзі тану мұғалімдері осы штатқа ауыстырылу қолға алынуда, 9-11 сыныптар

аралығында патриотизм таңдау курсы қойылып отыр, ұлттық құндылықтарымызды үйрету, мәдени ортасын қалыптастыруға бағытталған курс болып саналады. Бұндай өзгерістер бұрын соңды болмаған, өте керемет жаңалықтар деп ойлаймын, Әріптестер енді осы оңды өзгерістермен жұмыла жұмысымызды нәтижелі етіп көрсете білейік.

2021-2025 жылдарға арналған кітапханалардың перспективалық даму Жол картасын іске асыру және ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың тапсырмасымен әзірленген және ҚР БЖҒМ-нің 2021 жылғы 24 маусымда бекіткен «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасын (бұдан әрі – Кешенді жоспар) іске асыру жөнінде облысымызда қарқынды жұмыс жүргізіп келе жатқаны анық. Кешенді жоспарды іске асыру мектеп кітапханаларының қызметіне оң өзгерістер енгізді. Кітапханаларда оқырмандар үшін қолдан келгенше жағдай жасалынып, айтарлықтай жақсарды деуге болады. Кітапханалардың негізгі салалық қорлары біраз жаңа әдебиеттермен толықты, жұмыстың статистикалық көрсеткіштері – оқырмандардың, келімдер мен берілімдердің саны өсті. Бұл деген сөз, өскелең ұрағымыздың, жалпы педагогтердің кітап оқуға деген қызығушылығының оянғандығы мен артқандығын танытады. Кешенді жоспарды іске асыруда бүгінгі таңның заманауи талабы Е-Kitaphana жүйесіне көшу. Оқуды танымал ету үшін онлайн қызметтер, әдебиеттің сенімді есебін жүргізу, электронды кітапханадан оқырман өзіне қажетті дүниені жылдам таба алуы, кітапханашылардың ІТ құзыреттілігін жетілдіру т.б. осы бағдарлама аясында жүзеге асырылады.

Кітап оқудағы оң жетістіктерге қарамастан, әлде де өскелең ұрпақты оқуға тартудағы проблемаларын шешуде шешілмеген міндеттер бар. Облысымызда бала мен жасөспірім жастағыларға арналған мемлекеттік тілдегі түрлі кітаптар мен басқа да баспа өнімдері аз басып шығарылады. Балалар мен жасөспірімдерді қызықтыратын кітаптар мен әдебиеттердің сапасы төмен. Балалар әдебиетінің бағасының қымбаттығы мен таралымының аздығы байқалады. Яғни, бұл оның қолжетімділігін азайтады. Бүгінде жас буынның білімділік сауаттылығын арттыру – бірінші орында тұр. «Кітап – білім қазынасы» дейтін болсақ, қазір кітапқұмар жастар ащы да болса аз. Оған басты себеп – кітапханалардың заман ағымынан кенжелеп қалуы. Осы олқылықтың орнын толтырып, оқырманды кітапханаға қайта тарту мақсатында кітапханаларда оқырмандар үшін көркем әдебиеттерге қолжетімділік орын алу керек және әрине заманауи жабдықталып, «Coworking» орталықтар өз дәрежесінде ашылу міндетті десем артық айтпаған болар едім.

2020-2021 оқу жылында бюджет тарапынан мектеп кітапханалары көркем әдебиетпен 20% қамтамасыз етіледі деген Мемлекет басшысының Ұлттық сенім кеңесінің IV отырысындағы тапсырмасында. Бүгінгі таңда облыс бойынша: Түлкібас ауданында 51 мектеп болса, оның 42-сі қамтылған. Келес ауданында 63 мектеп болса, соның 18-і ғана қамтылған. Төлеби ауданында 67 мектеп (63 кітапхана бар) болса, оның 43-і қамтылған. Шардара ауданында 30 мектеп болса, оның 1-еуі қамтылған. Қазығұрт ауданында 68 мектеп болса,

оның 62-сі қамтылған. Ордабасы ауданында 65 мектеп (52 кітапх.бар) болса, оның 3-еуі қамтылған. Осы орайда, оқырман сауаттылығын арттыру бойынша атқарылған жұмыстарға назар аударсам: 2021 жылы Түркістан облысының 6 ауданындағы (Түлкібас ауданында -42 ,Төлеби ауданында -43, Шардара-1, Келес-18, Қазығұрт-1, Ордабасы-3) 108 мектепке Қазақ әдебиетінің шығармалары, әлем әдебиеті, ғылыми-танымдық саласы бойынша **18980** дана көркем әдебиеттер алынды. Оның ішінде 15 кітап аталымы бойынша **2233** дана орыс тілінде (12%), 33 кітап аталымы бойынша **9218** дана (49%) қазақ тілінде - 29 кітап аталымы бойынша **7529** кітап (39%) қазақ-орыс аралас тілдерінде қамтамасыз етілді.

Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығармалар - 5 кітап аталымы бойынша - **540** дана (2,2%)

№	Кітап атауы	Жалпы саны
1	Алмас қылыш. Көшпенділер	108
2	Алмас қылыш. Көшпенділер: тарихи роман / Ілияс Есенберлин. (Покетбук)	108
3	Жанталас. Көшпенділер; тарихи роман / Ілияс Есенберлин	108
4	Қаһар. Көшпенділер : тарихи роман / Ілияс Есенберлин.	108
5	Алпамыс батыр. Эпостың баяны. Ақселеу Сейдімбек	108

Ертегілер жанры бойынша

	Облыс бойынша	Тулк і бас	Төлеб и	Келе с	Орда басы	Шард ара	Қазы ғұрт
Қазақ ертегілері	1045 дана						
О.і. Әжемнің ертегілері	829	320	344	126	24	7	8
«Қазақ халық ертегілері»	108	42	43	18	3	1	1
«Дәуіт атайдың ертегілері»	108	42	43	18	3	1	1
Орыс ертегілерінің қазақ тіліне аударма топтамалары	7417 Жалпы: 9507	3012	3245	1120	24	8	8

Кітапханада балалар тек кітап оқумен ғана шектелмей сүйікті істерімен яғни тоғызқұмалақ, бестемше, шахмат, дойбы ойындарын ойнап, ән тындап, әртүрлі шаралар өткізіп әлеуметтік желіден қажетті ақпараттарын ала алады. Күнделікті өмірімізге ене бастаған ағылшын тілінен аударғанда «коворкинг» сөзі – бірге жұмыс жасау дегенді білдіреді екен. Кітапханалардағы коворкинг орталықтарының ашылуы – оқырмандар үшін жақсы жаңалық болып табылады. Коворкинг орталықтарының ашылуы – кітапхананың қызмет көрсету деңгейін еуропалық тәжірибеге негіздеу мақсатында қолға алынуда. Облыс мектептерінде жұмыс істейтін Coworking орталықтары әле де аз. Аталмыш орталықтар басым бөлігі кітапхана мамандарының өз қалталарынан қаржыландырып ашылып, бүгінгі таңда көштен қалмай жұмыс атқарып келеді. Облысымыздың Түлкібас, Шардара, Сайрам, Отырар, Қазығұрт, Сарыағаш, Ордабасы, Төлеби, Мақтаарал, Келес аудандарының білім беру ұйымдарында Coworking орталықтары, бұрыштары кітапханашының қаржысымен, қосымша демеушілердің көмегімен ашылып отырған жағдайымыз бар. Орталықты ашудағы ең маңызды міндет, кітапхана қорына көркем әдебиетпен толықтыру болып саналады.

Кешенді жоспарды одан әрі қарай табысты іске асыру үшін мыналар қажет:

1. Мектеп кітаханалары бойынша балалар мен жасөспірімдер әдебиетін таратуды мемлекеттік қолдауды негізге алу;
2. Мектептердің барлық мүдделі құрылымдарының – кітапхананың, сынып жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің білім алушылардың оқырмандық белсенділігін ынталандыру, арттыру және кітапханаларды пайдалануын жандандыру жөніндегі жүйелі жұмысын ұйымдастыру мәселелерінде біріктіру және үйлестіру;
3. Оқырмандық және ақпараттық күзіреттілік деңгейін арттыру мақсатында мәнін түсініп оқуды және мәтінмен жұмыс істеуді дамытуға ықпал ететін барлық пәндерді зерделеу барысында педагогикалық әдістер мен тәсілдерді белсенді түрде қолдану;
4. Жыл сайынғы жазғы мектеп каникулдары күндері балалар демалысын оқырмандық қызметпен ұштастыра ұйымдастыру;
5. Ата-аналар жиналыстарында кітапханашының «Оқырмандық қабілеттерді дамытудағы отбасының рөлі», «Кітап оқуға деген сүйіспеншілікті қалай оятуға болады?» тақырыптарында әңгімелер өткізуі, балалар әдебиетінің таныстырылымдарын ұйымдастыру;
6. Сынып жетекшілері мен мектеп кітапханашысының сынып сағаттарын, сыныптан тыс оқу сабақтарын, «Кітапхана лездемелерін» бірлесіп өткізуі;
7. Отбасылық әдеби демалыс күндерін, «Балалар нені және қалай оқуы қажет», «Оқуға құштар ата-аналар – оқуға құштар балалар» ата-аналар сауаттылық сағаттарын, «Менің ата-анамның сүйікті кітаптары», «Менің отбасым оқып жатыр», «Бізді кітап біріктірді», «Қазіргі заманғы отбасымен оқу дәстүрлері», «Бүкіл отбасымызбен оқимыз», «Анамның

- қолындағы кітап» тақырыптарында отбасылық жобалар, фестивальдерін өткізу;
8. Отбасымен оқитын әдебиеттердің ұсынымдық тізімдерін, «Оқырманды қалай 100% тәрбиелеуге болады?», «Ата-аналарға көмек үшін. Баланы байыптап оқуға қалай үйретуге болады. Оқырман сауаттылығын қалыптастырудың әдістері мен тәсілдері» бүктемелерін басып шығару жолымен, отбасымен оқу-дәстүрлерін өркендету жұмысын жандандыру;
 9. Байланыс сағаттарын өткізу: Оқырман болу нені білдіреді? Қазір не оқу сәнді? Қызық кітаптарды тез оқуды қалай үйренуге болады? Ақпараттық әлемдегі кітаптың рөлі қандай?
 10. Тыныш оқу, мағыналық оқу сағаттарын өткізу және мәтінмен жұмыс;
 11. Автоматтандыру E-Kitaphana жүйесін пайдалану арқылы оқушылардың оқуына мониторинг жүргізу;
 12. Балалардың жазушы еңбегінің нәтижелері мен кітабын бағалауға жеке қатысуы, кітапты интернетте интерактивті талқылау;
 13. «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасын іске асырып дамытуға септігін тигізетін игі іс-шаралар жоспарын дамыта қайта жасау.
- Мәңгілік ел болуды мұрат тұтып отырған еліміз үшін саналы да сапалы білім беру біздің басты міндетіміз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Abai. Bilim-All.kz сайты;
2. Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана <http://www.rnpb.kz>;
3. ҚР Ұлттық кітапханасы <http://www.nlrk.kz/>;
4. «*Kel, balalar, okylyk!*» Ұлттық сауаттылық қауымдастығы;
5. «Ақпараттық әдістемелік қолдаудың маңызы» «Білімді ел» Респ.блімділік қоғамдық-саяси газеті; №20 (274) 25 мамыр 2021ж.
6. www.e-kitaphana.kz.

КІТАПШЕН ТІЛДЕСУ- ЗИЯТКЕРЛІКТІ ДАМЫТУ КӨЗІ

*Утегенова Салима Ермаханқызы
Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту
бөлімінің кітапхана ісі әдіскері*

«Кітап оқитын ұрпағы бар халықтың болашағы бар», «Кітап оқудың ұлт болашағы үшін маңызы зор», қазіргі жан-жақты дамыған заманда бізде көштен қалмай өз саламызда ескірген көзқарастардан арылып жаңаша заманауи идеялармен айналысуымыз қажет. «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Бәсекелік қабілет дегеніміз - ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта

бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресурстары болуы мүмкін» деп, дәлелденген. Сол себепті кітапханалардың бүгінгі таңдағы басты **мақсаты** қазіргі интернет жайлаған кезеңде оқырманды сол тұнғыықтан шығарып, кітап оқып, көзі ашық азамат болуына өз септігімізді тигізу болып табылады. Ол үшін оқырман арасында өзіміздің жаңаша бағыттағы жұмыстарымызды кеңінен насихаттай отырып оқырмандардың кітапқа деген ынтасын арттыруымыз қажет. Барлық жағдайда бәсекеге қабілетті болып, кітапханада өткізілетін қызықты шараларымыз арқылы кітапхана жұмысын одан әрі дамытуымыз қажет деп білемін.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқы, ойлан, ой түй» жобасын ауданда ұйымдастырып, бір жылға жарияладық.

Жобаның мақсаты: кітап оқуды ілгерілету; оқырмандардың көркемдік талғамдарын қалыптастыру; кітапқа деген қызығушылығын арттыру; дүниетанымын кеңейту, шығарманы сезіндіру арқылы танымдық ой түюге тәрбиелеу;

Жобаның міндеттері: ой-өрісін кеңейтіп, пікірін жеткізіп, өз ойын дәлелдей алуға мүмкіндік туғызу; оқырмандарға оқыған кітаптарын талқылауға арналған шаралар ұйымдастыру; қордағы әдебиеттерді насихаттау;

Жоба маңыздылығын негіздеу: Жас жеткіншектің кітап оқуға деген ынтасын арттыру мен бос уақытын тиімді пайдалануына ықпал етіп, қазіргі заман авторларын, кітапханаға жаңа түскен кітаптарды және кітап қорын кеңінен насихаттау мақсатында «Оқы, ойлан, ой түй» атты жобаның маңызы зор. Жас ұрпақтың талабын қанағаттандыру, рухани байлығын, жалпы ой-өрісін дамытуда талап талғамын қалыптастыруда ең үлкен де ұлы тәрбие құралы-кітап. Ал адамның ойын байытып, сауатын жоғарылатып, білім нәрімен сусындатар орта – кітапхана. Оқырмандарға кітап оқытуда жаңа жұмыс әдістерін қолдану өте маңызды. Қызықты шаралар арқылы, жанына жағымды істермен оқыған кітаптардың жақсы әсерімен ғана баланың шығармашылығы дами алады. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Жоба аясында ұйымдастырылатын шаралар арқылы кітапхананың оқырмандары кітап оқумен қатар оқыған кітаптары туралы пікірлерін білдіріп, ойларын өз шығармашылықтары арқылы жеткізуге мүмкіндік алады. Оқырмандар арасында кітап оқуға деген ынта-ықыласты арттырудың түрлі амалдары жасалуда. Солардың бірі осы қолға алынып отырған «Оқы, ойлан, ой түй» жобасы болмақ. Жоба оқушыларға, мұғалімдерге, кітапханашыларға барша кітап құмарларға, жалпы оқырман қауымға арналған. Оқырмандарымыздың кітап оқуға деген уақыт тапшылығына байланысты кітапты әр оқырманға жеткізу. Барлық білім беру ұйымдарындағы кітапханашылар әр айда өз кітапхана қорындағы кітаптардан 22 кітапты презентация жасау арқылы оқырмандарға түсінік береді.

Мектеп фойесіндегі ақпараттық құрылғыларға 22 кітапты суреттерімен және түсіндірме бейнеролигін енгізіліп қойылады. Жоба аясындағы жоспарланған іс-шаралар жоспарын бір жылға түзіп, барлық кітапханашылар жоспар бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Әрбір атқарылған іс-шаралар әлеуметтік желілерде жарияланып отырады. Сілтемелері слайдқа қойылды.

Күтілетін нәтиже: Мектептегі жалпы оқырмандар, ұстаздар, ата-аналар мен оқушылар фойедағы 22 кітаптың ішінен өзі таңдаған кітабын шерту арқылы таңдаған кітабы туралы түсінік алады. Таңдаған кітабы оқырманды қызықтырса онда ол кітапты кітапханадан барып алып оқиды. Ұтымды жағы кітапты ашып оқымаса да бейнебаян арқылы қандай кітап, кімнің шығармасы, қысқаша оқиға желісімен танысады, кітап туралы жалпы түсінік алады. Осы мақсатта әр айда 22 кітапқа презентация жасау арқылы 9 айда 198 кітапты оқырмандарға таныстырамыз, кітап туралы және шығарма туралы толық мәлімет беріледі.

1. Оқырмандар кітаппен танысады, әрі оқиды, шығарманы біледі.
2. Қызметтің қолжетімділігі артады, сұраныстарды уақытында және жедел орындау мүмкіндігі туады, ақпараттылығы және мазмұнының тереңдігі жақсарады.
3. Кітапхананың белсенді оқырмандар саны артады.
4. Кітапхана қоры қозғалысқа түседі.
5. Кітап оқу ілгерлейді.
- 6.«Кітап үйретеді, кітап көмектеседі, кітап қорғайды» деген қағида арқылы жалпы оқырман тобы біліммен, ақпаратпен қамтылады.
7. Келесі айда түсіндірме айтатын оқырманнар мен кітаптар ауыстырылып отырады.
8. Кітапханашылардың ұйымдастыру қабілеттері, шеберлігі артады, мектеп әкімшілігі, пән мұғалімдері және жалпы оқырман қауыммен байланысы артады.
9. Кітапхана қорындағы кітаптардан кітапханашы түсіндірме бейне ролигін түсіру үшін 1-3 кітапты басшыларға, 4-5 кітапты пән мұғалімдеріне (қазақ тілі, тарих т.б.) ата-аналарға, сосын сыныптар бойынша бастауыш сыныптарға ертегілер, 5 -7 сынып оқушыларына әңгімелер, 8-9 сынып оқушыларына поэзия, повесть, проза, әлем әдебиеттер шығармалары, 10-11-ші сынып оқушыларына салалық және жанрлар бойынша кітаптардан аталған сыныптардың ішіндегі 1 немесе 2,3 оқушыларға кітап оқуды оқуға ұсынады, болмаса оларды кітапхана қорындағы әдебиеттерге таңдау жасату арқылы өздері таңдаған кітаптарды оқып түсінік айтуы бойынша бейнеролиг түсіруге көмектесуін өтіну бойынша іске асырылады. Оқушылар өтінішті орындау үшін берілген кітаптарды өз жауапкершілігімен міндетті түрде оқып түсіндірме береді, яғни бұл кітап оқытудың бір әдісі.
10. Түсіндірме бейнеролиг түсірудің өзінде 22 кітап оқылады, (мысалыға біз «2022 жыл балалар жылы» болғандықтан 22 кітапты таңдап алып отырмыз, ол міндетті емес әр кітапханашы өз кітап қорымен оқырмандарына қарай таңдауларына болады, 10-15-20-25 кітапты алуға болады, оқырмандар мен кітап таңдауда шектеу жоқ).

Оқуға ұсынылған көркем әдебиеттер:

- Мұхтар Мағауин «Шахан шері»;*
Дулат Исабеков «Әпке»;
Сайын Мұратбеков «Жабайы алма»;
Әбдіжәлил Нұрпейісов «Қан мен тер»;
Роза Мұханова «Мәңгілік бала бейне»;
Серікбай Бейсекеев «Бәрі де өз қолында»;
Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа»;
Қуаныш Төлеметов «Арғымақ жылдар. ақындар»;
«Қобыланды батыр»;
«Қозы Көрпеш – Баян сұлу»;
Зира Наурызбаева, Лилия Калаус «Алтын тостағанды іздеу»;
Энтони Роббинис «Бойындағы алыпты оят»;
Френсис Элиза Барнетт «Құпия бақ»;
Марк Твен «Том Сойер»;
«Әжемнің ертегілері»;
«Аққу қаздар»;
«Түлкі мен тырна»;
«Жеті лақ»;
«Атлас мира»;
«Герой элады»;
«Шикүла» «Қазақстан еліне сиқырлы саяхат»;
«Сиқырлы таяқша»;
«Сиқырлы жұлдызша»;
«Атамакен аңыздары».

11. Қызметтің қолжетімділігі артады, сұраныстарды уақытында және жедел орындау мүмкіндігі туады, жұмыстың ақпараттылығы және мазмұнының тереңдігі жақсарады деген сенім бар.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. <https://bilimainasy.kz/>
2. <https://multiurok.ru/files/ok-ushylardyn-kitap-ok-ug-a-k-zyyg-ushylyg-yn-artt.html>
3. <https://bilimdinews.kz/?p=141525>
<https://bilim-all.kz/article/8537-Kitap-oqudagy-keibir-erezheler>

КІТАПХАНАШЫ БРЕНДІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫ КІТАП ОҚУҒА НАСИХАТТАУ

*Елемес Фариза Құрманбекқызы
Қазығұрт ауданы, «Қаржан»
ЖОББМ кітапханашы*

Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында Президентіміз Қасым Жомарт Тоқаев: «Электронды форматтың қарқынды дамып жатқанына қарамастан, дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөлі ешқашан мәнін жоғалтпайды. Бүгінгі заманда кітапсыз, сондай-ақ кітапханасыз адамның ойдағыдай дамуы мүмкін емес. Бүкіл әлемдегі кітапханалар - білім мен мәдениеттің ошағы, жаңа ойлар мен тың пікірлердің мекені», - деп атап көрсетті.

Кітапхана жұмысында жаңа технологияларды қолдану – кітапхана қызметінің сапасын арттырып, оқырман санын толықтырып, мәдени деңгейінің көтерілуіне тиімді әсер етеді. Бүгінгі таңда әрбір адамзаттың алдында тұрған басты мақсаттардың бірі – білімді ұрпақ тәрбиелеу. Олай болса біздің барлық іс әрекетіміз осы бағытта болуы керек. Ал ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине кітаптан. Өйткені, тәрбие мен білім егіз ұғым десек, жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Кітапханалар сол оқу орнындағы білімге ұмтылатын жас ұрпақтың, сондай-ақ ұстаздардың табылар жері. Мектеп кітапханасы оқырман сұранысын толық қанағаттандыра алады. Бүгінгідей ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында да кітап, кітапхана өзінің құндылығын жоғалтпай, заманға сай жаңғырып оқырманмен біте қайнасып, қызметін жаңа жүйемен жалғастырып келеді. Бүгінгі кітапханалар тек кітап беретін орын болып қана қоймай, оқырман ақпарат алатын, бірлесе жұмыс жасайтын, ойын, білім, ғаламторды ұштастырған заманауи орынға айналуда. Кітапхана өмірі сырт көзге біліне бермейтін ағысы баяу, тулаған толқындар ішінде жатады. Біздің кітапхананың мақсаты – кітапханаға оқырман тарту, кітап сөрелеріндегі кітаптарды оқырман қолына жеткізу. Бүгінгі таңдағы қоғамдық өзгерістер, қоғамның өркениеттік деңгейге көтерілуі, ашық ақпараттық кеңістікке өтуі кітапханалардың жаңа бағытта жұмыс істеуін талап етеді.

Дүние жүзі карантин кезінде бірден өзгеріске ұшырады. Заман ағымына бейімделе алған кез-келген кәсіп, қызмет көрсету саласы ары қарай жұмысын жалғастырса, өзгеріске дайын емес салалар жұмысын тоқтатты. Онлайн тапсырыс беру қарқынды дамыды. Сайт, мобильді қосымшалар, әлеуметтік желіде аккаунты бар қызмет түрлері дами бастады. Осы орайда, біз кітапханашылар заман ағынынан қалыс қалмай, ортаға тез бейімделе алуымыз керек. Оқырмандарды кітап оқуға насихаттау үшін, кез-келген әдіс- тәсілді өзімізге икемдеп алуымыз қажет. Қазіргі таңда жеке бренд сөзі - трендке айналды. Жеке бренд кез -келген қызметті, өнімді нарыққа

және халыққа ұсынудың бірден – бір мықты құралы. Жеке бренд тек әншілерге, актерлерге, блогерлерге ғана керек деп ойлау, ол - қате пікір. Сондай-ақ, сіз кез-келген саланың expertі болсаңыз, сізге де жеке бренд керек. Ол қызметіңіздің құндылығын арттырып, басқа мамандардан дәрежеңізді арттырады, сізді ерекшелендіреді. Ол адамдарға өзінің жұмыс істейтін саласы бойынша пайдалы ақпараттары мен жаңалықтарынан хабар бере алады. Қазір барлық expertтер өз саласы бойынша жеке бренд қалыптастыруға қарқынды жұмыс жасап жатыр. Жалпы, жеке бренд қалыптастырудың бірнеше кезеңдері бар.

Жеке-жеке атап көрсететін болсақ,

1. Ең бірінші - өзіңізді табу. Сіз кімсіз? Кітапханашысыз. Сіздің нақты мақсатыңыз қандай? Оқырманға кітап оқуды насихаттау.

2. Expertсіз ба? Өзіңіздің іс-тәжірибелеріңізбен бөлісіңіз. Жұмыс процесіңізді көрсетіңіз. Білім алыңыз. Сол кезде ғана аудитория сіздің expert екеніңізді біледі және сізге сенеді.

3. Не пайдаңыз бар? Адамдарға қандай пайда бере аласыз? Кітап таңдауына көмектесемін. Неге олар сіздің парақшаңызға жазылуы тиіс? Рухани - интеллектуальды ақпарат алады. Басты артықшылықтырыңыз бар ма? Оқырманға әлеуметтік елі арқылы кітап оқуға қызығушылығын арттыру

4. Образ. Негізі көптеген азаматтар жеке брендтің осы кезеңіне қатты көңіл аудармайды. Бірақ брендті мықты болсын десеңіз бұл этапқа жәй қараудың қажеті жоқ. Сыртқы көрініс, стиль, аудиториямен сөйлесу және қарым-қатынас жасау манерасы ең маңызды болып табылады.

5. Мақсатты аудитория портреті. Сіздің аудиторияңыз кім? Олардың негізгі қажеттіліктері қандай? Мектеп оқушылары, ұстаздар, ақын жазушылар, т.б.

Міне, жеке брендті қалыптастырудың төте жолдары осы. Мұндағы әрбір сұраққа толық және шынайы жауап берсеңіз, өз брендтіңізді қалыптастырудың формуласын таба аласыз. Себебі бренд қалыптастыру сіз ойлағандай қиын емес. Қиындататын өзіміз.

Қазіргі таңда жеке брендін дамытқан кітапханашылар инстаграм желісінде жоқ десек те болады. Кітапхана көрмесін, өткізілген іс-шаралардың бір – екі суретін салғаны болмаса, арнайы маманды табу қиын. Өздеріңіз білетіндей, көзге көрінбейтін, елене бермейтін қызметімізді таныту, көпшілікке көрсететін уақыт келді деп ойлаймын. Ең бірінші әлеуметтік желілерде белсенді болу маңызды. Инстаграм, тикток желісіне күнделікті кітапханада атқарып жатқан жұмыстарымыздан үзінді салып отыруымыз керек. Біз әрдайым жұмыстарымызды фейсбукке жариялап отырамыз дейтін шығарсыздар. Алайда, статистикаға сүйенсек, фейсбук пайдаланушылары үлкен жастағы адамдар және жеткізу тілі ауырлау болып келеді. Біз мектеп кітапханашысы болғандықтан, біздің оқырмандарымыз балалар мен жасөспірімдер. Олар көбінде инстаграм мен тиктокта отырады. Бізде оқушылардың назарын аудару үшін, олардың қажеттілігін қамтамасыз ету

керек. Кітапханаға оқырмандарды көптеп тарту үшін, сонымен қатар негізгі оқырман базасын жоғалтып алмауы үшін түрлі әдістерді қолдануы керек.

Өз тәжірибеме келер болсам, кітапханада жасап жатқан іс-шараларымды видеоформат түрінде Инстаграмға, тиктокқа, Ватсап желілерінде жариялап отырамын. Алғашқы кезде, түсіруге ұядым. Бірақ, әлеуметтік желіден өзін көрген оқушылар кітапханаға жиі келіп кітап оқитын болды. Бізді де видеоға түсіріңізші, ата-анам сізді көріп отырады. Мені де көрсе деймін деген ұсыныстардан соң, қызығушылығым артып, келген оқырманды міндетті түрде видеоға түсіріп аламын. Жай ғана емес, әр кітаптан өлеңдер, шығармалар оқытамын. Кітапханаға келген оқушы алғашқы кезде видеоға түсу үшін ғана келсе, кейін қалай екі-үш кітапты оқып тастағанын білмей қалады. Апай сіз жариялаған кітап несімен қызық немесе неге ол кітапты оқуға кеңес бермедіңіз,- деген сияқты сұрақтар қойылып оқырман назарын кітапқа аударып отыруға болады. Сонымен бірге, кітапханашы тек кітап таратады дейтін таныстарым үшін әлеуметтік желідегі жұмыстарды көргенде ойы өзгере бастады. Біз қаншама еңбек етеміз, бірақ көрсете алмайды екенбіз.

Қорыта келгенде, кітапханашы екенімізді мақтан тұтып, жұмысымызға жаңа өзгерістерді өзіміз ендірейік. Ешкім бізді өзі іздеп келіп, жұмысымызды насихаттамайды. Өзімізді ұсынайық. Өзімізді танытайық. Сол кезде оқырманымызда көп болады, еңбегімізде еленеді.

Бренд – бұл актив! Және егер сен өзіңнің, жеке брендіңмен жұмыс жасайтын болсаң, ол саған мәңгі қызмет етеді. Марғұлан Сейсенбай ағамыз айтпақшы, «Сенен екі нәрсені тартып ала алмады: біріншісі - басыңдағы білімің, екіншісі - сенің атың!» [2].

Өз атымызға, өз брендімізге жұмыс жасайық, әріптестер.

Пайдаланған деректер көзі:

1. <https://qazaqstan.tv/news>
2. Марғұлан Сейсенбай парақшасынан
@kitaphanashi.kz инстаграмм парақшасы
@kitaphanashi.apai тикток парақшасы

БҮГІН ОҚЫРМАН – ЕРТЕҢ КӨШБАСШЫ!

*Қалманбаева Ақбота Әбдәліханқызы
Түркістан облысы Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің
кітапхана ісі әдіскері*

*Кітаппен дос бол, кітаптың
Көзіңді тосар, адал дос одан жоқ тегі...
Р. Ғамзатов*

Кітапхана жұмысында жаңа технологияларды қолдану – кітапхана қызметінің сапасын арттырып, оқырман санын толықтырып, мәдени деңгейінің көтерілуіне тиімді әсер етеді. Бүгінгі таңда әрбір адамзаттың алдында тұрған басты мақсаттардың бірі - білімді ұрпақ тәрбиелеу. Олай болса біздің барлық іс әрекетіміз осы бағытта болуы керек. Ал ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан. Өйткені, тәрбие мен білім егіз ұғым десек, жан-жақты білім мен тәрбие беретін мәдени орындардың бірі – мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханасы оқырман сұранысын толық қанағаттандыра алады. Оқу залы қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Кітап қорында жоқ материалдарды қосымша іздену мақсатында интернет желісіне қосылған. Бүгінгідей ғылым мен техниканың қарыштап дамыған заманында да кітап, кітапхана өзінің құндылығын жоғалтпай, заманға сай жаңғыры оқырманмен біте қайнасып, қызметін жаңа жүйемен жалғастырып келеді. Заман ағымына ілесе отырып, кітапхана заманауи оқырмандардың қалауы мен талабын орындауда. Қазіргі таңда кітап ордаларын заман талабына сай жаңғырту ақырындап жүзеге асырылуда. Бүгінгі кітапханалар тек кітап беретін орын болып қана қоймай, оқырман ақпарат алатын, бірлесе жұмыс жасайтын, ойын, білім, ғаламторды ұштастырған заманауи орынға айналуда.

Біздің кітапхананың мақсаты – кітапханаға оқырман тарту, кітап сөрелеріндегі кітаптарды оқырман қолына жеткізу. Бүгінгі таңдағы қоғамдық өзгерістер, қоғамның өркениеттік деңгейге көтерілуі, ашық ақпараттық кеңістікке өтуі кітапханалардың жаңа бағытта жұмыс істеуін талап етеді. Заманауи қоғам – ақпараттық технологиялар заманы. Ақпараттық, мәдени-ағарту орталығы болып табылатын заманауи кітапхана озық технологиямен жұмыс жасауды талап етеді. Заманауи өзгерістер қамтыған қызметтің бір түрі - мектеп кітапханасы. Мектеп кітапханасындағы өзгерістер кітапханашыны да шет қалдырмады. Кітапханашы бүгінгі күндегі әмбебап мамандықтардың біріне айналды. Оқушылардың оқырмандық талғамын қалыптастыруда, оқырман мәдениетін дамытуда бір реттік шаралар аздық етеді. Осы бағыттағы жұмыстарды мектеп кітапханашысы жүйелі түрде үздіксіз жүргізіп отыру керек. Оқырмандық мәдениет пен талғамды қалыптастыру жоспарлары жасалып, заманауи технологияларды қолдана отырып ішаралар өткізу көпшіліктің қызығушылығын тудыраы сөзсіз. Біз мектеп кітапханашылары

үздіксіз ізденісте жүріп, Түркістан қаласы Назарбаев зияткерлік мектебіндегі семинарға қатысып, сол жақтан алған әдіс-тәсілдерімізді өз оқырмандарымызбен бөлісіп отырамыз. Жаңа тың идея ретінде мен «Book-tasting» әдісі яғни «Кітаптың дәмін тату» әдісін тиімді қолдандым. Бұл жобаның мақсаты: кітап оқуды насихаттау, кітапқа деген қызығушылығын арттыру, әрбір оқырман өзі қызығып оқитын кітабын алып, мектеп кітапханасында талдап, өз ойымен бөлісу. Қазір ғылым мен техникасы дамыған заманда астың дәмін татып қана қоймай, білім заманында кітаптың дәмін татып көру маңыздырақ. Кітапханашы келген оқырманға «Book-tasting» менюін ұсынады. Мұнда талғамына сай кітаптар тізімі орналасқан. Мұнда оқырмандар осы немесе басқа кітапты корреспонденция, стил, уақыт және талғамына сәйкес кітаптардың дәмін тата алады. Бұл әдіс оқырмандарға түрлі кітаптар ұсынады: көркем, ғылыми кітаптарды сіз критерийлеріңізге қарай таңдай алады. Яғни, өз жаныңызға жақын қызықтыратын кітапты таңдап оқып, толғандырған сан сұраққа жауап таба аласыз. Швед үстелі: қысқа графикалық әңгіме, детективтер болса, кей оқырмандар негізгі тағамдағы кітаптарды таңдайды. Мұнда негізгі тағамға көркем әдебиет, тарихи романдар таңдалады. Кей оқырмандарға десерт ұсынуға болады. Десертте оқырман талғамына сай тәтті, қызықты жеңіл кітаптарды таңдай алады. «Book-tasting» бойынша кітап таңдап алған соң, «Оқушылардың оқу клубынан мұғалімдердің оқу клубы» жобасына келеді.

Бұл клубты не үшін аштым?

1. Мұғалімдердің оқу клубы қандай қажеттіліктен туындады?

2. Мұғалімдердің Оқу клубы мектеп мәдениетінде қандай кәсіби мәселелерді шеше алады?

3. Мұғалімнің жақсы оқырман болуы сыныптағы оқу мен оқыту үрдісіне қалай ықпал етеді?

Оқу клубының мақсаты: педагогтер зерттеу тәжірибелері туралы кәсіби кітаптар, журналдарды бірлесіп оқу негізінде зерттеу құзыреттіліктерін ұлғайтады, ой толғаныс жасау дағдыларын кеңейтеді. Мектепте көп кітап оқитын шығармашыл мұғалімдер жиі кездеседі. Сол ұстаздардың кітап туралы айтар тұжырымды ойларын тиімді пайдаланып, өзге мұғалімдергі үлгі ету өте маңызды.

Әр жобаны ашқан соң нәтиже күтетініміз белгілі. Жұмыс нәтежесімен бағаланады.

Күтілетін нәтиже:

-мұғалімнің кәсіби шеберлігі артады;

-іс-тәжірибе алмасады;

-теориялық білімге жаңартулар енгізіледі;

-ұжымдық қарым-қатынас орнайды.

Ашқан клубымыз жүйелі жұмыс жасауының негізінде оқырмандармен бірлескен жұмыстың нәтижесінде оқырмандарымыз аудандық, облыстық жарыстардың төрінен көрінді. Атап айтсам, Республикалық «Оқуға құштар

мектеп» жобасы бойынша 1 ұстазымыз апталық, айлық кезеңнің жеңімпазы атанса, 2 ұстазымыз апталық кезең жеңімпазы, 2 оқушымыз апталық кезеңнің жеңімпазы атанып, айлық кезеңнен 2 -орын иелендік. Ерманова Сәуле айлық, апталық кезеңнің жеңімпазы болып, Республикалық кезеңге жолдама алды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша ұстазымыз Даулеталиева Сымбат, Сайлауова Әйгерім апталық кезеңнің жеңімпаздары атанып, айлық кезеңге жолдама алды. Айлық кезеңнің жеңімпазы атанып, жылдық кезеңге екі мұғалім де қатысып, Даулеталиева Сымбат III орын иеленді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша 2 оқушымыз апталық кезеңнің жеңімпазы атанып, Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің Алғыс хатын иеленіп, мектеп мерейін үстем етті. Білімді шәкіртіміз Әпен Жібек «Оқуға құштар мектеп» жобасының жылдық жеңімпазы атанды. Тұңғыш ұйымдастырылып отырған жобада біздің ауданның, біздің мектептің, біздің оқырманның жеңімпаз атануы - тыңғылықты еңбектің нәтижесі. Ұстаздармен тығыз жұмыс жасау, тиімді қарым-қатынас орнату бұл жобада үлкен рөл атқарды. Сондықтан да менің ойымша, мектеп мұғалімі мен кітапханашы өте тығыз байланыс орнатуы керек. «Ұстаз-оқырман-кітапханашы» осы үштік одақтық қарым-қатынас жүйелі жүзеге асса, талай додадан жеңіске жетеріміз анық.

Сонымен қоса, клубта ең тиімді қолданылатын әдіс – «Оқырман семинары» әдісі. Бұл әдіс бойынша кітап таңдалған соң педагогтарға осы әдіс ұсынылады.

Бұл педагогтердің кітапқа зейінін шоғырландыруға арналады. Кітапты оқып болған соң барлық оқырман өз ойларын ортаға салып, талдайды. Себебі, бір кітапты оқыған бірнеше адамның пікірі әртүрлі болуы мүмкін. Оқырман ол кітапқа әртүрлі көзқараспен, әртүрлі дүниетаныммен қарады, көңіліне түрлі ой түйді. Кітапты оқып, талдап болған соң оқырмандар «Оқырман күнделігін» толтырады. Бұл әдіс кітапты жүйелі талдап, ұғынуға өте көп көмегін тигізеді. Мұнда мәтін не туралы, мәтін несімен қызық екенін айтып, ашық сұрақтар құрастырып талдайды, мәтін туралы өз ойын жүйелі жазуды үйренеді. Кітапханашы тарапынан оқырманға бағытталған сұрақтар қойылып, сұрақ-жауап жүзеге асады. Жетелейтін, толықтай баяндауға көмектесетін сұрақтар тізбегі қойылады. Осы сұрақтардың төңірегінде оқырмандар жауап беруге үйреніп, кітапты көпшілік алдында қорғауға дағдыланады. Бұл клуб оқушымен де жұмыс жасайды. Оқушы кітапты оқып, кітап жайлы баяндап, сөздік қоры молаяды, өз ойларын ашық жеткізеді. Кітап таңдаудың өзінде оқушы кез келген кітап таңдау қағидасына сай болу керек. Кітап оқудың өзінде мақсат болу керек. Кітаптың атауына, сыртқы мұқабасына қарап, ішінде не жатқанын білмейміз. Әр кітаптың ішінде бір сыр, бір тарих, сонымен қатар тұла бойды тебіrentетін бір болмыс жатыр. Оқуға бастапқы уақытта кітапты сыртқы мұқабасына қызығып таңдаса, клубқа келіп өзгеріп, кітапты мазмұнына қарай таңдауды меңгерді. Мұның өзі үлкен жетістік. Клуб арқылы оқушы бірнеше жаңа дағдыға ие болды. Кітап оқуға деген қызығушылығы артты. Оқушы кітап таңдап үйрене бастайды. Сыни ойлау дағдысы қалыптасады. Сауаттылық хат

үлгісі бағытында оқушылар оқыған кітаптары жайлы достарына сауатты хат жазуды меңгереді. Барлық тандап алынған кітап жайлы «Кітап жайлы сөйлесу» әдісі қолданылады. Яғни, оқырманға кітап жайлы сурет ұсынады, екі оқырман суретті салыстырып, айырмашылықтарын тауып, мәліметтер жинақтайды. Кітап жайлы клуб мүшелері өз сыни көзқарастарын баяндап, хат жазады. Осы клубтың арқасында кітап әлемді бағындырса, біздің оқырмандар ауданды, облыстарды бағындырып, жетістіктерге жетуде.

Жүйелі жұмыстың нәтижесінде еңбегім еленіп, біршама жетістіктерге жеттім. Жуырда киелі Түркістанның төрінде Облыстық білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен әсерлі іс-шара өтті. Айтулы іс-шарада «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында білім беру саласының кітап оқу мәдениетін қалыптастыруда «Таңдаулы мектеп кітапханасы - 2021» облыстық байқауында аудандық кезеңнен I орын иеленіп, облыстық кезеңде II орын иегері атандық. "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында атқарған жұмыстарымыз үшін алғыс хатпен марапатталып, рейтинг бойынша I орынға шықтым.

Еліміздің болашағы жарқын болу үшін, ең алдымен ұрпағымыз білімді, рухани деңгейі жоғары болуы қажет. Ол үшін адам көп оқып, көп іздену керек. Түсінген адамға кітап – баға жетпес байлық. Кітапхана әлемде ғылым мен білімнің жұмағы! Ал, сол жұмақтың иесі - кітапханашы!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мектептегі кітапхана №5-6. 2019
2. Педагогикалық шеберлік 2018/маусым
3. Мектеп кітапханашысы жұмыс әдістемелігі № 1-2/2020
4. «Күміс кітап», Бұқарбай Б
5. Ust.kz ғылыми-әдістемелік сайт
6. «Кітапхана ісі» журналы, 2022 жыл.

БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМ АЛУ ҮДЕРІСІНІҢ МАҢЫЗДЫ СЕГМЕНТІ - КІТАПХАНА

*Халмуратова Зиеда Исламкуловна Сайрам ауданы №82
Б.Наметов атындағы
негізгі орта мектеп кітапханашысы*

21 ғасыр – білім ерекше құндылыққа ие болатын ақпарат ғасыры. Қазіргі балалардың оның білім қорын үнемі толықтырусыз елестету мүмкін емес, бұл әртүрлі ақпараттар ағынымен үнемі өзара әрекеттесу дегенді білдіреді. Ақпараттық кеңістіктің күрделі лабиринттерін қалай шарлау керектігін түсінуге және үйретуге кім көмектеседі? Жауап анық - бұл кітапхана. Ал бүгінде білім беруді қолдаудың беделді орталықтарына айналып, ұстаздар мен оқушыларды

ақпаратпен қамтамасыз етіп отырған кітапханалар білім саласын дамытуда маңызды рөл атқаруда. Соңғы жылдары қоғамда оқу мәселесіне деген қызығушылық артты. Олар бұл туралы барлық деңгейлерде айтады және біздің елімізде және бүкіл әлемде маңызды әдістемелік ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік проблема ретінде де белгіленеді. Балалар оқуды тоқтатты, яғни сауаттылық, интеллект, эмоционалды және моральдық тәрбие және тұлғаның үйлесімді дамуының көптеген компоненттері зардап шегеді. Бүгінгі таңда баланың ішкі әлемінің қалыптасуына мүмкіндігінше көп көңіл бөлу керек, ал баланың оқырман ретінде қалыптасуы мұғалім мен кітапханашы мұғалімнің белсенді қатысуынсыз мүмкін емес. Мектеп кітапханашылар білім беру кеңістігінде ерекше орын алады. Мектеп кітапханашы қызықты бастамалардың бастамашысы болады, оқырмандардың өзіндік белсенділігін ынталандырады, білім алушыларды оқуға ынталандырады. Мектеп кітапханасы-педагогикалық процестің қатысушысы, өйткені ол әлеуметтік тәжірибені беру үшін оқырмандармен өзара әрекеттеседі. Біріншіден, бұл оқу кітапханасы, өйткені ол оқу процесін ақпаратпен және тиісті құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті. Сонымен бірге ол арнайы кітапхана (мектептің педагогикалық ұжымына қызмет етеді) және көпшілік (оқушыларға бағдарламадан тыс материалдар ұсынады, сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстарды қолдайды) функцияларын орындайды.

2022 жыл – «Балалар жылы» деп жарияланды. Мектеп кітапханаларының негізгі міндеттерінің бірі – мұғалімдермен осы кезеңде ынтымақтастықты нығайту болып табылады. Мектеп кітапханашысы оқу үрдісіне көмек көрсету балалардың тұлға болып қалыптасуына ықпал ету. Кітапхана жұмысының маңызды бағыттарының бірі – ақпараттық қамтамасыз ету және балалар әдебиеті мен балалар оқуы мәселелері бойынша мұғалімдерге кеңестер беру. Жасыратыны жоқ, қазіргі уақытта жасөспірімдердің кітапханаға жүгінуге ынтасы, әдетте, білім беру сұраныстарымен байланысты. Бірнеше түрін ажыратуға болады – бұл сабаққа дайындалу үшін мәтіннің қажеттілігі, әртүрлі пәндер бойынша тапсырманы орындау үшін тақырып бойынша ақпараты бар құжаттардың қажеттілігі (эсселер, баяндамалар, хабарламалар және т.б.). Бұл тенденциялар әр түрлі танымдық іс-әрекет түрлерін оқытудың әдістерін, формалары мен құралдарын өзгертуді талап етеді, өйткені іскерлік оқу, ал оқу демалыс тәсілі ретінде белсенді түрде теледидар мен компьютерлік ойындармен ауыстырылуда. Бірақ адамның қалыптасуы мен дамуында кітаптың алатын орны ерекше. Сондықтан бүгінгі таңда мектеп оқушыларының оқу әрекетін белсендіруге көп көңіл бөлу қажет. Дәрігерлердің айтуынша, дәстүрлі кітаптарды қағаз бетінен оқу балалар мен жасөспірімдер үшін анағұрлым физиологиялық процесс. Кітапханашылар оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру және мұғалімдер мен ата-аналарға көмек көрсету үшін кең ауқымды ақпарат көздерін ұсынады. Мектеп кітапханасынан оқырмандар кез келген тақырып бойынша кітаптар мен мерзімді басылымдарды алып қана қоймай, кейбір мектеп кітапханасынан Коворкинг

орталығындағы компьютерді және электронды кітапхананы пайдалана отырып өз бетінше оқуға мүмкіндік алады. Ақпараттың негізгі көзі ретінде Интернет жиі пайдаланылады. Қазіргі замандағы электронды технологиялардың сапасы мен этикалық мазмұнына мән беріп, оқушыларды салыстыру және ойлау, өзіндік пікір қалыптастыру мақсатында әртүрлі ақпарат көздерінен алынған ақпаратты іздеуге, бағалауға, пайдалануға баулу. Бірақ кітапханада кітап әлі де бірінші орында.

Біздің басты мақсатымыз: оқушының мәдени, дамыған тұлғасын қалыптастыру; оқушылардың кітапқа, оқуға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу; нағыз әдебиетті оқу қажеттілігін және рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру; әдеби талғамын, іскерлігін, тілегін, оқығанды ойлау дағдысын тәрбиелеу; оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту; кітапхана қорымен жұмыс істеуге үйрету. Бұл мақсаттарға көптеген жолдармен жетуге болады, оларды жүзеге асыру үшін келесі факторлар ескеріледі: бұл бөлменің заманауи кітапханалық интерьері және кітапхананың дизайны (әр түрлі көрнекі құралдарды (плакаттар, суреттер, фотосуреттер және т. б.) пайдалану, көрмелер ұйымдастыру, мектеп бағдарламасы аясында мектеп кітапханасы негізінде түрлі іс-шаралар өткізу, және сабақтан тыс іс-шаралар. Сынып жетекшілерімен және оқушылардың ата-аналарымен тығыз ынтымақтастық. Біздің кітапхана жас тұлғаның өміріне үлкен педагогикалық әсер етеді, өйткені бізде кітап қорларына ашық қолжетімділік бар, бұл оқытуда, сондай-ақ оқыту кезінде туындайтын балалардың жеке, ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі уақытта біздің мектеп кітапханасының кітап қоры 3000 данадан астам (оқу әдебиетін қоспағанда). Біздің қорымыз нашар жинақталған жоқ деп есептейміз. Біз оқырмандарымызға әртүрлі бағыттар бойынша әртүрлі анықтамалықтарды, сөздіктерді, энциклопедияларды ұсына аламыз. Бүгінгі таңда кітапхананың педагогикалық қызметі-оның оқу және тәрбие процесіне белсенді қатысуы, мектептің ажырамас бөлігі бола отырып, мектеп кітапханасы мектептерде басталған білім беру жүйесін жаңарту жағдайында үлкен әлеуетті және сұранысқа ие кітапхана оқырмандармен өзара әрекеттесу формалары әртүрлі болуы мүмкін: жеке, топтық, сабақ, сабақтан тыс.

Диалог – бұл білім беру сапасының пәндік-ақпараттық және құндылыққа бағытталған компоненттерін жүзеге асырудың құралы (біліммен бөлісу, есту және айтылғанға реакцияны түсіну мүмкіндігі). Сондықтан біздің жеке жұмысымыздың негізгі әдісі оқырмандармен әңгімелесу болып табылады: Кітапханаға жазылу кезінде, құжаттарды беру және қайтару кезінде. Мұндай әңгімелер бізге жеке ерекшеліктеріне байланысты осы оқырманға кітаптарды ұсынудың әрі қарайғы стратегиясын жасауға және оқудың ұсыныс, ақпараттық тізімдерін жасауға көшуге мүмкіндік береді. Мектеп кітапханашының міндеті-балаларға ең жақсысын ұсыну, олардың кітапқа, оқуға деген танымдық қызығушылықты ояту. Балалық шақта оқыған кітап өмір бойы есте қалады және адамның кейінгі дамуына әсер етеді. Сондықтан біз оқушыға өз кітабын

табуға көмектесуден бастаймыз, ол оны ұнатады, жанға әсер етеді, ойлануға және қиялдауға мәжбүр етеді, кітап оқудан ләззат алуға болатындығын көрсетеді. Көркем әдебиетті ұсынғанда балалар кітаптан жарқын эпизодты оқи алады немесе оның басты кейіпкері туралы сөйлесе алады, бір немесе екі суретті көре алады. Оқырман кітапты қайтарған кезде, баланың эмоционалды әсерлері мен кітап оқу кезінде алған білімдерін бекіту және тереңдету үшін онымен сөйлесеміз. Шығарманың оқырманға, оның сана-сезімі мен сезіміне әсерін қалай ұзартатыны туралы әңгіме оқырманның кітапты қабылдау деңгейі мен сапасын түсінуге мүмкіндік береді. Диалог коммуникативті іс-әрекетке ықпал етеді, өйткені ол пікір алмасу, көзқарастарды үйлестіру дағдыларын қалыптастырады. Мектеп кітапханашыларының жас оқырмандарға қызмет көрсету үшін үнемі ізденісте және өз қызметін жетілдіруі керек. Топтық форманың үлгісі және оқырмандардың қызығушылығын оятуға біз өткізетін кітап шолулары, кітапхана және әдеби сағаттар сияқты сабақтар ықпал етеді. Онда біз кітап туралы ең қызықты, үзінділерді оқимыз немесе фильмнің, мультфильмнің үзінділерін көрсетеміз, музыка, суреттер, балалар суреттері, рөлдік ойындарды қолданамыз. Жеке авторлар, электронды викториналар яғни электронды платформада жеке кабинет ашып сол бойынша презентациялар дайындаймыз. Мысалы мұндай жұмыс формаларының бірі Бердібек Соқпақбаевтың "Менің атым-Қожа" кітабын **кітапханалық ойын-сабақ** бойынша пайдалансақ болады. Балаларға алдымен жазушының өмірбаянын және повесі туралы айтып, содан кейін оны сабақта айту тапсырмасы беріледі. Сонымен қатар балалар қазақ ертегілерінен көрініс көрсетуге болады. Содан кейін олар интеллектуалды ойын өткізіп, сыныпты командаларға бөліп (әр дұрыс жауап тәтті сыйлыққа ұласады), ал сабақ соңында ертегіге арналған музыкалық бейнеклип көруге болады. Ал қандай да бір себептермен сабақта жұмыс істемеген, сәйкесінше сыйлықсыз қалған адамдар, келесі сабаққа жоспарланған кітаптардың артынан жүгіреді.

Оқырмандар конференциясы сияқты жұмыс түрі оқушылардың кітап пен оқуға деген қызығушылығын дамытуға, оқушылардың интеллектісін, ой-өрісін, танымдық қызығушылығын дамытуға ықпал етеді, оқу дағдылары мен оқу үдерісі дәстүрлерін қалыптастырады. Оқырмандар конференциясы-оқырмандардың қатысуын көздейтін бұқаралық жұмыстың белсенді әдістерінің бірі. Конференцияны өткізу процесі қатысушылардың өз көзқарастарын білдіруге, басқалардың пікірлерін тыңдауға, дауласуға, өз пікірлерін қорғауға немесе, керісінше, келісуге деген ықыласына байланысты. Мысалы, «Жау тылындағы бала» Қ.Қайсеновтың, «Интернатта болған жағдаят» Артур Конан Дойл, «Ұшқан ұя» Б.Момышұлы, «Менің атым Қожа» Бердібек Соқпақбаев кітаптары бойынша оқырман конференцияларын өткізуге болады. Алдымен балалар сыныптастарын жазушының өмірбаянымен таныстырады, содан кейін талқылау жүреді. Іс-шара барысында біз аттас фильмдердің үзінділерін, электронды презентацияларды, кітап көрмелерін пайдаланамыз.

Мектеп кітапханашылары өз жұмысымызда оқуға деген қызығушылықты дамыту үшін өте маңызды әдістердің бірі - **дауыстап оқу**. Біз балаларға ертегілер, әңгімелер, өлеңдер оқимыз. Кейде біз оқи бастаймыз және балаларды жалғастыруын сұраймыз. Оқылғаннан кейін талқылау жүреді. Дауыстап оқу сезімді білдіру мәдениетін және мәтінді тыңдау қабілетін қалыптастырады, бұл өмірде және болашақта мәтінді тыңдау негізінде емтихан тапсыру үшін өте маңызды. Бұл сабақтар оқушылардың оқуға деген қызығушылығын қалыптастыруға, өз дәлелдерін логикалық түрде құруға, дәлелді ойлауға, дауласуға мүмкіндік береді.

Кітап көрмесі кітапхана жұмысының нысаны ретінде көрнекі. Адам ақпараттың сексен пайызын көру арқылы қабылдайды. Кітап көрмелері кітапхана қорларының байлығын ашып, оқырмандардың назарын аударады, кітаптар мен өзіндік шығармашылыққа деген қызығушылықты оятады. Оқырмандар жазушылардың өмірі мен шығармашылығы туралы көбірек білу үшін біз көрмелер циклін ұйымдастырамыз. Мұндай көрмелерде әңгімелесу кітапқа деген оқырмандардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Ең бастысы, балалар әңгімені пассивті тыңдап қана қоймай, викториналық сұрақтарға жауап береді, шығармашылық тапсырмаларды орындайды. Оқырмандардың белгілі бір жанрдағы әдебиетке (ертегілер, поэзия, фантастикалық, шытырман оқиғалы) қызығушылығын ояту үшін бір жанрдағы көрмелер ұйымдастырамыз. Жаппай жұмыстың ең қызықты түрі-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін көрсетуге ықпал ететін әдеби-кеш. Балалар жазушылардың шығармашылығымен танысады, қызықты адамдармен кездеседі. Бұл өте мобильді іс – шара кез-келген тақырыпқа немесе маңызды күнге әр түрлі формалар мен атрибуттарды қолдана отырып арнауға болады. Ең бастысы, мұндай іс-шаралардың жүргізушілері мен қатысушылары-балалардың өздері. Балаларды осындай іс-шараларға дайындық процесіне қосу арқылы біз сезімдерді дамытатын, есте сақтау, ойлау, қабылдау, зейіннің дамуына ықпал ететін шығармашылық белсенділікті ынталандырамыз. Бұл өз кезегінде баланың оқуының сәттілігін анықтайды. Шығармашылық баланың өмірін бай, толық, қуанышты етеді. Біз мұндай іс-шараларды қызықты етуге тырысамыз, бұл материалды ұсыну формаларына, қатысушылардың белсенділігіне байланысты. Ұсынылған материал неғұрлым түрлі-түсті және жарқын болса, оның әсері соғұрлым күшті болады. Көрнекілік принципі маңызды рөл атқарады. Сондықтан біз тек жанды тілді, эмоционалдық әңгімені ғана емес, сондай-ақ әдемі рәсімделген көрмелерді, электрондық тұсаукесерлерді, музыканы, бейнематериалдарды және көркемөнерпаздар нөмірлерін де пайдаланамыз. Мектеп кітапханасының табысты жаппай жұмысының міндетті шарты пән мұғалімдерімен, сынып жетекшілерімен, ата-аналармен тығыз қарым-қатынас жасау, сондай-ақ бай қорлары мен білікті мамандары бар орталықтандырылған кітапхана жүйелері мен балалар кітапханасының кітапханаларымен бірлескен жұмыс түрлері болып табылады. Жақсы кітапхана болмаса, мектеп өзінің тәрбиелік және білім беру функцияларын жоғары

деңгейде орындай алмайды. Мектеп кітапханасы оқушылардың үнемі өз бетінше білім алу қажеттілігін оятады, қиялын дамытады, азаматтық жауапкершілікті тәрбиелейді.

В. А Сухомлинский XX ғасырдың ортасында "Мектеп – бұл ең алдымен кітап, ал тәрбие – ең алдымен сөз, кітап және адамның тірі қарым-қатынасы"- деп жазды. Мектеп кітапханасының қызметкерлері балалардың кітап оқуға деген сүйіспеншілігін арттыру үшін көп жұмыс жасайды. Осылайша, мектеп кітапханашысы айтарлықтай педагогикалық әлеуетке ие болуы тиіс. Мектеп кітапханасы лайықты, тең құқылы және сенімді серіктес, оқу және мектептен тыс жұмыстарға көмек көрсетеді.

Пайдаланылған дереккөздер:

1. Креативные формы работы современной библиотеки Электронный ресурс. Режим доступа: <http://lib-avt.ru/kollegam/kreativnye-formy-raboty-sovremennoy-biblioteki>
2. https://ust.kz/word/zamanayi_oqyrmanga_zamanayi_kitaphana-241596.html
3. <https://shareslide.ru/uncategorized/prezentatsiya-rol-shkolnoy-biblioteki-v-protse>
4. <https://www.bugin.kz/1108-arbir-qazaq-oquy-tiis-100-kitap>
5. <https://infourok.ru/kitaphanani-ou-trbiedegi-rol-758249.html>

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ БОЙЫНША БАЛАЛАРДЫ КІТАП ОҚУҒА БАУЛУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

*Усипбекова Гульнара Пернехановна
Арыс қаласы № 372 бастауыш мектебі
кітапханашы*

Мақсаты: Өскелең ұрпақтың оқу сауаттылығын арттыру, балаларды кітап оқуға қызықтыру, кітап оқу дағдысын қалыптастыру, оқу мәртебесін, оқу белсенділігін және оқу сапасын арттыру.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан – ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - деген еді Ғабит Мүсірепов.

Кітап таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсеріңді өмір қажетіңе жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Міне осы асыл қазынаны оқу қазіргі таңда төмендеп отыр. «Кітап маған тақтан да қымбат», - деп атап көрсеткен Шекспир.

Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге деп ұлы ақынымыз Абай жырлағандай ерінбей білім алуға асығайық. Бар білімнің патшасын тек кітаптан ғана таба алатынымызды ұмытпайық.

Өкінішке орай көркем әдебиетке деген өз бетімен балалардың қызығушылығы азайды. Әдебиетке деген құлықсыздық пайда болды. Оның себептерін күнделікті қолданысқа енген ғалам торабын, компьютер секілді құралдардың әсері деп білеміз. Бұдан соңғы себеп, аттаған әр қадамыңыз ақша керек болатын күнделікті тіршілік қамы адамдардың кітапқа деген ынтасын төмендетіп жіберетіндігі. Бала кітап оқып, ойын қорытудың орнына теледидардан дайын өнімдерді көруге бейім. Мұның барлығы балалардың кітап оқуына үлкен кедергі келтіреді.

Қоғамымыздың рухани әлемін жұтаңдатып әкетіп бара жатқан осы мәселеге ден қоюымыз да тегін емес. Мақсатымыз – кітап неге оқылмайды деген сауалдың жауабын жан – жақты іздеу.

Қазақ балаларын қазақ әдебиетінен алыстатып алмаудың амалын бірлесіп табу. Кітапқа деген баланың қызығушылығын арттыру. Менің ойымша қазіргі кезде оқырман баланың қызығушылығын арттыру үшін «балабақша - мектеп – кітапхана – мұғалім – ата – ана» деген ара – жігі ажырамайтын схемамен жұмыс жасау қажет. Бала мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап кітаптың құдіретін ұғындыру. Бұл жұмыс оқушылардың кітапханаға деген қызығушылығын арттырады деп ойлаймын. Олар өзімен бірге басқа оқушыларды тартары сөзсіз. Кітапханаға деген дұрыс көзқарасы қалыптасып өседі, кітапты ұқыптап ұстауына, уақытында алған кітапты қайтаруына, кітапханашы маманыдығына деген үстірт ой, жаңсақ мінез қалыптаспауына болысады.

Сыныптың білім сапасы жоғарылайды, жолдастық сезімі оянады. Ата – ана жауапкершілігі артады. Қорытынды шығарылып «Кім көп кітап оқыды?», «Кім жылдам?» деген сайыстар өткізу. Сайыста зейінді, жылдам, оқымысты, мәнерлеп оқитын, сауатты оқушыны аңғарып мадақтау. Басқа кітап оқымайды деп байбалам салғанша жан – жақты болып қызмет жасауымыз керек. Қазақтың көркем тілі – қазақ тілі қазақтың көркем әдебиетінде. Ал әр ұлттың әдебиеті мен тілі ең алдымен әр ұлттың әдебиеті мен тілі ең алдымен әр ұлттың өзіне керек. Қазіргі қазақ қоғамының алдында жас ұрпақты кітапқа, оның ішінде қазақ тілінде жазылған кітапқа баули отыра Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөліне тоқталып, мектеп кітапханаларындағы кітап қорына жаңартулар мен толықтырулар енгізудің аса маңызды екенін атап айтқан еді. Осыған орай, мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатындағы республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы өз жұмысын бастады. Бұл жобаның ерекшелігі балаларды кітап оқуға қызықтыру, мектеп кітапханаларын көркем әдебиеттермен толықтыру, өсіп келе жатқан балаларымыздың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

Бұл жоба 2020-2025 жылдарға арналған білім беру ұйымдарының кітапханаларын келешекте дамыту жөніндегі жол картасы аясында жүзеге асады. Мектеп жасынан оқуға ынтасы ашылған бала терең ойлы, жан-жақты тұлға болып қалыптасады. Осы орайда мектебімізде арнайы «Оқу сағаты» жобасы жүзеге асуда. Яғни оқушы күн сайын 20 минутын кітап оқуға арнайды. Енді мектепте «педагог-кітапханашылар» жұмыс істеуі әбден мүмкін.

«Кітап оқу дағдысын қалыптастыру арқылы Абай атамыз айтқан терең ойлы азаматтарды тәрбиелейміз. Дәл қазір біз цифрлы заманның ең алғашқы буынымен бетпе-бет келдік. Балалардың жаманы болмайды, жаман мотивация болады. Бес минуттан артық зейін қойып тыңдай алмайтын жаңа буын өкілдері өте ақылды. Ал біз соған сай сабақ беру дағдысын да, жобаларды да жанартуымыз керек. Бала уақытының бірнеше минутын күн сайын кітапқа бөліп жүрсе, кейін кітаптағы қазынаны өзі түсінеді», - деді. Жалпы, «Оқуға құштар мектеп» жобасы сәтті іске асатын болса, еліміздегі ақын-жазушылардың кітаптары көптеп басылып шығып, ел арасына кең тарайтыны анық. «Оқуға құштар мектеп» жобасы алдағы уақытта кітап оқуға құмар ұлт деген мәртебелі атымызды қайтаруға септігін тигізетін маңызды бастама болып тұр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге аспақ. Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктернің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енетін болады. Білім берудегі кітап оқуға үйрету мәселелері әрдайым маңызды болғанымен, оқу сауаттылығын дамыту тапсырмасы ҚР-ның мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыратын заманауи мектеп үшін жаңа сала болып табылады. Оқу сауаттылығы қазіргі қоғамдағы өмірге дайындық үшін ең маңызды көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Оқу мәдениеті оқушылардың нақты және жаратылыстану ғылымдарын, еңбекке үйрету және дене шынықтыру, сондай-ақ басқа да пәндерді табысты оқып білу үшін міндетті ме? Жауабы анық. Әрине, иә. «Оқу мәдениеті - өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын қалыптастыру факторы» деген түйін сөз бекер айтылмайды. Оқуды дамытуда әдістемелік әдістерді жүйелі және мақсатты түрде қолданған жағдайда оқушының дербес оқуын қалыптастыруға үлес қосады. Сондықтан бүгінгі таңда оқушылардың кітап оқу құзыреттілігін қалыптастыру өте маңызды міндет болды. Халқымыз әр ғасырда-ақ ел даналары мен замана тұлғаларының өзінен кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған ұлағатты және тәрбиесі мол өнегелі сөздерін кітаптан алған. Кітаптың – рухани қазына аталуы да сондықтан.

Балалардың кітап оқуға деген ықыласын біз қалай ояттық? «Кітап-білім бұлағы» демекші, осынау білімнің тұнық та, мөлдір бұлағынан шәкірттердің қай кезде де рухани байып, жанына өмірлік азық алуы керек.

«Буккросинг» бұрышы мектеп фойелерінде ұйымдастырылды. «Сен туған Қазақстанныңды білесің ба» тақырыбында танымдық сабақ өтілді. Оқушылар өз білетін қалалары туралы жарыса айтып өз ойларын ортаға салды. Д.Исабековтың шығармаларымен таныстырып көрмеге шолу жасалды. «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында Ұлағатты ұстазбен кездесу кеші болып өтті. «С.Адамбековке 100 жыл» тақырыбында көрме жасалып оқушыларға таныстырылды. «Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынов 150 жыл» көрме жасалып тәрбие сағаттары өтілді. Темірхан Әбдіков пен кездесу кеші болып өтті. «Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақында» атты көрме ұйымдастырылды. Абайдың шығармаларына арналған тәрбие сағат өтілді. «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбында ертегі оқуды бастауыш сыныптармен өттім. «Каникулда кітап оқимыз» челендж өтілді. «Мұхтар Әуезовқа 125-жыл» кітап көрмесі жасалды.

Білім сүйсең, кел күн сайын осында,

Кітап сенің айналады досыңа.

Талаптансаң үйренуге ұмтылып,

Келші жас дос, ізденейік қосыла, - деген өлең шумақтарымен оқушыларды кітап көрмесін көруге шақырады. «Ертегілер әлемі», «Тіл- ұлы байлық», «Елбасы мұраты, халық бақыты - гүлденген Қазақстан», «Тәуелсіздік тұғыры», «Әдебиет - өмір айнасы», «Туған жер - алтын бесігім», «Ақиық ақын – Мұқағали» деген тақырыптармен кітап көрмесі ұйымдастырылған. Оқырмандардың көркем әдебиетті оқып, қызығушылықтарын арттыру мақсатында кітапханаға түскен жаңа әдебиеттермен таныстырып, әңгімелер өткізіп тұрамын. Әр көрме өзінің ең қызықты мәліметімен құнды. Көрме ұйымдастыруда оқушының жас ерекшелігі де ескеріледі, әсіресе бастауыш сынып оқушылары ерекше анық түсті бояулармен көркемделген кітаптарға қызығушылық танытып, кітаптың ішіне көз жүгірте бастайды. Көзі ашық, көкірегі ояу, ізгі ниетті ұрпақ тәрбиелеудегі негізгі құрал-балалардың кітап оқуы. Ертегілер арқылы бала бойында адамдық қасиеттер дәнін егу мақсатында мазмұнын сахналау сияқты рөлдік ойындар бала санасында жақсы сақталады. Оқушы 2-3-сыныптарда мұғалімнің басшылығымен, нұсқауымен кітапты оқудың белгілі жүйесімен, тәртібімен танысады. Оқыған кітабының мазмұнын біршама айтып беруге дағдыланады. Осындай дағдыларды меңгере келе өз бетінше кітап тандауға, оқи білу дағдысына көшуге бірте-бірте бағыт алады. Осыдан кейін оқырмандар саны арта бастады. Оқырмандарға кітапхана туралы тереңірек мағлұматтар беріп, сауаттандыру мақсатында кітапханалық сабақтар көптеп өтіледі. Мектеп кітапханасын пайдалану ережелерімен таныстыру, кітаптың шығу тарихы, жасалу жолдары, кітапты күтіп ұстау, оқу мәдениеті, Энциклопедия, сөздіктер, анықтамалықтарды пайдалана білу, оқырманның кітапқа, кітапханаға деген қызығушылығын арттырады. Оқырман оқыған кітапты бірге талқыға салып, «Кітап саған ұнады ма?» деген тақырыпта әңгіме жүргіземіз. Оқырмандарды кітапханаға тарту және қызығушылықты арттыру мақсатында көптеген іс-

шаралар, әдеби кештер, конференция, библиографиялық шолу, әңгіме, ертеңгілік, семинар-кеңестерді жиі ұйымдастырып өткіземіз. Мектеп жақсы болу үшін білімнің ұйтқысы кітапхана жақсы болуға тиіс. «Кітап – өмір ұстазы. Сондықтан, жастар кітап оқуды күнделікті әдет қылуы тиіс. Кітап оқымай өмірді білу, білім алу мүмкін емес,» - деген.

Бүгінгі күні жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбие күн тәртібінде тұрған мәселе екендігі баршамызға аян. Соның ішінде, мектеп оқушыларын кітап оқуға тарту, кітапханаға баруға қызығушылықтарын ояту ұстаздар мен кітапхана меңгерушілерінің басты міндеті деп білемін. Өйткені кітапхана – дүниедегі ештеңеге теңестірілмейтін білім бұлағының көзі болғандықтан, оқушыларға өмірлік, рухани азық болатын «кітап» атты құнды мұраны қастерлеуді үйретіп келеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы. -Астана, Ақорда. 14. 12. 2012 ж.
2. Мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандарты. Жоба. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламалары орталығы – Астана, 2014 г. – 30 с.
3. «Типовые и примерные штаты библиотек. Аттестация руководящих работников и специалистов библиотек. Внедрение стандартов системы СИБИБД в библиотеке: методические рекомендаций в помощь работе библиотек организаций образования РК»/ составитель: А.С. Аманова. -Алматы, 2011ж.

ЖЕКЕ ТҰЛҒА ТӘРБИЕСІНДЕГІ КІТАП ПЕН КІТАПХАНАНЫҢ РОЛІ

Алимтаева Айнұр Сембековна
Сауран ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты
А.Үсенов атындағы жалпы орта мектептің
кітапхана меңгерушісі

Мақсаты: Кітап – арқылы елді, жерді сүйеге, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулу. Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтың салт - дәстүрін аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу, оқушылардың шығармашылық жұмыстары мен шұғылдануына ықпалын тигізу.

Міндеті: Білімді ұрпақ, білімді тұлға, рухани жан-дүниесі бай, білім

мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлға тәрбиелеу.

Кітапхана – ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының керуенін сүріндірмей әкеле жатқан, шырағы биік парасаттылық пен білімділіктің, байлық пен біліктіліктің киелі ордасы. Ол жеке тұлғаны рухани мәдениетке тәрбиелеуде әрдайым ерекше орын алып келе жатыр. Қазіргі уақытта кітапхана бір жағынан жеке тұлғаның қызығушылықтарына, екінші жағынан жергілікті қоғамның қызығушылықтарына бет бұрды. Кітапхана қоғам санасына, адамдардың өмір, өзі туралы түсініктеріне, мәдени-ақпараттық ортасын қалыптастыруға және дамытуға үлкен әсер етеді. Ол ақпаратты ортаны құрудың міндеттерін шешуде жетекші роль атқарады.

Кітапхана өмірі – сырт көзге біліне, байқала бермейтін ағысы баяу, тулаған толқындар ішінде жататын өмір. Сол өмірге бойлап, дендеп енген адам ғана бұл шаңырақтың қыры мен сырын аңғара алмақ. Өзгеге қуаныш сыйлап, өзін ғасырдан - ғасырға жеткен асыл қазынамыздың қожайынындай сезінер.

Оқушыларға кітап оқудың ықпалы зор. Заманалар толқынында тербеліп, өзінің қымбат қазынасын ұрпақтан –ұрпаққа жеткізіп келе жатқан кітаптың адамның рухани азығы екені даусыз. Біздің кітапхананың мақсаты кітапханаға оқырман тарту, кітап сөрелеріндегі кітаптарды оқырман қолына жеткізу, насихаттау. Кітапхананың әрбір кітабын оқушыға насихаттауда кітап көрмесінің маңызы зор. Кітапханада оқушылар келіп қажетті әдебиеттерін алып, компьютермен қолданады. Бұл орын оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен шұғылдануына көп ықпалын тигізеді.

2021 – 2022 оқу жылы басында «Ғажайып ертегілер елінде», «Жаңа кітап-жан азығы», «Кітап арқылы ашылған сырлы әлем», «Балаларға базарлық «Ақиық ақын – Мұқағали», «Ұлттың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы 150 жыл» «Туған өлке тарихы» - деген т. б. тақырыптарда газет - журнал беттерінен материалдар жинақталып, көрме ұйымдастырылды.

Кітапхананың алдында өз оқырмандарына кітаппен, ақпаратпен жұмыс істеуге көмектесу, іс-шараларды өткізудің жаңаша түрлерін қолдану, оқу мәдениетін тәрбиелеу міндеті тұр. Білім беру орындарының “кітапханалық сабақтар” мен ғана шектеліп қоймай, кітапхана өзінің күн сайынғы жұмысында оқырмандармен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін пайдалана отырып, оқу мәдениетіне, өсіп келе жатқан жас ұрпақты ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеуге міндетті. Қызмет барысында жаңа технологияларды белсенді түрде қолданып, іс-шаралар өткізіп келе жатырмыз, соның бірі «Сүйікті кітаппен сельфи», «Кітап менің әлемім» жобасын сіздерге ұсынғалы отырмын.

"Сүйікті кітаппен сельфи" атты оқушылар арасында «Мен оқыдым, саған оқуға кеңес беремін!» атты ұранмен конкурс ұйымдастырылды. Байқауға әр түрлі жас аралығындағы 19 оқырман қатысты. Конкурс критерийі бойынша әр оқырман сүйікті кітабын қолға ұстап немесе кітаптар фондында селфи жасауы тиіс болатын. Түсірілген фотосуреттер қызықты да тартымды болып шықты. Әділқазылар алқасының шешімімен 4 номинация бойынша конкурс

жеңімпаздары анықталды. Оқушыларды кітап оқуға бейімдеу, шығармашылық дәрежесін көтеру, балалардың бос уақыттарын бірге тиімді өткізуді ұйымдастыру, жастардың сельфиге деген көзқарасын бағдарлау: яғни, өзін-өзі жақсы көруден ішкі менмендік арқылы кітап оқуға ұмтылу.

Жарыс жұмысының талабы:

1. Жарысқа ұсынылатын фотожұмыстардың мазмұны тақырыпқа, мақсатқа және міндетке сай келуі керек. Суретте кітаппен автор, немесе кітаптың жанында не болмаса кітап оқып отырған адам көрсетілуі керек.

2. Қосымша бағалану үшін суретті жұмыстың айрықша керемет атауы болуы керек. Фотожұмыстың авторы таңдаған кітабына қысқа эссе дайындауы қажет. Яғни, оның таңдауы бұл кітапқа неге түсті, оның өмірінде алатын орны қандай деген сияқты эссе көлемі бір беттен аспауы керек.

3. Жарыс жұмыстары төмендегі атаулармен қабылданады: «Бұл кітап өмірімді өзгертті», «Менің қазіргі оқып жүрген кітабым», «Өз достарыма ұсынатын кітабым», «Менің жанұямның сүйікті кітабы», «Кітап менің әлемім».

Кітап қорын толықтыру мақсатында Акция ұйымдастырылды. Акцияның мақсаты – оқушыларды, ата-аналарды, мұғалімдерді, қызметкерлерді қатыстыру арқылы қоғамда оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, болашақ жастарымыздың бойында рухани мәдениетті дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыру. Акцияға 400 ден аса мектебіміздің қызметкерлері, ұстаздары, ата-аналарымыз, оқушыларымыз қатысып, бір-біріне қалаған кітаптарын сыйға тартты. Кеш барысында кітапханамыздың «Ең үздік оқырмандары» мақтау қағаздарымен марапатталып, сыйлық картасы тарту етілді. Сонымен қатар кітап фестивалі өтті онда оқушылар көптеген танымдық ойындар, оның ішінде «Мен кімін?», «Қойылымнан үзінді», «Әңгіме жазайық», «Мен оқыған кітап» жобалары өткізілді.

Абай атамыз: «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» дегендей, барлық білім – кітапта. Қазіргі техникалық заманда осындай акцияларды ұйымдастыру біздер үшін аса маңызды. Мектепте «Ең үздік оқырман» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға әр сыныптан іріктеліп алынған бір қатысушы, яғни 8-16 жасқа дейінгі 1 үміткерден қатысады. Байқау үшінші тоқсанда екі ай көлемінде жүргізілді. Байқауға мектеп кітапханасының оқырмандары мен мектеп оқушылары қатысты. Сарапшылар алқасы қатысушылардың өнерін бағалау кезінде оқырмандардың шығарманы таңдау талғамына, дауыс мәнеріне, тіл тазалығына, жан-жақты білімділігіне, сахнада өзін өзі ұстау мәдениеттілігіне назар аударды. Мектеп кітапханасы мен мектеп ұжымы байқауға қатысқан оқырмандарын сыйлықтармен марапаттап алғыстарын білдірді. Оқырманның кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру әрбір кітапханашының борышы, - деп танимыз.

Оқушы кітапхана арқылы ақыл-ойдың інжу-маржанын бойына жинайды. «Кітапсыз өткен бір күн, орны толмас бос күн» демекші, оқушыларды көркем әдебиеттерді таңдап оқи білуге үйрету қажет. Ол үшін оқырмандарды жас күнінен бастап өмір бойы оқи білуге баулу керек, - дейді А.И.Маткулеевич.

Кітапханада оқушыларды айналадағы өмірмен жақсы болуға, адамға мейіріммен қарауға, жақсылық істеуге тәрбиелейді. Мұндай іс шараларды орындай отырып, дарынды балалар лидер, басшы, бақылаушы, сыншы рольдерін алады. Рольдік ойындарға, қойылымдарға қатысу арқылы оқушыларда өзіндік бағаның қалыптасуына, өзіне деген сенімділікке, өз көзқарастары мен ойларының қалыптасуына ықпал етеді. Мен өзімнің тәжірибеме жүгіне отырып, оқушыларға әр жылда әр түрлі жобаларды қолға алып ұйымдастыру арқылы оқушы санасына білім мен тәрбие нәрін сіңіре білдім деп есептеймін. Бұл көріп отырған іс шараларыңыз 2021-2022 оқу жылында жасаған тәжірибем. Тәжірибені қолдану барысында мынадай нәтижелік көрсеткіштерге жеттім: оқушыларымның оқуға деген қызығушылығының артуы танымдық белсенділіктерінің артуы. Осы ісімді жалғастыра келе, өзге де қазақтың ақын-жазушылары туралы түрлі деңгейдегі іс-шараларды ұйымдастыруды дәстүрге айналдырдым. Келесі оқу жылына тағы басқа жобаларды іске асыру жоспарда бар, мысалы «Кітап әлемді бағындырады», «Кітап FEST» жобасы.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде қоғамымыздың дамуына қарай ақпаратты жан-жақты алу аудио, видео, интернет жүйесі арқылы мүмкіндік туғанымен, кітапхана арқылы әдеби кітаптарды оқи отырып алатын білім мен салауаттылықтың орны ерекше.

Әл - Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» - деген, тәрбие жұмысын ұтымды ұйымдастыру арқылы жеке тұлға қалыптастырудың маңызын нақты көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://ast.nis.edu.kz/kk/o-shkole-2/mektep-kitaphanasy/> НИШ мектеп кітапханасы .Нұрсұлтан қаласы
2. <https://www.facebook.com/nis.hbn.shymkent/> НИШ мектеп кітапханасы Шымкент қаласы
3. Мектептегі кітапхана-2018.-№6- 136.

МЕКТЕПТІ ДАМУДАҒЫ ЖОБАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ

Балтабекова Анар Турсунбаевна

Матаева Сауле Романована

Педагогикалық шеберлік орталығы, Шымкент қаласы

Мектепті басқарудың басты мақсаты – мектепті дамыту болып табылады. Ал дамыту үдерісі өзгеріс ендірумен тікелей байланысты. Өзгерісті ендіру тиімді болып, оң нәтижелер беру үшін бұл үдеріс инновацияларды ендіру арқылы жүзеге асқаны абзал.

Инновация жаңа білімді қалыптастыру және қолдану ретінде тек бір сыныптағы проблемаларға ғана емес, сонымен қатар инновацияларды құру, сынау, тарату, жалпылау, игеру және енгізудің тиімді ұйымдастырылған процесі негізінде қоғамның сын-қатерлеріне жауап беру аясында бүкіл білім беру процесін жүйелі зерттеуге және уақытылы дамытуға негізделуі керек. Бұл үшін маңызды құрал инновациялық менеджмент ұғымымен тығыз байланысты жобалық менеджмент болып табылады.

Алдымен жобалық менеджмент идеясының не екенін біліп алайық.

Жобалық менеджмент инновациялық қызмет жобасының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар, операциялар мен іс-шаралар кешені болып табылады.

Жоба – бұл бір реттік, қайталанбайтын қызмет немесе нәтижесінде белгілі бір уақыт ішінде инновациялық қызметтің нақты қойылған мақсаттарына қол жеткізілетін әрекеттер жиынтығы (1-сурет).



1-сурет. Жоба жүйелік тәсілдеме аясындағы процесс ретінде [И.С. Богомолова, С.В. Гриненко және т.б.]

Жобалар инновациялық қызмет арқылы білім беру процесіне өзгерістер енгізу арқылы жүзеге асырылатын оқушының, педагогтің, әкімшіліктің, жалпы

мектептің қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында туындайды (1-сурет). Қажеттілік пайда болады және жүзеге асырылады, ал менеджмент бұл қажеттілікті қанағаттандырудың қажеті бар-жоғын анықтайды. Егер қажеттілік маңызды деп танылса, жоба осы қажеттілікті қанағаттандыру үшін ұйымдастырылады. Осылайша, қажеттіліктер жобалардың негізгі қозғаушы күші болып табылады.

Қажеттіліктерді дәл анықтаудың жеткіліксіздігі келесі проблемаларды туындатуы мүмкін:

- Мақсаттардың айқын болмауы;
- Көлемінің шындыққа сәйкес келмейтін тым ауқымды болуы;
- Дұрыс қойылмаған мәселелерді шешу;
- Оқушылар, педагогтер мен әкімшілік, білім беру процесі және жалпы мектеп үшін өзгеріс енгізу мақсаттарының қарама-қайшы болуы;

Адамдардың міндеттері аясына жатпайтын, міндетті емес немесе мүмкін емес міндеттерді шешуге уақыт жоғалту.

Жобалар білімге, идеяларға және инновациялық қызметтің нәтижесіне қол жеткізудің жоспарлы, жүйелі және ғылыми-әдістемелік ережелерге негізделген ұйымдастырушылық шеңбері болып табылады. Инновацияларды жобалау ұйымының құралы заманауи басқару жүйелерінде кеңінен қолданылады.

"Жоба" ұғымы бірқатар жалпы белгілермен сипатталатын әртүрлі іс-әрекеттерді біріктіреді, олардың негізгілері:

- нақты мақсаттарға, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге бағытталу;
- жаңалықты қолдану саласының қарқынды дамуы;
- табысқа жетуге бағытталған көптеген өзара байланысты іс-әрекеттерді үйлесімді түрде орындау;
- белгіленген басталуы мен аяқталуы бар уақыттың шектеулі ұзақтығы;
- ресурстардың шектеулілігі;
- сапаға бағдарлану;

пәнаралық тәсілдеме.

Жобаны басқару – жобалардың мерзімдеріне, бюджетіне және күтілетін нәтижелерінің сипаттамаларына қойылатын белгілі бір талаптарға сәйкес өзара байланысты іс-шаралар кешенін орындау нәтижесінде алдын ала қойылған мақсаттарға табысты қол жеткізу үшін әдістерді, құралдарды және басқаруды қолдану жолымен ресурстарды (адами және материалдық) басқару жөніндегі кәсіби қызмет.

Тиімді басқару – жоба менеджменті жобаның міндеттері, мерзімі, шығындары, өнімділігі мен сапаның арасындағы тепе-теңдікке негізделген. Жобаларды басқару институтының анықтамалығына сәйкес, басқару бес түрлі процеске бөлінеді, олардың үшеуі жобаның "негізін" – оның негізгі кезеңін құрайды.

Инициация – жобаның басталуы туралы ресми хабарландыру. Бұл кезеңде мектеп ұжымы (әкімшілік, педагогтер, оқушылар және ата-аналар)

даму қажеттіліктерін нақтылайды, соның негізінде жоба менеджменті негізінде басқарылатын инновациялық қызметтің мақсаттары айқындалады. Бұл кезең басшылыққа жобаға және оның менеджеріне өз қолдауын білдіруге, жобаның маңыздылығын атап көрсетуге дайын мүдделі әріптес тұлғаларды (сарапшы-ғалымдар, кәсіпкерлер және т.б.) табуға мүмкіндік береді. Бұл кезеңде жобаға ресурстарды бөлу, менеджерге қажетті өкілеттіктерді беру туралы шешімдер қабылданады.

Негізгі кезең – бір-біріне тәуелсіз үш ішкі процесті қамтиды.

Жоспарлау – инновациялық қызметтің мақсаттары мен міндеттерін және жұмыс көлемін анықтаудан басталады. Жобаның мақсаттарына қол жеткізудің балама жолдарын талдау және таңдау, талаптарды нақтылау негізінде жобаны іске асыру жоспары және оның кестесі жасалады, онда нені және қашан істеу керектігін, оны кім орындайтыны және бұл үшін қандай ресурстық қолдау қажет екендігі көрсетіледі. Сонымен қатар жоспарлау тәуекелдерді бағалауды және оларға жауап беру тәсілдерін таңдауды қамтиды.

Жобаны орындау – жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жобаның ресурстарын үйлестіру мен басқаруды қоса алғанда, жобаны іске асыру жөніндегі жұмыстарды орындау.

Жобаны бақылау – жұмыстардың орындалуын қадағалау (мониторинг), жобаның жай-күйін талдау, оны жоспарлы көрсеткіштермен салыстыру, есептілікті ұсыну. Жоба менеджері жағдайды өзгерту үшін қандай түзетулер мен реттеуші іс-әрекеттер қажет екенін анықтауы керек.

Жобаны аяқтау – жобаны қорытындылау, жобаны әкімшілік тұрғыдан жабу (қаржыландыру болған және сыртқы сарапшы-ғалымдар мен кәсіпкерлер тартылған жағдайда орындалған жұмыстардың актілеріне және өзге де құжаттарға қол қою), іске асырылған жобалардың тәжірибесін жинақтау, білім қорын жинақтау.

Білім беру ұйымдарының тәжірибесінде инновациялық қызмет жобасын әзірлеу және енгізу төрт кезеңнен тұрады.

I. Жобалау алдындағы зерттеу (жобаны әзірлеу),

II. Жобаны іске асыру: бұйрық дайындау, кеңес өткізу,


III. Жоба нәтижелерін енгізу

IV. Жобаны іске асыру тәжірибесін талдау

[Прикот О.Г., Виноградов В.Н.]

Жобалық басқару процестерінің құрылымы жоба менеджменті негізінде инновацияларды басқару жөніндегі директордың басқару қызметінің ерекшеліктерін көруге мүмкіндік береді (2-сурет).

Жобалық менеджменттің негізгі мазмұны – жоба идеясы туындағаннан бастап нәтиже алғанға дейінгі процесс бақылауда болатын, шекті ресурстар жағдайында тиімді нәтиже алуға бағытталған үдеріс.



2-сурет. Инновацияларды жобалық басқару процестерінің құрылымы [И.С. Богомолова, С.В. Гриненко және т.б.]

Өзара байланысты басқару процестерінің жоғарыда аталған топтары жаңашыл өзгерістерді ұсыну және мектептің білім беру процесіне енгізу нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Әрбір жобаны жүзеге асыруда жобаның нәтижелеріне қол жеткізуге әсер ететін сыртқы және ішкі (жобаға қатысты) факторлардың жиынтығын бағалау отыру қажет. Оларға: қағидалар, заңдар, ережелер, дәстүрлер, үрдістер, физикалық немесе экономикалық жағдайлар жатады. Жоба менеджментінің маңызды функциясы: негізгі тұлғалар мен факторларды анықтау үшін қоршаған ортаға жүйелі түрде шолу жасау – болып табылады. Ол әртүрлі формада жүзеге асырылып, кездейсоқ бақылаудан бастап мақсатты түрде жоспарланған және жоғары деңгейде құрылымдалған инспекцияға дейін болуы мүмкін.

Бір айта кетерлігі, жоба және жобаларды басқару жөнінде тренингтер ұйымдастырылғанымен, мамандық ретінде оқытылмайды. Сондықтан қазіргі уақытты мектеп басшыларының мектепті басқару мен жобаны басқару құзыреттіліктерін дамытуда педагогикалық шеберлік орталығы «Мектепті

басқарудағы инновациялық менеджмент» біліктілік арттыру курсына жобалық менеджментке баса назар аударылуда. Өйткені тренер ретінде тәжірибедегі зерттеулер нәтижесінде басшылардың басым көпшілігінің жобаны мектеп қажеттігіне қарай жоспарлай алу дағдыларын жетілдіру керектігін анықтадық.

Жобаның нәтижелерін өлшеу, бағалау индикаторлары мақсатпен, күтілетін нәтижесімен тығыз өзара байланыста болу маңызды. Ол үшін мектеп қажеттілігін анықтауда басшылардың деректермен жұмыс жасау, оларды өңдеу, қорытынды жасау арқылы жоба мазмұны анықталатынын түсіну маңызды. Міне, осы анықталған қиындықтарды шешуге бағытталған ғылыми-әдістемелік жұмысымызды басшылардың біліктілігін арттыру курстарда жалғастырамыз. Біліктілік курстарын оқыған басшылар өз жұмыстарында инновациялық менеджмент ретінде жобаларды табысты енізіп, білім беру ұйымының тиімділігін арттыруда.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. И.С. Богомоллова, С.В. Гриненко, Е.С. Едалова, Е.К. Задорожня, Ю.В. Развадовская, Т.В. Седова, А.Ю. Федотова, А.В. Ханина, И.К. Шевченко. 3.3. Инновациялық қызметтегі жоба менеджменті// http://www.aup.ru/books/m1518/3_6.htm
2. О.Г.Прикот; В.М.Виноградов Управление современной школой. Вып. проектное управление развитием образовательной организации: науч. метод. пособие. Ростов н/Д; 2006. 256 с.
3. Тултабаев С. Жобаны басқару: жобалық ойлау дағдылары/ семинардың презентациясы.
4. Боронина Л. Н. Жобаларды басқару негіздері. – Екатеринбург: Орал универ. баспасы., 2015. – 112 б.

ПРОЕКТЫ КАК ОСНОВА РАЗВИТИЯ ШКОЛЫ – ЗАЯВКА НА УСПЕХ

*С.И. Бородина
«Школа-гимназия №5»
г. Ленгер
Толбыйский район*

Редьярд Киплинг когда-то сказал: «Образование – величайшее из земных благ, если оно наивысшего качества. В противном случае оно совершенно бесполезно».

Сегодня борьба за качество образования выдвигается как ведущая задача в деятельности каждого учебного заведения. И каждый ищет решение данной проблемы по-своему, так как современная ситуация в нашем образовании

выдвигает требования к непрерывности, прогрессивности и адаптивности процессов обучения и воспитания, а главное, к профессиональной компетентности и мобильности руководителя и его команды.

Вы когда-нибудь задумывались над тем, что может быть общего между понятиями «школа» и «часы»?

Конечно, в первую очередь, эти понятия роднит движение. И обязательно, движение только вперед.

Часы, когда батарейка ослабевает, могут отставать от общего времени и даже остановиться. Поэтому для них необходим новый «завод» или замена батарейки.

Так и школа, в моем понимании, - это движение, и движение только вперед.

Закончился прежний «завод» - эксперимент по 12-ти летней модели обучения (где наша школа была экспериментальной площадкой и показывала хорошие результаты как по апробации новых учебников, так и по апробации критериального и формативного оценивания). Требуется новое «зарядное» устройство, которым стала «7-ми модульная» модель обучения, на смену которой пришло обновление школьного образования.

Обновление произошло! Что же теперь?

Срочно нужна новая мысль, новая идея, очередная большая перспектива...

И тут большую помощь руководителю сможет оказать грамотно продуманная программа развития школы, которая определит перспективы и стратегии деятельности образовательного учреждения, а главное, даст мощный импульс массовому педагогическому творчеству, поддержит действительно новаторский и передовой опыт учителей-мастеров, учителей-практиков, чья деятельность прямо направлена на повышение качества знаний.

Программа развития школы по своему смыслу – это нормативная модель совместной деятельности администрации школы, педагогов, учеников и родителей, определяющая нынешнее состояние образовательного учреждения и образ прекрасного желаемого будущего.

Наличие данной модели каждому директору школы даст уверенность четко определять желаемый качественный конечный результат и пошаговые действия для достижения поставленных целей: ведь видеть свою школу будущего, в перспективе - это важная творческая задача руководства, способная изменить статус, структуру и даже назначение образовательного учреждения.

На мой взгляд, программа развития школы должна быть сугубо индивидуальной, она должна составляться тщательно и качественно, с учетом творческого потенциала кадров, возможностей обучающихся и запросов общества. Она не должна быть просто регламентирующим документом, а быть действенным наряду с общешкольным планом.

Программа развития обязательно должна включать в себя интересные новаторские проекты по обновлению или изменению УВП (учебно-

воспитательный процесс) и обладать определенными качествами: актуальностью, прогностичностью, рациональностью, реалистичностью, целостностью, контролируемостью, чувствительностью к сбоям и дальнейшей коррекции.

Так, на дальнейшую перспективу в школе – гимназии №5, города Ленгера, Толебийского района заявлено пять проектов, которые будут внедряться одновременно с этого учебного года:

- «Метапредметность в обучении»
- «Тематическая неделя»
- «Быть лучшим»
- «Увлекательное чтение»
- «Форма – лицо школы»,

основное назначение которых, при качественной реализации, будет способствовать созданию «нового» образа нашей школы, данные проекты помогут реформировать содержание обучения, качественно изменят управленческие структуры, методическую службу и воспитательную работу.

Программа развития школы включает:

Гипотеза: реализация данных проектов в формате программы развития школы будет способствовать мотивационной готовности участников учебно-воспитательного процесса к получению качественного образования и обновления УВП.

Цель: создание новых условий в школе-гимназии, в которой будет комфортно, интересно, значимо сотрудничать и ученикам, и учителям, и родителям.

Задачи:

- изучить информацию по каждой проблеме, предложенной в проекте;
- определить актуальность;
- предложить новые идеи школе;
- разработать, оформить и представить проекты на согласование и утверждение педагогическому совету школы;

Что у нас:

было → классическая школа - гимназия

есть → классическая школа- гимназия + устоявшиеся традиции

будет → «новая» школа-гимназия с индивидуальным форматом развития

Проект «Метапредметность в обучении»

СУТЬ проекта:

Использование образовательного ресурса метапредметности в обучении с целью устранения разобщенности знаний школьников, разделенных по отдельным учебным предметам, и получение ими представления целостной картины мира через формирование интегративной компетентности.

Главная ЗАДАЧА проекта:

Внедрить в процесс обучения технологию метапредметности, подразумевающую интеграцию содержания образования и подготавливающую школьников к участию в международных исследованиях «TIMS» и «PISA».

ИДЕЯ проекта:

Объединение пограничных смежных предметных дисциплин с целью получения универсального знания школьником, непривязанного к отдельным предметам и в то же время включающих их.

НАЗНАЧЕНИЕ проекта:

Обучить детей приемам, техникам, схемам, таблицам различной познавательной деятельности, которые обучающиеся смогут и должны использовать не только при изучении отдельных дисциплин, но и во внешкольной жизни при социализации, выработать УУД (универсальные учебные действия).

АКТУАЛЬНОСТЬ:

Решить проблему формирования универсальных учебных знаний и действий в системе общего образования, развить компетенцию: «учить учиться» под девизом: «Не мыслям следует учить, а мыслить».

СОДЕРЖАНИЕ:

Использование образовательного ресурса «метапредметность в обучении» с целью устранения разобщенности знаний школьников, разделенных по отдельным учебным предметам, и получение ими представления целостной картины мира через формирование интегративной компетентности.

ВРЕМЯ действия проекта:

В течение 5 лет

РЕСУРСЫ:

Методический кабинет школы

Кафедры методических объединений.

Педагоги-мастера

Педагоги –исследователи

ЦЕЛИ и ЗАДАЧИ проекта

Научить обучающихся организовывать свою образовательную деятельность на уроке.

Вырабатывать навык правильного определения целей и средств для их реализации с применением на практике общих ЗУНов.

Формировать умение работать самостоятельно, « в паре», «в группе», «коллективно», в формате: «работаем вместе», «работаю с другом», работаю сам».

Активизировать методы работы с различными источниками информации. Готовить обучающихся к будущему профессиональному выбору, учить правильно ориентироваться в мире профессий, ситуации на рынке труда и в системе профессионального послесреднего образования с учетом собственных интересов и возможностей.

Осуществлять на уроках качественную подготовку к участию в международных исследованиях «TIMS», «PISA», применяя логические задачи различного уровня сложности.

АУДИТОРИЯ ПРОЕКТА

Ученики 1-11 классов

Педагоги школы

Родители

ОЖИДАЕМЫЕ РЕЗУЛЬТАТЫ

Будет развита у обучающихся уверенная ориентация в различных предметных областях;

Сформируется у обучающихся универсальные учебные действия, которые помогут войти «безболезненно» в окружающий мир;

Расширится диапазон знаний при подготовке обучающихся к написанию и защите научно-исследовательских проектов;

Сформируется качественный интерес у обучающихся к изучаемым дисциплинам и к школе в целом;

Соединение гуманитарных и естественно-научных дисциплин позволит качественно обновить современный формат урока, повысить профессиональный и интеллектуальный уровень, как педагогов, так и обучающихся;

Повысится общая мотивация к получению качественного образования в школе, повысится общий уровень подготовленности учащихся к международным исследованиям «TIMS», «PISA».

Прогнозирование

Предметы	Процент качества знаний				
	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025	2025-2026
Физика	56,8%	57%	58%	59%	60%
Химия	65,01%	66,05%	67,06%	68,05%	69%
Биология	57,93%	59%	60%	61%	62%
Математика	47%	47,05%	48%	48,5%	49-50%
Казахский язык	68%	69%	70%	72%	72-74%
Литература	75%	76%	77%	78%	79-80%
Русский язык	69%	70%	71%	72%	73%
Английский язык	71%	72%	73%	74%	75%
История Казахстана	70%	71%	72%	73%	74-75%
География	69%	70%	71%	72%	73%
Информатика	79%	80%	81%	82%	83%

**Внедрение технологии «метапредметность»
(на примере трех учебных дисциплин в разрезе двух лет)**

Результаты	
Было (2020-2021)	Стало (2021-2022)
Физика (Смагина С.Н.) 52,06% Химия (Цвор Е.Д.) 55,89% Биология (Ергешев Х.Р.) 56,80%	Физика (Смагина С.Н.) 47,70% Химия (Цвор Е.Д.) 65,01% Биология (Ергешев Х.Р.) 57,93%

Результаты предметных олимпиад	
Было (2020-2021)	Стало (2021-2022)
Физика (Смагина С.Н.), Район 1 место (10кл), Область «Алғыс хат» Химия (Цвор Е.Д.) -,- Биология (Ергешев Х.Р.) Район 1 место (10 кл) и 2 место (9 кл)	Физика (Смагина С.Н.) Район 1 место(9кл), 3 место (11 кл), область 3 место (11 кл) Химия (Цвор Е.Д.) Район 1 место(9кл), 3 место (11 кл), область 3 место (11 кл) Биология (Ергешев Х.Р.) Район 1 место (10 кл), 1 место (11 кл), область «Алғыс хат» (11 кл)

Ожидаемые результаты от реализации 5-ти проектов

Реализация данных проектов в формате Программы развития школы будет способствовать развитию человека «будущего» как высокоинтеллектуальной, творческой, здоровой и уверенной в себе личности, которая будет успешно адаптироваться в современном обществе в условиях новых вызовов.

Проблемы и решения при реализации программы развития и проектов:

Проблемы	Решения
№1 Отсутствие должного интереса к программе развития школы, к проектам, меняющим устоявшийся	Четко проводить – «нить» от цели работы каждого участника образовательного процесса до

«быт» в школе со стороны глобальной конечной цели школы. отдельных членов коллектива.

№2 Отсутствие у педагогов должного опыта и определенных знаний, некоторой компетентности при реализации творческих проектов.

Организация внутришкольной учебы педагогического коллектива в формате «Кейс-Stady» по проблеме внедрения проектов.

Руководителю четко понимать: что люди – это ресурс и для реализации проектов необходимы «нужные» и «умелые» (важно составить «портрет» «идеального зама», «идеального педагога»).

№3 Трудности перестройки традиционной модели обучения, преодоление инертности мышления.

Руководитель обязан своим примером быть во всем первым, показывать: мастер-классы, проводить «мозговой штурм», открытые уроки, методическую учебу, доводить до педагогов мысль: «не говори «нет», пока не попробуешь».

№4 Сохранение разрыва в уровне качества образования между гуманитарными и естественно-научными учебными дисциплинами.

Вводит в процесс обучения технологию метапредметности.

№5 Недостаточно высокий уровень инновационного, творческого потенциала педагогического коллектива.

Обязательное обучение, самообразование, повышение квалификации, участие в различных конкурсах, олимпиадах, проектах, составление собственных работ различного контекста.

№6 Нерациональное распределение функциональных обязанностей в административном корпусе.

Оптимизация управленческой команды.

Четкое распределение функциональных обязанностей с закреплением через приказ строгой ответственности за порученное дело. Создание «группы быстрого реагирования» ГБР.

№7 Отсутствие мотивации работать по-новому, связанной с системой поощрения педагогов. Обязательное поощрение посредством благодарности, премии ... Уход руководителя от принципа: «Покричать, когда плохо, промолчать, когда хорошо».

То, что мы делаем сегодня, - это еще один шаг к тому, какими мы будем завтра!

В жизни должны происходить перемены. Бояться их, избегать – значит, бояться и избегать самой жизни!

Конечно, страшно пробовать что-то новое, но надо, если хотим «расти».

Перемены всегда приводят к новым перспективам и открытиям захватывающих возможностей!

Так что делаем глубокий вдох и вперед!

ШАЛҒАЙДАҒЫ АУЫЛДЫ ЖЕРДЕГІ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ БІЛІМ САПАСЫН КӨТЕРУДЕГІ ТӘЖІРИБЕМЕН БӨЛІСУ

Есмурзаев Бауыржан Куанышбайұлы

Төлеби аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі Қасқасу шағын жинақты жалпы орта білім беретін мектебінің директоры

Қазіргі заманда ауыл мектептеріндегі білім сапасы қандай? Бұл мәселе қатардағы қарапайым адамнан бастап, жоғарғы лауазымды адамдарға дейін еліміздің барлық азаматтарын мазалайды деп ойлаймын. Себебі, адами капиталды дамытуда, бәсекеге қабілетті ел болуда, ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, отаншылдық сияқты қасиеттерді жас ұрпақ бойына сіңіріп тәрбие беруде мектепте сапалы білім шешуші рол атқарады. Әрине ең бірінші мектептегі білікті, кәсіби жетістігі мол, шығармашылық шындалған, әрбір 45 минуттық сабағын ерекше жоспарлайтын, сабақ барысында сараланған тапсырмаларға жете мән беретін, әрбір сабағының кері байланысы мен формативті бағалауына баса назар аударатын ҰСТАЗ -дан сапалы біліммен қаруланған шәкірт шығады дегенді сенімді айта аламын.

Мектепте сабақ беретін ұстаздардың 3-і педагог-зерттеуші, 6-ы педагог - сарапшы, 12 ұстаз педагог-модератор және бір ұстаз ескі санатта. Енді осы ұстаздар санаттарға қалай қол жеткізді, әрине оның барлығы қажырлы еңбек, олимпиада жеңімпаздарын дайындау, түрлі кәсіби байқаулар, ғылыми жұмыстарға жеңімпаздарды баулу арқасында. Жалпы білім саласындағы адамдар сол білім саласындағы көрсеткіштермен жұмыс істеуі керек.

Тоқсанның қорытындылары былтырғы жылға қарағанда қалай, 3 алатын балалардың саны азайды ма әлде көбейді ме?! Бұл менің педагогикалық кеңесте әрбір пән мұғалімдерінен сұрайтын бірінші мәселем.

Екінші мәселе мұғалімдердің біліктілігін дамыту дер кезінде курстарға жіберіп отыру олардың қажеттілігіне қарай жүргізілуі керек. Яғни мұғалімдердің сабақтарына қатысу арқылы, сауалнамалар жүргізу арқылы ол ұстаздардың қандай қажеттіліктері бар міне осы жағынан қарауымыз керек. Білім сапасын көтеру көптген факторларға байланысты. Солардың бірі – педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі. Ендеше мұғалімдердің шығармашылық ойлай білуін, тез бейімделуін, педагогикалық процесті жүйелі түрде алдын ала болжай алуда үздіксіз біліктілігін арттыру қажет. Мектепте санаты жоғарғы, педагогикалық өтілі үлкен тәжірибелі ұстаздардан шығармашылық топ құрылған. Бұл топтың ең бірінші кезекте атқаратын жұмысы ол басқа ұстаздарға кәсіби қолдау беруі. Мәселен әрбір аптаның сенбі күндері бұл біздің ұстаздар үшін кәсіби қолдау табатын күні. Жоспарға сәйкес сол аптадағы сабақтарға енуде не қиыншылық немесе сабақ өткен мұғалімге қандай қолдау қажет, сол тақырып аясында бүкіл ұстаздарға әдістемелік қолдау көрсетіліп отырады. Себебі жасыратыны жоқ, біз қатені көргенде неге олай, бір сөзбен айтқанда жағымсыз пікірлер білдіреміз. Бұл жағымсыз пікір өз кезегінде мұғалімнің жасанды іс-әрекет жасауына әкеліп соғып жатады.

Ал оқу мен оқытуды жақсарту үшін қателер жасырылмай, керісінше оның себептері анықталып, тиімді кері байланыс берілген жағдайда мұғалім өзінің әріптесі тарапынан көмекті анық түрде сезініп, ол ешқашан жасандылыққа бармас еді. Әрине, бір қолдауда өзім мінберге шығып сөйлеп әдістемелік кәсіби бағдар жасап отырсам, келесі аптаның басқа күндерінде шығармашылық топтың көмегі өте зор. Үшінші мәселе яғни материалдық-физикалық ортаны жақсарту. Бұл жерде біздің айтып отырғанымыз бізге мектепке қыруар қаржы бөліп, алтынмен аптап, күміспен қаптап қоюдың қажеті жоқ. Бірақ оқуға қажетті құралдармен стандарттарға сай жабдықталуы керек. Кез-келген білім шаңырағына қатысты сөз қозғағанда оның материалдық-техникалық базасы мен мұғалімдер құрамының біліктілігіне ғана емес, оқыту ерекшелігіне қатысты жағын да ескеруіміз керек. Әдетте, қала мектептерінің бұл тұрғыдағы мүмкіндігі мол. Бұл ортадағы бәсеке де айқын болатыны анық.

Сондықтан да қала балаларының таңдау құқығы жоғары. Ал осы бәсекеге қабілетті білім ордаларының арасынан топжарып, білім сапасының ең биік шыңына қол жеткізу тіптен қиын. Дәл осы жерден мектеп ұжымының кәсіби біліктілігіне деген талғам артып, үнемі көшбасшы болуға деген талап та ұлғая бермек. Ұлттық бірыңғай тестілеу қорытындысы бойынша да оқушылар өз білімін айқын дәлелдеп, орташа есеппе шаққанда 86 балл жинады. Бітірушілердің 75-90 пайызы мемлекеттік грантқа ие. Күні кеше ғана шыққан ҰБТ бойынша грант нәтижесі 100 пайызды көрсетті. Бұл ұстаздардың қажырлы еңбегінің арқасы. Негізінен, мектептегі білім сапасы мен оқу үлгерімінің жоғары болуы тәртіп пен орынды талаптың нәтижесінде келетін үлкен еңбектің

нәтижесі. Ұжымдағы ауыз бірлік пен кәсіпке деген сүйспеншілік, ұрпақ алдындағы жауапкершілік пен ізденімпаздық тізе қосқан жерде жетістік те ілесіп жүрмек. Бұл екі талап біздің мектепке тән нәрсе. Оқу бағдарламасындағы ерекшелік, қаржыландыру бағытындағы жүйелілік те білім сапасына әсер етеді. Мен ұжымдағы жас әріптестерге жұмысқа қабылданаған кезде «Қатардағы көп мұғалімнің бірі болып айлық алып жүре беруді ойласаңыз, осы арадан кері қайтқаныңыз жөн болар» деп айтқаным бар.

Біздің міндетіміз – есептің шығару жолын үйретіп қана қоймай, оның жауабына жету үшін үлкен ізденіс керектігін балаға ұғындыру. Жалпы кез келген мектептің маңдайшасына мектеп миссиясы «Функционалдық сауаттылығы жоғары, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, отанын сүйетін, салауатты өмір салтын ұстанған, жаһандық кезеңде бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру» деп жазылып қойылған. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» дейді дана халқымыз. Бүгінгі таңда мұғалімдерді аттестаттау кезіндегі ұстаз жетістігі оқушының білім деңгейімен сараланады. Сабақ беретін сыныптарындағы оқушылардың білім сапасы, оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық пән олимпиадасына қатысуы, қашықтықтағы түрлі олимпиадаларға қатысып, жүлдегер атануы мұғалім біліктілігінің жоғары екендігінің айқын дәлелі. Білікті оқытушыдан ғана білімді оқушы тәрбиеленеді. Бұл жерде ұстаз – оқушы – ата-ана бірлігі туралы айтып отырмын. Ұстаздан жаңашылдық, оқушыдан құштарлық, ата-анадан сүйіспеншілік болған жерде тәлім мен тәрбиенің өзегі қалыптасып, «тізбекті реакция» арқылы мектеп жұмысы да жеңілдейтіні анық.

Сонымен қатар интернет жүйесінің де қалыпты жұмыс жасамауы білім сапасына кері әсерін тигізеді. Бірақ, білім саласындағы шешімін күттірген мәселелерді айтқан кезде тұтас мұғалімдердің қызметіне қатысты біржақты көзбен қарауға болмайды. Көп жағдайда ұстаздың жанкештілігінің арқасында білім мен тәрбие беру ісінің алға басып келе жатқанын мойындауымыз керек.

2018 жылы орынбасарлық қызметке жаңа келегенде Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті, академик Асқарбек Қабікенұлы Құсайынов ағамыздың бастауымен білім беру сапасын көтерудің үздік әлемдік және отандық тәжірибелерін зерттей отырып, білім сапасын көтеру жұмыстарын ғылыми-практикалық негізде атқару мақсатында эксперимент жүргізу жөнінде ұсыныс жасалып, бұл ұсыныс мақылданып Төлеби және Ордабасы аудандарының 20 мектептерінде 2 жылдан астам уақыттай жүргізіліді. Орта білім беру жүйесі аса күрделі жүйе, сондықтан оның басқа жүйелер секілді жүйе құраушылары бар. Эксперименттің те негізгі мақсаты – осы жүйе құраушыларының сапасын ішкі резервтерді, яғни облыс аудандық білім басқармалары мен мектептердің ішкі резервін кеңінен пайдалана отырып көтеру.

Қазіргі уақытта білім сапасын көтеруде әсіресе ауыл мектептерінің сапасын көтеру де маңызды проблемалардың бірі. Білім сапасын бағалаудың Халықаралық PISA зерттеулері де, елімізде бұл проблеманы шешудің

қажеттігін көрсетіп отыр. Ауыл мектебіне яғни өз мектебіміздің осы экспериментке түскендігінің өзі мектеп ұжымына үлкен өзгеріс әкелді. Себебі, экспериментті қолдау мақсатында Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы, Педагогикалық ғылымдар академиясы, М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Назарбаев зияткерлік мектептері ДББҰБ, Педагогикалық шеберлік орталық тренелері үлкен қолдау көрсетті. Эксперимент сыныптарға сабақ беретін ұстаздардың кәсіби қолдаудың арқасында ақылдасу сабақтарын ұйымдастырып өтуі ерекше дамыды. Мұғалімдердің сабақ өтуде әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануы, Эксперимент сыныпта отырған білім алушылардың ерекше көзқарастары өзгерді.

2020-2021 оқу жылында пандемия жағдайында білім сапасының көтерілуіне аудандық әдістемелік кабинеттің бастамасымен «Ерікті студент» жобасын іске асырдық. Бұл орайда өзіміздің мектептен түлеп ұшқан математика, физика, география, информатика пәнін оқып жүрген үшінші және төртінші курстың 5 ерікті студенті келіп, мектептің мұғалімдеріне көмек ретінде қашықтықтан оқу кезінде сабақ өтуде үлкен жәрдемдерін тигізді.

2021-2022 оқу жылының соңғы жарты жылдығында Павлодар облысы, Май ауданы, Малайсары жалпы орта мектебімен облыстық білім беруді дамыту орталығының бастамасымен серіктестік орнатылды. Алдағы жаңа оқу жылына жоспарлар түзіліп, атқарылатын іс шаралар нақтыланды.

Мектептің тәжірибелік-эксперименттік қызметінің жұмысы адами капиталды дамытуда, бәсекеге қабілетті ел болуда, ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, отаншылдық сияқты қасиеттерді жас ұрпақ бойына сіңіруде мектепте сапалы білім шешуші рөл атқарады. Осы орайда Педагогикалық Ғылымдар Академиясының президенті, академик Асқарбек Құсайыновтың білім сапасын ғылыми негізде көтеру бйынша экспериментіне қатысқан мектептің бірі болатынбыз және сол эксперимент кезінде қалыптасқан жұмыс жоспарын әлі оқу процесінде қолданып келеміз. Білім сапасын көтерудің 8 құраушысы болса, эксперименттің мақсаты солардың ішіндегі 6 құраушының сапасын көтеру. Осы 6 құраушының сапасын көтеру мақсатында жыл бойына жүйелі жұмыс жүргізіп келеміз.

1. Педагог кадрлардың кәсіби біліктілігі сапасын көтеру. «Мұғалімнің кәсіби біліктілігі – нәтижеге бағытталған білім сапасының кепілі» тақырыбында педагогтар кадрлардың біліктілігін арттыру жүйесінің сапасын жетілдіру, педагог құрамының сапасын арттыру, педагог қызметкерлердің мәртебесі мен білім берудегі менеджментті енгізу арқылы - сапалы білім беруде әлемдік стандарттар деңгейіне қол жеткізу үшін пәнге жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу қажет. Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, қазіргі таңдағы инновациялық технологияларды жас ерекшеліктері мен қабілеттеріне байланысты таңдап қолданудың маңызы зор.

2. Білім мониторингі сапасын көтеру. Білім мен дағдыны бақылау мен бағалаудың маңызы мен міндеттері. Оқушылардың оқу материалын меңгергенін тексеру және бағалау – оқыту нәтижелерін бақылау, оқу процесінің

әр түрлі кезеңіндегі оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқару. Білімді тексеру және бағалау оқушының білім алуына көмектесіп, оның және мұғалімнің білім сапасы жөнінде сандық мәліметті аралық тест арқылы көрсетіп отырамыз. Осы арқылы мұғалім оқушының білім деңгейінен хабар алып, оның танымдық жұмысын ұйымдастыруға негіз жасап отырды. Мұғалім өз жұмысындағы жетістіктер мен кемшіліктерге баға беріп, жұмыс әдістерін толықтырып, түзетіп, жеке оқушылармен жұмыстың жолдарын және құралдарын тауып, бағдарламалық білімдердің меңгерілуі деңгейін әрдайым анықтайды.

3. Рухани адамгершілік және патриоттық тәрбие беру сапасын көтеру. «Мәңгілік ел» қағидаларын тәрбие үдерісінде қолдана отырып, тұлғаның жан-жақты дамуына ықпал ету мақсатында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіруде үйлесімді жұмыстар атқару жолға қойылды.

4. Зерттеу жұмыстарының сапасын көтеру.

5. Басқару жүйесінің сапасын көтеру.

6. Материалдық база сапасын көтеру. Оқытуға жаңашыл көзқарасты қолдану, тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады, сондай-ақ оның сапасы алынған білімнің нақты жағдайда мақсатқа жетумен қатар өмірдің сапасын көтеруде үлкен сұранысты қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Жүргізілген эксперименттің қорытынды нәтижесі ретінде білім сапасын көтеру жолдары ұсынылып, әдіс-тәсілдерді тиімді қолданылуында, білім сапасын ғылыми негізде көтеруде Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушылардың (Эксперимент үйлестірушілерінің) атқарған жұмыстарының мақалалар жинағы жарық көрді.

Енді сіздермен өз білім беру ұйымындағы инновациялық жүзеге асып отырған үдерістердің бағыттарымен таныстырғым келіп отыр. Қазіргі таңда жүзеге асып отырған бағыттар:

Ғылыми жетістіктер мен үздік тәжірибені мектеп тәжірибесіне ендіру Мектептегі жүзеге асырылып жатқан жобалар (оқуға құштар мектеп, “Lesson study” сабағы және оны талдау, виртуальды кабинет)

Ғылым жетістіктерін және үздік тәжірибені білім беру үдерісіне ендіру білім басқармалары, ғылыми-зерттеу ұйымдары, жоғарғы оқу орны, облыстық және аудандық әдістемелік кабинеттің және мектептің өзара қатынасы негізінде жүзеге асырылады.

Мектептегі ғылыми жұмыстар мен үздік тәжірибелерді ендіруде негізгі қолданылатын әдістер рейтинг және өзін-өзі бағалау әдісі (білікті сарапшылар тарапынан мәселен осы кезде шығармашылық топ араласады іс-әрекетке баға беріледі. Сарапшыларға міндеттерді шығармашылықпен шешетін, білікті, әділ, нақты, сын көзбен қарайтын және т.б. талаптар қойылады). Екінші көп қолданылатын әдіс ол статистикалық әдіс (сапалық және сандық көрсеткіштерді тіркеу, ретпен түзеу және межеге бөлу).

Мектептегі жүзеге асырылып жатқан жобалар -бүгінгі таңда бұл жобаның алғашқы жұмыстары тәжірибеге енгізіліп, өз нәтижесін аз да болса көрсетіп отырғандығына дәлел болды. Оқыту мен оқуда Lesson Study-ді жүргізу, сабақты өткізу және талдау зерттеуші топ мүшелері сабақтағы әдіс-тәсілдердің тиімді қолдануын, саралау тапсырамалары оқушы деңгейіне сай жасалуын қамтамасыз етуде. Оқушылардың сабаққа қызығушылығы артып, білім сапасының көтерілгені байқалуда. «Цифрлы Қазақстан» жобасы аясында мектептегі виртуалды кабинет жұмысының жүргізілуі білім берудегі инновация балалардың білім алуына, мұғалімдердің сабақ беруіне көмектеседі. Цифрлық сауаттылық-адамның ақпараттық коммуникациялық технологияларды білуі және күнделікті кәсіби қызметте қолдана білу қабілеті. Бұл – қазіргі білім берудегі маңызды үрдістерінің бірі болып табылады. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бала бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруде, оқушыларды кітап оқуға тарту мақсатында «Мектепке - 15 жыл, 15 кітап» аясында ай сайын жоспарға сай кітап оқу марафоны өтізіледі. Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы.

Білім сапасының көтерілу жолында қаншама қажырлы еңбек етсек те бәрібір кездесер қиындықтар алдыңнан қай кезде болмасын шығып тұрады. Сол қиындықтарды болдырмау мақсатында білім сапасының көтерілуіне бірден бір септігін тигізетін ұсыныстар қалдырығым келеді:

- «Үздік педагог» жобасын жандандыру,
- ауылды жерлерге баруларына ықпал жасау немесе дипломмен ауылға бағдарламасын қолға алу;
- Қаланың мықты мектептерімен қауымдастық орнату;
- Кең жолақты интернетпен ауыл мектептерін қамтамасыз ету;
- Университеттің мамандық бойынша төртінші курс оқып жатқан студенттерін «Ерікті студент» жобасы аясында мектептерге тарту;
- Материалдық техникалық базаны қайта жасақтау;

Білім сапасын арттыруда басқа облыстардың үздік мектептерімен серіктестік құру.

Білім мәселесі қай кезде де өзекті. Халқымыздың «Білімдінің күні жарық» деген ұстанымы да тектіліктен хабар беріп, рухани тұлғалыққа жетелейді. Әрине мемлекет тарапынан ауылды жерлердегі білім ошақтарына да жеткілікті көңіл бөлініп отыр. Тек барды ұқсату тиісті сала мамандарының міндеті болғаны жөн.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТЕРІН ДАМУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БАҚЫЛАУ-БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Миндетбаева Акнур Амангелдиевна


Нұртас Оңдасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі - білім сапасын арттыру. Ал білім сапасы жастардың оқуларын ары қарай жалғастыруына немесе білімі бойынша қызметке орналасуына қажетті дағдылар мен білімдерді меңгеруінің маңызды кепілі болып табылады.

Барлық білім беру деңгейлерінде білім алушылардың білім сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасы әзірленді.

Бұл мақсаттың жүзеге асырылуы – ең алдымен педагогтердің жоғары кәсіби шеберлігі мен қажырлы, табанды жұмыс жасауына байланысты. Яғни білім сапасын арттыру үшін, алдымен педагог кадрлардың кәсіби деңгейлері жоғары болуы, сонан соң білім беру үшін қажетті, ыңғайлы орта болуы керек. Ал білім алушылар мен педагогтер үшін ыңғайлы, жағымды ортаны қалыптастыру - мектеп әкімшілігіне байланысты.

Осы орайда мектеп-интернатымызда оқу үдерісі мен басқару сапасын зерделейтін мектепшілік бақылау жүйелі жұмыс жасап келеді. Мектепшілік бақылау төмендегі модель бойынша ұйымдастырылған:




Мектеп-интернат директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары ретінде мектептің әдістемелік жүйесінің сапасына бақылау жасауды келесі 4 бағыт бойынша жүргізіп келемін.



Оқушылардың қабілеті мен деңгейі әртүрлі болатыны сияқты, педагогтердің де шығармашылық қабілеті мен кәсіби шеберлігі бірдей жоғары бола бермейді. Ал осыған байланысты, білім беруде сапалы және тұрақты нәтижелерге қол жеткізу үшін, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін әдістемелік жұмысқа жүйелі түрде саралау жасау қажет. Яғни, алдымен педагог кадрлардың деңгейін көтеруді басты міндетке қою керек. Білім беру ұйымындағы педагогтердің біліктілігі мен шығармашылық ізденушілігінің жоғары деңгейде болуы, білім алушылардың пәнге деген қызығушылығының артуына әсер ететіні белгілі, ал бұл өз кезегінде білім сапасының артуына тікелей ықпал жасайды.

Осыған байланысты, біз педагогтердің әртүрлі санаттары бойынша сараланған жұмыс жүйесін енгіздік. Бұл төмендегі модель бойынша жұмыс істеп келеді:



Мұнда педагогтердің тобы, топ құрамының мүшелері, топтың қызметі және жұмыс жүйесінің нәтижесі келтірілген.


Бұл модельде басты күш жетекші топта екендігін айта кету керек. Жетекші топ құрамына оқушылармен жүйелі жұмыс жасап, жоғары нәтиже көрсеткен мұғалімдер тобы кіреді. Жас мамандар мен үйлестіруші топ құрамының кәсіби шеберліктерінің дамуына да осы жетекші топ мұғалімдері әрдайым әдістемелік көмек көрсетіп келеді.

Ал мектеп-интернат басшылығы мен бірлестік жетекшілерінен құрылған әкімшілік-бақылау тобы, осы жұмыстың жүйелі жүргізілуіне тікелей басшылық жасап, бағыт-бағдар беріп, бағалау жасап отырады. Яғни, жоғарыда аталған барлық топтардың жұмысын әкімшілік-бақылау тобының әр мүшесі өз бағыты бойынша бақылап, басқарады.


Қазіргі таңда Нұртас Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернатында 60 педагог қызмет етуде. Оның ішінде:

- Ы.Алтынсарин белгісінің иегері - 3;
- ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері - 1;
- «Үздік педагог» иегері республикалық-1; облыстық-1;
- Доктор PhD ғылыми дәрежесі бар мұғалім - 1;
- Магистр академиялық дәрежесі бар мұғалімдер – 13.

Педагогтердің біліктілік санаттары төмендегіше:



Педагогтер тобының сандық көрсеткіші төмендегіше:



Оқу жылының басында мектеп-интернатымыздың әрбір педагогі жеке жұмыс жоспарын түзеді. Жоспар төмендегі бөлімдерден тұрады;

- оқу жүктемесі;
- дарынды оқушылармен жұмыс;
- жарияланымдар;
- әдістемелік әзірлемелер;
- кәсіби конкурстар мен сайыстар;
- пән бойынша ашық сабақтар;
- пән бойынша сыныптан тыс іс-шаралар.

Нұртас Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты «БЕКІТЕМІН» Мектеп-интернат директоры Омаров Б.Ш. “ ” 2021 ж.				
ПЕДАГОГТІҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ 20__-20__ оқу жылы				
Аты-жөні:		Пәні:		Санаты:
1. Оқу жүктемесі				
№	Пән атауы	Сынып	Апталық сағат жүктемесі	Ескерту
2. Дарынды оқушылармен жұмыс				
№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Конкурс түрі	Қосымша мәлімет
3. Жарияланымдар				
№	Атауы	Түрі (баяндама, мақала, т.б.)	Мерзімі	Деңгейі (облыстық, республикалық, халықаралық)
4. Әдістемелік әзірлемелер				
№	Атауы	Түрі (әдістемелік нұсқаулық, ОӘК, оқу құралы)	Мерзімі	Деңгейі (мектепшілік, облыстық, республикалық)

Әрбір бөлім бойынша жоспар құру және оны орындау барысында, педагогтер тобының бірлескен іс-әрекетінің ролі жоғары. Жас мамандарға үйлестіруші топтың, ал үйлестіруші топқа жетекші топтың мұғалімдері кәсіби кеңес беріп отырады.

Ал оқу жылының соңында әрбір педагог жылдық есеп тапсырады. Жылдық есеп төмендегі бөлімдерді қамтиды:

- оқушылардың пәндік олимпиадаларға қатысу нәтижесі;
- оқушылардың ғылыми жобаларға қатысу нәтижесі;
- оқушылардың конкурстарға қатысу нәтижесі;
- оқушылардың қашықтық байқауларға қатысу нәтижесі;
- педагогтің біліктілік жетілдіру курсынан өтуі;
- педагогтің конференция, семинар, вебинар және т.б. қатысуы;
- педагогтің кәсіби конкурстар мен сайыстарға тікелей қатысуы;
- педагогтің кәсіби конкурстар мен сайыстарға сырттай қатысуы;
- педагогтің жарияланымдары;
- педагогтің әдістемелік нұсқаулығы мен құралдары;

- педагогтің қосымша қоғамдық іс-шараларға қатысуы;
- педагогтің марапатталуы;
- педагогтің пән бойынша ашық сабақтары;
- педагогтің пән бойынша сыныптан тыс іс-шаралары.

Нұртас Ондасынов атындағы Түркістан мамандандырылған мектеп-интернаты

«БЕКІТЕМІН»
Мектеп-интернат директоры
Омаров Б.Ш.
«__» _____ 2022 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
Кәсіподақ ұйымының төрағасы
Хасанов Б.Ж.
«__» _____ 2022 ж.

ПЕДАГОГТЕР РЕЙТИНГІ
2021-2022 оқу жылы

Аты-жөні: _____ Пәні: _____ Санаты: _____

1.1. Оқушылардың пәндік олимпиадаларға қатысу нәтижесі

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Пәні	Облыстық кезең					Республикалық кезең					Барлығы
				қатысты	мадақтама	Ш	П	І	қатысты	мадақтама	Ш	П	І	
Берілетін ұпай				5	7	8	9	10	12	14	16	18	20	
Барлық ұпайы														

1.2. Оқушылардың ғылыми жобаларға қатысу нәтижесі

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Секция	Облыстық кезең						Республикалық кезең					Барлығы	
				қатысты	іріктеу	мадақтама	Ш	П	І	Тест өтті	қатысты	мадақтама	Ш	П		І
Берілетін ұпай				5	6	7	8	9	10	5	12	14	16	18	20	
Барлық ұпайы																

1.3. Оқушылардың конкурстарға қатысу нәтижесі

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Секция	Облыстық кезең						Республикалық кезең					Барлығы	
				қатысты	іріктеу	мадақтама	Ш	П	І	Тест өтті	қатысты	мадақтама	Ш	П		І
Берілетін ұпай				1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
Барлық ұпайы																

Жылдық есептің әрбір бөлімінде деңгей бойынша (облыстық, республикалық, халықаралық) ұпай қарастырылған. Жылдық қорытынды есеп негізінде жинаған ұпайы бойынша әрбір педагогтің рейтингі анықталады. Жоғары нәтижеге қол жеткізген педагогтер кәсіподақ ұйымы тарапынан ынталандыру мақсатында сыйлықтармен марапатталып отырады.

Осындай бірлескен жүйелі жұмыстың нәтижесінде педагогтердің біліктілік санаттары жоғарылап, педагогтер мен білім алушылардың жетістіктері артып келеді.

2019-2022 оқу жылдары аралығында педагогтердің түрлі басылымдарға 53 мақаласы жарияласа, ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинағына 32 баяндамасы жарық көрген. 2 әдістемелік құрал - мектепішілік әдістемелік кеңестің шешімімен, 3 оқу құралы – облыстық әдістемелік кеңес шешімімен, 1 оқу құралы – республикалық деңгейде баспадан шықты.

Сонымен қатар облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлерде өткен олимпиадалар, конкурстар мен байқаулардан оқушыларымыз да, педагогтеріміз де жүлдегер атанып келеді.

№	Білім үздіктері	2019-2020	2020-2021	2021-2022
1	«Алтын белгі» белгісі	31	22	23
2	Үздік аттестат (11 сынып)	6	10	17

3	Үздік аттестат (9 сынып)	32	32	26
---	--------------------------	----	----	----

Оқушылардың жетістігі

№	Сайыстар	2019-2020		2020-2021		2021-2022	
		обл	респ/хал	обл	респ/хал	обл	респ/хал
1	Ғылыми жоба	28	5/1	31	5/1	36	3/2
2	Олимпиада	24	4/0	33	7/0	35	7/0
3	Конкурстар	10	1/0	11	2/0	18	5/0

Педагогтердің жетістігі

№	Оқу жылы	халықаралық	республикалық	облыстық	Барлығы
1	2019-2020	1	1	4	6
2	2020-2021	1	3	5	9
3	2021-2022	0	1	5	6
	Жалпы	2	5	14	21

Қорыта келе, білім сапасын арттыру үшін, алдымен педагог кадрлардың әлеуеті жоғары болып, қажырлы іс-әрекетке дайын болулары тиіс. Педагогтердің кәсіби шеберліктерін дамытуға негізделген бақылау-басқару жүйесі мектеп-интернат рейтингін көтеруде елеулі нәтижесін көрсетіп отыр. Оның нақты дәлелі ретінде, 2019-2022 оқу жылдары аралығындағы жеткен жетістіктерімізді айта аламыз.

Әдебиеттер тізімі

"Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫ БАСҚАРУ: ПРОБЛЕМАЛАР ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Жанаева Акмарал Базарбаевна
Д.Қонаев атындағы №9 ІТ мектеп-лицейінің оқу ісі жөніндегі орынбасары
Жетісай қаласы

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімнің түпкі нәтижесі құзіреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытуды басқару: проблемалар және оны шешу жолдары» мақсаты негізге алынып отыр.

Заман талабына сай табысты, өзгерісті тез қабылдайтын, мектептегі алған білімін өмірде қалай пайдаланады? Мұғалімдер үшін академиялық білімнен функционалдық сауаттылыққа бағытталған білім беруге бет бұрудың жолдары қандай? Оқушылар кездескен проблеманы анықтау және шешу, ситуациядан шығу, сыни ойлау, белгілі бір тақырыпты талдау, жіктеу жолдарын қалай үйрету?» деген сұрақтар аясында тәжірибемен бөлісу. Осы бағытта көмек көрсете алатын бағдарламаның ғылыми-теориялық негіздерін игерген, түсінетін мұғалімдер ғана.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Мектеп-лицейіміз жаратылыстану бағытына басымдық бере отырып, оқушылардың ойлау, сөйлеу дағдыларын да жандандырып отыруды басты назарда ұстанған. Оқушыларымыз өздерінің жазған ғылыми жұмыстарын функционалды жолда ең басты проблема логикалық тұрғыда жасау үшін тапсырмаларды заман ағымына сай креативті әдістер бойынша педагогтардың шығармашылық тобының арнайы базасы қалыптасқан оқыту, оқу процесінің нәтижесінде тың идеяларының жандануының нәтижесі бар.

Оқушылардың жетістікке жетуі үшін заманның ағымына сай нақты жоспарлау қажет-ақ.

Әрине, педагогтардың PISA бойынша біліктілігін арттыру жолдарын перспективті жоспарға сай лек-легімен мемлекеттік біліктілік арттыру курстарына жіберіп отырамыз. Онымен ғана шектелмей, мектептегі тәжірибе тарату арнайы жабдықталған кабинетте, жоспарлы, жоспардан тыс оқыту-семинарларында мектепшілік бөлісіп, зерттеу алаңдарында талқылап, атқарылған жұмыстардың жетістігі, кемшілігі, жетілдіретін тұсы, тарататын тұсын жүйелеп бос уақытты тиімді пайдалану мақсатында кейбір тәжірибелерді сабақ барысында да жүргізіп біршама жетістіктерге жеттік.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін, атқаратын қадамдарды нақтылау мақсатында жұмыс бағытын анықтау қадамдары;

- оқушылардың оқу, математикалық, жаратылыстану сауаттылық деңгейін анықтау;
- тапсырмалардың деңгейі мен түрлерін анықтау;
- қиындық туғызатын сұрақтарды анықтау;
- компьютерлік сауаттылық қабілеттерін анықтау.

Осы тұста мектептегі пәндер бойынша зерттеуге түскен оқушылардың үлгеріміне назар аударып, нәтижелерінің талдай келе, қай бағытта оқушының білімінде олқылықтар кеткенін саралап, нақты жұмыс бағыты анықталды.

15 жастағы оқушылардан алынатын байқау сынағында қамтылған бағыттар: қаржы, математика, оқу сауаттылығы, жаратылыстану, АКТ, жаһандық құзыреттілік. Байқау сынағында анықталған проблемалар:

- кесте мәндерін анықтау, қорытынды жасау;
- мәтін идеясын анықтау, балама пікірлер ұсыну, мәтін мазмұнынан тыс өз пікірін қосу;
- картадағы проектілер қасиеттерін табу, картадан ақпаратты іздеп табу;

- мәндерді диаграммалау, диаграмма құрылымын, элементін табу.

Айқындалған проблемалардың жолын кесу үшін келесідей қадамдар жасалды. Оқу сауаттылығын дамыту үшін оқушыларды дайындау бағыттары:

- ақпаратты іздеп оқу, тура мағынасын түсіну, мәтінді таңдау;
- бірнеше мәтін негізінде қорытынды шығара білу.
- баспа мәтіндік ақпаратпен ғана емес, сонымен қатар электронды форматтағы (интернет ортада ақпарат іздеу, гиперсілтемелер) мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі әдістерін қолдану (ақпаратты іздеу, мәтіннің тура мағынасын анықтау, қорытындыларды жинақтау және тұжырымдау, ақпараттың сапасы мен сенімділігін бағалау, мәтіннің мазмұны мен формасы туралы ойлау);
- оқушыларды диаграммалар, кестелер, суреттер сияқты әртүрлі ақпарат түрлерімен жұмыс істеуге дағдыландыру.

Жоғарыда атап өткенімдей, әрине, оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін, сөйлеуін, ойлауын, функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жауапты мамандар арқылы бақылау мен басшылық, біліктілік арттыру курстарының тек қана мемлекеттен келетін ғана оқуды күту емес, мектептегі шебер-педагогтер, зерттеуші-педагогтердан құрылған тәжірибе алаңдарының жұмысы арқылы педагогтар білімін, тәжірибесін арттыру. Сонымен қатар, оқушылардың ғылыми мектебін іске қосу арқылы білімдерін арттыру, жоғарыда аталған проблемалардың жолы. Тапсырма ерекшеліктері.

Бір тапсырма әртүрлі форматта берілген бірнеше мәтіндерден құралып, жалпы тақырып немесе бір мәселе төңірегінде беріледі.

Сұрақтар шынайы өмірде болатын мәселені шешуді сұрайды.

Тапсырма жабық (бірнеше\бір дұрыс жауап, сәйкестендіру, тәртіппен орналастыру) және ашық (мәтінге сүйеніп түсіндіру, дәлелдеу) сұрақтардан тұрады.

Сұраққа жауап беру үшін тек оқу дағдылары жеткіліксіз, жалпы танымдық дағдылар қажет (пікір білдіру, талқылау, талдау, ақпарат іздеу, салыстыру және т.б.)

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолындағы проблемалардың шешу жолдары:

- оқушылардың назарын сабаққа аудару жолдарын жасау, яғни, әрбір сабақта зейінге байланысты жаттығулар орындату;
- тапсырмалардың деңгейі мен бағытын өзгерту, барлық тапсырмаларды жіктеу, талдау, бағалау, зерттеу, анықтау бағытына өзгерту;
- академиялық біліммен қоса шығармашылық тапсырмалар беру;
- топтық, жұптық кезеңде тапсырмаларды талқылау;
- әрбір сабақта ашық және жабық сұрақтар жоспарлап беру;
- vilimcenter.kz, bilimlend.kz порталында PISA тапсырмаларын кесте бойынша орындау;
- оқушылардың қосымша әдебиеттер оқуына ықпал жасау;

- сабақта ойлау дағдыларын дамытушы белсенді көрнекі құралдар арқылы ойларын қозғау;

Ең бастысы жаңа оқу бағдарламасының түпкі мақсаты сындарлы оқыту болатын болса, сол оқытуға жету жолындағы жеке, топпен оқу, өзін бағалау, досын бағалау сынды оқушы ойын тыңдау арқылы олардың әлеуетін көтеру жолында жұмыстар жасалынды.

Бүгінгі күннің ағымынан түспей келе жатқан түйткілді мәселесі оқушылардың қала берсе, педагог қызметкерлердің де сапалы сабақ жоспарын құру арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру жолындағы еңбектерін айтпай кетпеуге болмас. Әрине, оқушыны тәрбиелей отырып, білім беруші, оқытушы оқып жүріп нәтижеге жұмыс жасаушы педагогтар болғандықтан, ішінара педагогтар арасында да өзімнің шебер сыныптарыма қатыстыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары туралы біршама шебер сыныптар арқылы озат тәжірибелі ұстаздарға да көмек көрсетілді.

PISA бойынша біліктілік курстарынан өткен мұғалімдер командасын құрып, PISA тапсырмаларын құрастыру жолдарын үйрену мақсатында сабақ кестесі құрылды, пән мұғалімдеріне сабақ барысында PISA тапсырмаларын жоспарлауды, оқушыға орындатуды, деңгей бойынша білім деңгейін өсіру. Мысалы, жаратылыстану бағытындағы пәндердің сабақта және PISA тапсырмаларына құрастыру бойынша, үлгілерін басқа пән мұғалімдеріне үйрету мақсатында мектепшілік орта құрылды. Мысал ретінде биология пәнінен функционалдық сауаттылықты дамыту мақсатында тапсырмалар түрімен бөлісейін. Тапсырмалар ашық және жабық сұрақтардан және жан-жақты зерттеу, талдау, жіктеу, бағытында құралған.

Оқушыларға берілген тапсырмаларды күнделікті өмірде пайдаланып және көздері көріп жүрген мысалдардан келтіре отырып, тапсырмалар жиынтығын құрастырдық және бұл тапсырмаларды пәндерге байланыстыра отырып оқушыларға ұсынылды. Мысал:

Тапсырманың берілгені: Мақта халық шаруашылығының әр саласында түрлі мақсатта пайдаланылады. Мақта – тоқыма өнер кәсібі үшін негізгі шикізат. Мәселен, 1 тонна шитті мақтадан 330-360 кг талшық, 550-580 тұқым және 30-40 кг қысқа талшық алынады. Мақтаның ұзын талшықты сорттарынан әр түрлі маталар тоқылады. Мақтаның қысқа талшықтарынан пластмасса, фотопленка, медицинада қолданылатын мақта, т.б. бұйымдар дайындалады. Мақтаның тұқымында 20-25%дейін май болады, 1 тонна шитті мақтадан 100-110 кг жоғары сапалы май алынады. Мақта майы тамақ, консерв, парфюмерия өнеркәсібінде қолданады. «Айқап» шаруашылығында 10 гектар жерден мақта өнімін алады, Шаруашылықтың гектарына алған өнімі гистограммада көрсетілген.



Осы мәтінге қарай, бірнеше пәнінен тапсырмалар құрастырылды.

Математика пәнінен:

1-тапсырма: Қай жылы ең көп өнім алынды? Қанша?

2-тапсырма: 2017-2021 жылдарда алған өнімнің өзгеріс ауқымын анықта

Физика пәнінен:

1-тапсырма: Мақта майының тығыздығын анықта

2-тапсырма: 1 кг мақта майының көлемін анықта

Биология пәнінен:

1-тапсырма: Мақта қауашағы неше жақтауға ашылады?

2-тапсырма: Мақтаға тән белгілерді анықта

География пәнінен:

1-тапсырма: Мақта өнімінің жоғары болуына әсер ететін климаттық факторларды ата

2-тапсырма: Мақтаның шикізат түріндегі бағасы 1000\$ болса, 1 тонна мақтадан дайын өнімдерді шығаруда, құны шикізат бағасынан артық болатын тауар түрлерін ата

Қысқа мерзімді ғылыми жобаны іске асыру қадамдары:

- жобаға қатысушы пәндер тізбесін анықтау;
- оқушылардың қызығушылығына, қабілетіне анализ жүргізіп, анықтау;
- оқушылардың таңдаған бағыты бойынша тақырыптарды анықтау;
- зерттелу мерзімін бекіту;

Математика пәні бойынша қысқа мерзімді ғылыми жобаны жүргізу үлгісі

Тақырыбы: Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін құруға берілген мәтінді есептерді Евклид алгоритмі арқылы шығару.

Күтілетін нәтиже:

- логикалық мәтінді есептерді шығарудың нақты қадамдарын біледі;
- евклид алгоритмінің формуласын пайдалана алады.

Бұл тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың алған білімді талдауға, терең меңгеруге, жіктеуге, бірнеше балама жауаптар ұсынуға, есте сақтауға, өмірде пайдалануға, бір-бірінен ажыратып, саралау қабілеттері дамыды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығының дамуына бірден бір септігін тигізетін ұсыныстар:

- оқушылардың IT сауат дағдысын дамыта отырып, өз мақсаттарына жетуге, өз білімі мен әлеуетін дамыту және қоғам өміріне белсенді қатысу үшін мәтіндерді түсінуге, пайдалануға, бағалауға тұжырымдауға және олармен жұмыс жасай алу қабілеттерін дамыту;
- оқушылардың қызығушылығына қарай қысқа мерзімді ғылыми жобаларға қатыстыру;
- пәнаралық тапсырмаларды құрастырып, оқушыларға деңгейлеп ұсыну
- оқушылардан алынған байқау сынақтарын талдау, анализ жүргізу, қателермен түзету дамыту жұмыстарын жүргізу.

Оқушыларды функционалдық сауаттылыққа тәрбиелеу үшін өзіміз функционалды сауатты болуымыз қажет. Яғни, тәжірибелердің бәрін дерлік емес, пайдалы тұстарын саралап, сол тәжірибелерді өз жұмысымызда қолданып, оқушыларды дамыту. Яғни, бәріне ең әуелі сабырлылық пен терең зерттей алатын ой керек. Мұның бәрі адам рухани байығанда ғана орын алады. Баршаңызды мұғалімдік ауыр мамандықты көтере аламын деп оқып сол кәсіптің нанын жеп отырған соң өмір бақи білім алуға, тоқтаусыз дамуға, функционалды сауатты, білікті болуға шақырамын. Сонда ғана еліміздің білімді ұрпағы халықаралық дәрежеде тек қана биіктен көрінетініне сенемін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Жас ғалым» республикалық журналы №5-6, 2021 жыл
2. «Қазақстанның PISA -2018 зерттеуіндегі нәтижелері» ұлттық есеп, Нұр-Сұлтан 2020ж.
3. Н.Д.Хмель. Жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс. Алматы, «Ғылым», 2002.

TEDXФОРМАТЫ: «МЕКТЕПТЕГІ ЖОБАЛАРДЫ БАСҚАРУДА БАСШЫҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР»

*Махашев Ержан Мухтарович
Түлкібас ауданы Т.Рысқұлов атындағы ЖОМ директоры*

ТРЕНД – бұл, заманауи үрдістер! Қазірде барлық саладағы өзгерістер білім беруді өзгертуді қажет етіп отыр. Себебі, білім беру саласы барлық саланы игерудің негізгі көзі. Бұл жерде қоса айту керек, технологияның дамуы өзгеріс енгізудің жалғыз факторы емес, бірақ ол барлық жаңа құбылыстар мен тәжірибелерді тарату және қабылдау қарқынын біршама жеделдетеді. Болып жатқан өзгерістердің маңыздылығы соншалық, оларды кейде ғалымдарымыз «жойқын инновациялар» деп те атайды екен.

Осы жерде маңыздылығы артып келетін заманауи үрдістердің бірнешеуін атап кетсек... Ол:

- өмір бойы білім алу;

- көшбасшылық және менеджмент;
- инновация;
- инновациялық менеджмент;
- жобалар.

Бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Бізге қажеттісі білімде сапалы көрсеткішке және табысқа қол жеткізу үшін мектеп басшысы да, ондағы қызметкерлер де заманауи үрдістердің (жаңағы біз айтып отырған ТРЕНДтердің) мән-мазмұнын, маңыздылығы мен қажеттілігін және өзектілігін мен нәтижелілігін біліп түсініп, қолдана алу. Әсіресе инновациялық үрдістерді басқару құзыретін қалыптастыру аса маңызды болып отыр. Білім беру саласын басқарудағы жүйеге реформалар енгізудің маманы британдық ғалым М.Барбер өз зерттеуінің бір қорытындысында «БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ САПАСЫ ОНДАҒЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН МҰҒАЛІМДЕРДІҢ САПАСЫНАН АСЫП КЕТЕ АЛМАЙДЫ» дейді. Демек, бұл жерде мұғалімнің сапасы арту үшін мектеп басшысының да сапасы артық болу қажет екені түсінікті болып отыр. Сапа деп отырғанымыз кәсіби тұрғыда табысты қызметкерді айта аламыз.

1. Қазіргі әлемде белгісіз жағдайға дайындала отырып, алдын ала барлығын білу мүмкін емес. Өз дағдыларын жаңарту, жаңа мүмкіндіктерді пайдалану және жаңа қатерлер мен тәуекелдерді тани білу қажет. Біздің алдымызда көптеген белгісіз және кенеттен өзгертін мақсаттар мен жағдайлар туындайды, толып жатқан таныс емес міндеттерді шешу қажет болып қалады. Мұндай міндеттерді шешу үшін бұл міндеттерді шешетін адам мен оны орындау шарттарының арасында өзара тиімді әрекеттестік болуы қажет.

Мысалы Сізге, яғни Сіздің мектептегі проблеманы шешуге байланысты бір жоба (проект) ұсынылды немесе берілді. Бұл жобаны тиімді басқарып, нәтиже шығару ең алдымен Сізге байланысты. Осы жерде жұмыс жасау барысында басқарудағы негізгі шарттар – кәсіби құзыреттілік пен құндылықтарыңызды тиімді қолдана білу болып табылады. Жаңағы айтып отырған адам мен оны орындау шарттарының арасындағы өзара тиімді әрекеттестік деп отырғанымыз осы.

Бүгінгі жұмысымда Сіздерге жоспарланған нәтижеге жету үшін қандай құзыреттіліктер мен құндылықтарды дамыту қажет екендігі бойынша түйген ой-пікірім мен еңбегімді ұсынамын.

Басшылық қызметтегі кәсіби құзыреттіліктер мен құндылықтарды игеру және тиімді қолдану қызметкерді табысты қызметкер немесе кәсіби-білікті басшы болуға жетелейді. Ең басты қадам - заманауи үрдістермен жұмыс жасау барысында негізгі және қажетті кәсіби құзыреттіліктер мен қасиеттерді айқындап алу қажет.

3. Ұлттық зерттеу университетінің білім беру институты 2017-2019 жылдары «Әмбебап құзыреттіліктер және жаңа сауаттылық: ұраннан іс-әрекетке көшу» жобасы аясында құзыреттіліктің 180-нен астам жиынтығына талдау жүргізілген екен. Нәтижесінде зерттеу жобасының авторлары қазіргі

қоғамда табысты болу үшін қажетті дағдылардың үш блогын (үш әмбебап құзыреттілік) ретінде ұсынады.

1. Таным (ойлау) құзыреттілігі. /жаңа құндылықтар құрып, жаңа өнімдер, сервистер ұсынады/

2. Басқа адамдармен қарым қатынас құзыреттілігі. /проблемалар мен қайшылықтарды шешу. Мүмкіндіктер тең емес әлемде қақтығыстарды шешу және шиеленістерді жеңілдету дағдысы қажет болады/

3. Өз іс-әрекетінің үйлесімділігін қадағалау құзыреті. /өзін-өзі басқару, өзін-өзі бақылау, жеке тиімділік, жауапкершілік, бейімделу, өзін-өзі реттеу/.

Осы құзыреттіліктер пәндік білімге кіріктірілуі тиіс. Құзыреттер негізі - бейімделу қабілеті, шығармашылық ойлау, қызығушылық және жаңаға ашықтық қасиеттермен көп байланысты болып келеді. Әдетте, кәсіби құзыреттілігі жеткіліксіз қызметкер өзіне сенімсіздігі салдарынан инновацияға деген көзқарасын жиі өзгертеді.

Ал құндылықтарға тоқталатын болсақ, қызметкердің қоғаммен үнемі өзара әрекеттесу және кәсіби тәжірибенің жинақталуы педагогикалық құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Жауапкершілік пен парызды сезіну педагогикалық әдептіліктің мәні болып табылады, ал мұғалімнің мінез-құлқы оның қарым-қатынас стилі мен тәсілін қалай таңдайтынын көрсетеді.

Білімнің құндылықтардан тәуелсіз болуы мүмкін емес. Мектептегі оқу процесі көбінесе құндылықтар мен қарым-қатынастарға байланысты. Құндылықтар зерттеу және эксперимент жүргізу барысында қалыптасады, оның барысында адам бар тәжірибені және өзінің ұстанымдарын қайта қарастырады.

Ғалымдар көп нәрсе педагогтің жеке тұлғалық қасиеттеріне, мәдениетіне, ұстанымына, шеберлігіне байланысты дейді. Құндылықтар қоғамдастықтың барлық мүшелері арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Яғни, құндылықтар болса, сенімді қарым-қатынас болады. Ал сенімді қарым-қатынас сапаға жетелейді. Педагогикалық құндылықтардың ең жарқын көрінісі бағалау мен кері байланыс барысында көрінеді.

Жалпы, құзыреттілік ол – іс-әрекетпен байланысты, ал құндылық – сол іс-әрекетті табысқа жеткізетін ой, пікір, рухани қызмет пен идеялармен байланысты. Көріп отырғамыздай екі қасиет те бір-бірімен байланысқан жағдайда ғана біз қазіргі міндеттер мен мәселеден нәтиже шығара аламыз. Осыған байланысты қытайдың «Алибаба груп» деген ең табысты интернет комерциялық компаниясының негізін қалаушысы, миллиардер Джек Маның (шын аты Ма Юн) Нью-Йоркткегі бизнес форумда айтқан мынадай сөзін келтіргім келеді:

«Білім беру жүйесіне ерекше назар аударыңыздар. Бүгін балаларымызға үйрететін нәрсе ертең олардың жұмысынан айрылуына әкелуі мүмкін. Біз ескі оқыту жүйесі бойынша үйренетін барлық нәрсе, білімді есте сақтау, есептеуді үйрену – мұның барлығын қазір машиналар жақсырақ орындайды. Біз балаларымызға жаңашыл және шығармашыл болуды үйретуіміз керек. Жана

әлемде жетістікке жету үшін сізге IQ, EQ және LQ қажет. EQ – бұл эмоционалдық коэффициент, ал LQ – «махаббат коэффициенті», бұл машиналарда ешқашан болмайды» деген пікір айтты. Бұл сөзден түйетініміз, біз айтып отырған құндылықтардың құндылығын көруге болады.

4. Зерттеулер бойыша мектеп басшысына қатысты негізгі 7 құзыреттілік бар.

1. Құқықтық
2. Экономикалық
3. Психологиялық
4. Коммуникативтік
5. Басқарушылық
6. Инновациялық
7. Ақпараттық және ақпараттық технологиялық

1. Білім беру ұйымы басшысының құқықтық құзыреттілігі тиісті кәсіби міндеттерді шешу үшін әлеуметтік нормалар мен мінез-құлық ережелерін білуін және орындауын, білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білуін, кәсіби қызметтегі заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық құжаттарды, тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін білім беру ұйымы басшысының іс-қимылдарының жиынтығын білдіреді.

2. Мектеп директорының экономикалық құзыреттілігі басшының меңгерген экономикалық білім-дағдылары мен тәжірибесін, әрекет ету тәсілдерін пайдалану, білім беру мекемесінің қызметін қамтамасыз ету үшін қызмет объектілерін қалыптастыру қабілетін көрсететін арнайы құзыреттер (маркетингтік, кәсіпкерлік, шаруашылық-құқықтық) жиынтығымен сипатталатын білімдік, іс-әрекеттік, мотивациялық және тұлғалық компоненттерді қамтиды.

3. Көшбасшының психологиялық құзыреттілігі.

Табысты басшы ең алдымен психологиялық құзыреттілікке ие болуы керек, өйткені жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ол басқа адамдармен қарым-қатынас орната білуі керек. Психологиялық құзыреттілікті - басқаша айтқанда, басшы өзінің мінез-құлқы мен басқа адамдардың мінез-құлқын басқара білуі керек. Бұл тұрғыда басшының психологиялық құзыреттілігі өзінің айналасындағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілетін білдіреді. Яғни, айналасымен тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілетінен басшының психологиялық құзыреттілігінің деңгейін көрсетеді.

Білім беру ұйымы басшысының психологиялық құзыреттілігін 5 тұлғалық қасиет моделі негізінде сипаттауға болады, ол мыналарды қамтиды:

- өзіндік сана-сезім;
- өзін-өзі ынталандыру;
- өзін-өзі реттеу;
- жанашырлық (эмпатия);
- әлеуметтік дағдылар.

- 1) Өзіндік сана-сезім – өзінің ішкі сезімдерін, қалауларын артықшылықтары мен шектеулерін, қабілеттерін білу.
- 2) Өзін-өзі реттеу – өзінің ішкі сезімдерін басқару, адалдық таныту, өзгерістерге қарай икемделу, жаман эмоцияларды бақылауда ұстау.
- 3) Өзін-өзі ынталандыру – жетістікке жетуге ұмтылу, топтың мақсатын ұстану, бастамашыл болу, сәтсіздіктер мен кедергілерге қарамастан табандылық көрсету.
- 4) Жанашырлық (эмпатия) – басқаларды түсіне білу, басқаларды қолдау, мүмкіндік беру, қажеттіліктерін қабылдау.
- 5) Әлеуметтік дағдылар - басқаларға әсер ету, сендіру, қақтығыстарды шеше білу, шабыттандыру, әріптестік, басқарушылық, бірлесе жұмыс жасау.

Ескеретін мәселе – кем дегенде алты құзыреттіліктің болуы қызметкердің табысты болуының көрсеткіші болып табылады.

Бұл айтып кеткен тұлғалық және әлеуметтік құзыреттілікпен қатар басшы үшін ИНТЕЛЛЕКТ және ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТ сияқты психологиялық қасиеттерге ие болу да маңызды.

4. Коммуникативті құзыреттілік – бұл білім беру ұйымы басшысының қызметіндегі негізгі құзыреттіліктердің бірі болып табылады, өйткені оның негізгі қызметі басқа адамдармен өзара әрекеттестікке байланысты. Педагогикалық мамандықтардағы коммуникативті құзыреттілік «өзі және басқалар туралы, қарым-қатынас жасау дағдылары, әлеуметтік жағдайлардағы мінез-құлық стратегиясы туралы, тұлғаның мақсаттары мен жағдайларына сәйкес тұлғааралық қатынас құруға мүмкіндік беретін психологиялық білімдер жүйесі» ретінде қарастырылады.

Қарым-қатынас ұйымды басқарудың негізгі құралы және тәсілі болып табылады, өйткені қарым-қатынас, яғни коммуникация – қызметкерлердің өзара ақпарат алмасуына, сезімдерімен, пікірлерімен, тәжірибесімен алмасуына көмектеседі. Осының барлығы ұйымның психологиялық ахуалы мен мәдениетіне ықпал етеді. Сондықтан басшы ұйымдағы коммуникацияның барлық түрлерін басқаруды және оларға қатысуды үйренуі керек. Білім беру саласындағы басшы қызметкерлерді басқару және қақтығыстарды басқару саласында қажетті теориялық білімді игеріп қана қоймай, сонымен қатар жағдайды бақылау және басқару арқылы нақты жағдаятқа орай дұрыс әрекет ете алады.

Коммуникативтік құзыреттілік – күрделі коммуникативтік дағдылар мен қабілеттерге ие болу, жаңа әлеуметтік құрылымдарда сәйкес дағдыларды қалыптастыру, қарым-қатынастағы мәдени нормалар мен шектеулерді білу, қарым-қатынас саласындағы дәстүрлер мен салттар, этикет туралы білу, әдептілік сақтау, тәрбиелілік, ұлттық, қоғамдық менталитетке тән және осы мамандық шеңберіндегі коммуникативтік құралдарға бағдарлау ретінде анықталады.

5. Мектеп директорының басқару құзыреттілігі мектептің проблемаларын біртұтас және терең талдауға, анықтауға, дәл тұжырымдай білуге және

мектептің нақты жағдайына қатысты көптеген балама тәсілдердің ішінен оларды шешудің анағұрлым қолайлы және тиімді тәсілін табуға қабілеттілік және дайындық ретінде айқындалады.

Білім беру мекемесі басшысының басқарушылық құзыреттілігі - басшының теориялық білімі мен практикалық дағдылары, тәжірибесі, тұлғалық қасиеттері, мақсатқа жетуге және қойылған міндеттерді шешуге ынталы ұмтылыс негізінде басқарушылық функцияларды тиімді жүзеге асыруға дайындығы ретінде қарастырылады (Жилина А. И., 2001).

Білім беру ұйымы басшысының басқарушылық құзыреттілігі басшының оқу орнының проблемаларын тұтас және терең талдау, айқындау, дәл тұжырымдау және оларды шешудің көптеген балама тәсілдерінің ішінен білім беру ұйымының нақты жағдайына сәйкес анағұрлым орынды және тиімді тәсілдерді табу қабілеті ретінде айқындалады.

6. Басшының инновациялық құзыреттілігі басшының қазіргі заманғы өзгермелі әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы мектептің стратегиялық дамуын жоспарлау, мектептің білім беру ортасын инновациялық бағытта өзгерту, басқару субъектілерінің кәсіби және жеке дамуын қамтамасыз ету дағдыларымен байланысты инновациялық шешімдер қабылдау қабілетімен байланысты.

Басшының инновациялық құзыреттілігі – инновациялық дағдылар мен екі сапалы білім негізінде қарастырылады – басшының білім беру ұйымындағы инновациялық процестерді басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру қабілеті мен дайындығы. Заманауи білім берудегі проблемалар қазіргі әлеуметтік жағдайларда ескі проблемаларды ғана емес, сонымен қатар жаңадан пайда болатын проблемаларды анықтай алатын жаңа басқару құралдарын іздеуге итермелейді, бұл білім беру жүйесі үшін жаңа басшыны дайындаудың жаңа тәсілдемелері мен формаларын, құралдары мен әдістерін іздеуге түрткі болады. Қазіргі кезде инновациялық құзыреттілікке ие, инновациялық қызметке бейім қабілеттер мен дағдылардың жиынтығын қамтитын басшы-менеджердің перспективалы, инновациялық түрін қалыптастыру міндеті өзекті болып отыр.

7. Ақпараттық және ақпараттық технологиялар құзыреттілігі келесі білім мен дағдылар жиынтығы ретінде қарастырылады: «ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті (жинақтау, іздеу, жеткізу, талдау); өзінің кәсіби қызметін модельдеу және жобалау; заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларға негізделген ұйымдық ортаға бейімделу қабілеті; өзінің кәсіби қызметінде еңбек өнімділігінің артуын қамтамасыз ететін заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану».

8. Енді, осы айтылған кәсіби құзыреттіліктер мен құндылықтарда ескере келе сөзіміздің басында айтылған трендке тоқталсам. Заманауи үрдістің бірі болып қалыптасып келе жатқан ол ЖОБАЛАР немесе ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР. Мектептегі оқу мен оқыту процесіндегі проблемаларды шешу, білім сапасын арттыру, тәрбие құндылықтарын тиімді қалыптастыру үшін қазіргі кезде тәжірибеге инновациялық жобаларды (проекті) енгізу

айтарлықтай қажеттілік болып тұр. Осы зерттеулерден түйген білімімді жинақтай келе сол инновациялық жобаларды тәжірибеге енгізудің мынадай моделін ұсынамын:

- 1) Туындаған (генерацияланған) немесе ұсынылған жобаларды шығармашылық тұрғыдан енгізуді ойластыру, ұйымдастыру;
- 2) Жаңашылдықты зерттеп, нақты іс-әрекетті, идеяны, нәтижені жоспарлау;
- 3) Рәсімдеу, қызметтерді бөлу, жауаптыларды анықтау;

Осы қадамдарды басқару үшін қызметкерлердің инновациялық жобаның қызметіне дайындығын зерттейтін және мектептің даму нәтижесін бағалайтын жоба командасын құру маңызды. Бұл командаға арнайы кәсіби құзыретті мамандарды тарту керек. Тіпті, сыртқы қоғамдастықтан болса да болады.

- Команда ең алдымен жобаны қолдану алдында зерттеу жұмыстарын жүргізде (сауалнама, сұхбат, тест, диагностика);
- Жобаны іске асырады (жоспарлау, іс-әрекет, талдау, жинақтау);
- Тәжірибені бағалау (күшті және әлсіз жақтары, генерация, аралық бағалау, нәтижені көрсету);

Нәтижені тарату, жүйелеу (тәжірибеде жүйелі түрде қолдану, дамыту, тарату). Осы жұмыстарды инновациялық менеджмент аясында тиімді қолдану оқу мен оқыту сапасын оң нәтиже береді.

9. Өзімнің психологиялық құзыреттілігімді пайдалана отырып заманауи үрдістерді (жаңа трендтерді) және инновациялық жобаларды өз тәжірибеде қолдану барысында қажетті құзыреттіліктер мен құндылықтарымды SWOT бойынша талдап көрдім. Өздеріңіз көріп отырғандай әлі көптеген құзыреттер мен құндылықтарды, қасиеттерді игеру және қалыптастыру қажет екенін байқадым. Осы талдау бойынша бұл тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады. /SWOT талдау кестесі/

10. Мектептегі анықталған проблемаларды шешу және оқу мен оқыту сапасын арттыру бойынша жоспарланған жобалардың ішінде тиімді жобалар болды. Олар: зерттеу жұмысына негізделген «Зерттеуші мектеп» жобасы. Бұл жоба бойынша барлық қызметкерлер кәсіби бағытта, ал оқушылар пәндік бағытта зерттеу жұмыстарын қызығушылықпен жүргізіп облыстық және Республикалық деңгейге дейін жұмыстар бағаланды. Бәрімізге танымал олимпиада, сабақты зерттеу, кітап оқу жұмыстарына қатысты арнайы жобалар бар. Сол жобаларды тиімді басқару мен ұйымдастыру нәтижесінде облыстық және Республикалық деңгейде жетістіктер орын алды.

Осы сияқты тиімді жоспарланған жобалар аясында жұмыстарды ұйымдастыру, басқару, бағалау, қолдау сияқты іс-әрекеттер арқылы мектеп басшысының құзыреттілік ролі арта түсетінін айтқым келеді.

11. Мектептегі тиімді нәтиже берген жоба аясындағы жұмыстың құрылымын ұсынатын болсам: Міндетті түрде жобаның мақсаты, идеясы, және атқаратын міндеттері нақтыланады. Жобаны жүзеге асыру бағыттарының тақырыптары анықталып, команда құрылады. Құрылған командаға жұмыс бағыттары мен міндеттері жүктеледі.

12. «Зерттеуші мектеп» жобасын аясында қандай команда құрамыз, қай бағыттар алынады және қалай жүзеге асыратын болсақ нәтижеге жетеміз? Оның оқу мен оқыту сапасына қандай әсері немесе ықпалы болады және анықталған проблеманы шеше алады ма? деген сияқты сұрақтар бойынша қадамдар жасалды. Яғни, жоба аясында қалай зерттейміз деп Командалық бағыттар анықталды. Іс-әрекет барысында Курт Левиннің цикл бойынша жұмыстар алға басты. Атап айтқанда зерттеу сұрақтарын және тақырыптарын анықтау, жас ерекшелігіне сай жоспарлау, талдау жасау, оқушымен кәсіби сұхбат, кері байланыс пен бағалау жұмыстары цикл бойынша жүріп, нәтижесі мектепшілік семинарлар мен шебер сыныптар арқылы қорытылды.

Жоба жұмысының нәтижесінде мектепте зерттеуші топтар пайда болды, оқушының зерттеуге қызығушылығы артты, өзекті тақырыптар анықталды, зерттеуші оқушылар қатары көбейді, кәсіби құзырттер мен қарым-қатынас дамыды, мектеп миссиясы мен мақсаты нақтыланды.

13. «Зерттеуші мектеп» жобасы бойынша атқарылған жұмыстар нәтижесінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу, авторлық бағдарламалар құру сияқты әдістемелік жүйе қалыптасты. Бұл мектептегі оқу мен оқыту процесін жетілдіретін қозғаушы күшке айналды деп айта аламын.

Анықталған проблемалармен жұмыс барысында инновациялық жобалар мектеп миссиясы мен мақсатының орындалуына бағытталуы керек.

14. Қазіргі таңда заманауи үрдістердің бірі және көп қолға алына бермейтін жобалардың бірі ол – әлеуметтік және шығармашылық жобалар. Мұндай жобалар баланың да қызметкердің де шығармашылық ойлау қабілетін, сыни ойлауын, баланың белсенді әрекетін, оқу мен оқытуға деген қызығушылығын арттырады. Осы тұста біздің тәжірибемізде екі жоба жақсы дейгейдегі нәтижеге жетіп, тұлғаның кәсіби қасиеттерін ашуға ықпал жасады.

Ол жобалар:

15. Спорттағы қыздар (әлеуметтік, зерттеушілік жоба). Мақсаты: Қыздар спортын дамыта отырып, тұлғаның оқу мен оқытудағы дамуына ықпал жасау.

2. Кинофестивальдер мен анимация (шығармашылық жоба). Мақсаты: балалар шығармашылығын арттыру, қолдау, тұлғалық әлеуетін ашу.

Бұл жобалар да кәсіби құзыреттілік пен құндылықтар әсерімен, тиімді ұйымдастыру және жоспар арқылы жүзеге асып республикалық деңгейдегі нәтижеге жетті. Ең бастысы тұлғаның және оқу мен оқыту процесіндегі әлеуетті арттырды.

Жалпы, инновациялық жобалар туындаған проблемаларды көреді, оған жауап іздеу үшін жобаның мақсаты мен міндетіне, идеясына бағыттала әрекет етеді.

Стив Джобстың жақсы бір сөзі бар: «Ең бастысы жұмысты басату керек, қалғаны жағасын табады» деген мағынаға келеді. Сол айтқандай инновациялық жобалар тұлғаның кәсіби қасиеттерін ашу арқылы, жаңа идеялар, шешімдер, шабыттар туындатады. Тәжірибемізде сол сияқты жаңа инновациялық жобалардың идеясы туындап келеді.

16.Өз жұмыстарым мен зерттеулерімнің түйіндемесі ретінде білім берудегі оқу мен оқыту сапасы мен әлеуетті арттыруға және кәсібилік пен құзыретті дамытуға мынадай ұсыныстар айтамын:

басшының кәсіби құзыреттері мен құндылықтарын арттыруға бағытталған жүйелі жүргізілетін жұмыстың жоспарын немесе жобасын әзірлеу. Мектеп пен еңбек әлемін байланыстыратын білім беру бастамаларын дамыту:

- жобалар аясында тағылымдамадан өту, практикалық оқу және жергілікті қоғамдастықтар аясында тәжірибе алмасу үшін мүмкіндіктерді кеңейту;
- жетекші мектептер желісіндегі жұмыстарды жүйелеу;
- оқушыларды мектепті бітіргеннен кейінгі жұмысқа, білімге, өмірге дайындау бағдарламасын әзірлеу: кәсіби және «жалпы» дағдылар мен білімді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру қажет;
- аралас оқыту технологиясын кеңінен қолдану, автоматтандырылған оқыту мүмкіндіктерін қарастыру;
- қарым-қатынас және ынтымақтастық дағдыларын дамытуға және қолдауға назар аудару;
- тең білім беру мүмкіндіктері саясатымен әлеуметтік және мәдени бағытта оқушылардың үлгерімі туралы деректерді терең талдау;
- оқытушыларды даярлау және кәсіби дамыту бағдарламасын ХХІ ғасыр дағдыларына сәйкестендіру;

Бұл ұсыныстарды арнайы тапсырманы күттірмей даму жоспарына енгізіп, жобалар негізінде жүзеге асыруға болады.

Басшының өз іс-әрекетін талдау және өз қызметі бойынша рефлексия жасау қабілеті - оның мықты және әлсіз жақтарын, сондай-ақ түзетуді және жетілдіруді қажет ететін қырларын анықтауға мүмкіндік береді.

Басшының өз бетінше білім алуға және өзінің кәсіби қасиеттерін жетілдіруге үнемі ұмтылуы мектептің жаңа мәдениетін қалыптастыру арқылы қолайлы білім беру ортасын құруға негіз болады. Ал бұлар өз кезегінде еліміздің білім беру жүйесінің сапасын жетілдіруге ықпал етеді.

Қазіргі мектеп басшысына белгілі бір тұлғалық қасиеттер мен педагогикалық тәжірибе ғана емес, менеджмент, экономика, құқықтану саласы бойынша білім, сондай-ақ осы білімді қолданысқа енгізу және нақты жағдайларда жедел қолдана білу тәжірибесі мен дағдылары қажет. Сонымен қатар заманауи мектеп директоры жобалау мәселелерін, білім берудегі инновациялардың мән-маңызы мен оларды нақты өз мектебінде жүзеге асыру жолдарын түсінуі, қолдану шеберлігін үйренуі керек. Болашақта біз өз жұмысымыздағы тәжірибемізді тиімді бағытта жетілдіріп отыратын боламыз. Бұл жұмыстардың жүйелі жүруіне уәкілетті орындардың қосар үлесі зор деп сенемін.

Ағылшын ғалымы Кен Робинсон «ХХІ ғасырда адамзатты аса күрделі проблемалар күтіп тұр. Біз оларды шешу үшін ерекше шығармашылық және өнертапқыштық қиялдарымызды дамытуымыз керек. Біз үшін ең басты қауіп – болашақпен бетпе-бет келуде өзіміздің жасампаздық мүмкіндіктеріміз ретінде

қол жеткізуге болатын барлық мүмкіндігімізді қолдана алмау. Оларды дамыту білім беру мен оқытудағы басым бағытқа айналуы тиіс.

Білім дегеніміз – болашақтың кілті және одан асқан маңызды нәрсе болуы мүмкін емес». /Кен Робинсон/

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫМЕН СПОРТТЫҚ ЖАТТЫҒУ ЖҮРГІЗЕ ОТЫРЫП, ЖАТТЫҒУДЫҢ ОҚУШЫ БОЙЫНДАҒЫ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРГЕ ӘСЕРІН АНЫҚТАУ

*Созақ ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің
А.Сүлейменов атындағы жалпы орта мектебі
Атаулаев Рустам Дәулетбаевич*

I.Кіріспе

1.1«Спорт» - сөзінің мәні және «спорт физиологиясының» маңызы

II.Негізгі бөлім

Баяндама жазудағы негізгі критерилер (шұғылданушыларға бақылау жүргізудегі критерилер)

-спорт сөзіне анықтама

-спорт физиологиясына анықтама беру

-бақылау (тіркеу) кестесін жасау және бақылау жүргізу

-шұғылданушының мәліметтерін салыстыру және анықтама беру

2.2 Қан қысымын өлшеу, жүрек-тамыр соғысы, тыныс алу жиілігін тыныштықта, қимыл - қозғалыста, қозғалыстан кейінгі кезеңдер бойынша нәтижелерін тіркеу

III.Қорытынды

3.1 Шұғылданушының қан қысымы, жүрек-тамыр соғысы және тыныс алу жиілігін жеке салыстыру және нәтижесін анықтау

I.Кіріспе

«Спорт» - сөзінің мағынасы және «спорт физиологиясының» маңызы

Спорт (фр. Desport- бекершілік) - белгілі ережелер мен дәстүрлерге сай көбінесе жарыс күйінде өтетін әрекет. Спорт жалпы алғанда физикалық мығымдығы өте жоғары болатын жеңіске немесе жеңіліске әкелетін әрекетті сипаттағанымен, техникалық - тактикалық немесе құрал - жабдық сапасы да маңызды рөл атқаратын және адам ақыл - ойын да қоса ұштастырып, адам денсаулығын дамытатын маңызды сала. Адам баласы спортпен денсаулығын жақсарту, моральді және затты қанағаттану үшін, өзін - өзі дамыту үшін шұғылданады.

Спорт сөзінің арғы төркіні көне француз тілінен басталады. «Desport» - көңіл ашу дегенді білдіреді екен. Ағылшын тіліне бұл сөз 1300 жылдары еніп, кейін басқа елдерге таралып, 19 ғасырдың соңына қарай қазақ тілінде қолданысқа ене бастапты. Оның басқа мағынасы ұтысу, аулау, ойын, көңіл ашу,

шынығу деген мағыналарды береді. Роггеттің анықтамасы бойынша зат есім күйіндегі спорт сөзі «босау мен көңіл ашу үшін жасалатын әрекет» деген мағынаны білдіреді.

Физиология (грекше *physis*, «табиғат, тек-тамыр» және *logos* «ғылым») тірі ағзаның механикалық, физикалық және биохимиялық функциясының ілімі. Яғни физиология - тірі ағза мен физиологиялық жүйелердің, тіндердің, ағзалардың, жасушалардың қызметін зерттейтін іргелі ғылым. Ол ағзалардың бір-біріне әсерін, өзара байланысын және сыртқы ортамен қарым-қатынасын тексереді. Физиологияның мәселесі адам ағзасының жұмысын түсіну, оның әр бөлігінің мәнін анықтау, олар қалай әрекеттеседі және сол қатынасу нәтижесінде ағзаның жалпы жұмысы қалай атқарылатынын анықтау.

Физиология медицина ғылымының бір тармағы болса, спортшылардың жаттығу, шұғылдану нәтижесінде организмдегі өзгерісті зерттейтін ғылым «спорт физиологиясы» болып табылады яғни физиологиядан «спорт физиологиясы» өз алдын іргелі ғылым болып бөлініп шығады. Бұл дегеніміз ғылымның дамуы.

Ал «Спорт физиологиясы» ілімін дамытпай, спортта спортшылардың жетістігін еселеу мүмкін емес. Себебі адам ағзасы үнемі шынығу, жаттығу үстінде яғни спортпен айналысқанда оның денесінде, әрбір организмінде өзгеріс болары сөзсіз. Сол өзгерісті зерттейтін ғылым осы спорт физиологиясы.

Спорт физиологиясы –спортпен шұғылдану негізінде жүретін бұлшық ет қызметінде қалыптасатын мүшелер мен мүшелер жүйесінің қызметін зерттеуге бағытталған адам физиологиясының арнаулы бөлімі. Ол жаттығу процесін қалыптастыра отырып, жоғары нәтижеге жетуге негізделген.

Спорт физиологиясы денешынықтыру және спорт институттары мен университеттерінің дене тәрбиесі факультеттерінде ғылыми ілім есебінде оқытылатын елімізде енді дамып келе жатқан жас ғылым және педагогикалық ілім.

II. Негізгі бөлім

Қан қысымы, жүрек - тамыр соғысы, тыныс алу жиілігін тыныштықта, қимыл- қозғалыста, қозғалыстан кейінгі кезеңдер (яғни үш кезең) бойынша нәтижелерін тіркеу.

Баяндама жазудағы негізгі критерилер (шұғылданушыларға бақылау жүргізудегі критерилер)

- спорт сөзіне анықтама
- спорт физиологиясына анықтама беру
- тіркеу кестесін жасау және бақылау жүргізу
- шұғылданушының мәліметтерін салыстыру және анықтама беру.

Менің жұмысымның мақсаты: жаттығушының жүрек, тамыр соғысы, тыныс алу жиілігі және қан қысымының қимылға дейін, қимыл кезінде, және белсенді қимылдан кейінгі ағзаның күйін зерттеу. Осы жұмысымда тыныс алу жиілігі, қан қысымы, жүрек және тамыр соғысы белсенділігін анықтап, соған сәйкес өзгерістерін тіркеп жаттығудың әсерін анықтау. Яғни спортпен

шұғылданудың адамға физиологиялық әсері қандай өзгеріс әкеледі? Дене сапаларына және дене сапаларының артуына қалай әсер ететінін анықтау.

Физиологиялық зерттеу әдістері екіге бөлінеді:

Бақылау және эксперимент (тәжірибе).

Бақылау құбылыстың нақты мәнін аша алмайды, сондықтан негізгі әдіс эксперимент. Ол жіті және созылмалы болады. Мен осы екі әдісті таңдап өзім арнайы кесте жасадым.

Мен арнайы жоғары спорттық мектептің жаттықтырушысы емеспін және шұғылданушыларды жоғары спорттық дәрежеге жеткізу мектеп мұғалімдерінің міндеті емес деп білемін. Дей тұрғанымен осы жұмысымды «спорт физиологиясына» қосқан тамшыдай үлесім деп есептеймін. Сонымен тамыр, жүрек соғысы, қан қысымын өлшеу және тыныс алу жиілігін үш кезең бойынша яғни қимылға дейін, қимыл кезінде және белсенді қимылдан кейінгі кезеңдерде есептеп арнайы кестеге тіркеп отырдым. Менің бұл жұмысым 5 айға созылды және осы аралықта 4 рет тәжірибе жүргізіп үлгердім. Нәтижесі төмендегі кестелерде.

Қан қысымы, жүрек-тамыр соғысы, тыныс алу жиілігін тыныштықта, қимыл қозғалыста, қозғалыстан кейінгі кезеңдер бойынша нәтижелерін тіркеу

Қан қысымы, жүрек-тамыр соғысы және тыныс алу жиілігінің нәтижелері

Жүрек соғу жиілігі

Жүрек соғу жиілігін немесе жүректің дүмпілдеу жылдамдығын қолмен басу (пальпация), фонендоскоп құралы мен тыңдау (аускультация) арқылы анықталады. Жүрек соғу жиілігін электрокардиограммадағы 1 мин. ішіндегі жүректің әр жиырылып-созылу кезеңінің ұзақтығы бойынша есептеп шығаруға болады. Бірақ біз медициналық құрал жабдықтарымыз сондай-ақ медициналық біліміміз терең болмағандықтан өз мүмкіндігімізге қарай жаттығудағы өзгерістерді тіркеп отырдық.

Тыныштық қалпында жүрек минутына 60-90 рет жиырылады. Ал жүректің 60 реттен сирек соғуын брадикардия, 90 реттен жиілеуін тахикардия деп атайды. Біздің бақылауымызда брадикардия (жүректің 60 реттен төмен соғуы) мүлдем тіркелмеді. Ал тахикардия (жүректің 90 реттен артық соғуы) тіркелді. Бірақ тахикардияның тіркелуі заңды, себебі адамның жас ерекшелігіне сай жүректің соғуы ересек адамдарға қарағанда жасөспірімдерде артық болатыны тағыда дәлелденді. Жаттығу жүктемесі артқанда немесе шамадан артық жаттығумен шұғылдануда жүректің жиырылу тіпті 120 реттен асу дерегі тіркелді. 12-16 жас аралығындағы жасөспірімдерде бұндай тахикардияның тіркелуі қауіпті емес деп есептеймін, себебі жоғары дәрежедегі спортшылардың барынша қарқынды жүктемелер орындау барысында жүрек соғу жиілігі минутына 185-200 ретке дейін жеткенін өзім студент кезімде ғылыми жетекшім екеуіміз жүргізген тәжірибемізде тіркелген болатын.

Нәтижесінде бес ай аралығында жаттығумен шұғылданудың арқасында оқушылардың жүрек соғу жиілігі алғашқы тіркелген 1- нәтижесімен соңғы 4- нәтижені салыстырғанда біршама жүрек соғу жиілігі төмендегенін анықтадым. Жүрек соғу жиілігі сорттық дәрежесі жоғарылаған сайын, соғұрлым сирек болуыда ықтимал. Демек спортпен шұғылданудың адам жүрегіне өзгеріс әкелетініне көзім жетті. Жүрек соғысының төмендеуі жаттығушының жүрек құрылымында өзгеріс болатынының айғағы. Қорыта келгенде жүрек соғу жиілігінің өсуі спортшының жұмыс қабілетіне байланысты екен.

Спорт физиологиясында жүйелі жаттығу барысында спортшы жүрегінде екі түрлі құрылымдық өзгеріс болатыны айтылған. Біріншісі жүрек қуыстарының кеңеюі, екіншісі-жүрек бұлшық еттерінің жуандауы. Бұл екі өзгеріс жүрек көлемінің ұлғаюына соқтырады. Көлемі үлкен жүректің қызметтік мүмкіншілігі де жоғары болады. Жүрек қуысының кеңеюі барлық спорт түріне тән емес, үлкен жүрек көлемі төзімділікті талап ететін спорт түрлеріне (шаңғы тебу, велосипед спорты, орта-ұзақ қашықтыққа жүгіру, суда жүзу) сондай-ақ төзімділікті дамытуға бағытталған жаттығулардың әсерінен пайда болады.

Қан қысым және оның нәтижесі

Қан қысымын өлшеу барысында алынған мәлімет алғашқы нәтижемен соңғы нәтижесі аралығында аса өзгеріс болмағаны анықталды. Бұның себебі жас ерекшелігіне орай жасөспірімдердің қан айналымы жоғары дәрежеде екенін сондай-ақ әрбір организмнің тұрақты кідіріссіз жұмыс жасайтынын көрсетеді. Демек спортшылардың басым көпшілігінде артериялық қан қысыма әдеттегі мөлшерде сақталады, бірақ жоғарылауы-гипертония, төмендеуі-гипотония да кездеседі екен.

Тыныс алу және нәтижесі

Тыныс немесе дем алу деп тірі организм ұлпаларын оттегімен қамтамасыз етіп, көмір қышқыл газын сыртқа шығаруға бағытталған физиологиялық құбылыстар жинағын айтады.

Сыртқы тыныс алу вентиляция және диффузия арқылы атқарылады. Вентиляция- өкпенің ауа алмастыруы, ал диффузия-өкпе көпіршіктері мен қылтамырлар арасындағы қалқаншадан газдардың өтуі болып есептеледі.

Тыныс алу жүйесінің негізгі көрсеткіштері: тыныс алу жиілігі (ТАЖ), тыныс алу тереңдігі, тыныс алу көлемі, өкпенің жалпы тіршілік сыйымдылығы.

Бес ай аралығында жаттығумен шұғылданудың арқасында оқушылардың тыныс алу жиілігі алғашқы тіркелген 1- нәтижесімен соңғы 4- нәтижені салыстырғанда тыныштық күйінде және жүктеме кезінде сондай-ақ белсенді жаттығудан кейінгі кезеңдегі тыныс алу жиілігінің артқанын анықтадым. Үнемі жаттығумен шұғылдану адамның тыныс алуын арттырып қана қоймай, дұрыс тыныс ала білуге және өкпеден ауа көлемін жылдам үрлеп шығаруға қалыптастырады екен сондай-ақ өкпенің ауа алмастыруы жеңілдейді. Әрбір жаттығу сайын жаттығудың жүктемесі артып отыраы сөзсіз, сондықтан жүктеме артқан сайын шұғылданушының сыртқы ауаны өкпеге жеткізуі және

қайта үрлеп шығару қабілеті артып, тыныс алу жиілігі жұмыс қуатына тура тәуелділікпен өсіп, барынша жоғары қарқынды жүктеме орындағанда минутына 38 -48 ретке дейін жетті. Тіпті одан да асуы мүмкін екенін көрсетті.

Тамыр соғысы және нәтижесі

Тамыр соғысы жүрек соғысымен бірге жүреді. Жүрек соғысындағы тахикардия және брадикардия ұғымы тамыр соғысында да айтылады. Жалпы норма бойынша сау адамның тамыр соғысы 60-80 рет. Дегенімен жасөспірімдердің арасында 100 ретке дейінгі тыныштық қалпында тамыр соғысы Р.Қожабек мен Ж.Балтақожаның алғашқы өлшемінде тіркелді. Әрбір алған өлшемімізде шұғылданушылардың тамыр соғу жиілігінің төмендегені анықталды. Сондай-ақ 10-температураның көтерілуі 10-15 ретке артық соғатыны анықталды. Осы тәжірибемізге үш рет қатысқан Ж.Әдеханның 1-өлшемінде тамыр соғысы 91/104/98 рет соқса, 2-өлшемінде 104/119/109 рет соғып, алдыңғы өлшемімізден 13-15 ретке артық соқты, ал басқа балдарда тамыр соғысы төмен түсіп отырды. Бұл неліктен бірден мұншалықты артық деген сұрақ болды. Нәтижесінде Ж.Әдеханның ыстығы көтеріліп тұрғаны анықталды. Демек адамның ыстығының көтерілуі жүрек-тамыр соғысына міндетті түрде әсер ететініне көз жеткіздік. Ал 3-өлшемде 87/95/90 рет соққаны анықталды.

Ж.Әдехан-91/104/98

-104/119/109

-87/95/90

Тыныштық қалпында тамыр соғысы 60 реттен сирек соғуын брадикардия, 90 реттен жиілеуін тахикардия деп атайды. Біздің бақылауымызда брадикардия (тамырдың 60 реттен төмен соғуы) мүлдем тіркелмеді. Ал тахикардия (тамырдың 90 реттен артық соғуы) тіркелді. Бірақ тахикардияның тіркелуі заңды, себебі адамның жас ерекшелігіне сай тамыр соғу жиілігі ересек адамдарға қарағанда жасөспірімдерде артық болатыны тағыда дәлелденді.

Бес ай жаттығумен шұғылданудың арқасында оқушылардың тамыр соғу жиілігі алғашқы тіркелген 1- нәтижесімен соңғы 4- нәтижені салыстырғанда біршама жүрек соғу жиілігі төмендегеніндей тамыр соғысыда кеміп отырды. Демек үнемі белсенді дене қозғалысымен айналысу арқылы адамның тамыр соғысы уақыт өткен сайын кеміп отырады. Бұның себебі жаттығу тұтас адам ағзасының төзімділігін арттырады, ал адамның жүрек және тамыр соғысы осы жүктемелердің қайталануына және артуына бейімделіп, бәсеңдейді.

Шұғылданушының қан қысымы, жүрек-тамыр соғысы және тыныс алу жиілігін жеке салыстыру және нәтижесін анықтау

III. Қорытынды

Спорттың адам денсаулығына қандай әсері бар екендігі қаншама мақалада, зерттеу жұмыстарында, деректі фильмдерде, ғылыми жұмыстарында жазылып та, айтылып та жүр. Ал бүгінгі менің баяндамама жүргізген тәжірибемде қол жеткізілген мәліметтерді қысқаша және ұғынықты түрде

топтастырып қорытындылауды жөн көрдім. Сонымен физиологиялық өзгерістер дене сапалары мен адам ағзасы үшін келесідей себептермен пайдалы:

Жаттығумен тұрақты түрде шұғылдану арқылы және жүктеменің артуына орай жүрек және тамыр соғу жиілігі төмендейтіні.

Үнемі жаттығумен шұғылдану адамның тыныс алуын арттырып, дұрыс тыныс ала білуге және өкпеден ауа көлемін жылдам үрлеп шығаруға қалыптастырады сондай-ақ өкпенің ауа алмастыруы жеңілдейтіні

Жүйке жүйесі нығаяды және дамиды (жүйке жүйесінің нығаюы және дамуы шұғылданушының ептілігінің жоғарылауынан, қимылдың жылдамдауы мен жақсаруы есебінен көрінеді).

Ағза бұрынғыдан ауыр, күрделі жүктемелерді іске асыруға қабілетті болады, жүйке процесінің жылдамдығы артып, ми оқиғаларды тез қабылдап, дұрыс шешім қабылдауды үйренеді.

Жүрек соғысы және тыныс алу жұмысы жақсарады (жүрек соғысының кемуінен және тыныс алу жиілігінің артуынан көрінеді).

Спортпен шұғылданудан адамдардың қан айналымы, тамыр соғысы мен тыныс алу және жүрек соғысы күшке тез үйренеді және қалпына тез келетіні

Дене сапалары артады (үнемі жаттығу арқылы шұғылданушы жылдам және тез шешім қабылдайды, шапшаң қозғалады, қорқынышын жеңе біледі).

Жаттығумен шұғылдану кезінде физиологиялық өзгерістер әртүрлі деңгейде болатындығы анықталды

Осы зерттеуімде алынған нәтиженің көрсеткіштерін саралап талдағанымда байқағаным күн өткен сайын жаттығумен шұғылданудан, көрсеткіштерінде өзгерістер тіркеліп, физиологиялық өзгерістің болатындығы және адам ағзасына пайдалы екендігіне тағыда көзімізді жеткізе түсті.

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ҮДЕРІСІНДЕГІ ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ ҮШІН РУХАНИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІ АЯСЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

*Түркістан облысы, Түлкібас ауданы,
Бауыржан Момышұлы атындағы жалпы мектебі,
дене шынықтыру пәні мұғалімі,
Алибаев Ордалы Жамалбекович*

Соңғы ғасырдағы тарихи материалдарда берілгендей, ежелгі қазақ жерін мекендеген бабаларымыздың дене тәрбиесі сол кездегі жаугершілік заманға байланысты жоғары деңгейде болғаны жайлы көптеген деректерде көрсетілген. Күштілік, төзімділік, ептілік пен икемділік, жылдамдық секілді, дене қасиеттерін дамытатын сол кезеңдегі ойындар мен жаттығулардың маңызы зор еді. Қиыншылығымен бірге, қуанышы да қатар жүрген ата-бабаларымыздың

көшпелі өмір сүру салты жоғарыда көрсетілген аталмыш қасиеттерді одан әрі жетілдірудің көп жолдары мен әдіс-тәсілдерін қарастырған. Қай жерде болмасын, әскери жаттығуларды ойынға айналдыруға құмар жауынгерлердің арқасында «Көкпар», «Күміс алу», «Қыз қуу» секілді, ат ойындарының, сонымен қатар, ақыл-ой мен зеректікті дамытатын «Тоғызқұмалақ» және басқа да ойындардың шыққанын тарихтан жақсы білеміз.

Қазақ халқы көнеден бері келе жатқан материалдық мұраларға қоса мәдени қазыналарға да аса бай халықтардың бірі. Сондай қомақты дүниелер қатарына ұлт ойындары да жатады. Бүгінгі замандастарымыз бен болашақ ұрпақтарымыздың оларды оқып үйреніп, өздерінің кім екендіктеріне барлау жасауына, ата-бабаларының психологиялық болмысы мен ойлау жүйелеріне зер салуына, көздеген мақсаттарына саралап, жете білулеріне, дәстүрлер жалғасын өрістетіп, өткен мен бүгінгіні байланыстыра білулеріне, сөйтіп, мәңгірттік атаулыға тосқауыл қоюларына ұлттық ойындар септігін тигізеді. Ұлттық ойындар халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына үйлесімді жасалғандай әсер береді. Олай дейтініміз, ойындардың көпшілігі сол көшпелі тұрмысқа лайықтатып, арнайы материалдық әзірліксіз ойнала беретіндігінде ғана емес, сонымен бірге, халықтың психологиялық ерекшеліктеріне де байланыстылығында. Ойын барысында бала өзінің назарын қимылды орындау әдісіне емес, мақсатқа жетуге аударады. Ол ойын шартына бейімделіп, ептілік көрсетіп, сол арқылы қимылды жетілдіріп, мақсатты әрекет етеді. Балалар ойын арқылы шынығып, өзінің ойындағы табиғи дарынын шындай түседі. Ойынға халық ерекше мән берген. Сондықтан, халық оған тек ойын-сауық, көңіл көтеретін орын деп қана қарамаған. Ең бастысы – ел қорғауға қабілетті болашақ қайраткер болсын, батыр болсын, өзінің осы қабілетін шаршы топтың алдына, баршаға тең еркін бәсекеге жеңіп алуға тиіс болған. Сондай-ақ, талапты жас ойын өнеріне жасы үлкен, танымал ұстаздан үйреніп, жаттығатының, аянбай тер төгетінін байқаймыз. Ұлттық қимыл-қозғалыс ойындары осылайша атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып, халықтың дәстүрлі шаруашылық, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі де, көрінісі де болған.

Ойын өнер ретінде әдебиет пен мәдениеттің сан алуан түрлерімен қабысып, бірін-бірі толықтырып, байыта түседі. Өзінің өлең-жырларында халық ойынды тәрбие құралы деп танып, оның жастарды ойландырып, толғандыратын қасиеттерін аша түседі. Ойын тек жас адамның дене күш-қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке, ептілік пен икемділікке т.б. ғана тәрбиелеп қоймай, оның ақыл-ойының толысуына, есейіп өсуіне де пайдасын тигізеді.

Күн сайын дүниеге келіп жататын сәбилердің қиялын қозғап, сезімдерін аялайтын, денеге қуат, жанға саулық беріп, рухани азық болатын да – осы қимыл-қозғалыс ойыны. Қимыл-қозғалыс ойынында бала назар аудару және бұлшық еттің ширығу дәрежесін реттеуді үйренеді: ойынның қалыптасқан түрлеріне байланысты ол қимылды тынығумен алмастыра алады. Бұл оны

бақылағыштыққа, тапқырлыққа тәрбиелеуге, қоршаған ортадағы жағдайдың өзгеруіне қарап бағдар белгілеу, қалыптасқан жағдайдан жол тауып шығу, тез шешім қабылдап, оны жүзеге асыру, батылдық, ептілік, мақсатқа жетудің өзіндік әдісін таңдау секілді, қабілетін қалыптастыруға көмектеседі. Міне, ойын дегеніміз – тынысы кең, алысқа меңзейтіп, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялы мен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе, ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Ұлттық қимыл - қозғалыс ойындардың сауықтыру, тәрбиелеу және білім беру маңызы сан - салалы, бірақ, іске асыру үшін мұғалімнің шығармашылық көзқарасы және педагогтық шеберлігі қажет.

Өскелең ұрпақтың тәрбиесіне мол үлесін қосатын ұлттық ойындар өзінің бастауын халықтық педагогиканың тұңғығынан алады. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдықты, ептілікті, шапшаңдықты, тапқырлықты, табандылықты т.б. мінез-құлықтық ерекшеліктерімен бірге, күш-қуатын молдығының, білек күшін, дененің сомданып шығуын қажет етеді. Сонымен бірге, бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғары қағидаларына негізделген.

Қазақ халқының ұлттық ойындары елдің өмірімен тығыз байланысты, оның шаруашылық, экономикалық, әлеуметтік тұрмысынан туған. Оның тәрбиелік маңызы аса жоғары, әрі құнды. Қазақ халқының өмірінде ойын араласпаған бірде-бір тұрмыс немесе шаруашылық саласы жоқ десе де болады.

Қазақтың ұлттық ойындарының көбі дер кезінде қағаз бетіне түсіп үлгермегендіктен, бүгін ұмыт болған. Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» атты мемуарлық еңбегінде ертеректе «Орда» атты асық ойыны болғанын бірнеше рет атап өтеді. Б.Төтенаевтың «Қазақтың ұлт ойындары» деген кітапшасында аты ғана сақталып қалған маңызды ойындардың ішінде, «Абайдың алты алашы» атты ойынды атап көрсеткен. Дер кезінде қағаз бетіне түспей, жинаушылардың көзінен таса қалған ойындар еліміздің кез-келген аймақтарында халық арасында әлі де көптеп кездеседі. Солардың арасында «Сары ұлан», «Сарыала қаз», «Ақ аю», «Ағызбақ», «Бақай пісті», «Жылмаң», «Топай», т.б. ойындар бар. Дегенімен халық ойынының неше алуан түрлерін туғызып қана қойған жоқ, соны іс-жүзінде қолданып, оның тәрбиелік, білімдік жақтарын да көре білді.

Кез келген мемлекеттің әскери күші осал болса, сол мемлекет уақыт өте келе, өзінен күшті, қуатты державаның қол астына өтіп, тәуелді болады: бұл – адамзат тарихының пайда болғанынан бері келе жатқан, талай рет дәлелденген тарихи шындық. Небір елдер өздерінің әскери, саяси, экономикалық т.б. әлсіздігінің кесірінен көршілес мемлекеттерге жем болған. Бұның түбін қарасақ, кез келген мемлекеттің әскери күші – сол елдің әскерге шақырылатын жастарының денсаулығының мықтылығында.

Күш-ерік өзінен өзі келмейді, оны қажырлы еңбек, жаттықтыру, тер төгіп, мақсатқа жету арқылы тәрбиелейді. Спорттың кез келген түрлерінде жаттықтырудың маңызы зор. Бірақ, қандай да болмасын, жаттықтыруда жастарды тек техникалық-тактикалық тұрғыда жалаң дайындай берген көп

нәтиже бермейді. Ірі жарыстарда жеңіске жеткен спортшылардың басым көпшілігінен жеңіске жету себебін сұрағанда, барлығы дерлік: «Бойымды шарпыған ұлттық намыс пен қайраттылықтың, ержүректіліктің арқасында жеңіске жеттік», - деген сөздері бар. Сондықтан, әрбір дене шынықтыру мұғалімі өздерінің сабақтарында дене қасиеттерімен қатар, осындай рухани-патриоттық тәрбие жұмыстарын жүргізгені абзал.

Алға қойылған мақсатқа жету үшін, халқымыздың денінің саулығы, салауатты өмір сүру салты басты назарда болуы керек. Елімізде бұған жету үшін барлық жағдайлар қарастырылған және қарастырыла бермек. Жастарды ұлттық рухта тәрбиелеудің маңызы – дене шынықтыру мұғалімдерінің дене тәрбиесі сабақтарында ұлттық ойындарды классикалық спорт түрлері секілді, міндетті түрде өтуге күш салуында. Себебі, бұрындары республикадағы дене шынықтыру саласында қызмет ететін мамандардың көпшілігі берілген бағдарламадан ауытқысы жоқ. Осының әсерінен, жастар арасында көптеген ұлттық ойындар беймәлім немесе күнделікті көріп жүрген ат спортын ғана, оның өзінде ауылдық жастар болмаса, қалада өскен жастардың біле беруі неғайбіл. Себебі, қалада оны үйретуге көбінде құлық жоқ болатын.

Тек, Ұлттық дене тәрбиесі ғылыми - практикалық орталығы мамандарының пәрменімен ғана, соңғы жылдары ұлттық ойындар мектеп бағдарламасының сағаттар торында міндетті түрде өтілетін спорт бөлімі ретінде оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларына енуде. Сондықтан, жалпы білім беретін орта мектептер мен басқа да оқу орындарының дене шынықтыру бағдарламаларында ұлттық ойындарға бөлінетін сағаттар санын көбейтсе нұр үстіне нұр болар, деп талай ұлтжанды мамандар уақытында ел назарына салып жүрген еді.

Жастардың патриоттық-рухани тәрбиесін одан әрі ұштау үшін, мысал ретінде заманымыздың көрнекі жазушысы Болат Жандарбековтың «Томирис патшайым» романынан алынған мына үзіндіні суреттесек:

Парсы патшасы Кирдің қол астына қызмет етуге келген Рүстем батырдың ойы – «Жер жүзін жаулап алуға ниеттенген Кир патша келесі кезекте жаулап алуға қайда барады екен? Жер жағынан өзіне жақын Египет жеріне ме, әлде алыстағы беймәлім сақ жеріне ме?», оның алға қойған мақсаты - осыны біліп, алдын алу еді...

Парсы әскерлерінің кезекті жеңісін тойлау үстінен түскен Рүстем батыр өзінің жасақтарымен Кир патшаға сәлемдесуге келеді. Сақтардың ержүрек жауынгер, қандай да болмасын, қиын сәттерде жеңіске жететін, қайтпас мінезді әскери батылдығын сырттай естіп жүрген Кир патша олардың әскери өнерін көрсетуге бұйырады. Сол кезде атын ойнатып, ортаға Рүстем батыр атойлап шығады. Бос уақыттарында бірі-бірімен шоқыстырып, ермек етіп ойнауға алып жүретін бөденелерін алып, сақ сарбаздары да сол кезде Рүстем батырдың берген белгісі бойынша, алаңның төрт жағынан тұрып алып, төрт бөденені аспанға бір мезгілде ұшырып жібереді. Сақ жауынгерлеріне менмендікпен, тәкаппарлықпен менсінбей, жайбасарлық бейпілдене қарап тұрған Кир патша

мен оның қол астындағы дүйім халқына «Мергендіктің қандай екенін көрсетейін», деген Рүстем батыр атымен екпіндетіп шауып бара жатып, садағымен үш бөденені де кезектей атып түсіреді. Төртінші бөденені құйғытып шауып келе жатқан бетінен кілт тоқтап, аты ауыздығын шайнай көкке орғи, артқы аяқтарымен тұра қалып, садақ оғын әуеге тартып жібергенде, аспандағы ұшып кеткен құс алысқа қанат қаға, көзге көрінбей қалған еді. Сәл мезеттен соң, садақ оғы тиген соңғы бөдене жерге топ етіп түскенде, алдында сілтідей тынып тұрған халық алаң басын азан-қазан етті. Әншейінде, қимылсыз тұрған жамбыға садақ оқтарын әзер дегенде дөп тигізетін парсы сарбаздары осы көріністен кейін ауыздарын ашып, мелшиіп қалды. Төрт бөдененің де бірінен соң бірі жерге топ етіп түсуі, алаңда тұрған халық пен сарбаздар түгілі, Кир патшаның өзі Рүстем батырдың мергендігіне тәнті болып, бар құрметін жасады. Кир патша да өзі барып Рүстем батырға тағзым етіп, «Бұдан былай менің өкіл бауырым боласың деп, құшағына алды». Осындай жауынгерлік рухы күшті, қайтпас та қайсар бабаларымыздың ұрпақтары, біз, қазақ елінің абыройы мен даңқын одан әрі арттыра беруіміз керек. Қаншама болып жатқан нәубеттерді басынан өткерген өжет халқымыздың ойы тәуелсіздік еді. Сол тәуелсіздікке де жеттік. Ендігі міндет – азаттығымызды тас-түйін берік қолда ұстап, басқа елдермен тең дәрежеде сыйластықта өмір сүру.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Сейсенбеков Е.К. Қазақтың ұлттық ойындары мен дене тәрбиесі. Қазақстан мектебі. № 3, 2011.– Б. 60-63.

А.Асарбаев. Қазақтың ұлттық ойындарын бастауыш мектептегі тәрбие жұмыстарында пайдалану. Қазақ МДШИ. Алматы. 1993. – Б. 12-36

Ә.Бүркітбаев. Спорттың ұлттық түрлері мен оның тәрбиелік мәні. Қазақ ДШИ. Алматы. 1985. – Б. 21-48.

М.Тәнікеев. Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт тарихы. Оқу құралы. Алматы. 2002. – Б. 35-62.

М.Тәнікеев. Қазақтың ұлттық спорт ойындары. Қаз.ДТИ ғылыми еңбектері жинағы. 1956. – Б. 76-99.

Е.К.Сейсенбеков. Дене шынықтыру және спорт тарихы. Оқу құралы, Шымкент, «Нұрлы бейне», 2009.– Б. 101-12

ЦИФРЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР - ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САЛАСЫН ДАМУДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

*Түркістан облысы, Келес ауданы,
№46 Абай мектебі, дене шынықтыру пән мұғалімі:
Сахов Ербол Елемесович*

Аннотация: Цифрландыру білім ортасында денсаулық мәселесін шешу дене шынықтыру пәнінің мұғалімі дұрыс және жеткілікті көлемде және қозғалыс белсенділігімен қатар денсаулықты сақтау туралы өсиеттерді жүйелі түрде орындаған жағдайда ғана мүмкін болатыны анық. Ақпараттық қоғамның қазіргі жағдайында мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты адам қызметінің барлық салаларында цифрлық технологияларды дамыту болып табылады.

Білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау ақпараттық инфрақұрылымды дамытуды және білім беру жүйесін жетілдіруді, кәсіби міндеттерді шешу кезінде қазіргі заманғы ақпараттық және цифрлық технологияларды меңгерген тиісті кадрларды даярлауды көздейді. Білім беру саласына ақпарат алудың жаңа көздері мен жаңа тәсілдері ретінде әрекет ететін цифрлық технологияларды, дене шынықтыру және спорт бойынша болашақ мамандарды даярлау процесінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін педагогикалық құралдарды кешенді енгізумен сипатталады.

Жалпы мектептегі дене шынықтыру мұғалімі қалыптастыратын цифрлық орта: оқу материалының көрнекілігіне арналған демонстрациялық бағдарламалар; ақпараттық-анықтамалық материалдар; білім мониторингіне арналған бақылаушы бағдарламалар; дидактикалық материалдар. Цифрлық білім беру ортасының көмегімен дене шынықтыруда білім алушының жеке білім беру бағыты дене жаттығуларының жеке кешенін іріктеуді жандандырады; оқушыларды зерттеушілік іздестіруге, жаңа материалды теориялық игеруге қамтиды; оқу-практикалық міндеттерді шешу итермелейді; оқушының көкжиегін кеңейту, оның дене тәрбиесі мен спорт әлемінде хабардар болуын сипаттайды; адам өзінің физикалық мүмкіндіктерін дербес зерттеу және өзінің даму динамикасын қадағалауда көрсетеді. Ақпараттық ортаны пайдалану аспектілеріне мыналар жатады: мектеп жүйесінде олимпиадаларға дайындалу; физикалық тапсырмаларды орындау; білімді бақылау және мониторингілеу; өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру (электрондық білім беру ресурстары); зейінін, жадын, ойлауын жаттықтыру; жобалар әдісі бойынша интеграцияланған сабақтар өткізу; интерактивті демонстрациялық материалдарды пайдалану, зерттеу қызметін ұйымдастыру. Цифрлық (сандық) ортаны қолданудың тиімділігі оқу процесіне мектепті бағыттау мүмкіндігі болып табылады; әртараптандыру және білім алушыларға әсер ету құралдарын біріктіру; дене шынықтыру пәніне деген ынталарын, оқу процесінің тиімділігі мен сапаларын арттырады.

Қазіргі уақытта теориялық дайындық, басқару дағдылары, педагогикалық жұмысты ұйымдастыруда дағдылар болуы керек, жұмысшыларды жұмысқа тарта білуі керек. Бір қызығы, көптеген дене шынықтыру мұғалімдері АКТ-дан өзіндік пайда көре алады. АКТ көмегімен өткізілетін сабақтар жоғары эмоционалды шиеленісті болдырмауға және оқушылардың оқу процесін жандандыруға, оқуға деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді.

Оқытудың қазіргі кезеңі жаңа еңбек жағдайларын талап етеді. Көптеген ғасырлар бойы білім мен тәжірибені жеке қарым-қатынас арқылы беру процесі жүрді. Уақыт өте келе біз білімнің көп бөлігін кітаптардан ала бастадық.

Компьютердің көмегімен дене шынықтыру сабақтарында ақыл-ой белсенділігі теориялық материалдарды тез игеруге ықпал жасайды, ал білім мен моториканы игеру қарқынды түрде жүзеге асырылады. Орта мектептегі бүкіл дене шынықтыру курсы барысында спорттық және компьютерлік дағдылардың игерілуін бірнеше кезеңдерге бөліп көрсетуге болады:

Ікезең - визуалды - жеке элементтерден тұтас қозғалыс әрекеттерін құруға, жаттығуларды орындау бойынша теориялық білімдерін тәжірибеге сәтті ауысуға мүмкіндік алынады.

ІІкезең — техникалық - қозғалыс әрекетін түсіру үшін бейнеаппаратураны (камераларды, фотоаппараттарды) пайдалануды, содан кейін оны зерттеу мен өндеуді болжайды. Аналитикалық ойлау қалыптасып, қимыл-қозғалыс техникасын егжей-тегжейлі зерделеуге мүмкіндік туады.

ІІІкезең — аналитикалық - деректерді талдау негізінде шешімдер қабылдауға, жағдайларға байланысты (сабақ, бәсекелестік, қарсылық белсенділігі) қозғалыс әрекетін қайта құруға жол беріледі, адамның өзін-өзі бағалауы қалыптасады.

Дене шынықтыру сабағында ақпараттық коммуникациялық цифрлық технологияларды қолдану оқытудың маңызды міндеттерінің бірін- мектептегі білім деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл негізгі жоғары эмоционалды шиеленісті болдырмауға және оқу процесін жандандыруға, оқуға деген ынтаны арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ көптеген цифрлық технологияларды (электрондық платформалар: "электрондық репетитор", "масштаптау", бұлт) пайдалану мен сақтаудың өткір қажеттілігі бар mail.ru, WhatsApp, Viber, Telegram, Skype, Facebook Messenger және т.б.) сабақта қолдануға өте қолайлы. Дене шынықтыру саласындағы сандық білім беру ортасының ағымдағы проблемасы (COVID-19) теориялық және практикалық дене шынықтыруын қалыптастыруда білім беру ортасының мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік бере ме? Қашықтықтан оқыту мәселесін шешудің жетекші идеясы- компьютерді қазіргі денсаулығымыздың басты жауынан денсаулық үшін күресте дене шынықтыру мұғалімінің одақтасына айналдыра алатын білім беру ортасын қалыптастыру.

Педагогикалық инновацияларды енгізу бағдарламасын орындау барысында дене шынықтыру және денсаулық сабағын өткізудің жаңа әдісінің

артықшылықтарын көрсететін бірқатар мәліметтер алынды. Ең алдымен сабақтың мотор тығыздығының өзгеруіне назар аударамыз. ИСО-ны жекелеген спорт түрлерін оқыту практикасында қолдану бойынша тәжірибе жинақтаған сайын сабақ құрылымында қозғалыс белсенділігі үлесінің артуы байқалды (1-кесте).

1-кесте - әртүрлі спорт түрлері бойынша оқу сабақтарындағы сабақтың мотор тығыздығының көрсеткіштері

БШ	Сын	2021/2022 оқу жылы			2021/2022 оқу жылы		
		Ф утбол	Ба скетбол	Ж еңіл атлетика	Ф утбол	Ба скетбол	Ж еңіл ат летика
	6	5 5%	52 %	64 %	58 %	60 %	62 %
	7	5 2%	48 %	61 %	54 %	56 %	63 %
	11	5 3%	53 %	56 %	53 %	58 %	58 %

Мотор тығыздығының көрсеткіші дене шынықтыру және денсаулық бойынша оқу сабағының сапасының маңызды көрсеткіштерінің бірі екені белгілі. Ол дене тәрбиесі процесінің тиімділігі үшін түбегейлі маңызы бар мәселелерді шешуге кететін уақытты сипаттайды. Оларға мыналар жатады: физикалық қабілеттерді дамыту, моториканы қалыптастыру, сауықтыру әсеріне қол жеткізу. Одан әрі талдау қызықты үлгіні анықтады. Инновациялық технологияны енгізу және дене шынықтыру және денсаулық мұғалімінің практикалық қызметінде ЭЖҰ қолдану әдістемесін жетілдіру шаралары бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін арттырудың әсері тіркелгені белгілі болды. 2-кестеде екі оқу жылындағы үлгерім деректері келтірілген.


2-кесте - "Дене шынықтыру және денсаулық" пәні бойынша үш оқу жылындағы орташа балл

С ЫНЫП	2020/2022 о. ж	2020/2021 о. ж	2020/2022 о. ж
6	тоқтаусыз	8,5	9,0
7	8,9	9,2	9,2

1	1	8.4	9,0	9,5
---	---	-----	-----	-----

Қазіргі білім беру - бұл ең алдымен оқушыларды өзін-өзі талдауға, өзін-өзі бағалауға, іс-әрекеттерді өзін-өзі бақылауға ынталандыруға бағытталған іс-әрекет. Ол үшін жаттығулардың сәтті және сәтсіз орындалуын талдау қабілетін дамыту қажет; қозғалыс техникасындағы қателіктерді, олардың пайда болу себептерін және оларды жою жолдарын табу. Өз қимылдарын талдау қабілеттерін қалыптастыру үшін оқушы күштің, жылдамдықтың, уақыттың және басқа қозғалыс параметрлерінің субъективті сезімдерін техникалық құрылғылар арқылы оқытушыдан алынған бағалаумен салыстыру керек. Оқушыларға (олар әрекет жасағаннан кейін) сандық мәліметтер мен қозғалыс әрекетінің бейнежазбасын ұсынған кезде, қимылдарды орындау сипаты мен оның нәтижелері арасындағы логикалық байланыстарды тиімді қалыптастыруға болады. Бұл жағдайда мұғалімнің ауызша түзетуі қозғалыстың орындалуына жалпыланған түсіндірулер енгізеді (ерте, кеш, аз, көп және т.б.). Түзетудегі әсер қозғалысты қайталау арасындағы үзілістерге жұмсалған уақытқа байланысты. Тәжірибе көрсеткендей, үзіліс неғұрлым қысқа болса, әсері соғұрлым жоғары болады. Енгізілетін әдістеменің педагогикалық әлеуеті әрбір спорт түрі бойынша оқушылардың техникалық, физикалық және теориялық дайындығының өлшемдері мен көрсеткіштері негізінде анықталды, білім беру процесіне қатысушылардың ЭЖҰ-ға қажеттілігі, сондай-ақ оқушылардың ата-аналарының инновациялық өзгерістерге қатынасы зерттелді. Өлшеу нәтижелері оқушылардың техникалық және теориялық дайындығы көрсеткіштерінің оң динамикасын, дене шынықтыру бойынша пәндік білім сапасын көрсетеді. Электрондық планшеттерді пайдалану барысында сабақтардың мотор тығыздығы артты, оқушылардың жаттығулардың дұрыстығына талдау және өзін-өзі талдау тиімдірек жүргізілді. Бұл оқушыларға өз қателіктерін анық көруге, өз іс-әрекеттерін дұрыс өзін-өзі бағалауға, мотор жаттығуларын түзетуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың сауалнамалық сауалнамасы ЭЖҰ-ны пайдалана отырып сабақтар неғұрлым қызықты болғанын (65%), Оқу материалы неғұрлым түсінікті болғанын (68%) көрсетті. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың көпшілігі (83%) енгізілген жаңалықты оң бағалады, компьютерлік технологиялар дене тәрбиесін жетілдіруде үлкен перспективаларға ие (62 %).



Сонымен қатар, оқушылар мұғалім қозғалысты жеке көрсеткен кезде көрнекілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі әдісі бейнежазбамен салыстырғанда анағұрлым тартымды екенін атап өтті. Бұл жағдайды дене шынықтыру және денсаулық сабағының педагогикалық технологиясы тұрғысынан түсіндіру керек.

ЭСО және планшеттік компьютерді қолдану арқылы қателерді түзету үшін келесі әрекеттер алгоритмін қолдануды ұсынамыз:

- қозғалыс әрекетін бейнетүсірілім жасау;
- қимыл-қозғалыс техникасы арқылы алынған бейнесуретті талдау;
- алынған деректерді анықтамалық мәндермен немесе ұсыныстармен салыстыру;
- қозғалысты түзету туралы шешім қабылдау;
- оқушыға тапсырманы, мотор қондырғысын мотор әрекетін орындау немесе оқушы арнайы жаттығулар жасау үшін келесі әрекеттегі қатені түзету туралы хабарлау.

1кезең. Міндеті: оқылған физикалық жаттығудың ұтымды және тиімді техникасы туралы оқушыларға түсінік қалыптастыру.

Құралдар: планшетті, ноутбукті немесе Мониторды қолдана отырып, бейнелер мен иллюстрацияларды көрсету арқылы оны көрсету процесінде физикалық жаттығу техникасы туралы әңгіме.

Ұйымдастыру - әдістемелік нұсқаулар. Физикалық жаттығу техникасын ең маңызды, маңызды сәттерде тоқтай отырып, баяу әсер ету режимінде қолданған жөн. Техниканы көрсету физикалық жаттығудың негізгі заңдылықтары мен шарттарын баяндаумен және түсіндірумен қатар жүруі керек.

2кезең. Міндеті: оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы физикалық жаттығудың негізгі байланысының техникасын үйрету.

Құралдар: бастапқыда зерттелетін физикалық жаттығу техникасының негізгі байланысын игеру үшін арнайы жаттығулар жасау (жүгіру-қашықтыққа жүгіру, секіру – итеру, лақтыру – соңғы күш, доппен спорттық ойындар – допты соғу), содан кейін оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оның жеке фазалары мен жаттығу техникасын игеру.

Ұйымдастыру-әдістемелік нұсқаулар. Бөлінген конструктивті оқыту әдісі және сабақта оқушыларды ұйымдастырудың ағымдық әдісі қолданылады.

3кезең. Міндеті: жалпы зерттелетін дене жаттығуларының техникасын жетілдіру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Бейбитов А.А «Жаңа технологияларды дене шынықтыру сабағында енгізудің тиімділігі». «Қазақстан мұғалімі» журналы, 29.11.2016 жыл, №11.

2. Дене мәдениеті – оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жүйесінде. //Изденіс-Поиск. 2009. № 2(2) -Б.262-264

3. Лукьяненко В.П "дене шынықтыру" пәнінің проблемалары, қарама-қайшылықтары мен парадокстары. Педагогика. 2020; № 3: 10 – 16

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІН ОҚЫТУДА ИНТЕРАКТИВТІК, АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

*Түркістан облысы, Төлеби ауданы,
Қ.Мамытов атындағы ЖОМ,
АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушы
Сапарғали Туленулы Медеуов*

Бүгінгі күні әлемдік ақпараттық білім кеңістігінің деңгейіне республика мектептерін көтерудің тиімді жолы - білім беру саласын толықтай ақпараттандыру.

Ақпараттандыру – жеке және заңды тұлғалардың ақпаратқа деген талаптарын қанағаттандыру мақсатында ақпараттық және мәселені шешу құзыреттілігін коммуникациялық технологияларды пайдалану негізінде ақпараттық қорлар мен жүйелерді қалыптастыруға және дамытуға бағытталған ұйымдастырушылық, әлеуметтілік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесс.

Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауында өткен ғасырдың отызыншы жылдарында сауатсыздықпен күрес жүргізілгендей, компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды тарту қажеттілігі айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезіндегі компьютерлерді, интернетті және электрондық почтаны қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс екендігі атап көрсетілді. Осыған байланысты ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешуге міндеттіміз: компьютерлік технологияны, интернет, компьютерлік желі, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру.

ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Ал бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағы мектептен басталады. Мектеп қабырғасынан теориялық біліммен қатар практикалық білімнің алғы шарттарын меңгеру қажет. Ал теориялық білімді практикамен ұштастыру үшін компьютердің қажет екендігі даусыз. Түрлі елдерде болып жатқан жаңалықтармен танысуда, ақпараттар ағымынан қалыспауда интернет, электронды почта құралдарын пайдалануға болатыны дәлелденді. Сондықтан білім беруді ақпараттандырудың тағы бір басты бағыттарының бірі

оқушылардың интернет желісінде жұмыс істей білуіне жағдай жасау. Интернет желісінде жұмыс істеу оқушыларға әлемдік жаңалықтардан хабардар болып, білімін тереңдетуіне септігін тигізеді. Заман ағымына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарларды, компьютерлерді қолдану айтарлықтай нәтижелер беруде. Кез келген сабақта электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айналдыруға болады. Бұл нұсқаның жетістігі – оны компьютер жадында сақтау мүмкіндігі, оны компьютерлік желілер арқылы тарату болып табылады.

Оқу - тәрбие процесінде ақпараттық технологияны пайдалану мұғалімдердің, білімгерлердің мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ендеше ақпараттық технологияларды үйлесімді пайдалану қазіргі кезеңде өзекті мәселеге айналып отырғаны даусыз.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің барлық саласында ақпараттық технологияларды жоспарлы түрде енгізіп, жүйелілік интеграциялауды өткізу немесе қамтамсыз ету қажеттілігі туып отыр. «Интеграция» - латын тілінен аударылғанда, қалпына келтіру, толықтыру. Интеграция дегеніміз - педагогикалық тұтастықты қалыптастырып, білімді жүйелеу мен жинақтауда әртүрлі ғылымдарды біріктіру.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінен сабақ беру әдістемесі педагогикалық ғылымдар жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Пән ерекшелігіне қарай алғашқы әскери және технологиялық дайындық курсы толтырылуымен компьютерлік негізде ауыстыруға болмайды. Мысалы, қару-жарақтардың түрлерімен таныстыру барысында оқушылардың абстрактылық ойлау қабілетін дамыту істері бұрынғы тәсілдермен жүргізілуі тиіс. Тек кейбір тақырыптар мен тарауларды оқып үйренуді ғана компьютерлік технологияға жүктеу керек.

Білім жүйесін ақпараттандыру және мәселені шешу құзыреттілігін әрі қарай дамыту барлық пәндер бойынша компьютерлік оқулықтарды кеңінен оқу процесіне енгізу арқылы оқу жүйесін жаңа сатыға көтеру болып табылады. Міне осыған байланысты тұлғалық өзекті тақырыптың мақсаты:

Оқу танымдылық коммуникативтік құзіреттіліктің және ақпараттық оқу технологияларын жетілдіре отырып, алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне деген қызығушылығын арттырып оқушылардың ой-өрісін кеңейту.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнін оқытуда жаңа педагогикалық ақпараттық – коммуникативтік технологияларды пайдаланудағы басты мақсаты – оқушыларға білім алу процесінде көмектесу. Бұл мақсаттарға оқыту программалары, дәрістерді қолдауға арналған электрондық оқулықтар, тексеру программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнін оқытудағы ақпараттық технологиялардың педагогикалық мақсаттары:

-Қолданушы мен ақпараттық және коммуникациялық құрылғылар арасындағы жылдам байланыс;

-Оқытылу ақпаратының компьютерлік көзге елестетілуі;

-Ақпараттық - әдістемелердің оқыту процесін ұйымдастырудағы бақылауын автоматтандыру.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнін оқыту әдістемесі оқушының өзіндік тұлғасын қалыптастыру үшін, оның дүниетанымын және интеллектін дамытуға, іргелес пәндерді зерттеуге, білімін жалғастыруға және болашақ мамандық қызметі үшін қажетті алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнін оқытуда оқушылардың білімі мен іскерлігін қалыптастыруға және жүйелендіруге бағытталған. Бірақ, көпшілік жағдайда мұғалімге оның әртүрлі бөлімдерінің байланыстарын талқылауға және көрнекі бейнелеуге уақыт жете бермейді.

Электрондық оқулық оқушылардың үлкен ізденіспен жұмыс істеуіне жағдай туғызады. Электрондық оқулықты пайдалану арқылы:

1.Сабақта технологиялық құралдарды, дидактикалық материалдарды қолдану тиімділігі.

2.Мұғалімнің педтехнологияны игеруі.

3.Оқушының пәнге деген қызығушылығы.

4.Білім, білік, дағды деңгейін қалыптастыруы.

5.Білімнің тереңдігі.

6.Тексеру түрлері, бағалауы.

7.Практикалық дағдыларды игеруі артады.

Қазіргі уақытта алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында тек қана иллюстрация тестілеу үшін ғана қолдану жеткілікті емес. Компьютер оқу үрдісінің барлық кезеңдерде қолданылуы қажет жаңа сабақты түсіндіруде, бекітуде, қайталауда, білімді, дағдыны, іскерлікті тексеруде және үлгерімді тексеру және оқушылардың білімін жетілдіру мақсатында ақпараттық технологияларды пайдалану:

біріншіден, оқытушының жұмыс өнімділігін арттырып, оқу нәтижелерін тексеруге көбірек уақыт бөлуге көмектеседі;

екіншіден, объективті түрде қадағалай отырып, балалардың алған білімін бағалауды жүзеге асырады;

үшіншіден, бақылау технологиясына ғылыми элементтер енгізіп, оны кейіннен де дайдалануға болатындай етіп, білім мекемелерін алынатын білім мен дағдылану деңгейлерін нақты түрде стандарттау технологиялары жайлы айтуға негіз бола алады.

Бұл процестің негізі мынада – мұғалім тексеру нәтижесі жайлы толық ақпарат ала отырып, балалардың әрқайсысына олардың қатесіне байланысты қағазға жазылған қосымша тапсырма береді. Бұларды орындау нәтижесін тағы да компьютерлік тест немесе мұғалімнің өзі тексеріп шығады. Мұндағы негізгі мақсат – оқушыға баға қою мақсатында емес, оқушының қай тақырыпты қалай меңгергені жайлы мәлімет беретін дидактикалық тест алу.

Компьютер оқытушының көмекші құралы ретінде сабақтың тиімділігін арттыратыны дәлелденген. Сондай – ақ, компьютерден сабақты өткізу барысында әрбір оқушыға әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды беруде, ал топтағы оқушылардың білім көрсеткіштерін есепке алып, бақылап отыруға толық мүмкіндік беретін тұстары қолданыс тапқан.

Қазіргі кезеңде оқулықтар теориясы, оқытудың жаңа ақпараттық технологиялармен жобалау әдістемесі жасалуда. Оқыту процесін компьютерлендіру үрдісі мұғалімдердің қызығушылығын, шығармашылық ізденісін, электронды оқулықтарды жасау теорияларын және оларды іс – тәжірибеде қолдану әдістерін игеруге ұмтылысын тудыруда.

Қазіргі таңда қолға алынып отырған компьютерлік оқу үрдісінде «интерактивті тақтамен» жұмыс істеу. Бұл тақтаның тиімділігі мынада:

- тез арада қайтарма байланыс болуын қамтамасыз етеді;
- қажетті ақпараттық материалдарды жылдам тауып алуға мүмкіндік береді;
- әрбір жеке тұлғаның, білімін, білік іскерлігін әрбір тараулар бойынша тексеруге, бағалауға мүмкіндік береді.

Оқытушыны алдымен сыныптағы компьютерлерге пәні бойынша дәріс тақырыптары мен мазмұны жеке тақырыпты игеруге қатысты зертханалық жұмыстарды тәжірибелік есептерді, оқушының білімін тексеруге арналған тесттерді енгізіп қояды. Дербес компьютердегі дәріс мәтініне өзгертулер мен қосымша материалдарды қиындықсыз ендіруге болады. Оқушылар өзгерістерді дер кезінде біліп отырады.

Әрбір оқытушы өзінің пәнінен дәріс материалын, тәжірибелік сабағын, бақылау жұмысын, қорытынды тесті компьютерге енгізіп қоюының артықшылықтары бар. Бұл біріншіден, әртүрлі себеппен сабаққа келмей қалған оқушының өтілген материалды компьютерден оқып, ізденіс жасауына, білім алуына мүмкіндік береді. Екіншіден, дербес компьютерді қолдану, оның графикалық мүмкіндігі оқушының пәндерге деген қызығуын туғызады, әрі келесі сабақтарды меңгеруге жетерлік білімдері жинақталады. Үшіншіден, білім деңгейі әртүрлі оқушылардың жаңа сабаққа қатысты даярлығы шамаланады. Төртіншіден, оқушы компьютер арқылы сабақтың жалпы қисынды құрылымын біле отырып, модульді тапсырмаларын орындауды алдын ала жоспарлай алады.

ҚР тұңғыш президенті: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр», - деген болатын. Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық –психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне қажеттілік тудыру.

Еліміздің кепілі, болашақ тірегі мектептердің білім деңгейін көтеру және онда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқу - тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, ұстаздардың, басшылардың педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдануы болып табылады. Бүгінгі бала - ертенгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – біз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

Сөзімді қорытындылай келе төмендегідей ұсыныстарға тоқталамын:

орта білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал – жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;

орта білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру;

Пайдаланылған әдебиеттер

1. А.Е.Шалғынбаева, К.Жолдасова «Жаңа ақпараттық технологиялар оқу үрдісінде».

2. Б.Т.Амренова «Оқушылардың математика пәнінде ақпараттық және мәселені шешу құзыреттілігін қалыптастыру».

3. С.Қуанышева «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында ақпараттық мәдениетті дамыту және қалыптастыру».

4. А.Көшкінбаева, М.Алтынбаева «Мектепте алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәніне оқытуда жаңа педагогикалық ақпараттық – коммуникативтік технологияларды қолданудың тиімділігі».

АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ ПӘНІН ОҚЫТУДА ПАТРИОТТЫҚ РУХЫ МЫҚТЫ ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ

*Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы
№26 Б.Алтынсарин атындағы ЖОМ,
АӘТД пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы
Мухит Алмаханбетович Сериков*

«Білім алу - батылдық, оны толықтыру – даналық, ал шебер қолдана білу – өнер» - демекші, қазіргі таңда елдің болашақ азаматтарын қалыптастыру бағытындағы білім беру мәселесі – мемлекетіміздің басты саясатының бірі.

XX ғасырдың басында А.Байтұрсынов «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрететін болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім»- деген екен.

Әскери қауіпсіздік – елдің аумақтық тұтастығы мен тәуелсіздігіне соғыс сипатындағы нақты және мүмкін болатын қол сұғу мен қауіп-қатерден еліміздің ұлттық мүддесінің қорғану жайы. Қазіргі кезде Қарулы Күштерді қайта құруға бағытталған белсенді жұмыстар атқарылуда. Мұнда біздің еліміз өз қауіпсіздігі мүддесін, қорғаныс одақтастығы, біртұтас әскери – стратегиялық кеңістігін сақтау мен дамытудың қажеттілігі аясында достас мемлекеттердің қорғаныс мүддесін де басшылыққа алады. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды құрамдас бөлігі әскери қауіпсіздік болып саналады, ал оны қарулы күштерсіз қару да, ұйымдастыру да мүмкін емес. Жастарды әскери қызметке дайындау оқу материалдық базасыз мүмкін емес. Ол бірінші ретте әскери оқытудың көп пәнді екендігін аңғартады.

Жастарды әскери қызметке жақсы дайындау мақсатында Алғашқы әскери және технологиялық дайындық туралы ҚР Үкімет қаулысына сәйкес алғашқы әскери және технологиялық дайындық бағдарламасы бойынша барлық оқу орындарында оқу материалдық базалары болуы керек. Алғашқы әскери даярлық жалпы орта білімнің жалпы білім беру оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік (арнаулыдан басқа), орта білімнен кейінгі білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жүргізіледі. Оқытудың тиімділігін арттыру барысында жаңа оқыту технологиясының әдіс-тәсілдері арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру, оқушының даралығын сақтап, білім сапасын жетілдіру.

Әскери-патриоттық тәрбие беру арқылы жастардың саналы сезімін, көзқарасын қалыптастыруға болады. Білім беру ошағында патриоттық тәрбие беру, Отанымыздың саналы да белсенді күрескерлерін тәрбиелеуге, оларды еліміздің игілігіне жанқиярлықпен еңбек етуге, республикамыздың мүддесін қорғауға жаңа мүмкіндіктер туғызуға бағыттайды. Патриоттық тәрбиенің

танымдары – жастарды Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың үлгі боларлық мінездерін қалыптастыру болып табылады. Сондықтан жастардың дүние танымын, білімін, көзқарасын қалыптастыруда оқу орындары шешуші рөл атқарады. Жастардың аға ұрпақтың лайықты мұрагері болуы үшін, батырларымыздың Отанды қорғау жолында жасаған ерлік істерінің ұлылығын жете түсіндіріп отыруымыз қажет. Сол арқылы әрбір жас ұрпақ еліміздің келешегі жолында табанды күрескер болуы керек екенін түсінуі керек. Отансүйгіш жастарды тәрбиелеудің негізі білім ордасынан басталады. Жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие беру міндеті, олардың Отанды қорғауға ұдайы әзір болуы, моральдық-психологиялық жағынан даярлау – ол әрбір ұстаз, әрбір жетекші-басшы, әрбір әскер басылар тапсырмасында жаңғырып тұруы тиіс.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері еліміздің қорғанысын нығайту және мемлекетіміздің әскери әлеуетін жоғарылата түсу үшін жан-жақты жұмыстар жүргізуде. Қазіргі таңда - ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болып саналады. Ал заманауи әскери техника мен қару-жарақты жоғары деңгейде меңгерген әскери қызметші - еліміздің Қарулы Күштерінің қабілеттілігін қамтамасыз етудің негізгі кепілі болып табылады. Бүгінгі таңда жастарды әскери қызметке даярлаумен шұғылданатын мекемелер мен жауапты тұлғалар, болашақ сарбаздарды Қазақстан Республикасының әскери бөлімдерінде табысты қызмет етуге даярлауға аса жауапкершілікпен қарауда. Еліміздің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету – бүкіл халықтық іс және ол үшін жастардың бойында өз еліне деген патриоттық сезім, Отанына деген сүйіспеншілік, еліміздің қауіпсіздігі мен қарқынды дамуына деген жауапкершілікті сезіну секілді қасиеттерді қалыптастыра білу жауапты да, маңызды іс-шаралардың бірі болмақ.

Біз, мектепте сабақ бере отырып, ұлт болашағын дайындаймыз. Әрбір оқушы келешекте Отанды қасық қаны қалғанша қорғаған кешегі Қабанбай мен Бөгенбай, Бауыржан мен Рахымжан, Әлия мен Мәншүк, Тоқтар мен Айдын сынды батыр тұлғалардың ұрпағы екенін сезініп, солар сынды батыр болуды армандаса нұр үстіне нұр емес пе? Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің міндеті олардың бойында іскерлік, білімдік дағдыларымен қатар туған жерін, елін сүйетін, ел дәстүрін қастерлейтін мәдени парасаттылық сезімін тәрбиелеумен астасып жатыр. Оқушыларды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеуде басқа пәндермен қатар алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің атқаратын жүгі қомақты. Дені сау, мықты болашақ жауынгерлерді тәрбиелеудің маңыздылығын жан жүрегімен түсініп, оқушыларды ерлік дәстүр рухында тәрбиелеуді мақсат тұтқан ұстаз ғана ел намысын қорғайтын, пендешілік мүддеден ұлт мүддесін жоғары қоятын шын мәнісіндегі азаматтарды тәрбиелей алады. Тұлғаны тәрбиелейтін ұстаздың өзі де тұлға болуы тиіс. Ол өзінің еңбекқорлығымен және әр істі зор жауапкершілікпен атқаратын іскерлігімен танылады. Әр оқушыны бала ретінде емес, терезесі тең азамат ретінде, елдің ертеңі ретінде бағалап, зор сенім артуы

арқылы балғын жігіттердің сеніміне ие болады. Әр шәкірт оны ұстаз-аға, ұстаз-дос ретінде таниды. Тәрбиелі – тәртіптің құлы екенін терең түсінген ұстаз әр жасөспірімнің сыйлауы азаматтық парасат екенін санаға сіңіреді. Мектеп қабырғасындағы оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие тек қана 10-11 сыныптарда өтілетін алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағында ғана емес, барлық сынып оқушыларына, сыныпта және сабақтан тыс өтілетін іс-шаралар арқылы да беріледі. Осы мақсатта алғашқы әскери және технологиялық дайындықпен жастарды әскери-патриоттық жағынан тәрбиелеу сапасы көбінесе оқу орындары мен білімді ұйымдастыратын мекемелердің оқу базасының бар болуы мен жағдайына байланысты болады.

«Ешкім іштен батыр болып тумады: батырлық та, мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады»-деп, батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы батыр тұлғасының мәнін ашып бергендей. Неге дейсіз бе? Адамның алған білімі, өскен ортасы, достары мен ұстаздары оның қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Бір отбасында неше бала болса, сонша түрлі мінез болмай ма? Бірақ отбасында тәрбие бәріне бірдей берілген. Мектеп қабырғасында оқытылатын алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінде әрбір оқушы тұлғасынан елін, жерін ел басына күн туса қасқайып қарсы тұруға, қасық қаны қалғанша жаумен күресіп халқы мен жерін сақтауға үйрету біздің басты міндетіміз. Өйткені, отбасында берілген Отанға деген сүйіспеншілікті мектеп қабырғасында әскери-патриоттық тәрбиемен ұштастырып, оның құндылығын арттыра білсек ұстаздық еңбегіміздің еселенгені емес пе?! «Ел боламын десең, бесігіңді түзе», -дейді Мұхтар Омарханұлы. Бұл дегеніңіз балаға тәрбие берудің бесіктен, отбасынан басталып білім ошағында болаттай шыңдап, елім деп соққан жүрегінің алауы қандай жауды болсын күйдіріп жіберетін ұрпақ тәрбиелеу деп білемін. Әскери-патриоттық тәрбиенің құндылығы да осында жатыр. Отбасына, ұлтына адал болған тұлғадан ел мақтанышы шығары сөзсіз.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындыққа үйретудің басты міндеттері негізінде нақты дидактикалық тапсырмалар қарастырылады, оның ішінде аса маңыздысы оқушылардың сенімділігін, саналы түрде Қазақстан Республикасы егемендігін қорғау қажеттілігін, әскери қызметке жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру болып табылады. Жалпы орта білім беру деңгейі бойынша «Алғашқы әскери дайындық» пәнінің мазмұны пәннің мақсат, міндеттеріне және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес айқындалады.

Осы тұста методикадан хабары бар, тәжірибесі озат мұғалімдердің көмегі көп болмақ. Өйткені, мұғалім оқушыға тек қана білім емес, өзінің тәрбиесін, тәжірибесін қоса бергенде ғана жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыра алады деп ойлаймын. Өзі әскерде болған, әскери тәртіпті көрген офицер-сержант, сарбаздар әскери жетекшілікті абыроймен алып шығары сөзсіз. Себебі, болашақ ел азаматын ең бірінші, Отанды қорғауға, Отан

алдындағы борышын қалтқысыз абыроймен өтеп шығуға дайындайтын осы талаптарға сай қызметкерлер болады.

Сөзім соңында, жастарға әскери – патриоттық тәрбие берудің мақсаты-азаматтардың бойында жоғары патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышы мен конституциялық міндеттерін орындауға дайындығын тәрбиелеу. Әскери-патриоттық тәрбие жастардың бойында патриоттық сезім мен азаматтықты қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

ОҚУШЫЛАРҒА СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Имашова Ақнұр Өтепбайқызы
Созақ ауданы, Ә.Молдағұлова атындағы
жалпы орта мектебі*

Жас өскелең ұрпақты немесе жеке тұлғаны шығармашылық пен музыка арқылы тәрбиелеуде сыныптан тыс жұмыстардың алатын орны ерекше. Бүгінгі таңда өскелең ұрпақты өз халқының тарихын, тегін, салт – дәстүрін, тілін, ділін меңгерген мәдениетті, адами қасиеті мол, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу – өмір талабы, заманауи қоғам қажеттілігі.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастырып дамыту негізінің бірден бір көзі – мектептердегі жүргізілетін тәрбиелік іс – шаралар. Сабақтан тыс уақыттарын ұтымды тиімді етіп пайдалану болып табылады. Оқушының бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер – білімді игеруі өскен ортаға тәрбиеге ғана емес, үлгі – өнеге берер ұстазға, отбасындағы ата-ананың тәрбиесіне де байланысты. Ұрпағын ойламайтын халық болмайды. Онсыз өсіп – өну, ілгерілеу жоқ. Халықтық тәлім – тәрбие ісінің негізгі бағыты – адамды, оның ішінде баланы тәрбиелеу. Оқыту мен тәрбиелеу алдында ата – ана да, ұстаз да, қоршағанұжым да жауапты.

Қазіргі қазақ мектептері тәлім – тәрбие бағытынан ауытқып, тек оқытумен ғана шектеліп қалмай сыныптан тыс жұмыстарға назар аударуы қажет. Сыныптан тыс жұмыстардың мектеп оқушыларына, жасөспірімдер арасындағы қылмыстың өршуіне жаман әдеттерге үйір болмауына көмектеседі. Жалпы қоғамдағы ортаның міндеті – мектеп оқушыларының сыныптан тыс уақытын жай ғана өткізу емес, қайта әрбір бос уақытын өзінің жеке басы үшін сондай – ақ қоғам үшін пайдалы болатындай етіп өткізуге бейімдеу болып табылады.

Мектептегі сыныптас тыс жұмыстарда тәлім – тәрбие беруде оқушылардың жеке тұлғалық музыкалық шығармашылық қабілетін арттыру, сонымен қатар музыкалық – іс әрекеттерге белсенділікпен қатыстыру, өз

бетінше ынталандыру негізінде музыкалық бейімділіктері мен қабілеттерін дамыту міндеттерін жүзеге асыруды жоспарлайды. Осы негізде сыныптас тыс жұмыстарда тәлім – тәрбие берудің жолдарын алыстан іздемей – ақ өз ұлтымыздың құндылықтарын рухани тұрғыдан жаңғырту арқылы ұрпақ тәрбиесіне қолдануға болады.

Әрбір ұстаз сыныптас тыс сабағында тақырыпты меңгеруде шәкірттерді ойландыруға, оның болашаққа деген көзқарасын қалыптастыруға, білімін толықтыруға, жан-жақты тұлғалық мәдениетін дамытуға көңіл аударса құба-құп болар еді.

Осы тақырыпты басшылыққа ала отырып мен төмендегі мектепішілік өткізген ақын, сазгер, драматург Айдарбеков Байділда Жартайұлының «Жүрегім саған жүгіндім» атты поэзиялық әдеби-дарма және музыкалық кешінің іс-шарасын ұсынамын.

Мақсаты: Сыныптан тыс жұмыс – сабақтан тыс уақытта баланың бойындағы өнерге деген қабілетін тереңдетіп, оқытышуның оқушылармен әртүрлі іс - шаралар жұмыстарын ұйымдастыру. Сыныптан тыс жұмыс – оқу бағдарламасының шеңберіне кірмитін, сабақ кестесінен бөлек әр түрлі тәрбиелік іс – шаралар.

Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің зейнеткер ұстазы, ақын, драматург, сазгер Айдарбеков Байділда Жартайұлының поэзиялық кешіне арналған бағдарлама

1-жүргізуші: Құрметті ұстаздар мен қадірменді қонақтар. Қазақ болмысының ұлылығын дәріптейтін «Жүрегім саған жүгіндім» атты Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің зейнеткер ұстазы, ақын, драматург, сазгер Айдарбеков Байділда Жартайұлының поэзиялық кешіне қош келдіңіздер

2-жүргізуші: Осы кешті ашу үшін сөз Мектебіміздің басшысы Бекқұлиев Төлөпберген ағайымызға беріледі.

1-жүргізуші: Айдарбек Байділда Жартайұлы 1959 жылы 12-сәуірде дүниеге келген. 1981 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент Педагогика институтын Көркем сурет графика факультеті бойынша бітіріп, еңбек жолын өзі білім алған Қызылкөл елді мекеніндегі М.Әуезов атындағы орта мектепте мұғалім болудан бастады.

2-жүргізуші: Ағай, осы ақындық жолға қалай келдіңіз? Жастық шағыңызды еске түсіре отырып, сол кездегі өлеңдеріңіз қалай дүниеге келді?

1-жүргізуші: Ал олай болса 2016 жылы Алматы қаласында өткен фестивальде «Ең таңдаулы ән» номинациясын жеңіп алған, «Жастық шақ» әнін тамашалайық. Орындайтын Аудандық және облыстық конкурстардың лауреаты Мыңжылқы мәдениет үйінің әншісі Бейсен Мархаббат әпкемізді қарсы алайық. Б.Айдарбеков «Жастық шақ» Орындаған Мархаббат Бейсен.

2-жүргізуші: Поэзия досым менің күй аңсаған
Өзімді өмірімді қиям саған
Шағымда шабыттанған қиялдаған

Шапағың бар шаттығын құяр маған –,

деп ақынның Қызыл көлден айырылсақ атты өлеңіне кезек берелік.

Оқитын 11

сынып оқушысы Абыл Аружан

1-жүргізуші: Ақынның 1983-1984 жылдары Республикалық «Қазақстан мектебі», «Бастауыш мектеп журналдары» мен «Қазақстан мұғалімі газетінде» «Тақырыптық сурет салу», «Сұңғат», «Аксонотриялық проекция» -, атты іс тәжірибелік мақалалары жарияланып, Республикаға таратылды.

2-жүргізуші: Шәкірттерге сапалы білім беру жолында ұстаздық қызметін аброймен атқара жүріп, оқушы бала тәрбиесіне де арналған мақала, сценарий, көркем шығармалар жазып, өнер сүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді. Ағай сіздің Назира атты өлеңіңіз қалай жарық көргені жайлы түсіндірсеңіз?

Олай болса осы әнді орындайтын: Мектебіміздің ұстазы Мырзабек Мереке ағайымызды қошеметпен қарсы алайық. Назбек Байтуаровтың әні «Назира»

1-жүргізуші: Ақын 1997-1999 жылы Аудан әкімшілігі тіл бөлімінің басшысы Ақпарат және Мәдениет бөлімінің сектор меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1999жылдан бері Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектепте мұғалім, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып қызмет жасады.

2-жүргізуші: Ерзат сен ақынның Арманай атты өлеңін оқып көрдің бе?

1-Жүргізуші: Иа оқыдым бірақ...мен ол өлеңнің кімге арналып жазылғанын түсінбедім

2-жүргізуші: Олай болса Арманай өлеңінің тарихын ақынның өзінен сұрайық

1-жүргізуші: Сахнаға Аудандық Республикалық, Халықаралық байқаулардың жеңімпазы Нұрша Талшынды «Арманай» әнімен қарсы алыңыздар.

2-жүргізуші: Көрініс. Байділда Айдарбеков «Өкініш»

2-жүргізуші: Сахнаға Аудандық Республикалық, Халықаралық байқаулардың жеңімпазы Абдіраман Ерзаттың орындауында ақынның сөзіне жазылған

«Дос сағынышы» әнін қабыл алыңыздар

2-жүргізуші: Көркемсөз. Оқитын Сахнаға Аудандық Республикалық байқаулардың жеңімпазы 9-сынып оқушысы Қойшыбай Нұрислам

1-жүргізуші: Ақынның тәлім тәрбие имандылық тақырыптарында жазылған «Атымды адам қойған соң», «Ел боламыз десек бесігімізді түзейік» «Бала тәрбиесі отбасынан басталады», «Педагог мәртебесі» т.б ойлы да өткір мақалалары Республикалық Облыстық баспасөз беттерінде жарияланған

2-жүргізуші: Балалар үйі өмірінен алынған «Қара мең» атты драмасы 2008 жылы Республикалық жаңа драматургия фестивалінде жүлдегер атанды. Имандылық тақырыбында жазылған «Жұмаққа жетелер жол» атты пьесасы 2012 жылы «Тәуелсіздік тұғырым» атты Республикалық байқауда басжүлдеге

ие болды. Діни экстремизм және лаңкестік туралы жазылған «Тағдыр тәлкегі», «Неге?» атты драмалары Тараз, Шымкент, Қызылорда қалаларында сахналанды. Пьесалары облыстық аудандық театрларда қойылып келеді.

Б.Айдарбеков «Достарым» әні

Орд. Абдираман Ерзат

Б.Айдарбеков «Наурыз келді» көркемсөз

Оқыған: Қойшыбай Нұрислам

1-жүргізуші: Ақынның шәкірті, мектебіміздің музыка пәнінің мұғалімі, Көркем өнерпаздар үйірмесінің жетекшісі Имашова Ақнұр апайды ақынның әні мен сөзіне жазылған «Асыл әкем» әнімен қарсы алыңыздар.

2-жүргізуші: Хор. Ақынның сөзіне жазылған «Соңғы қоңырау» әні Орындайтындар Көркемөнерпаздар үйірмесінің оқушылары. Білікті ұстаз, ақын драматург, Сазгер «Ы.Алтынсарин» атындағы төсбелгінің иегері. «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» медалымен марапатталған. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. Бүгінгі кештің иесі, зейнеткер ұстаз Байділда ағайымыздың «Жүрегім саған жүгіндім» атты поэзия кеші осымен өз мәресіне жетті. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп көп рахмет. Келесі кездескенше қош сау болыңыздар!!!

Б.Айдарбеков «Әкеге арнау»

Орындаған Қосымша білім беру педагогы Имашова А.

Қорытынды

«Өнерлі адам өрге жүзеді» демекші өнердің құдіреттері арқылы әрқашанда биік шыңдарды бағындыратынымызға күмән жоқ. Қорыта келгенде драматург, ақын, сазгер Айдарбеков Байділда Жартайұлының еңбектерін аудан және облыс көлемінде таратылса деген ұсыныс білдіремін. «Өнерліге өріс кең» тарауы бойынша спорт саласында болсын, басқа салада болсын бойында табиғи таланты бар шәкірттің талантын ашуға болатыны дәлелденді. Сыныптан тыс жұмыстарда ұлттық – тәлім – тәрбиенің негізгі мақсаты халқымыздың музыкалық мәдениетін, жеке тұлғаның бойындағы адами қасиеттерін дәріптеу арқылы мектеп оқушыларының бойына шығармашыл рух ояту мақсатында, өмір бойына көркемдік эстетиканы жан азығы ететіндей жас ұрпақты тәрбиелеу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Б.Ж. Айдарбеков «Жүрегім саған жүгіндім» кітабы 2011ж

Момынұлы П. Музыкалық эстетикалық тәрбие., Алматы., Қазақпарат.,2000.-270 б.

Меңдаяқова Қ.М., Қарамолдаева Г.Ж. Мектепте музыка тәрбиесін беру әдістемесі., Алмат., Әл-Фараби., 1997.-132 б

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫ ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫ АРҚЫЛЫ КӘСІПКЕ БАҒДАРЛАУ

*Айшыкова Акмарал Түймебаевна
Отырар ауданы, Қ.Сәтбаев атындағы жалпы орта мектебі*

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңында: "Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың өзін-өзі басқаруын, шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғам өміріне бейімделуі, азаматтық сана-сезімін, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру, бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру үшін жағдайлар жасауды көздейді" - деп көрсетілген. Балаларға қосымша білім беру - білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту үрдісі, үздіксіз білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі. Жас буынға қосымша білім беру жүйесі салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл, дарынды балаларды анықтау, оларға қолдау көрсету және қабілеттіліктерін дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағытталған.

Тәрбие процесін ұйымдастыруда үйірме жұмыстарының алатын орны ерекше. Осы орайда мектебімізде бірнеше үйірмелер жұмыс жасап жатыр. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, балалардың қызығушылығын дамыту мен бейімділігін анықтау мақсатында өткен 2021-2022 оқу жылында түрлі үйірмелер жұмыс жасап келеді. Олар: «Өлкетану», «Жас суретшілер», «Жас табиғаттанушылар», «Баскетбол», «Волейбол», «Шахмат», «Қолөнер», «Шебер қолдар» (қыздар), «Домбыра», Футбол» (ұлдар) «Үстел тенісі», «Шешендік өнер» үйірмелері. «Өзіңе ұнаған кәсібіңмен шұғылдансаң, өз ұлтыңның туын көкке көтере алсаң – бақыт деген осы!» деп Асқар Жұмаділдаев айтқандай Қазіргі кезде басты міндеттердің бірі – жастардың саналы түрде бір кәсіпте жұмыс істеп, мамандықты дұрыс таңдауы. Сондықтан да мектебімізде үйірме жетекшілері оқушылардың қабілеттеріне қарай жұмыс жасап, болашақ мамандықтарына бейімдеп кәсіптік бағдар беру жұмысын жолға қойып отыр. Үйірме сабақтары екі сабаққа берілген бірінші сабақта мұғалім теориялық білім берсе, екінші сабақта сол білімді практикалық жұмыстармен жетілдіріп отырады. Оқушылардың ерекше қызығушылығы мен қабілетін дамытып, кәсіби іскерліктерін жетілдіріп, кәсіпке бағдарлау үшін жыл бойы апталықтар, айлық шаралар, әр түрлі байқаулар, көрмелер, спорттық жарыстар, ашық сабақтар ұйымдастырылды. «Еңбек етсең жемісін өзің көресің» деп дана халқымыз айтқандай атқарылған жұмыстар өз нәтижесін берді. «Жас суретшілер» үйірмесінің мүшесі Әуелбек Нұрайдың жұмысы республикалық байқаудан I орын, «Қолөнер» үйірмесінің мүшесі Түймебай Актілек республикалық байқаудан I орын, «Шахмат» үйірмесінің мүшесі Бердібек Тоғжан аудандық жарыстан III орын және Жексен Алихан аудандық жарыстан «Үздік ойыншы»

номинациясымен, «Баскетбол» үйірмесінің мүшесі Қали Нұржігіт аудандық баскетбол жарысынан «Үздік шабуылшы» номинациясымен, «Шешендік өнер» үйірмесінің мүшесі 2-сынып оқушысы Әбу Рахат аудандық «Отырар таланттары - 2022» байқауында «Дулат Исабеков» атындағы номинациямен марапатталды.

Кәсіпке баулу – бұл әрбір жеке тұлғаның ерекшеліктерін және халық шаруашылығына, жеке салаларға қажетті сұранысы бар мамандықтарды ескере отырып жастарды еркін және өзіндік мамандық таңдауға дайындаудың ғылыми негізделген жүйесі.

Кәсіби бағдар беру — жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы талдап алуға дайындауға бағытталған іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру арқылы оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді. Мамандықты саналы таңдауда адамның қабілеттілігінің қалыптасуының да үлкен маңызы бар. Ол адамның психологиялық санасының қалыптасуына байланысты. Олар: қабілеттілік, қызығушылық, бағыттың құндылығы, кәсіптік жоспар, идеялы, сенімі, т.б. Мамандық туралы жеткіліксіз білу — мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеліп соқтырады. Мамандық таңдауда қателесу сайып келгенде, таңдаған мамандығын жек көріп, жұмыс орнын жиі өзгертуге себепші болады. Мектепте үйірме сабақтары арқылы баланы кәсіпке икемдеу жұмысының негізгі міндеттері төмендегідей:

- оқушыларды көпшілік мамандықтар туралы түсінікпен қаруландыру;
- кәсіптік қызығуы мен бейімділігін, қабілеттілігін қалыптастыру және дамыту мақсатында
- оқушылардың дара ерекшеліктерін зерттеу;
- мектеп бітірушілерге мамандық таңдауға көмектесу;
- оқушыларды белгілі мамандықтың түрін меңгеруге бейімдеу.

Мектеп оқушыларының кәсіп таңдауы еңбекке баулуға тікелей қатысты және ол оқушылардың өнімді еңбек етуінен туындайды. Технология пәні мұғалімінің кәсіптік бағдар жөніндегі жұмысында оқушылардың өндіріс, экономика негіздері, кәсіпорындарды еңбекті ұйымдастыру, табиғатты және қоршаған ортаны қорғау, ғылыми-техникалық революцияның мәні мен міндеті, өндірісті дамытудың перспективалары туралы білуінің ерекше маңызы бар, оқушылар әр түрлі пәнді оқыған кезде бұл мәселелерге қанық болады.

Үйірме жетекшісі оқушыларға тиянақты білім берумен қоса оларды әр түрлі кәсіппен, бірінші кезекте нақты экономикалық аудандағы жетекші кәсіптермен таныстыруы тиіс. Егер оқушыларды кәсіптің мазмұны, ұйымдастырылу формасы мен әдістері белгілі бір экономикалық ауданда тұратын халықтың кәсіп бойынша, өнеркәсіп салалары бойынша орналасуын негізге алатын болсақ, егер мектеп жалпы еңбек дағдыларын бере отырып,

балаларды сол ауданның қажет етіп отырған еңбек түрлеріне дайындайтын болса, міне сонда ғана адамның өзіне тән мүддесін, қабілеті мен бейімін ескеретін, әрі белгілі бір экономикалық ауданның талап-тілегіне сай келетін оқушы балалардың кәсіптік ой-ниетін қалыптастыру принципі еңбекке баулу принципімен толық бірлікте жүзеге асады.

Өткен тарихымызға назар аударсақ, өз халқының болашағы, келешек ұрпақ үшін маңызды ой-пікір қалдырғандар аз емес. Солардың бірі- Ыбырай Алтынсарин, өз өмірін жастарға білім беруге арнады, қазақ халқының жай-күйін зерттеді. Ұлы ойшыл қазақтарды кәсіпшілікке үйретуді мектептен бастау керек деп санап, жергілікті жерлерде кәсіби мектептер ашуды талап етті. Сол сияқты ұлы Абай болса, еңбек ету керек, кәсіптің иесі болу- адам өмірінің бір саласы деген. «Еңбек қылсаң қара жер де береді, құр тастамайды»- дейді.

Сол сияқты ерте дәуірде өмір сүрген ойшылдар, ғалымдар, оқымыстылар еңбек тәрбиесіне назар аудармай қойған жоқ. «Адамды адам еткен- еңбек» Ф. Энгельс: «Еңбексіз - өмір тұл», - дегендей ұлағатты ойлар тегіннен-тегін айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан емес. [5]

Оқу мен тәрбие мақсатын кешенді түрде біртұтас қарастыру оқушылардың білімділігін, танымдық дағдыларын жетілдіреді. Мектепте оқушыны еңбекке, кәсіпке үйрету- Қазақстан білім беру жүйесіндегі басты міндеттердің бірі.

Кәсіптік еңбек деп мектеп оқушыларын белгілі бірізділікпен, кәсіптік еңбек дағдыларымен, іскерліктерімен қаруландыруға бағытталған, оқытуға ықшамдалып алынған бір-бірімен байланысты оқу материалын айтады.

Оқушыларды кәсіптік еңбекке даярлау жүйесінің құрамына мына төмендегідей бөліктер кіреді. Олар: оқушылар, мақсат пен міндет, кәсіптік еңбекке даярлау мазмұны, мұғалімдер мен кәсіптік еңбекке даярлау құралдары, тәрбие, оқу, кәсіптік еңбек үрдістері, ұйымдастыру түрлері және басқару. Осы құрылым шеңберінде оқушылар мен мұғалімдер, мектеп басшылары мен үйірме, сынып жетекшілерінің бірлескен іс-қимылы жүзеге асырылады.

Кәсіптік еңбек тәрбиесінің негізгі мақсаты – жас жеткіншектерге қоғамдық тәрбие беру және жеке адамдарды жан-жақты дамыту. Кәсіптік еңбек тәрбиесінің мақсаты еңбекке даярлау ғана емес, сонымен қатар жас жеткіншектерді біліммен, іскерлікпен және дағдымен қаруландыру қабілеттігін дамыту, мамандық таңдауда көмек беру болып табылады.

Оқушыларды кәсіптік еңбекке даярлау ғылым негіздерін үйрету барысында кәсіптік еңбек сабақтарда, факультативтік сабақтарда, техникалық творчество үйірмелерде, сабақтан тыс қоғамдық пайдалы еңбекті орындау барысында іске асырылады.

Кәсіптік еңбекке даярлықтың міндеті- оқушыларды психологиялық тұрғыдан кәсіптік еңбекке даярлау, оларды қарапайым еңбек құралдарымен жұмыс істей білуге үйрету, өз еңбегін ұйымдастыруда дағдысы мен ептілікті меңгеру.

Оқушыларды кәсіптік еңбекке даярлау үрдісін басқару мынадай кезеңдерден тұрады: мақсатты белгілеу, педагогикалық талдау, жобалау, ұйымдастыру, бақылау, бағалау, үйлестіру және түзету.

Қазіргі бала бұрынғы балаға қарағанда заман ағымына орай пысықтау, өз құқығын талап етіп, теледидар арқыл көп хабарды біледі. Соған сәйкес оны тәрбиелеу ісі де қайта қарауды талап етеді. Сондықтан оқушыларды кәсіптік еңбекке баулуда оның табиғи болмысын ескеріп, соған сай оқыту мен тәрбиелеудің мазмұнын таңдап алу қажет. Оқушыларды кәсіптік еңбекке тәрбиелеуде мұғалім әрі дипломат, әрі қамқоршы, әрі білгір жетекші рөлін атқарса, оқыту мен тәрбиелеудің көп мәселелері ойдағыдай шешілмек.

Оқушыларға арнайы бағдарламаға сәйкес жан-жақты кәсіптік еңбекке баулуды оқыту өз алдына да заман талабына қарай тәлім-тәрбиелік жұмыстарды барынша дұрыс жолға қою ұстаз-тәрбиешілердің басты борышы.

Кәсіптік еңбекке баулу барысындағы тәрбиелеу міндеттері мыналар арқылы іске асырылуы қажет: оқыл-ой, сезімдік әрекеттің жүйесін қалыптастыру, қазіргі өндіріс қызметін көрсету негіздерімен таныстыру, оқушылардың өз бетімен және жеке қабілетінің арқасында жобалау мен конструкциялаудың шығармашылық есептерді шешуін дамыту, кәсіптік кеңістікті білуді, өзінің кәсіптік бағдарын сынап, анықтай алуды, оны оқушылардың өзін-өзі танып білуін қамтамасыз ету, еңбек сүйгіштікті, іскерлікті, ұйымшылдықты, адамгершілікті және қайырымдылықты, шыншылдықты сүюмен, жауапкершілік пен ізеттілікке тәрбиелеуді іске асыру, тұтыну бұйымдарын еңбек объектісі ретінде пайдалана алуға және оларды дизайн мен сәндік қолданбалы өнердің талаптарына сай әсемдей білуге үйрету.

Оқушыларды кәсіптік еңбек мәдениетін тәрбиелеудің маңызы зор. Оларда осы кезеңде қоршаған ортаны сүю, кәсіптік еңбек ынтамен араласу, табиғат кереметтеріне деген сүйіспеншілік арта түседі. Олардың еңбектің нәтижесі жайлы мұғалімдер мен ата-аналарынан да қолдау табуының маңызы да зор. Соның нәтижесінде олар да кәсіптік еңбекке деген жаңа көзқарас, оны тәрбиелеуде жаңа құлшыныстар байқалады. Бұның бәрі негізінен сабақтарда, шеберханаларда, сыныптан тыс жұмыстар барысында іске асырылады. Сондықтан бұл жұмыстарды дұрыс ұйымдастыру оқушыларды кәсіптік еңбекке тәрбиелеу мен оқыту принциптерін шешуде басты рөл атқаратындығы сөзсіз.

Жаңа қоғамның ағымындағы республикамыздың өркениетті елдер қатарына қосылуы, әрбір оқушының тәрбиелілігі мен кәсіби тәрбие деңгейінде болуымен де, талаптылығымен де тығыз байланысты екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр. Сол себепті, мұндай мәселенің іргетасын негіздей қалайтын, тәрбие көкжиегінің алдыңғы қатарында жұмыс жүргізіп жатқан ұстаздар қауымы бұл мәселеге тың көзқараспен қараудың мемлекет келешегіне зор ықпалын тигізетінін естен шығармаған дұрыс.

Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам қамын ойлау болып табылады. Келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты, ғылыми, мәдени өресі озық азамат етіп тәрбиелеу- қай ұстаздың болса да алдына қойған үлкен міндеті.

Мындаған жылдар бойы, атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүрімізді, бүгінгі жас ұрпақ санасына ұялату басты міндетіміз.

Замана жылысып, өмір озған сайын, оқыту әдісінің белсенді түрлерін шығармашылық жолмен зерттеп табу мақсаты талап етіледі. Оқушыларды оқылатын пәнге қызығушылығын арттырудың бір жолы- адам тұрмысына қажетті бұйым түрлерін дайындау.

Кәсіптік білім мен еңбек дағдылары оқушылардың өзіндік шеберліктерін, әсемдікті сезіну қабілетін арттырып, ұлттық санасының қалыптасуына негіз қалайды.

Оқушылардың мектеп шеберханаларындағы өндірістік қызметі болашақ жас жұмысшылардың өнеркәсіп орындарында кәсіби бейімделуіне де көмектеседі.

Кәсіпке бағдарлаудың ғылыми дәлелді негізі болуы керек. Бұл үшін оқытушы оқушының негізгі ұғымдарын, принциптерін білуі және қоғамдық қажеттерді ескере отырып, мектеп оқушыларының мамандық таңдауға даярлау үшін басқа оқу пәндерімен қатар оқушыларды еңбекке баулуды пайдалану мүмкіндіктерін білу маңызды.

Үйірме жетекшілері оқушыларының мамандық таңдауына көмектесу мақсатында оларды зерттеудің қарапайым әдістерін білуі, мектептің ата-аналарымен, базалық кәсіпорындар мен бірлесіп жүргізетін оқушылардың кәсіптік ой-ниетін қалыптастыру жөніндегі жұмысына белсене қатысады, жан-жақты жетілген адам қалыптастыруда жақсы нәтижеге жетеді.

Қорыта келгенде, еліміздің ертеңгі болашағы- жас ұрпақтың келешегіне дұрыс бағыт сілтеп, өз мамандығын дұрыс таңдай білуіне, талпыныс тілектеріне қамқорлық жасау, мектеп қабырғасынан бастап өз жөнін таба білуіне бағыт көрсету. Қазақтың ұлы ақын мен философы Абай Құнанбаев қойшы және диқаншы еңбектері, қоршаған орта туралы, байлық пен кедейлік, ақша, еңбекқорлық пен жалқаулық туралы ой-толғаныстарының бірінде: «Егер мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды» дейді.

Осы бірауыз сөзден қаншама ғибрат, тәрбие алуға болады. Балаларға тек қана қолөнер түрлерін ғана үйретіп қоймай, қазақтың ұлы да, данышпан ақын-жазушыларының ұлағатты сөздерінен үзінділер, мысалдар келтіре отырып, кәсіпкерліктің, еңбектің адамзат өміріндегі зор маңызын жете түсіндіру керек.

Атамыз қазақ «Көз қорқақ, қол батыр» деген. Оқушылардың шығармашылық жұмыстарынан мектепте көрмелер жиі ұйымдастырылса. Оқушыны белшілі бір кәсіпке баулу әрбір үйірме жетекшісінің бірінші міндеті болуы тиіс. Өйткені бәсекелестік қоғамда өмір сүруге бейімделу - заман талабы. Ойымды түйіндей келе еліміздің, жеріміздің, табиғатымыздың, халқымыздың болашағын ойлап оны қадірлей білетін жас ұрпақты балғын кезінен тәрбиелейік деген оймен Ахмет Байтұрсыновтың “Басқадан кем болмас үшін біз білімді, һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. «Бай болуға кәсіп керек» деген сөзімен тәмәмдауды жөн көрдім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан мектебі журналы. №3,6 2003 жыл.
2. Кәсіптік техникалық білім беру. И.Н. Литвинова, Я.А. Шахова. Алматы «Ана тілі» 1993 жыл.
3. Ғасырлар мұрасы. Алматы «Мектеп» 1988 жыл.
4. Мектептегі технология №8 2003 жыл
5. Еңбекке үйрету. 39-41 бет 2006 жыл.
6. Еңбек пәнінің мұғаліміне оқушылардың кәсіптік бағдар туралы. Н.Н. Чистяков, Т.А. Буянова, Н.Э. Касаткина. Алматы «Мектеп» 1988 жыл
7. Қазақстан жоғарғы мектебі. С. Пірәлиев. №2 2001 жыл.
8. Ұлағат. Ғылыми – психологиялық және педагогикалық басылым №5 2002 жыл.
9. Педагогика. Қоянбаев Ж.Б. Алматы «Рауан» 1992 жыл

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІ ҚҰНДЫЛЫҚҚА НЕГІЗДЕУ

*Ж.Қ. Зұлтыхарова, қосымша білім беру педагогы
Түркістан облысы, Кентау қаласы
«С. Қожанов атындағы №9 жалпы орта мектеп» КММ*

Қосымша білім беру – білім алушының білім алу қажеттерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі;

Қазіргі уақытта білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты мақсат-еліміздегі білім беруді халықаралық деңгейге көтеру және білім сапасын көтеру, жеке тұлғаны қалыптастыру, қоғам қажеттілігін өтеу, оны әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру болмақ.

Мектеп табалдырығын аттаған әр бүлдіршін-ол ертеңгі қоғам мүшесі, болашақ иесі. Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру-бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік-саяси және жаңа технологиялық өзгерістер, тәрбие мен білім беру жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру үшін білім саласында жаңа, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындап отыр.

Білім алушылардың өзін-өзі дамытуын, әлеуметтік жауапкершілігі мен әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал етеді. Тәрбие жұмыстары жүйесін білім беру ұйымының жалпы ұжымы бірігіп жүзеге асырады. Жақсы қасиеттер «Мен айтқандай істе» тұрғысынан емес, «Мен сияқты істе» тұрғысынан берілуі тиіс.

«Қосымша білім беру» деген сөздің өзі оқушылардың өздігінен орындайтын іс-әрекеті екенін көрсетіп тұр емес пе? Оның мақсаты-оқушылардың білімін тереңдету, қабілетін дамыту, шығармашылық қызығушылықтары мен бейімділіктерін қанағаттандыру, қоғамдық пайдалы

еңбекке араластыру. Дәстүрлі біліммен қоса жаһандану заманында әртүрлі ақпараттармен қаныққан білімгер бойына адами құндылықтарды дарыту жұмысы ұстаздар үшін де оңай болмай отыр. Осы бір аралықта білімгерлер бойындағы құндылықтарды дамыту механизмдерін қосымша білім беру педагогының жұмысының құрамдас бір бөлігі болуы қажет

Тәрбие жұмысының негізін жалпы адамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды. Қосымша білім беруді құндылықтарға негіздеу дегеніміз оқушылардың бойына қосымша (секция, клуб, үйірмелер) арқылы құндылықтарды білімгер бойына сіңдіру, негізгі элементтерді дәстүрлі білімге енгізу

Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді.

Құндылықтардың әдістемелік жолдары:

Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу – тәрбие үрдісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.

Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.

Салт – дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани – адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу.

Жас жеткіншектер 5-9 сынып оқушылары өздерін ересектер қатарына қосып, өз бетімен тіршілік етемін деп қиял жетегімен кетеді. Бұл жастағы оқушылардың дамуына ұйымшылдық, тәртіптілік, қамқорлық, құнттылық, т.б. қасиеттер әсер етеді.

Жасөспірімдердің немесе 10-11 сынып оқушыларының ғылымға, мамандықтаңдауға ынталары артады. Бұлар әділеттілік, борыш, ар- намыс, ұят, адалдық сынды моральдық ерекшеліктерге көңіл бөледі. Олар үлкендермен қарым – қатынас жасауда өзін- өзін тәрбиелеуді қажет етеді. Сондықтан бұл жаста көбірек ерік берген жөн. Өскелең ұрпақтың адамгершілік тәрбиесін іске асыруда қоршаған ортаның ықпалы орасан зор. Оқушылардың бойына тәрбие негіздерін дарыту мектепте оқытылатын барлық пәндерге бірдей жүктеледі.

Құндылықтарға негізделген білім беруді ұйымдастырудың келесі принциптері, бағдарламаны жүзеге асыру барысында сақталуы міндетті болып табылатын бастапқы және маңызды ережелер болып саналады:

ізгілік принципі – білім алушының еркін даму құқығының, ішкі адамгершілік дүниесінің неғұрлым толық дамуын мойындау;

құндылықты бағдар принципі – білім алушылар мен мұғалімнің адамгершілік тәрбиесіне бағытталған құндылықтандыру;

шынайылық принципі – білім алушы адамгершілік әрекеттің субъектісі ретінде шынайы өмірде мәдениетке жетуінің жолын өздігінен таңдайды;

рефлексивті бағдары принципі – мұғалім білім алушылардың ойын, сезімдерін және іс-әрекеттерін дұрыс түсінуге және мақсатты түрде реттеуге ұмтылады;

субъектілік принципі – педагог білім алушы қабілетінің дамуына, басқа адамдармен және алуан түрлілігін қоса алғандағы әлеммен байланысындағы өзінің «Менін» түсінуіне, өз әрекеттерін ұғынуына, өзінің және басқа адамдардың тағдыры үшін де олардың себеп-салдарын алдын-ала болжауына, өзін білімнің, сонымен қатар өз таңдауының субъектісі ретінде бағалауына барынша көмектеседі. Оқушыларды заманына қарай икемдеп, өз заманының озық өнегесін оның санасына сіңіре білу, оларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту-бүгінгі күннің басты талабы.

Механизмдері:

- Әр айдың басында оқушыларға, ұжымға ай құндылығы жайында толық ақпарат беріледі.

- Білім беру ордасын ай құндылығына қатысты көрнекіліктермен безендіреді.

- Құндылық тақырыбына сай іс-шаралар ұйымдастырылады.

- Оқушылардың құндылықтарды күнделікті өмірде қолдануына жағдай жасалады.

- Құндылықты дәріптеу жұмыстарында ата-аналарды қатыстырады.

- Әр айдың соңында оқушылардан құндылықты меңгергендігін анықтау мақсатында кері байланыс алынады, сынып іші жұмыстарына анализ жасалады.

- Өткізілген құндылық айының қорытындысы жасалады.

Қосымша білім беру түрлері секциялар мен үйірме жұмыстарына құндылыққа негізделген элементтерді пайдалану мысалдары:

1. Экология және туризм бағытындағы үйірмелер секциясына - «Аумақтық турлар» жобасын кірістіріп, ұлттық құндылықпен патриотизмге негіздеу.

2. Интеллектуалдық бағытындағы үйірмелер секциясына - «Өзін-өзі басқару» жобасы аясында жалпыадамзаттық құндылықпен бостандыққа негіздеу.

3. Көркем эстетикалық бағытындағы үйірмелер секциясына - «Кемел адам қалыптастыру» жобасы аясында жақсылықпен толеранттылық құндылығына негіздеу.

4. Көркемдік драма бағытындағы үйірмелер секциясына - «Шынай мен» жобасы аясында жақсылықпен әсемдік құндылығына негіздеу.

5. Пәндік үйірмелер секциясына - «Тәжірбие мен білім» жобасы аясында еңбек ету, табыс, ынтымақтастық, белсенділік қабілеттерін арттыру.

6. Спорттық бағыттағы үйірмелер секциясына - «Денсаулық, ұлттық ойын» жобасы аясында ұлттық құндылықтарға шақыру.

Адами құндылықтарды тану, білу, үйрену және үйрету технологияның ісі емес. Жан-жақты қабылдауы ашық қазіргі белсенді жастарды дұрыс бағытқа сілтеу үшін оқу мен тәрбиені құндылықтарға негіздеудің дәл қажетті уақыты.

Құндылықтар негізінде оқыту жаңа заманның талабына сай тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге, салауатты өмір дағдыларын негіз жасауға бағыттайды.

Халықаралық зерттеулерде құндылықтар негізінде білім беру барлық мүдделі тараптардың: отбасы, мектеп және қоғамның қатысуымен, жан-жақты кешенді түрде жүзеге асырылуы керек деп тұжырымдайды. «Алдына ұлы мақсат қойсаң ұлылыққа жетесің» деп данышпан ақындарымыз айтпақшы, барлығымыз бірге күш жұмсап, елертеңіне сеніммен қарасақ ғана алдымызда тұрған көптеген қиыншылықтардан қиналмай өтеміз деген ойдамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Адамгершілік сабақтары.-Алматы,2001ж.
2. Өркениеттер сұхбаты.-Алматы,2017ж.
3. «qundylyq.kz» басты парақшасы.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ; ОҚУШЫЛАРДЫҢ БОЙЫНА ПАТРИОТТЫҚ ЖӘНЕ ЕҢБЕКСҮЙГІШТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМУ

*Шыналиева Гүлсім
Ордабасы ауданы адами әлеуметті дамыту бөліміне қарасты
«Ғ.Мұратбаев атындағы жалпы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

Қосымша білім беру ұйымының негізгі мақсаттарының бірі-әр баланың бойындағы шығармашылық қабілетті оятып, еңбек етуге, бала бойындағы белгілі бір қабілетті, дарындылықты дамытуға ұмтылу. Ал осыдан шығатын маңызды міндеттің бірі-жеке шығармашылық тұлға тәрбиелеу. ҚББ жүйесінде оқу бағдарламасының меңгерту нәтижесі, ол баланың өз таңдауына қызығып, бейімделуі. Біздің мектебімізде осындай шығармашылыққа баулу жұмыстары түрлі бағытта жүргізіледі.

Қосымша білім беру барысында қатып қалған регламент жоқ, бірақ балалар мен ересектер арасындағы еркін сыйластық қарым – қатынас, шығармашылықпен айналысуға және жеке тұлға болып қалыптасуына жасалған жағдай жеке тұлғаға бағытталған технологияларды іс жүзінде пайдалануға мүмкіншілік береді. Қазіргі кезеңдегі оқу технологияларын мүлдем жаңа деп айта алмаймыз, бұл әдіс-тәсілдер тұтас болмаса да кейбір элементтері дәстүрлі әдістерде де көрінеді, яғни педагог өз қызметінде әр технологиялардың

элементтерін қолданады. Мысалы: топтық жұмыс, жекелеген ізденіс жұмыстары, тірек сызбалары сияқты технология элементтері бұрыннан таныс.

Қазіргі кезде осы және басқа да технологиялар әсіресе қосымша білім беруді кеңінен қолданылып жүр. Сонымен, жеке тұлғаға бағытталған технологиялардың мақсаты – баланың өз өміріндегі тіршілігі, тәжірибесін пайдалану негізінде, оның жеке танымдық қабілеттерін барынша жоғары деңгейде дамыту.

Қолданысқа кең тараған қосымша білім берудің оқу тәсілі ол-баланы жеке оқыту. Жеке оқытуда ең маңыздысы-әр баланың мүмкіндігі, жетістіктері бағаланып, қажетті қателіктерді түзетуге мүмкіншіліктер бар. Жеке оқу барысында оқушы уақыт үнемдеуге, тыңғылықты дайындалуға, нәтижеге бағытталған жұмыс жасауына мүмкіншілігі бар. Технологияларды меңгеру барысында түрлі сайыстар, байқаулар, жарыстар өткізіліп, қатысушы әр шығармашыл бала өз шеберлігін танытуға мүмкіндіктері болады. Бүгінгі күндері менің оқушыларым байқауларға қатысып жүлделі орындарға ие болып жүр.

Қосымша музыкалық білім беру талаптарында домбыра сыныбындағы оқушылардың музыкалық қабілеттерін дамытудағы психологиялық педагогикалық ерекшеліктері

Егемен елімізде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан ілгерілеу саясаты қоғам өмірінің барлық саласына түбегейлі өзгерістер енгізуде. Тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп- өркендеуі, қауіпсіздігі, әл- ахуалының артуын жүзеге асырудың аса маңызды құралы қоғамның барлық саласын, соның ішінде ұлттық мәдениет пен білімді дамытуға кеңінен жол ашты.

Бала шыр етіп жерге түскен бойда ана, әжесінің әлдилеген өлеңдерімен неше түрлі қиял әлеміне беріліп өседі. Балалар бақшасында олар би билеп, өздерінің жастарына лайықты жазылған әндер айтып, мектеп босағасына енеді. Ал, мектепте оларды не күтіп тұр? Оларға қандай әндер үйретіледі, музыка пәнінен сабақ беріп жүргендер арнайы маман иелері ме, әлде кездейсоқ жандар ма? Бала бірінші сыныпқа барып "а" әріпін үйренген кезеңнен бастап музыкадағы жеті дыбысты қоса меңгеруі керек. Оқып шыққан мамандар кез келген орта мектептегі музыка пәнінің қызықты, тартымды, жеңіл өтілуіне жәрдем беруі керек. Әрбір орта мектептегі музыка пәнінің мұғалімі жоғарғы деңгейдегі маман ретінде көріне білуімен бірге, оқушылардың музыка аспаптарын ойнауға деген қызығушылығын оятып, әрбір бала аспаптан дәріс алса, болашақ ұстаздарымызды дайындап шығуға толық мүмкіндік болар еді. Баланы мектептен бастап әлемді тануға қалай жетелесек, өнерді тануға да солай жетектеуіміз керек. Бірінші сыныптан "а" әріпімен алманы, "б" әріпімен барабанды әнге салып, баланың жедел білім алуына алып шығатын жолын көздегенде ғана келешек ұрпағымыздың сезімтал, бауырмал, мейірман деңгейге көтере алған болар едік. Домбыра сыныбын жүргізетін ұстаздың негізгі мақсаты музыкант тәрбиелеу. Дмбыра үйретумен қатар оқушыға эстетикалық тәрбие беріледі, олардың көркем шығармалардағы әдемілікті сезінуін, өз

музыкалық қабілетін дамытуына, домбырада орындаушылық шеберлігін жетілдіруіне ықпал жасалады.

Балалардың музыкалық мектепке түсуі оның өмірін күрт өзгертеді. Мектепке дейінгі кезеңде балалар ойын ойнаса, енді ол психологиялық дайындық, күш- қуат талап ететін оқу жұмысымен шұғылдануы керек. Оның күн тәртібі толығымен өзгереді. Күнделікті еңбек етуді талап ететін жаңа міндеттер пайда болады. Енді күнде болып отыратын түрлі жұмыстарға үйреніп, үлгеруді қажет деп санайды. Мектеп тәртібін сақтау: оқу бағдарламасын орындау; сынып сабақтарында және үй тапсырмасын орындауда ықылас пен беленділік көрсетеді. Оқытушының қойған талаптарын орындау, бейтаныс мектеп өмірі, өзін қоршаған жаңа музыкалық орта балаға жағымды әсер етеді. Сабақтың көптігінен мол мағлұмат алған балалар еңбексіз оқу болмайтындығын түсінеді. Оқу олардың ықыласын, шыдамдылық пен ақыл ой күшін талап етеді. Кей балалар мұндай күн тәртібіне үйрене алмай, ынтасы төмендейді. Психологтардың айтуы бойынша, 2-3 айдан кейін балалардың сабаққа деген қызығушылығы күрт төмендейді. Дәл осы кезеңде оқытушының оқуға тигізетін ықпалы зор. Баланың оқуға деген қызығушылығының төмендейтінін сезген оқытушы дереу баламен сабақ өткізудің жеке, жаңа түрлерін іздестіре бастайды. Баланың сабаққа деген ынтасының төмендеуінің екі себебі болады:

1. Өтілетін тақырыптардың бір сарындылығы, үйреніп жүрген аспаптан тыс, қайталана беретін теориялық тапсырмалар және жалықтыратын жаттығулар.

2. Оқу бағдарламасының күрделі болуы баланы қатты жалықтырады. Сондықтан да, мұғалімнің балаға қиын бағдарлама беріп, аса күштарлықпен алға жетелеуге әуестенбегі жөн. Өткен шығарманы жақсы игеріп, жаттап алу үшін көп уақыт керек екенін естен шығармау керек, әрі үйренетін шығарма техникалық жағынан ойнап кеткен шығармадан қиын болмай, оны пысықтайтындай болуы тиіс.

Оқытудың алғашқы кезеңінде негізгі аспаптан сабақ беретін оқытушы, музыка сабағын жүргізумен қатар, тәрбиеші міндетін де атқаруы тиіс. Осындай қиын кезеңін түсініп, оларды жеңуге көмек берген оқытушы өзіне деген баланың сүйіспеншілігін арттырып, құрметіне бөленіп, оқушының өз ісіне, музыкаға деген жауапкершілігін арттыра түседі. Балалар психологиясын жақсы білмейінше, оқытуда жоғары нәтижеге жету мүмкін еместігін, күнделікті дамып отырған педагогика ғылымы дәлелдеп отыр. Оқуда алғашқы қадам жасап отырған оқушыға бірден көптеген міндет пен талаптардың қойылуы дидактиканың оқудың қолайлығы және оқудың жүйелілігі принциптерін бұзып, балаларды физиологиялық әне психологиялық жағынан зорықтырып, кері әсерге ұшыратады. Балалар психологиясының мәліметтері бойынша, жаңа дағдының үйреншікті болып қалыптасуы баланың жарқын ынтасына байланысты. Егер кішкентай баланың оқуға деген дұрыс ынтасы болмаса, онда үйреншікті жаңа дағдылар пайда болмайды, ал пайда болған ескі дағды

бекімейді. Оқытудың алғашқы кезеңінде ескеретін бір жай, ол бастауыш сынып оқушылары зейінінің қысқа әрі тұрақсыз болуы. Зейіннің тұрақсыздығы тежелу процесін басым болуына байланысты. Балалар бақшасын бітірушілердің көбі буындап оқу біледі және онға дейін санай алады. Бірақ таңбаларға онша көңіл бөлмейді, мысалы: әріптерге, цифрларға. Бұл олардың сабақта ұзақ жұмыс істейтіндей, ұйымдасқан, тұрақты зейінінің әлі қалыптаспағанын көрсетеді. Осы шақтағы балалардың шыдамдылығы 30-35 минутқа ғана жетеді. Тез ойналатын шығармалардың қиынға соғу себебі де осы жағдайға байланысты. Сондықтан да, сабақ барысында жас шамасына сай зейін ерекшеліктерін ескерудің маңызы зор. Сабақтың тез немесе жай жүруі де жас бала зейінінің тұрақтылығына теріс әсер етуі мүмкін. Жасы кіші балалар шағын тапсырмаларды жақсы көреді, себебі көзделетін мақсат анық, ондағы қолданылатын әдес тәсілдер жақсы таныс. Сондықтан да, үйреніп жатқан шығарма көлемі үлкен болмай, ал үйренетін жаңа шығарманың техникалық және көркемдік қиындықтары бірітіндеп өсіп отыруы керек. Балалар, сөзге қарағанда, қимылды тез қабылдайды. Сол себептен теориялық түсініктемелер қысқа, тұжырымды болып, міндетті түрде аспапта ойнап көрсетіліп отыруы керек. Әр жаңа шығарманы балаға мұқият түсіндіріп қана шектелмей, іс жүзінде ойнатып, ұғындырып жіберген жөн. Яғни төменгі сынып оқушыларын оқытқанда, әр жаңа түсінік, оқушылардың бұрынғы берік ұғынып алған білімін бекітіп, жалғастырып, толықтырып отыруы тиіс. Осындай жағдайда ғана балалардың оқуға деген сенімсіздігі жойылып, өз күші мен қабілетіне сенімі артып, әділеттікке және тәртіптікке ынтасы өсіп, балалар жақсы оқи бастайды. Алғашқы сабақтарда музыкалық білім негізінің қалануы және ойнау дағдыларының қалыптасуы, баланың музыкалық өміріне жол салып, білімінің табысты болуын анықтайды. Осы кезеңде балалардың сүйектерінің қатаймағанына байланысты оқытушының оқуға өте жауапкершілікпен қарағаны жөн. Ойнау кезінде баланың қимылдарының еркіндігі мен отыру қалпын үнемі қадағалап, күнделікті тәрбиелеп отырған жөн. Оқушылардың қозғалысы, аспаптың орнықты тұруы және қолдың еркін қозғалысы, аспапатын ыңғайлығына байланысты. Аспаптың көлемі баланың жас шамасына сай болуы керек.

Қазақтың қазақ екенін көрсете білетін, тіл керек етпейтін, ұлт талғамайтын, қай жерде жүрсе де мен қазақпын деп кез келген адам баласының тұла бойына ене білетін, қазаққа деген махаббат сезімін оята алатын ән, би, күй құдіретін баланың бойына жасынан сіңіре алсақ, біз келешек ұрпақ өмірінің тазалығын, мөлдірлігін, пәктігін қолдарына ұстатып берген болар едік.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ МЕН ӨЗЕКТІЛІГІ

*Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі
«Болашақ» мектеп-гимназиясы
Жабаева Лаззат Ережеповна*

Қосымша білім беру педагогы - тұлғаның талантын, ақыл-ой мен дене қабілеттерін дамытуға, жалпы мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін білікті педагог, сонымен қатар балалар орталықтарында, мәдениет сарайларында және т.б. қосымша білім беру курстарын/үйірмелерін жүргізеді. Клубтардың, үйірмелердің, секциялардың, әуесқой бірлестіктердің жұмысын ұйымдастырады, балалармен және жасөспірімдермен пәндік жеке немесе топтық жұмыстарды жүргізеді.

Қосымша білім беру педагогтарының мұғалімнен айырмашылығы - есеп беру құжаттарын аз дайындайтындығында және сабаққа баға қоймайтындығында. Алайда оларға білім алушылармен практикалық жұмыс жүргізуде үлкен жауапкершілік жүктеледі. Қызмет түрлерінің үнемі өзгеріп отыруы қосымша білім беру педагогының барлық талантын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Олардың міндеттеріне мыналар жатады:

- жұмыс бағыты бойынша сабақты жоспарлау және өткізу;
- сабақ барысында балаларға қарау;
- ата-аналармен жұмыс.

Осы саланың маманы командада жұмыс істей білуі керек, өзін-өзі ұйымдастыру және өздiген бiлiм алу қабiлетiне ие болуы тиiс, шығармашыл, белсендi болуы керек және балаларды жақсы көруi мiндеттi.

Мектеп жасындағы балаларды, сондай-ақ танымдық қызметті дамыту және оқыту ынтасын қалыптастыру – мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың аясында педагогтардың алдында тұрған басты міндеттер осы, оның тұжырымдамалы негізі баланы білімге қанықтыру емес, керісінше алдағы өмірдің түрлі салаларындағы мәселелерді өз бетімен және шығармашылық тұрғыдан шешуге мүмкіндік беретін біліктіліктерді дамыту болып табылады.

Алған дағдыларын қолдануды үйренгендер ғана осы дағдыларды меңгереді, ертеңгі күннің көшбасшыларына айналады.

Осындай білім мен дағдылар балаларға STEAM-бағыт береді, ол қазіргі әлемдік білім берудегі негізгі трендтердің біріне жатады.

STEAM дегеніміз не? Егер осы аббревиатураны талдайтын болсақ, онда мынау шығады: S – science, T – technology, E – engineering, A – art және M – mathematics.

Алғаш қарағанда аббревиатура ауқымды әрі күрделі секілді көрінеді, алайда, талдай келе, бәрі түсінікті: жаратылыстану ғылымдары, технология,

инженерлік өнер, шығармашылық – бүгінде қазіргі әлемде сұранысы арта түскен пәндер осы.

Осы бағыттың мәні– жоғарыда аталған пәндерді кешенді оқыту. Білім алушылардың білімінің мықты математикалық және ғылыми негізін қалай отырып, инженерлік және дизайнерлік әдістердің көмегімен сыни ойлау дағдылары қалыптасады, нақты әлемде кездесетін мәселелерді шешуді үйретеді.

Менің шығармашылық тақырыбым «Қосымша білім беруде STEAM технологиясын қолданудың ерекшелігі мен өзектілігі» деп алдым.

Мақсатым: Қосымша білім беру арқылы білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарда шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру. Оқыту, тәрбиелеу, қоғамда өз орын таба алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Міндеттерім: Оқу бағдарламаларын іске асыру, сапалы құрастыру, орындау. Әр оқушының бейімділігін, қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып, дамуын қамтамасыз ететін білім жүйесін қамтамасыз ету.

Күтілетін нәтиже: Оқушылардың функционалдық сауаттылықтары, олардың өмірлік және кәсіби перспективалары, өз күштеріне деген сенімділік.

STEAM- білім берудің үздік педагогтері мақсат тек қана құзыретті жұмыс күшін тәрбиелеу ғана емес, оқушылардың «қатты» және «жұмсақ» дағдыларын қалыптастыру қажеттігін де көреді.

Қазіргі білім беру процесі ресми және бейресми білімнің интеграциясымен сипатталады, бұл білім мен дағдыларды алудың нақты орнына қарамастан, білім алу процесінен оны тануға және бағалауға баса назар аударуды білдіреді. Сондай-ақ, жалпы білім беру жүйесіндегі қосымша білімнің рөлін арттырады, олардың білім алу процесіне маңыздылығын теңестіреді.



STEAM - білім беру тұжырымдамасы аясында қосымша білім берудің маңыздылығын бірнеше жағынан байқауға болады.

STEAM-нің негізгі идеясы – бұл теориялық білім сияқты, тәжірибе өте маңызды. Яғни оқу кезінде біз тек миымызбен ғана емес, қолымызбен де жұмыс жасауымыз керек. Сынып ішіндегі білім жылдам өзгеріп жатқан әлемге ілесе алмай жатыр.

STEAM тәсілі – бұл оқыту әдісі ғана емес, ол ойлау тәсілі.

STEAM білім беру ортасында балалар тек білім алып қоймай, оны қолдануды үйренеді.

STEAM тәсілінің басты ерекшелігі – балалар әртүрлі пәндерді ойдағыдай оқып үйрену үшін миын да, қолын да пайдаланады. Яғни алатын білімді өздері өндіреді.

Қорыта айтқанда, мақсаттар жүзеге асқан кезде біз қатарынан оқ бойы озық тұратын, кеңінен әрі терең, саналы ойлана алатын, өзге елдермен бәсекеге түсе алатын әрі бәсекеге қабілетті, елін сүйетін, оның болашағына қызметі ете алатын, адал ұрпақ қалыптастыра аламыз.

Заман уақыт сайын өзгеріп дамып келеді. Сол замана көшінен біздің еліміз де қалмау керек. STEAM – ғылымын қолдана отырып жас ұрпақты заманауи білім әдісіне үйрету және болашақта игерер мамандықтар арасын қосатын көпір десек те болады. Оның тұжырымдамасы бойынша білім алушы бүгінгі жас ұрпақ технологиялық тұрғадан алғанда дамыған әлемге дайындалады.

Баяндамамды Ж.Аймауытовтың Ұстаздың жұмыстанатын ісі – үздіксіз қимылда болатын, үнемі қозғалатын, өсіу болатын, өркендейтін тірі адам болғандықтан, біркелкі әдіске табан тіреп шектеліп қалуға болмайды деген сөзімен аяқтап, ұстаздарды бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, өзара ынтымақтаса отырып, бірігу арқылы еліміздің болашағы жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеуде қажымай, талмай, жаңашылдықпен, шығармашылықпен жұмыс жасауға шақырамын және жасап жатқан еңбектеріңіздің жемісін жақсы нәтижелермен көріңіздер деп аяқтағым келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білімді ел - Образованная страна" №20 (57), 2016ж.
2. Мағжан Жұмабаев. Жалпы педагогика". 2009ж.